

шейх Салих әл-Фаузан (Аллаһ оны есендікте сақтасын)

ШЕЙХУЛ-ИСЛАМ МУХАММАД ӨТ-ТАМИМИДІҢ
(АЛЛАҒ ОНЫ РАХЫМ ЕТСІН)

«БІРҚҰДАЙШЫЛЫҚ КІТАБЫНЫҢ»
шағын түсіндірмесі

Дайындаған:



К ИСЛАМУ
www.toislam.com

сайтының редакциясы

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

Біз Оны ғана мадақтайтын және Одан ғана көмек пен кешірім тілейтін Аллаһқа мақтаулар болсын! Аллаһтан өзіміздің нәпсіміздің және амалдарымыздың жамандығынан пана іздейміз. Кімді Аллаһ тура жолмен жүргізсе, оны ешкім адастыра алмайды. Ал кімді Аллаһ тастап қойса, оны ешкім тура жолға сала алмайды. Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқтығына куәлік береміз, және Мухаммад – Аллаһтың құлы, әрі Оның Елшісі екеніне куәлік береміз.

Содан кейін:

БІРІНШІ ТАРАУ: Бірқұдайшылық кітабы

«Әз-Зәрият» сүресі, 56-аят:

وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ (٥٦)

«Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым».

Бұл аят бірқұдайшылықты (таухидті) парыз етеді.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта барша үшін Аллаһты құлшылық-ғибадатта жалғыз ету (яғни таухид әл-улуһия) парыз екеніне нұсқау бар.
2. Аят жындар мен адамдардың жаратылуындағы даналықтың мән-мазмұнына нұсқайды.
3. Аятта Кім бүкіл болмысты жаратқан болса, Сол ғана құлшылыққа лайықты екеніне нұсқау бар. Сондай-ақ бұл аятта пұттарға және сол сияқты нәрселерге құлшылық ететіндерді теріске шығару бар, өйткені олар еш нәрсені жарата алмайды.
4. Аятта Аллаһ Бай (Мұңсыз) және жаратушыны қажет етпейтініне, өйткені Оның Өзі Жаратушы, ал жаратылғандардың барлығы Оған мұқтаж екеніне нұсқау бар.
5. Аятта Пәк Аллаһ Тағаланың даналығына нұсқау бар.

«Ән-Нәһл» сүресі, 36-аят:

وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنِ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ

«Расында, Біз әр үмметке: «Аллаһқа құлшылық етіңдер, әрі тағуттан аулақ болыңдар», - дейтін елші жібердік».

Бұл аят бірқұдайшылыққа (таухидке) шақыру және Оған серік қосуға (ширкке) тыйым салу әрбір пайғамбардың және солардың ізінен ергендердің әрбірінің міндеті екеніне нұсқайды.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта елшілердің бірқұдайшылыққа (таухидке) шақырып, көпқұдайшылыққа (ширкке) тыйым салу үшін жіберілгендігінің даналығына нұсқау бар.

2. Аятта барлық елшілер мен пайғамбарлардың діні бір болғанына, өйткені олар әрбір қауымға бірдей бұйрықпен жіберілгеніне нұсқау бар, ал бұл – Жалғыз Аллаһ Тағалаға ғана құлшылық ету және ширкті тәрк ету, тіпті олардың шариғаттарында айырмашылықтар болған болса да.

3. Аятта Жолдау барлық қауымдарды, әрі дәлел бүкіл пенделерді қамтығандығына нұсқау бар.

4. Аятта бірқұдайшылықтың (таухидтің) ұлықтығына әрі ол әрбір қауымға парыз болып табылатына нұсқау бар.

5. Аятта «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің мағынасында теріске шығару (нәфи) мен бекіту (исбат) бар екеніне нұсқау бар. Әрі осыдан сондай-ақ таухидтың құрамында осы екі сенім, яғни (Аллаһтан басқа бүкіл құлшылық етілетін нәрселерді) теріске шығару және (Аллаһ Тағала ғана құлшылыққа лайықты құдай екенін) бекіту болмай, ол дұрыс бола алмайтынына деген нұсқау да келіп шығады. (Бүкіл құлшылық етілетін заттарды) теріске шығару (Аллаһты ғана жалғыз құлшылық объектісі ретінде бекітусіз) таухид болмайды, тура сол секілді (Аллаһты құлшылық объектісі ретінде) толық бекіту де (Одан басқа барлық құлшылық етілетін заттарды теріске шығарусыз) таухид болып табылмайды.

«Әл-Исра» сүресі, 23-аят:

وَقَضَىٰ رَبُّكَ أَلَّا تَعْبُدُوا إِلَّا إِيَّاهُ وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا

«Раббың Өзінен басқа ешкімге құлшылық етпеулеріңді және әке-шешеге жақсылық істеулеріңді бұйырды».

Бұл аятта таухидтің орындалуы міндетті болған ең маңызды құқықтардың бірі, бүкіл парызды нәрселердің ішіндегі ең парыздысы екеніне нұсқау бар. Өйткені Пәк Аллаһ Тағала бұл аятты таухидтен бастады, ал Ол ең алдымен ең маңызды нәрседен ғана бастайды, ал содан соң ғана басқа нәрселер жүреді.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта таухид Пәк Аллаһ Тағаланың бұйырған міндеттемелерінің ішіндегі ең бірінші бұйрығы екеніне нұсқау бар. Әрі бұл – Аллаһтың барлық құлдарының ең бірінші кезекте орындауға тиісті болған Оның құқығы.

2. Аятта бекіту мен теріске шығарудан тұратын таухид куәлігіне (шахадаға) нұсқау бар. Өйткені Пәк Аллаһ Тағала бұл аятта Өзіне ғана құлшылық етуді және Онымен бірге ешкімге құлшылық етпеуді бұйырды. Бұл аятта таухид тек (оның құрамында) теріске шығару (нәфи) мен бекіту (исбат) болған кезде ғана жарамды болатынына нұсқау бар. Теріске шығару дегеніміз – бұл «құлшылыққа лайықты ешкім жоқ» («Лә иләһә») деу. Ал бекіту – бұл «Аллаһтан басқа» («иллә Ллаһ») деу.

3. Аятта ата-ана құқығының ұлықтығына нұсқау бар. Бұл аятта Пәк Аллаһ Тағала ата-ана құқығын Өзінің құқықтарынан кейін қойғанына, сондықтан да олардың құқықтары ұлықтығы бойынша екінші дәрежеде тұратынына нұсқау бар.

4. Аятта ата-анаға ізгіліктің барлық түрлеріндегі жақсылық жасау парыз екеніне нұсқау бар.

5. Аятта ата-анаға мойынсұнбауға тыйым салынғандығына нұсқау бар. Мойынсұнбау – оларға деген жаман қарым-қатынастың көрінісі.

«Ән-Ниса» сүресі, 36-аят:

وَاعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا

«Аллаһқа құлшылық етіңдер, әрі Оған еш нәрсені серік қоспаңдар».

Бұл аятта бүкіл нәрсенің басы бірқұдайшылықты (таухидті) бұйыру және көпқұдайшылыққа (тыйым) салу болғандығына нұсқау бар, сондай-ақ онда ширктің түсіндірмесі мен таухид – бұл жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етіп, ширктен аулақ болу екендігінің түсіндірмесі де бар. Ширк – бұл Пәк Аллаһ Тағаладан басқа әлдекімді (немесе әлденені) жалғыз Оның Өзіне ғана тән болған нәрселерде Оған теңеу, мейлі ол рубубияда болсын (яғни Раббы, Жаратушы және Басқарушы деп мойындауда), немесе улуһияда (яғни құлшылық-ғибадат жасау объектісі деп мойындауда), немесе Құдайлық есім сипаттарға ие болуда болсын.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Жалғыз Аллаһқа құлшылық етудегі бірқұдайшылықтың (таухидтің) міндетті екендігіне нұсқау бар. Бұл ең маңызды міндеттеме болып табылады.

2. Аятта ширктің тыйым салынғандығына нұсқау бар. Өйткені Пәк Аллаһ Тағала оған тыйым салды, әрі ширк күнәлардың ең жаманы болып табылады.

3. Аятта ширктен аулақ болу ғибадаттың шарты болып табылатындығына нұсқау бар, өйткені Аллаһ Өзіне құлшылық етуді ширкке тыйым салумен байланыстырды.

4. Ширк - мейлі ол кіші немесе үлкен болсын – тыйым салынған (харам) болып табылады, өйткені «ширк» сөзі бұл аятта белгісіз райда келеді, ал бұл өз кезегінде оның ширктің барлық түрлерін қамтитынына нұсқайды.

5. Аятта Аллаһқа ешкімді серік қосуға рұқсат етілмейтініне нұсқау бар, мейлі ол періште, пайғамбар, әулие немесе пұттар болсын.

«Әл-Әнғам» сүресі, 151-153 аяттар:

قُلْ تَعَالَوْا أَنَا رَبُّكُمْ عَلَىٰ كُلِّ شَيْءٍ وَابْتَغُوا الْإِحْسَانَ وَلَا تُفْتَلُوا أَولَادَكُمْ مِنْ إِمْلَاقِ نَحْنُ نَرْزُقُكُمْ وَإِيَّاهُمْ وَلَا تَقْرَبُوا الْفَوَاحِشَ مَا ظَهَرَ مِنْهَا وَمَا بَطَنَ وَلَا تَقْتُلُوا النَّفْسَ الَّتِي حَرَّمَ اللَّهُ إِلَّا بِالْحَقِّ ذَلِكُمْ

وَصَّاكُم بِهِ لَعَلَّكُمْ تَعْقِلُونَ (۱۵۱) وَلَا تَقْرَبُوا مَالَ الْيَتِيمِ إِلَّا بِالَّتِي هِيَ أَحْسَنُ حَتَّىٰ يَبْلُغَ أَشُدَّهُ وَأَوْفُوا الْكَيْلَ وَالْمِيزَانَ
بِالْقِسْطِ لَا تَكْلَفُ نَفْسًا إِلَّا وُسْعَهَا وَإِذَا قُلْتُمْ فَاعْدُوا وَلَوْ كَانَ ذَا قُرْبَىٰ وَبِعَهْدِ اللَّهِ أَوْفُوا ذَلِكُمْ وَصَّاكُم بِهِ لَعَلَّكُمْ
تَذَكَّرُونَ (۱۵۲) وَأَنَّ هَذَا صِرَاطِي مُسْتَقِيمًا فَاتَّبِعُوهُ وَلَا تَتَّبِعُوا السُّبُلَ فَتَفَرَّقَ بِكُمْ عَنْ سَبِيلِهِ ذَلِكُمْ وَصَّاكُم بِهِ لَعَلَّكُمْ
تَتَّقُونَ (۱۵۳)

«(Оларға:) «Келіндер, сендерге Раббыларыңның харам еткен нәрселерін оқып берейін», - де. Аллаһқа құлшылық етіңдер. Оған ешкімді серік қоспаңдар, әке-шешеге жақсылық істеңдер. Жарлылықтан өз балаларыңды өлтірмеңдер, өйткені сендерді де, оларды да Біз ризықтандырамыз. Арсыздықтардың ашығына да, жасырын болғандарына да жақындамаңдар. Және де Аллаһ өлтіруге тыйым салған кісіні өлтірмеңдер, тек бұған құқықтарың болмаса ғана. Сендерге осыларды Аллаһ өсиет етті, бәлкім, түсінерсіңдер. Жетімнің малына жақындамаңдар; бірақ ол есейгенге дейін оның игілігі үшін (оны басқарсаңдар) бөлек. Өлшеу мен таразыны әділдікпен толтырыңдар. Біз адамға оның шамасынан тыс нәрсені жүктемейміз. Сөйлегендеріңде әділ болыңдар, тіпті бұл туысқандарыңа қатысты болса да. Аллаһпен жасасқан келісім-шартқа адал болыңдар. Осыларды сендерге Аллаһ нұсқады, бәлкім, үгітті еске аларсыңдар. Менің тура жолым осы. Соған еріңдер де, басқа жолдарға түспеңдер, өйткені олар сендерді Аллаһтың жолынан тайдырады. Ол сендерге осыны өсиет етті, бәлкім, қорқарсыңдар».

Бұл аят құлшылық жасалатын және солар арқылы ширк істелетін пұттардың барлық түріне тыйым салды. Сондай-ақ онда құлшылықтың барлық түрлеріне нұсқалған. Пәк Аллаһ Тағала бұл аятта кейбір тыйым салынған нәрселер туралы баяндап берді.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта ширк күнәлардың ең үлкені, ал таухид бүкіл парыздардың ішіндегі ең парыздысы екеніне нұсқау бар.
2. Аятта ата-ана құқығының ұлылығына нұсқау бар.
3. Аятта қақысыз адам өлтірудің тыйым салынғандығына нұсқау бар, әсіресе, ол жақын адамдардан болса.
4. Аятта жетімнің мал-мүлкін иеленудің тыйым салынғандығына, сондай-ақ Пәк Аллаһ Тағала бұл мал-мүліктің көбеюіне немесе сақталуына оң ықпал ететін барлық нәрсені заңды

етіп бекіткеніне нұсқау бар.

5. Аятта сөздерде де, істерде де, жақынға да, бөтенге де қатысты әділдікті ұстанудың міндетті екеніне нұсқау бар.

6. Аятта уәдені орындаудың міндетті екеніне нұсқау бар.

7. Аятта Ислам дінін ұстану әрі одан өзге діндердің барлығын тастау парыз екендігіне нұсқау бар.

8. Аятта харам немесе хәлал ету тек Аллаһтың ерекше құқығы екеніне нұсқау бар.

Абдуллаһ ибн Масғудтан, Аллаһ оған разы болсын, жеткен хадис:
“Кім Мұхаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мөр басып қалдырған өсиетін көргісі келсе, Аллаһ Тағаланың мына сөздерін оқысын:

قُلْ تَعَالَوْا أَتْلُ مَا حَرَّمَ رَبِّي عَلَيْكُمْ أَلَّا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا وَلَا تَقْتُلُوا أَوْلَادَكُمْ مِنْ إِمْلَاقٍ نَحْنُ نَرْزُقُكُمْ وَإِيَّاهُمْ وَلَا تَقْرَبُوا الْفَوَاحِشَ مَا ظَهَرَ مِنْهَا وَمَا بَطَنَ وَلَا تَقْتُلُوا النَّفْسَ الَّتِي حَرَّمَ اللَّهُ إِلَّا بِالْحَقِّ ذَلِكُمْ وَصَّاكُمْ بِهِ لَعَلَّكُمْ تَعْقِلُونَ (١٥١) وَلَا تَقْرَبُوا مَالَ الْيَتِيمِ إِلَّا بِالَّتِي هِيَ أَحْسَنُ حَتَّىٰ يَبْلُغَ أَشُدَّهُ وَأَوْفُوا بِالْكَيْلِ وَالْمِيزَانِ بِالْقِسْطِ لَا تَكْلَفُ نَفْسًا إِلَّا وُسْعَهَا وَإِذَا قُلْتُمْ فَاعْدِلُوا وَلَوْ كَانَ ذَا قُرْبَىٰ وَبِعَهْدِ اللَّهِ أَوْفُوا ذَلِكُمْ وَصَّاكُمْ بِهِ لَعَلَّكُمْ تَذَكَّرُونَ (١٥٢) وَأَنَّ هَذَا صِرَاطِي مُسْتَقِيمًا فَاتَّبِعُوهُ وَلَا تَتَّبِعُوا السُّبُلَ فَتَفَرَّقَ بِكُمْ عَنْ سَبِيلِهِ ذَلِكُمْ وَصَّاكُمْ بِهِ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ (١٥٣)

«(Оларға): «Келіндер, сендерге Раббыларыңның харам еткен нәрселерін оқып берейін», - де. Аллаһқа құлшылық етіңдер. Оған ешкімді серік қоспаңдар, әке-шешеге жақсылық істеңдер. Жарлылықтан өз балаларыңды өлтірмеңдер, өйткені сендерді де, оларды да Біз ризықтандырамыз. Арсыздықтардың ашығына да, жасырын болғандарына да жақындамаңдар. Және де Аллаһ өлтіруге тыйым салған кісіні өлтірмеңдер, тек бұған құқықтарың болмаса ғана. Сендерге осыларды Аллаһ өсиет етті, бәлкім, түсінерсіңдер. Жетімнің малына жақындамаңдар; бірақ ол есейгенге дейін оның игілігі үшін (оны басқарсаңдар) бөлек. Өлшеу мен таразыны әділдікпен толтырыңдар. Біз адамға оның шамасынан тыс нәрсені жүктемейміз. Сөйлегендеріңде әділ болыңдар, тіпті бұл туысқандарыңа қатысты болса да. Аллаһпен жасасқан келісім-шартқа адал болыңдар. Осыларды сендерге Аллаһ нұсқады, бәлкім, үгітті еске аларсыңдар. Менің тура жолым осы. Соған еріңдер де, басқа жолдарға түспеңдер, өйткені олар сендерді Аллаһтың жолынан тайдырады. Ол сендерге осыны өсиет етті, бәлкім,

қорқарсыңдар» («әл-Әнғам» сүресі, 151-153 аяттар)» (әт-Тирмизи, 3080).

Бұл хадисте Пәк Аллаһ Тағаланың өсиеті сондай-ақ Пайғамбардың да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өсиеті болып табылатындығына нұсқау бар. Өйткені бізге Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тарапынан өсиет етілген нәрселердің барлығы өз кезегінде оған Пәк Аллаһ Тағала тарапынан өсиет етілген.

Абдуллаһ ибн Масғуд ибн Ғафил ибн Хабиб әл-Хузами – алғашқылардың бірі болып Исламды қабылдаған ұлы сахабалардың бірі, әрі солардың ішінендегі үлкен ғалымдардың бірі. Ол үнемі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жанында болатын. Хижраның 32 жылы қайтыс болды, Аллаһ оған разы болсын.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте осы он өсиеттің маңыздылығына нұсқау бар.
 2. Хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзіне Аллаһ Тағала өсиет еткен нәрселерді өсиет еткеніне, сондықтан да Аллаһ Тағала бізге өсиет еткен нәрсенің кез-келгені сондай-ақ Пайғамбардың да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өсиеті болып табылатынына нұсқау бар.
 3. Сахабаның білімінің тереңдігіне және оның Аллаһ Тағаланың Кітабын түсінуінің өткірлігіне нұсқау бар.
-

Муаз ибн Жәбәлдің былай деп баяндағаны жеткізіледі: *«Бірде мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқасында отырып, есектің үстінде кетіп бара жатқанымызда ол менен: «Әй, Муаз! Аллаһ Тағаланың құлдарындағы хақысы және құлдардың Аллаһтағы хақысы туралы білесің бе?», - деп сұрады. Мен: «Аллаһ және Оның Елшісі жақсырақ біледі», - деп жауап бердім. Ол: «Аллаһ Тағаланың құлдарындағы хақысы – құлдардың тек Аллаһқа ғана құлшылық етіп, Оған серік қоспауы. Ал құлдардың Аллаһтағы хақысы – кімде-кім Аллаһқа серік қоспаса, (Аллаһ) сол адамды азаптамауы», - деді. Мен: «Уа, Аллаһтың елшісі, осыны адамдарға хабарлайын ба?», - деп сұрадым. Ол: «Жоқ, өйткені олар салғырттық танытатын болады», - деп жауап берді» (әл-Бухари 13/300 және Муслим 2856)».*

Муаз ибн Жәбәл ибн Амр ибн Аус ибн Кааб ибн Амр хазраж әл-ансари тайпасынан еді. Атақты сахабалардың бірі болған ол ғалым, шариғи заңдардың және Құранның білгірі еді. Ол Бадр шайқасына және одан кейінгі шайқастарға да қатысты. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккені алған күні оны мекелліктерге әмір етіп тағайындады және оған оларға дінді үйретуді жүктеді. Содан соң ол оны Йеменге қазы және мұғалім ретінде жіберді. Муаз ибн Жәбәл Шамда хижраның 18 жылы 38 жасында қайтыс болды, Аллаһ оған разы болсын.

Бұл хадисте таухидтің әрі ол Аллаһ Тағалаға серік қоспаған күйде құлшылық етуді меңзейтінінің түсіндірмесі бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) есекті көлік еткенінде әрі арқасына адам отырғызғанында көрініс тапқан оның қарапайымдылығына нұсқау бар.
2. Хадисте мініс жануарына отырған кезде, егер сол жануар тағы бір кісіні көтере алатындай (күшті) болса, артыңа басқа бір адамды отырғызуға болатынына нұсқау бар.
3. Хадисте сұрақ-жауап арқылы білім беру сүннет екеніне нұсқау бар.
4. Хадисте егер адам ол туралы білімі жоқ болған бір нәрсе туралы сұралса: «Аллаһ біледі», - деп жауап беру керектігіне нұсқау бар.
5. Хадисте Пәк Аллаһ Тағаланың Өз құлдарында олар Оған ғана құлшылық етіп, Оған ешкімді серік қоспауын меңзейтін хақысы бар екеніне нұсқау бар.
6. Хадисте өзін көпқұдайшылықтан аулақ ұстамайтын адам іс жүзінде Аллаһ Тағалаға шынайы құлшылық етпейтініне нұсқау бар, тіпті ол Аллаһқа құлшылық ететін болып көрінсе де.
7. Хадисте таухидтің артықшылығына және оны ұстанушының артықшылығына нұсқау бар.
8. Хадисте таухидтің түсіндірмесіне нұсқау бар, ал ол – Аллаһ Тағалаға Оған ешкімді серік қоспаған күйде құлшылық ету.
9. Хадисте мұмин адам өзге мұминдерді қуантатын

хабармен сүйіншілеу керек екендігіне нұсқау бар.

10. Хадисте білімді таратудың рұқсат етілетіндігіне нұсқау бар.

11. Хадисте білім алушының ұстаздың алдында әдептілік сақтауы керек екендігіне нұсқау бар.

ЕКІНШІ ТАРАУ:

Таухидтің пайдасы және ол өтеп-жуатын күнәлар

«Әл-Әнғам» сүресі, 82-аят:

الَّذِينَ آمَنُوا وَلَمْ يَلْبِسُوا إِيمَانَهُمْ بِظُلْمٍ أُولَٰئِكَ لَهُمُ الْأَمْنُ وَهُمْ مُهْتَدُونَ (٨٢)

«Сондай иман келтіріп, сенімдерін зұлымдықпен былғамағандар, міне, солар қауіпсіздікте және олар тура жолда».

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Шейх, Аллаһ оны рахым етсін, бірінші тарауда бірқұдайшылықтың міндеттілігін және мән-мағынасын түсіндіріп берген соң, осы тарауда ол, адамдарды бірқұдайшылыққа ынталандыру үшін, бірқұдайшылықтың артықшылықтарының, оның игі жемістерінің түсіндірмесін келтіреді, әрі олардың бірі - таухидтің күнәларды өтеп-жуатыны.

Әрі бұл аятта таухидтің артықшылығына және ол барлық күнәларды өтеп-жуатынына нұсқалады.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта таухидтің артықшылықтарына әрі бұл дүние мен Ақыреттегі игі жемістеріне нұсқау бар.

2. Аятта үлкен ширк ең ұлы зұлымдық болып табылатынына әрі адамның иманын зая ететініне, ал кіші ширк болса адамның иманын толықсыз ететініне нұсқау бар.

3. Аятта ширктің (тәубесіз) кешірілмейтініне нұсқау бар.

4. Аятта ширк бұл дүниеде де, Ақыреттеде қорқыныш пен үрейге себеп болатынына нұсқау бар.

Убада ибн әс-Самит Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндағаны туралы жеткізіледі: *«Кімде-кім серігі жоқ Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай (ешкім) жоқ екеніне, Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі екеніне, Иса – Аллаһтың құлы әрі елшісі, сондай-ақ Оның Мәриямға жіберілген Сөзі және Одан бір рух екеніне, және Жәннат – хақ, әрі От (Тозақ) – хақ екеніне куәлік берсе, соны Аллаһ амалдарына сәйкес (немесе амалдарына қарамастан) Жәннатқа кіргізеді»*. Бұл хадисті әл-Бухари мен Муслим жеткізген (әл-Бухари 3435, Муслим 28, әт-Тирмизи 2640).

Убада ибн Самит ибн Қайс әл-Ансари хазраж тайпасынан болған. Ол Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алғашқы болып ант бергендердің әрі Бәдр шайқасына қатысқандың қатарынан еді. Бұл атақты сахаба хижраның 34 жылы 72 жасында қайтыс болды, Аллаһ оған разы болсын.

Бұл хадисте таухидтің артықшылығының және ол күнәлардың кешірілуінің әрі Жәннатқа кірудің себебі болып табылатынының түсіндірмесі бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте таухидтің артықшылығына және Аллаһ ол арқылы күнәларды кешіретініне нұсқау бар.
2. Хадисте Пәк Аллаһ Тағаланың мейірімінің кеңдігіне нұсқау бар.
3. Хадисте пайғамбарлар мен ізгі-салиқалы кісілерге қатысты салғырттық пен артық кетушілік танытудан аулақ болудың міндетті екеніне нұсқалады. Біз пайғамбарлар мен ізгілердің артықшылықтарына салғырттық танытпауымыз керек, әрі сонымен бірге, мұны әртүрлі білімсіз және адасқандар істейтіндей, оларды шектен тыс ұлықтамауымыз да қажет.
4. Хадисте бірқұдайшылық ақидасы бүкіл кәпірлерге, мейлі олар яһудилер, христиандар, пұтқа табынушы көпқұдайшылдар немесе құдайсыз-атеисттер болсын, қайшы келетініне нұсқау бар.

5. Хадисте бірқұдайшылардың қатарынан болған күнәһарлар Тозақта мәңгі қалмайтынына нұсқау бар.

Итбанның (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде былай деп айтылады: *“Расында, Аллаһтың Дидарына ұмтылып: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай (ешкім) жоқ», - деп айтқан адамды Аллаһ Отқа харам етеді (Оттан сәлемет етеді)”* (Ахмад 44/4, әл-Бухари 425, Муслим 33).

Итбан ибн Малик ибн Амр ибн Ижлән әл-Ансари – салим ибн ауф руынан шыққан атақты сахаба, халифа Муғауияның билік құруы кезінде қайтыс болған, Аллаһ оларға разы болсын.

Бұл хадисте таухидтің артықшылығына және ол соны ұстанған күйінде қайтыс болатын адамға Оттан құтылуына кепілдік беретініне айқын нұсқау бар. Яғни таухид Оттан қорғаныста болудың және күнәлардың жуылуының себебі болып табылады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте таухидтің артықшылығына және ол Оттан құтылу мен күнәлардың өтемі болып табылатынына нұсқау бар.

2. Хадисте иманды бекіту үшін куәлікті жай тілмен ғана жүрекпен сенусіз айтудың жеткіліксіз екеніне нұсқау бар, (өйткені) бұл екіжүзділердің жағдайына сәйкес келеді.

3. Хадисте куәлікті тілмен айтпай, оған тек жүрекпен сенудің жеткіліксіз екеніне нұсқау бар, (өткені) бұл Перғауынның жағдайына сәйкес келеді.

4. Хадисте бірқұдайшылықты толық ұстанатын адамдарға От (Тозақ) харам болатынына нұсқау бар.

5. Аятта егер адамның куәлігі Аллаһтың Дидары үшін, ал оның амалдары Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне сәйкес болмаған болса, ол амалдар оған көмектеспейтініне нұсқау бар.

6. Хадисте Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ деп куәлік беріп, бірақ сонымен бірге Аллаһ Тағаладан басқаларға да құлшылық ететін адамдарға бұл куәлік көмектеспейтініне нұсқау бар. Мысалы, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ деп куәлік бере тұра қабірлерге табынатын, әруақтарға дұға етіп жалбарынатын және оларға әртүрлі ғибадаттар арқылы жақын болуға ұмтылатын адамдарға.

7. Хадисте Аллаһ Тағала Өзінің ұлылығына сәйкес болған Дидар деген сипатқа ие екеніне нұсқау бар.

Абу Саид әл-Худридің Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндағаны туралы жеткізіледі: *“Муса: «Раббым, маған Өзіңді солар арқылы зікір ететін және Өзіңе солар арқылы дұға ететін сөздерді үйретші!», - деді. Ол: «Әй, Муса! «Лә иләһа илләЛлаһ» («Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ!»), - деп айт!», - деді. Муса: «Бірақ Сенің құлдарыңның барлығы осыны айтады ғой!», - деді. Ол: «Әй, Муса! Егер жеті көк пен оның Менен басқа мекендеушілері, сондай-ақ жеті қабат жер (Таразының (Мизанның)) бір табағында болса, ал «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай (ешкім) жоқ» сөздері (оның) басқа табағында болса, осы сөздер қойылған табак ауыр түседі», - деп айтты”* (Ибн Хиббан (2324), Хаким (528/1), хадис әлсіз, бірақ мағынасы дұрыс).

Абу Саид әл-Худри Саад ибн Малик ибн Синан ансарлардың хазраж тайпасынан және худра руынан болған. Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өте көп хадистер жеткізген. Хижраның 74 жылы қайтыс болған, Аллаһ оған разы болсын.

Бұл хадисте бірқұдайшылық кәлимасының артықшылығына әрі оның ұлылығы мен артықшылығында оған еш нәрсе теңдесе алмайтынына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте куәліктің ұлықтығына нұсқау бар, өйткені ол өзіне бірқұдайшылық пен ықыласты қамтыған.

2. Хадисте Мусаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) артықшылығына және оның Аллаһқа жақын болуға деген ұмтылысына нұсқау бар.

3. Хадисте құлшылық тек Аллаһ шарият етіп бекіткен нәрселер арқылы ғана құлшылық болып саналатынына, сондай-ақ адам құлшылықтың әлдебір түрлерін өзі ойлап шығаруға құқықты емес екеніне нұсқау бар, өйткені Муса (оған Аллаһтың сәлемі болсын) өзінің Раббысынан Оны қалай зікір етуді және Оған қалай дұға етуді үйретуін сұрады.

4. Хадисте егер әлдебір нәрсеге деген қажеттілік қаншалықты көп болса – сол нәрсенің өзі де көп болатынына нұсқау бар. Әрі адамдар осы (яғни «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ» («Лә иләһа илләЛлаһ») деген) куәлік пен зікірге ең көп мұқтаж болғандықтан, ол ең көп таралған әрі тілге де ең жеңіл.

5. Хадисте Аллаһ көктердің үстінде екеніне нұсқау бар. Бұған Оның *«оның Менен басқа мекендеушілері»* деген сөздері нұсқау болады.

6. Хадисте Аллаһты осы кәлимамен зікір еткенде, мұны кейбір білімсіздер істейтініндей, «Аллаһ» деп айтумен ғана шектелмей, оның барлық сөздерін толық қолдану керек екендігіне нұсқау бар.

7. Хадисте барлық амалдардың Таразысы бар екеніне әрі ол ақиқат екеніне нұсқау бар.

8. Хадисте тіпті пайғамбарлар да оларға бірқұдайшылық куәлігінің артықшылығы туралы ескертіліп тұруына мұқтаж болғандығына нұсқау бар.

9. Хадисте көктер мен жердің қабаттары жетеуден екеніне нұсқау бар.

Әт-Тирмизи Әнастан (Аллаһ оған разы болсын) ол Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *“Аллаһ Тағала: «Әй, Адам баласы, егер сен Маған Жердің көлеміндей күнәлармен келсең, әрі менің алдыма Маған ешкімді серік қоспаған күйде тұрсаң, онда Мен саған тура сонша кешірім сыйлаймын», - деп айтты”, -* дегенін естігені

туралы хадисті жеткізіп, оны хасан деген (Ахмад 172, әт-Тирмизи 3534, әд-Дарими 2791).

Хадисе таухид беретін көптеген пайдаларға, сондай-ақ күнәлар қаншама үлкен болса да, сол (таухид) арқылы кешірілетініне дәлел келтірілген.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте таухидтің артықшылығына және ол үшін берілетін сый-сауаптың ұлықтығына нұсқау бар.
2. Хадисте Аллаһ Тағаланың мейірімінің, Оның шексіз жомарттығының және кешірімінің кеңдігіне нұсқау бар.
3. Хадисте адамдарды ширктен кіші күнәлары үшін діннен шығаратын хауариждерді теріске шығару бар.
4. Хадисте Пәк Аллаһ Тағала сөйлейтініне және Сөйлеу Оның сипаттарының бірі екеніне нұсқау бар.
5. Хадисте куәліктің мән-мағынасының түсіндірмесі, әрі ол (кәлима) ширкті: мейлі ол кіші, не үлкен болсын – тастауды меңзейтініне және оны тілмен ғана айту жеткіліксіз екеніне нұсқау бар.
6. Хадисте қайта тірілу, есеп беру және сый-жаза бар екеніне нұсқалады.

ҮШІНШІ ТАРАУ:

Таухидті лайықты түрде ұстанатын адам Жәннатқа есеп-хисапсыз кіреді

«Ән-Нәхл» сүресі, 120-аят:

إِنَّ إِبْرَاهِيمَ كَانَ أُمَّةً قَانِتًا لِلَّهِ حَنِيفًا وَلَمْ يَكُ مِنَ الْمُشْرِكِينَ (١٢٠)

«Шынында, Ибраһим нағыз Аллаһқа бойсұнушы және бірқұдайшыл басшы еді. Ол көпқұдайшыл-мүшриктерден емес еді».

«Әл-Муминун» сүресі, 59-аят:

وَالَّذِينَ هُمْ بِرَبِّهِمْ لَا يُشْرِكُونَ (٥٩)

«...Раббыларына серік қоспайтындар...»

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Бұл кітаптың авторы (Аллаһ оны рахым етсін) осыдан алдыңғы тарауларда бірқұдайшылық пен оның артықшылықтары туралы айтып кеткен болатын, әрі сондықтан да оның іске асыруын да түсіндіру керек болды, өйткені егер таухидтің іске асырылуы толық болмаса, оның өзі де толық болмайды.

Бірінші аят Пәк Аллаһ Тағала Өзінің сүйіктісі Ибраһимге (Аллаһтың оған сәлемі болсын) осы сипаттарды толығымен бергеніне нұсқайды, ал олар өз кезегінде шынайы таухидке қол жеткізудің мақсаты болып табылады. Әрі Аллаһ Тағала бұл туралы: **«Расында, сендерге Ибраһим және онымен бірге болғандар бір көркем өнеге болды»,** - деп айтқанындай, бізге оның ізінен еру бұйырылды.

Ал екінші аятқа келер болсақ, онда Пәк Аллаһ Тағала Жәннатқа қарай ұмтылатын мұминдерді түрлі сипаттармен сипаттап атады, әрі олардың ең басты сипаты Аллаһқа жасырын да, жария да серік қоспаулары болып табылады. Ал кімде-кім осындайлардан болса, сол таухидтің түпкі мақсатына қол жеткізді әрі Жәннатқа есеп-хисапсыз және жазасыз кіреді.

Осы аяттардан алынатын пайдалар:

1. Аятта Ибраһимнің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) артықшылығына (абырой-дәрежесіне) нұсқалады.
 2. Аятта осы ұлы сипаттарда оған ілесу қажет екендігіне нұсқалады.
 3. Аятта солар арқылы кемел (шынайы) таухидке қол жеткізілетін сипаттардың түсіндірмесіне нұсқалады.
 4. Аятта Аллаһқа серік қосудан (ширктен) және серік қосушылардан (мүшриктерден) аулақ болудың, сондай-ақ көпқұдайшылдарға қатыссыз болудың міндетті екендігіне нұсқау бар.
 5. Аятта Аллаһ Тағала мұминдерді шынайы таухидті іске асыратындықтарымен сипаттайтынына нұсқалады.
-

Хусайн ибн Абд әр-Рахманның¹ былай деп баяндағаны жеткізіледі: “Бірде мен Саид ибн Жубәйрдің² жанында болғанымда, ол: «Қайсыларың түнде ағып түскен жұлдызды көрдіңдер?», - деп сұрады. Мен: «Мен көрдім», - дедім. Содан соң мен: «Бірақ мен намазда емес едім, мені (бір нәрсе) шаққан болатын³», - деп айттым. Ол: «Ал сен (оған) не (ем) істедің?», - деп сұрады. Мен: «Дем салдым», - дедім. Ол: «Бұған сені не итермеледі?», - деп сұрады. Мен: «Әш-Шәбидің⁴ бізге баяндағаны», - деп жауап бердім. Ол: «Ол сендерге нені баяндаған еді?», - деп сұрады. Мен: «Ол бізге Бурайда ибн әл-Хусайбтың⁵: «Дем салуды тек көз тигенге және жыланнның немесе шаянның шағуына қарсы оқуға болады», - деп айтқанын баяндаған болатын», - деп жауап бердім. Ол: «Естігенін ұғып алған кісі нендей жақсы⁶! Алайда Ибн Аббас бізге Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Маған үмметтер көрсетілді. Мен жанында бір топ адам болған пайғамбарды, жанында бір-екі адам болған пайғамбарды, және қасында ешкім болмаған пайғамбарды көрдім. Кенет менің алдымда көп адам пайда болды да, мен оларды үмметім деп ойлап қалдым. Бірақ маған: «Бұл – Муса мен оның қауымы», - деп айтылды. Кейін мен тағы да көпшілік адамдарды көрдім, әрі маған: «Міне, осы – сенің үмметің. Олардың жетпіс мыңы Жәннатқа сұраусыз және азапталмай кіреді», - деп айтылды».** Кейін ол орнынан тұрып, үйіне кіріп кетті. Адамдар осы Жәннаттың тұрғындары туралы талқылауға түсіп кетті де, олардың кейбіреулері: «Олар – Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары болатын шығар», - деді. Басқалары: «Бәлкім, бұл Исламның кезінде туылып, Аллаһқа еш нәрсені серік қоспағандар болатын шығар», - деді. Басқа да пікірлер айтылып жатты. Ал олардың алдына Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шығып, олар оған осы туралы хабарлаған кезде, ол: **«Бұл өздеріне дем салуды сұрамайтындар, күйдіріп ем жасамайтындар**

¹ Табиғин, ғалым сахабалардың шәкірті.

² Ибн Аббастың оқушысы, Хәжаж ибн Юсуфтың қолынан қаза тапқан ғалым-табиғин.

³ Яғни оның ұйықтамағанының және аққан жұлдызды көргенінің себебі оның түнде тұрып намаз оқығанында емес, оны өрмекші немесе басқа бір нәрсе шағып алғанында еді.

⁴ Табиғин, ғалым сахабалардың шәкірті.

⁵ Сахаба.

⁶ Яғни әлдебір амалдарын білімсіз істейтін немесе оған білім жеткен болып ол соған амал етпейтін адамнан айрықша, өзіне жеткен білімді ұғып алып, соған амал ететін кісі.

және осы туралы сұрамайтындар, ырымишыл болмағандар және тек Раббыларына ғана тәуекел ететіндер”, - деді. Сол кезде Уккаша ибн Михсан орнынан тұрды да: «Аллаһқа дұға етіңізші, мен де солардың біреуі болайыншы», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Сен солардың ішінде боласың», - деді. Содан соң басқа бір ер кісі де орнынан тұрып: «Аллаһқа дұға етіңізші, мен де солардың біреуі болайыншы», - деді. Сонда ол: «Уккаша бұда сенен озды», - деп жауап берді»” (әл-Бухари 3410, Муслим 220, әт-Тирмизи 2448, әд-Дарими 2810, Ахмад 271/1).

Хусайн ибн Абу Абдуррахман әс-Саләми әл-Хариси табиғиндердің ізбасары болған. Ол һижраның 136 жылы 93 жасында қайтыс болды, Аллаһ оны рахым етсін.

Хабардан алынатын пайдалар:

1. Хабарда аспандағы бір құбылысты көрген кездерінде, мұны жай бір нәрсе деп санамай, Аллаһтың аят-белгілеренінен болған бір белгі деп есептеген салиқалы сәләфтардың артықшылығына нұсқау бар.

2. Хабарда сәләфтардың ықыластылыққа ұмтылғанына және шыншылдығына нұсқау бар. Сондықтан да Хусайн: «Мен көрдім», - яғни: «Мен ұйықтамадым», - деп айтқан соң, адамдар ол туралы «ол түнімен намаз оқып шыққандықтан ұйықтамады» деп ойлап қалмауы үшін: «Бірақ мен намазда емес едім», - деп қосты. Яғни ол: «Мені бір нәрсе шағып алды», - деп айтты.

3. Хабарда дәлел талап ету керектігіне және дәлелге сәйкес өмір сүру қажет екеніне нұсқау бар.

4. Хабарда кім дәлелді танып-біліп, соған сәйкес өмір сүрсе, сол жақсылық жасап жатқанына нұсқалады. Бұл туралы осы хабарда: «Естігенін ұғып алған кісі нендей жақсы!», - яғни мұндай адам мақтауға лайықты деп айтылады.

5. Хабарда білімді жұмсақтықпен және даналықпен жеткізу керек екеніне нұсқау бар.

6. Хабарда дем салудың рұқсат етілетініне нұсқау бар.

7. Хабарда шарияттан әлдебір нәрсені амал етіп жүрген кісіге оның амал етіп жүрген нәрсесінен де жақсырақ нәрсені үйретуге нұсқау бар.

8. Хабарда оған бұрынғы үмметтердің көрсетілгендігінде көрініс тапқан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) артықшылығына нұсқау бар. Әрі бұда екі пайда болатын:

а) Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның ізінен басқа пайғамбарлардан ерекше көп адамдар ілесетіндігімен сүйіншілеу үшін;

ә) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметі ең үлкен үммет болатындығында көрініс табатын оның артықшылығына нұсқау үшін.

9. Хабарда әр пайғамбарлардың ілесушілерінің саны әртүрлі болғанына нұсқау бар.

10. Хабарда ақиқат көпшіліктің ұстанатынына қарап танылмайтынына нұсқау бар. Өйткені Қиямет Күні ізінен екі, немесе бір адам ғана ілескен, немесе мүлде ілесушісі болмаған пайғамбарлар келеді. Әрі бұда (Исламға) шақырушының салиқалы және шыншыл екендігі оның ізінен ергендердің санының көп болуымен анықталмайтынына нұсқау бар.

11. Хабарда ақиқатқа ілесу міндетті екеніне нұсқау бар, тіпті оны ұстанушылардың саны аз болса да.

12. Хабарда Мусаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) және оның үмметінің артықшылығына, әрі олар біздің үмметімізден кейінгі ең көпшілік үммет болғанына нұсқау бар.

13. Хабарда Аллаһ Тағала Мухаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметін ең көпшілік үммет етіп, оны басқа пайғамбарлардан артық еткеніне нұсқау бар.

14. Хабарда шынайы таухид пен оған берілетін сый-сауаптың артықшылығына нұсқалады.

15. Хабарда білім мәселелерінде пікірталас жүргізуге рұқсат етілетіне нұсқау бар. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға жоғарыда баяндалған нәрсені хабарлап, үйіне кіріп кеткенде, сахабалар мұны талқылай бастады. Яғни білім мәселелерінде шариғи мәтіндерді, олардан пайда алу үшін және ақиқатты айқын ету үшін, келтіріп, пікірталас жүргізуге рұқсат етіледі.

16. Хабарда келтірілетін хадисте аталған адамдар осы дәрежеге амалдарының себебімен қол жеткізгендігін түсінген

сәләфтардың білімінің артықшылығына нұсқау бар.

17. Хабарда сахабалардың игілікке және салиқалы амалдар жасауға ұмтылғандарына нұсқау бар.

18. Хабарда дем салуды және күйдіруді қалдыру таухидті іске асыру болып табылатынына нұсқалады.

19. Хабарда тірі жүрген, сенің өтінішіңді ести алатын салиқалы адамға өзің үшін Аллаһқа дұға етуін сұрауың рұқсат етілетініне нұсқау бар.

20. Хабарда Уккаша Жәннатқа есеп-хисапсыз кіретін сол 70000 адамның қатарынан екенін хабарлаған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) муғжизаларының бір муғжизасына нұсқау бар, әрі ол шындығында да шәһид болуды қалап, діннен шыққандармен болған шайқастардың бірінде қайтыс болды.

21. Хабарда Уккаша ибн Михсанның абырой-мәртебесі мен артықшылығына әрі ол Жәннат тұрғындарының бірі екеніне нұсқау бар.

22. Хабарда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көркем мінезіне, және адамды ренжітіп алмау үшін, көпмағыналы сөздерді қолданудың рұқсат етілетініне нұсқау бар. Екінші бір кісі орнынан тұрып: «Аллаһтан мені де солардың қатарына қосуды сұраңызшы», - деп айтқан кезде, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: «Жоқ! Сен олардан емессің!», - деп айтпай, ең көркем түрде: «Уккаша сенен озды», - деді.

23. Хабарда игіліктің жемісінен үлес алып қалу үшін ыңғайлы сәтті пайдаланып қалу керектігіне нұсқау бар, мұны Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі үшін Аллаһқа оны Жәннатқа есеп-хисапсыз кіретін сол 70000 адамның қатарынан етуін сұрап дұға етуін өтініш еткен Уккаша ибн Михсанның істегені сияқты.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ:

Көпқұдайшылықтан (Аллаһқа серік қосудан) қорқудың қажет екендігі туралы

«Ән-Ниса» сүресі, 48 және 116 аяттар:

إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ وَمَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ افْتَرَىٰ إِثْمًا عَظِيمًا (٤٨)

«Расында, Аллаһ Өзіне ортақ қосуды жарылқамайды да, бұдан өзгені қалаған кісісіне жарылқайды. Сондай-ақ кім Аллаһқа ортақ қосса, расында, жала қойып, зор күнәлі болды».

«Ибраһим» сүресі, 35-аят:

وَإِذْ قَالَ إِبْرَاهِيمُ رَبِّ اجْعَلْ هَذَا الْبَلَدَ آمِنًا وَاجْنُبْنِي وَبَنِيَّ أَنْ نَعْبُدَ الْأَصْنَامَ (٣٥)

“Сол кезде Ибраһим: «Раббым! Осы қаланы (Меккені) бейбіт қыл! Және мені әрі ұлдарымды пұттарға құлшылық етуден сақтай гөр!», – деді”.

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, таухид пен оның артықшылығы және оны іске асыру туралы баяндап болған соң, таухидке қарама-қайшы болған нәрседен қорқудың қажетті екенін түсіндіргісі келді, ал бұл болса – ширк. Бұдағы оның көздеген мақсаты – мұминдер ширктен сақ болып, өз жандары үшін қорқуы еді.

Осы аяттардан алынатын пайдалар:

1. Аятта Аллаһқа серік қосу (көпқұдайшылық, ширк) үлкен күнәлардың ең қорқыныштысы екеніне нұсқау бар, өйткені пәк Аллаһ Тағала одан (ширктен) тәубе етпеген адамды кешірмейтіні туралы хабарлады.

2. Аятта егер адам ширктен кіші болған күнәлары үшін тәубе етпесе де, ол Аллаһтың қалауының астында болатынына нұсқау бар. Яғни егер Аллаһ қаласа – оны тәубесіз-ақ кешіріп жібереді, ал егер қаласа – жазалайды. Ал ширкті Пәк Аллаһ Тағала тәубесіз кешірмейді, әрі бұда ширктің аса зор қауіптілігіне нұсқау бар.

3. Аятта Аллаһқа серік қосудан (көпқұдайшылықтан) қорқудың қажетті екеніне нұсқау бар. Бұл пұттарды өз қолымен қиратқан бірқұдайшыл имам болғанына қарамастан, көпқұдайшылыққа түсіп кетуден қорыққан Ибраһимнің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мысалында көрсетіледі. Ендеше, басқа адамдар туралы не айтуға болмақ?!

4. Аятта Аллаһқа бүкіл қайғы-қасіреттерден қорғауын сұрап жалбарынудың рұқсат етілетініне, сондай-ақ адам өз Раббысына толығымен тәуелді екеніне нұсқау бар.

5. Аятта Аллаһқа өзіңді және ұрпақтарыңды қорғауын сұрап дұға етудің рұқсат етілетіндігіне нұсқау бар.

6. Аятта өздері ширк істегендердің қатарына түсіп кеткендігіне қарамастан, бұл үмметте ширк орын алмайды деп, әрі өздерін одан сақталған деп мәлімдейтін білімсіздерді теріске шығару бар.

Хадистердің бірінде былай деп айтылған: *«Мен бәрінен де көбірек сендер кіші ширк жасайсыңдар ма деп қорқамын»*. Одан: *«Бұл не?»*, - деп сұраған кезде, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Көзбояушылық (рия)»*, - деп жауап берді (имам Ахмад 429, 428/5, әт-Табарани «Мулжам әл-Кабир» 253/4 және 4301).

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте кіші ширкке түсуден қатты қорқу қажет екеніне нұсқау бар, өткені:

Біріншіден, Пайғамбардың өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдардың осыған түсіп кететінінен қатты қорыққан болатын;

Екіншіден, ол бұған тіпті салиқалы адамдардың ең жақсылары, әрі салиқалылығы олардан төмен болғандардың тіптен түсіп кетуінен қорыққан еді.

2. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметі үшін жаны ашып, қам жегеніне әрі олардың Тура жолмен жүруіне ұмтылғанына, сондай-ақ оларға ықыласты қарым-қатынас жасағанына нұсқау бар.

3. Хадисте ширк үлкен және кіші болып екі түрге бөлінетініне нұсқау бар.

Үлкен ширк – бұл Пәк Аллаһ Тағалаға ғана тән болған және Оның ғана сипаты болып табылатын нәрселерде Оған әлдебіреуді ұқсату, теңеу.

Кіші ширк – бұл шариғи мәтіндерде ширк деп аталатын, бірақ

үлкен ширктің дәрежесіне жетпейтін нәрсе.

Үлкен ширк пен кіші ширктің айырмашылығы үлкен ширк бүкіл амалдарды жоятындығында, ал кіші ширк тек өзі араласқан амалдарды ғана зая ететінінде, сондай-ақ үлкен ширк оны істеген адамды (ол осынысына тәубе етпей өлсе) мәңгі Тозаққа кіргізетінінде, ал кіші ширк болса, оны істеген адамның Тозақта мәңгі қалуымен міндеттемейтінінде. Сол сияқты үлкен ширк адамды Исламнан шығарады, ал кіші ширк – шығармайды, бірақ соған қарамастан, кіші ширк те қорқынышты күнә болып табылады.

Абдуллаһ ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен, ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Кім Аллаһпен қатар басқа біреуге жалбарынған күйінде өлсе, Отқа түседі»,* - деп айтқанын хабарлаған хадис (Бухари 4497, Муслим 92).

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте көпқұдайшылықтан қорқудың міндетті екеніне нұсқау және ол үшін өлімнен бұрын тәубе етуге ынталандыру бар.
 2. Хадисте Аллаһтан басқа кімге болсын, мейлі олар періштелер, пайғамбарлар, әулиелер, талдар, тастар, әруақтар болсын, жалбарынып дұға ететіннің әрбірі сонысымен оларды Аллаһ Тағалаға теңейтініне (яғни ширк жасайтынына) нұсқау бар.
 3. Хадисте ширк, егер адам одан тәубе етпесе, кешірілмейтініне нұсқау бар.
-

Жәбирден (Аллаһ оған разы болсын) ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын жеткізген хадис: *«Кім Аллаһқа Оған ешкімді серік қоспаған күйінде жолықса, сол Жәннатқа кіреді. Ал кім Аллаһқа Оған серік қосқан күйінде жолықса, сол Отқа түседі»* (Муслим 93, Ахмад 345/3).

Жәбир ибн Абдуллаһ ибн Амр ибн Хирам әл-Ансари – атақты сахаба және сахабаның ұлы (Аллаһ оларға разы болсын). Ол өте көп

хадистер жеткізген. Оның әкесі Ухуд шайқасында қаза табады. Жәбірдің өзі болса Мәдинада һижраның 70 жылынан кейін 94 жасында қайтыс болды.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте ширктен қорқудың міндетті екеніне нұсқау бар, өйткені Оттан қорғау болатын шарт - адамның ширкке қатыссыз болуы.
2. Хадисте Есеп беретін Күні адамға, егер ол Аллаһқа серік қосқан болса, істеген амалдарының көптігі көмектеспейтініне нұсқау бар.
3. Хадисте «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің мағынасының түсіндірмесіне нұсқау бар, ал бұл – ширкті тастау және жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ету.
4. Хадисте Жәннат пен Тозақ пендеге жақын екеніне, әрі оны олардан тек өлім ғана ажыратып тұрғанына нұсқау бар.
5. Хадисте ширктен қорғалған адамның артықшылығы мен оған берілетін сый-сауапқа нұсқау бар.

БЕСІНШІ ТАРАУ:

«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігіне шақыру

«Юсуф» сүресі, 108-аят:

قُلْ هَذِهِ سَبِيلِي أَدْعُو إِلَى اللَّهِ عَلَى بَصِيرَةٍ أَنَا وَمَنِ اتَّبَعَنِي وَسُبْحَانَ اللَّهِ وَمَا أَنَا مِنَ الْمُشْرِكِينَ (١٠٨)

“«Менің жолым осы. Мен және маған ергендер Аллаһқа ашық дәлел үстінде шақырамыз. Аллаһ Пәк, әрі мен серік қосушылардан (көпқұдайшыл-мүшриктерден) емеспін», - де”.

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, өткен тарауларда таухид, оның артықшылығы, оған қайшы келетін нәрседен қорқу қажеттілігі туралы баяндап болған соң, бұл тарауда осы нәрсенің барлығын білген адам өзімен-өзі ғана шектелмеуі керек екенін түсіндіреді. Ол Аллаһ

Тағалаға даналықпен, игі насихатпен шақыруға міндетті, өйткені бұл елшілер мен оларға ілесушілердің жолы болатын.

Аллаһ Тағала осы аятта елшілер мен олардың жолы туралы атап өтті, ал бұл – «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігіне шақыру. Бұл шақыру білімге, яғни шақырылып жатқан нәрсе туралы білімге негізделеді.

Мұның барлығы таухид куәлігіне шақырудың міндетті екеніне нұсқайды.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта таухид куәлігіне шақыру Елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның ізбасарларының жолы болып табылатынына нұсқау бар.

2. Аятта шақырушы адам не нәрсеге шақырып жатқанын және не нәрселерден тыйып жатқанын білуі керек екеніне нұсқау бар.

3. Аятта шақыруда (дағуатта) ықыластылықтың міндетті екеніне, яғни шақырушыда (дағуатшыда) Аллаһ Тағаланың Дидарын көруден өзге ешқандай мақсат болмауы керек екендігіне нұсқалады. Оның мақсаты мал-мүлік те, билік те, адамдардың мақтауы да болмауға тиісті, сондай-ақ оның шақыруы әлдебір партияға немесе ағымға шақыру болмауы тиіс.

4. Аятта өз шақыруын білім мен мығым сенімнің негізінде жүргізген Елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ізбасарларының ізінен ілесуге құрылатын білім шақырудың шарты болып табылатынына нұсқау бар.

5. Аятта таухидтің көркемділігіне нұсқау бар, өйткені ол Аллаһ Тағаланы кіршіксіз ету (бүкіл кемшіліктен пәктеу) болып табылады.

6. Аятта ширктің жиіркенішті екеніне нұсқау бар, өйткені ол Аллаһ Тағаланы қорлау болып табылады.

7. Аятта мұсылман адам Аллаһқа серік қосушы мушриктерден аулақ болуға және оларға толық (мүлде) қатыссыз болуға міндетті екеніне, сондай-ақ таухидті ұстану үшін «Мен ширк жасап жатқан жоқпын» деген сөздің жеткіліксіз екеніне нұсқау бар.

Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі ме сәлемі болсын) Муазды Йеменге аттандырып жатып, оған былай деп өсиет еткенін жеткізген хадис: *«Ақиқатында, сен Кітап иелерінен болған халыққа келесің. Ендеше, оларды ең бірінші шақыратын нәрсең «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деген куәлік болсын (басқа риуаятта: «Оларды жалғыз Аллаһқа құлшылық етуге шақыр», - деп келеді). Егер олар осыда саған бағынса, оларға Аллаһ оларды күніне бес уақыт намазбен міндеттегенін білдірт. Егер олар осыда да саған бағынса, онда оларға Аллаһ олардың байларын кедейлеріне зекет берумен міндеттегенін мәлімде. Егер олар осыда да саған бағынса, онда олардың таңдаулы мал-мүлкіне қол сұғушы болма, әрі жәбірленушінің дұғасынан қорық, өйткені оны мен Аллаһтың арасында бөгет жоқ»* (әл-Бухари 1395, Муслим 19, әт-Тирмизи 625, Абу Дауд 1584, Ахмад 233/1).

Хадистің тарауға сәйкестілігі: адамдарды ең бірінші кезекте шақыру қажет болған нәрсе – бұл «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігі екенінде, сондай-ақ онда осы шақырумен білімді адамды жолдау қажет екендігіне нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте басқа елдерге немесе қалаларға таухидті тарату үшін білімді адамды жіберудің шариятта заңдастырылғанына нұсқау бар.
2. Хадисте адамдарды ең бірінші кезекте шықаратын нәрсе - бұл «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деген куәлік екеніне нұсқау бар.
3. Хадисте «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деген куәлік Аллаһқа құлшылық етудегі бірқұдайшылықты және Одан басқа кімге болсын құлшылық етуді тәрк етуді меңзейтініне нұсқалады.
4. Хадисте мүшрик туралы ол «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі» деген куәлікті толық айтпайынша, Исламға иман келтірген адам ретінде шешім шығаруға болмайтынына нұсқау бар.

5. Хадисте адам қари, ғалым болуы мүмкін екеніне, бірақ солай бола тұра, бұл Кітап иелерінің жағдайында көрініс табатынындай, куәліктің мағынасын білмеуі, немесе білсе де, оған сәйкес өмір сүрмеуі мүмкін екеніне нұсқау бар.

6. Хадисте ғалымға деген қарым-қатынас білімсізге деген қарым-қатынастан ерекшеленуі керек екеніне нұсқау бар.

7. Хадисте адам, әсіресе, дінге шақырушы адам, күмән таратушылардың күдіктерін жою үшін, өз діні туралы бекем білімге ие болуы керектігіне нұсқау бар.

8. Хадисте «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі» деген куәліктен кейін тұратын намаздың мәртебесінің ұлықтығына нұсқалады.

9. Хадисте зекет Исламның намаздан кейінгі тірегі (рүкіні) екеніне нұсқау бар.

10. Хадисте зекет төленетін адамдарға нұсқалады, ал бұл – кедейлер, сондай-ақ зекет тек соларға берілсе, бұл жеткілікті болатынына да нұсқау бар.

11. Хадисте зекетті мал-мүліктің ең жақсысынан алуға тыйым салынғанына нұсқау бар, тек оның иесінің өзі бұған рұқсат етпесе ғана.

12. Хадисте жамандықтан сақтандырып ескерту қажет екендігіне, сондай-ақ егер адам жәбірленген болған күйінде жәбірлеушіге қарсы (Аллаһқа) дұға етіп жалбарынса, Аллаһ оған жауап беретініне нұсқау бар, тіпті бұл адам күнәхар болса да.

Сәһл ибн Саъдтың Хайбар алынған күні Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Ертең мен Аллаһты және оның Елшісін жақсы көретін және Аллаһ пен Оның Елшісі оны жақсы көретін адамның қолына туды ұстатамын, әрі сол арқылы Аллаһ жеңіс береді»*, - деп айтқанын баяндағаны жеткізіледі. Адамдар түні бойы олардың қайсысына ту берілетіндігі туралы у-шуласып айтысып жатты. Таңертең олар Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келді, әрі олардың әрбірі туды алуды үміттенді. Ал ол болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Али ибн Абу Талиб қайда?»*, - деп сұрады. (Адамдар) оған: *«Ол көзінің қабынуына шағымдануда»*, - деп жауап берді. Ол адамдарға оның

ізінен (біреуді) жіберуін бұйырды да, ал Али келген соң, оның көзіне (аздап) түкіріп, кейіннен дұға етті. Али сол мезетте-ақ ешқандай ауруы болмағандай жазылып кетті. Сол кезде ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған туды ұстатып, былай деді: «*[Олармен кездескеніңше] бірте-бірте жылжып отыр, ал содан кейін оларды Исламға шақырып, Аллаһ Тағала алдындағы міндеттеріне не жататыны туралы хабарла, [өйткені] Аллаһпен ант етемін, егер Аллаһ сен арқылы бір адамды [болса да] хақ жолға салса, бұл сен үшін қызыл түйелерге [ие болудан] жақсырақ болады!]*» (әл-Бухари 2942, Муслим 2406).

Сәһл ибн Саъд ибн Мәлик ибн Халид әл-Ансари (оған Аллаһ разы болсын) хазраж саъд тайпасынан еді. Ол атақты сахаба болатын. Ол жүз жылдан астам уақыт өмір сүріп, һижраның 88 жылы қайтыс болды.

Бұл аятта таухид куәлігінің мағынасын түсінуді қамтитын Исламға шақырудың заңды екеніне, сондай-ақ осыған шақырудың артықшылығына да нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Али ибн Абу Талибтың (оған Аллаһ разы болсын) айқын артықшылығына әрі оны Аллаһ пен Оның Елшісі жақсы көргендігі туралы Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) куәлігіне нұсқалады.

2. Хадисте Аллаһқа тиісті сипаттардың бірі болып Оның Өз әулиелерін жақсы көруі болып табылатындығына нұсқау бар. Пәк Аллаһ Тағаланың бұл сипаты Оның басқа да ұлы, пәк сипаттарындай Оның Ұлылығына сәйкес болып табылады.

3. Хадисте сахабалардың жақсылыққа ұмтылғанына әрі олар бірін бірі игі істерде озуға тырысқандарына нұсқау бар, Аллаһ оларды өз рахымына бөлесін.

4. Хадисте әскери қимылдар жүргізу кезінде әдептілік сақтаудың шариғатта заңды екеніне, яғни соғыста орынсыз болған тәртіпсіздіктердің, қорқытып айқайлап шулаудың тыйым салынғандығына нұсқау бар.

5. Хадисте елбасшының (әмірдің) өзінің қоластындағыларына қатысты жұмсақтық пен байсалдылық танытуына нұсқау бар, алайда бұл әлсіздіктің көрінісі болып

қалмайтындай әрі мақсатқа ұмтылушылық пен батылдықты қайшы келмейтіндей болуға тиіс.

6. Хадисте Исламға шақырудың міндетті екеніне нұсқау бар, әсіресе, кәпірлермен соғыс кезінде.

7. Хадисте дағуатта реттілік сақтаудың қажет екендігіне нұсқау бар: кәпірлерден талап етілетін ең бірінші нәрсе – олардың «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі» деген екі куәлікті айту арқылы Исламға кіруі. Екіншісі – оларға екі куәліктен кейін келетін міндеттіліктерді бұйыру.

8. Хадисте Исламға шақырудың артықшылығына әрі онда шақырушыға да, шақырылатынға да нендей игіліктер бар екеніне нұсқалады, өйткені шақырылып жатқан адам Тура жолға тұруы, ал шақырушы ұлы сый-сауапқа ие болуы мүмкін.

9. Хадисте Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандарға шайқастан бұрын-ақ Аллаһ оларға жеңіс сыйлатынын хабарлап қойғанында әрі Али ибн Абу Талибтің науқасынан жазылып кетуіне себеп болған оның іс-әрекеттерінде көрініс тапқан оның пайғамбарлығының дәлелдерінен болған дәлелге нұсқау бар.

10. Хадисте туды оған ұмтылмаған адам алғанында көрініс тапқан Аллаһтың тағдырына иман келтіруге нұсқау бар.

11. Хадисте адамға жай мұсылман деп аталудың өзі ғана жеткіліксіз екеніне, әрі ол Исламдағы өзінің міндеттерін біліп, оларды орындауға міндетті екеніне нұсқау бар.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ:

Таухидтің және «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деген куәліктің мағынасы

«Әл-Исра» сүресі, 57-аят:

أُولَٰئِكَ الَّذِينَ يَدْعُونَ يَبْتَغُونَ إِلَىٰ رَبِّهِمُ الْوَسِيلَةَ أَيُّهُمْ أَقْرَبُ وَيَرْجُونَ رَحْمَتَهُ وَيَخَافُونَ عَذَابَهُ إِنَّ عَذَابَ رَبِّكَ كَانَ مَحْذُورًا (٥٧)

«Олардың дұға етіп жалбарынғандары өздері Раббыларына

қалай жақын боламыз деп ізденеді. Оның рахметінен үміт етіп, азабынан қорқады. Расында, Раббыңның азабынан сескену қажет».

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Автор осыдан бұрынғы тарауларда таухидтің не екендігін түсіндіріп, оның артықшылықтары, оған шақыру қажеттілігі және оған қайшы болған нәрседен, яғни Аллаһқа серік қосудан (көпқұдайшылық-ширктен) қорқу керек екендігі туралы дәлелдер келтірген соң, шейх, Аллаһ оны рахымына бөлесін, бұл тарауда таухидтің мағынасын түсіндірді. Өйткені кейбір адамдар нақты таухид (бірқұдайшылық) куәлігінің мағынасын және жалпы бірқұдайшылықтың мағынасын түсінуде қателеседі. Көпшілік таухид – бұл Аллаһтың бар екенін, немесе Ол барлық нәрсені басқаратынын айту ғана деп түсінеді. Бірқұдайшылықтан түсінуге тиісті нәрсе бұл емес. Бірқұдайшылық дегенде автордың, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осы кітапта келтірген шариғи мәтіндері нұсқайтын нәрселер меңзеледі. Бұл тараудағы кейбір мәтіндер құлшылық-ғибадаттың тек жалғыз Аллаһ Тағалаға арналуы және ширктен таза болуы керек екені туралы баяндайды.

Бұл аят таухидтің мағынасына және «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің мағынасына нұсқайды. Онда сондай-ақ таухид пен оның куәлігі талап ететін нәрселерге, яғни көпқұдайшыл-мүшриктер істеп жатқан нәрселерді тәрк етуге нұсқау бар. Ал бұл – әулиелерге дұға етіп жалбарыну, оларға тәуекел ету әрі солардан Аллаһтың алдында шапағат етуін сұрау, немесе олар арқылы әлдебір қайғы-қасіреттерден пана, немесе Аллаһ олардан әлдебір қайғыны немесе қиыншылықты қайтаруын тілеу. Мұның барлығы үлкен ширк болып табылады.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта әулиелер мен ізгілерге қайғы-қасіреттерден құтқаруын тілеп, немесе әлдебір пайда келтіруін сұрап жалбарынамындарды теріске шығару бар, өйткені олардың жалбарынып жатқандары тіпті өздеріне пайда келтіре алмайды, әрі өздерінен зиянды қайтара алмайды, ендеше, қалайша олар өзгелерге бір нәрсе істей алмақ?!

2. Аятта пайғамбарлар мен Аллаһтың ізгі құлдарының

тақуалығына, сондай-ақ олардың Аллаһтың рахымына қаншалықты күшті үміт еткеніне нұсқау бар.

«Әз-Зухруф» сүресі, 26-27 аяттар:

وَإِذْ قَالَ إِبْرَاهِيمُ لِأَبِيهِ وَقَوْمِهِ إِنَّنِي بَرَاءٌ مِّمَّا تَعْبُدُونَ (٢٦) إِلَّا الَّذِي فَطَرَنِي فَإِنَّهُ سَيَهْدِينِ (٢٧)

“Сол уақытта Ибраһим әкесіне әрі еліне: «Шын мәнінде, мен сендердің табынған нәрселеріңе қатыссызбын», - деді, - «Бірақ мені жаратқан Аллаһтан басқа. Расында, Ол мені тура жолға салады», - деді”.

Бұл аят таухидтің және «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің мағынасына нұсқайды, ал бұл – жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ету және көпқұдайшыл-мүшриктерге қатыссыз болу. (Бүкіл құлшылық объектілерін) теріске шығару («нәфи») Ибраһимнің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) «қатыссызбын» деген сөзінде, ал (Аллаһты жалғыз құлшылық объектісі ретінде) бекіту («исбат») оның «мені жаратқан Аллаһтан басқа» деген сөздерінде қамтылған.

Осы аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Ислам куәлігінің мағынасы тек Жалғыз Аллаһқа ғана ықыласты түрде құлшылық етуде және Одан басқа кімге (неге) болсын құлшылық жасауға қатыссыз болуда көрініс табатын Аллаһты жалғыз ету (таухид) болып табылатынына нұсқау бар.
 2. Аятта адам көпқұдайшылдардың дініне өзінің айқын қатыссыздығын көрсетуге міндетті екеніне нұсқау бар.
 3. Аятта адам Аллаһтың дұшпандарына деген өзінің қатыссыз екенін ашық мәлімдеуге міндетті екеніне нұсқау бар, тіпті бұл сенің ең жақын адамың болса да.
-

«Әт-Тәуба» сүресі, 31-аят:

اتَّخَذُوا أَحْبَارَهُمْ وَرُهَبَانَهُمْ أَرْبَابًا مِنْ دُونِ اللَّهِ وَالْمَسِيحَ ابْنَ مَرْيَمَ وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا إِلَهًا وَاحِدًا لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ سُبْحَانَهُ عَمَّا يُشْرِكُونَ (٣١)

«Олар ғалымдары мен машайыхтарын және Мәриям ұлы Исаны Аллаһтан өзге құдай етіп алды. Негізінде, олар жалғыз Құдайға ғана құлшылық етуге бұйырылған болатын. Өйткені Одан басқа ешбір құдай жоқ. Ол олардың қосқан серігінен Пәк».

Бұл аят таухид пен «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің мағынасы – Аллаһқа Оның хәләл еткен нәрселерін хәләл деп, ал харам еткен нәрселерін харам деп бағынуда Оны жалғыз ету екеніне, әрі кім Аллаһтан басқа кімді болса да Аллаһтың харам еткен нәрсесін хәләл етуге және оны қолдануға құқықты деп мойындаса, әрі Аллаһтың хәләл еткен нәрсесін харам етіп одан аулақ болуға құқықты деп санаса, сол көпқұдайшыл-мүшрик болатына нұсқайды.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта таухид пен «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің мағынасы – бұл Аллаһқа Оның хәләл және харам еткен нәрселерінде бағыну екеніне нұсқау бар.
2. Аятта кім хәләл нәрсені харам етуші немесе харам нәрсені хәләл етуші біреуге ілессе, соны Аллаһқа теңеген болатынына нұсқау бар.
3. Аятта христиандарды олардың Исаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қатысты сенімдерінде теріске шығару және ол Аллаһтың құлы екендігінің түсіндірмесі қамтылған.
4. Аятта Аллаһты көпқұдайшыл мүшриктерден пәктеу қамтылған.

«Әл-Бақара» сүресі, 165-аят:

وَمِنَ النَّاسِ مَن يَتَّخِذُ مِنْ دُونِ اللَّهِ أَنْدَادًا يُحِبُّونَهُمْ كَحُبِّ اللَّهِ وَالَّذِينَ آمَنُوا أَشَدُّ حُبًّا لِلَّهِ وَلَوْ يَرَى الَّذِينَ ظَلَمُوا إِذْ يَرْوْنَ الْعَذَابَ أَنَّ الْقُوَّةَ لِلَّهِ جَمِيعًا وَأَنَّ اللَّهَ شَدِيدُ الْعَذَابِ (١٦٥)

«Адамдардың арасында Аллаһқа өзгелерді теңдес етіп, оларды Аллаһты сүйгендей сүйетіндер бар. Ал, иман келтіргендер Аллаһты артық сүйеді. Егер залымдар азапты көрген кезде бүкіл қуаттың Аллаһқа тән екенін және Аллаһтың қатты азап иесі екенін көрсе еді».

Бұл аят таухид пен «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің мағынасын түсіндіретін шариғи мәтіндердің бірі болып табылады. Ол сондай-ақ егер біреу Аллаһқа әлдекімді (әлденені) серік қосса, әрі оны Аллаһты сүйгендей сүйсе, сол көпқұдайшыл болатынына нұсқау бар. Бұл аяттан біз сондай-ақ бір Раббы ғана адамнан жалғыз Оған ғана құлшылық етуде ықыластылық танытуды және ол тек Аллаһтың алдында ғана өзін қор тұтып, Оған мойынсұнушылықпен тағзым-итағат етуді талап ететіндей сүюге лайықты екенін біле аламыз.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта таухид пен «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің мағынасы – бұл адамды Аллаһтың алдында өзін қор тұтып, мойынсұнушылықпен тағзым-иғат етуге алып келетіндей сүйіп-жақсы көруде жалғыз ету болып табылатынына нұсқау бар.

2. Аятта көпқұдайшыл-мүшриктер де Аллаһты қатты жақсы көретініне, бірақ бұл жақсы көруі оларды Исламға кіргізбейтініне нұсқау бар, өйткені олар осы жақсы көруінде Аллаһқа серік қосты.

3. Аятта көпқұдайшылық (ширк) ең үлкен зұлымдық екеніне нұсқау бар.

4. Аятта мүшриктерді Қиямет Күніндегі азаппен қорқыту бар.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны хабарланатын хадис: *«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ», - деп айтып, Аллаһтан басқа бүкіл нәрсеге құлшылық етуден бас тартқан адамның мал-мүлкі мен өмірі қол сұғылмайтын (харам) болып табылады. Ал есеп-жауапты ол Ұлы және Құдіретті Аллаһтың алдында береді»* (Муслим 23, Ахмад «Муснадта» 472/3).

Бұл хадисте «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деген куәлік түсіндіріп беретін ең ұлы нәрсеге нұсқау бар, ал бұл – Аллаһтан басқа құлшылық жасалатын нәрселердің барлығына күпірлік

таныту (сенбеу).

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің мағынасы – Аллаһтан басқа құлшылық жасалатын нәрселердің барлығына: олар пұттар, қабірлер, немесе басқа да заттар болсын - күпірлік таныту (сенбеу) болып табылатынына нұсқау бар.

2. Хадисте «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деп жай айтудың және Аллаһтан басқа құлшылық жасалатын нәрселердің барлығына (тілмен ғана) күпірлік етудің өзі ғана, егер адам Ислам куәлігінің мағынасын түсініп, соған сәйкес өмір сүрмесе және оған Аллаһтан басқа құлшылық жасалатын нәрселердің барлығына (іс жүзінде) күпірлік етуін қоспаса, оның мал-мүлкі мен өмірін қол сұғылмайтын (харам) етпейтініне нұсқау бар. (Алайда бұл туралы үкім шығару елбасшы мен шариғи соттың (қазының) айрықша күзіреті болып табылады).

3. Хадисте бірқұдайшыл және шарифатты (яғни Құран мен Сүннетке негізделген Аллаһтың заңын) ұстанатын адам осы заңдарға қайшылық танытпайынша, оның қол сұғылмаушылығы міндетті болып табылатынына нұсқау бар.

4. Хадисте адам көпқұдайшыл-мүшриктің, егер ол Исламды қабылдаған болса, малы мен жанына қастандық жасауға құқықты емес екендігіне нұсқау бар, тіпті бұл соғыс кезінде орын алса да. Тек ол осыған қарама-қайшылық танытпаса ғана.

5. Хадисте «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігін тілімен айтатын, бірақ іс жүзінде Аллаһтан басқа құлшылық жасалатын нәрселерге күпірлік танытпайтын адамдар бар екеніне нұсқау бар.

6. Аятта дүниелік үкім тек сыртқы сипаттарға қарап шығарылу қажет екеніне нұсқау бар, ал Ақыреттегі үкімге келер болсақ, онда ол адамның ниеттері мен мақсаттарына сәйкес болады.

7. Аятта мұсылманның мал-мүлкі мен қаны қол сұғылмайтын (харам) екеніне нұсқау бар, тек құқықты жағдайлардан бөлек.

Ал әрі қарай жалғасатын тарауларға келер болсақ, оларда таухид пен «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігі мағынасының түсіндірмесі, сондай-ақ үлкен және кіші ширкке қатысты көптеген тақырыптардың түсіндірмесі де келтіріледі. Оларда сондай-ақ үлкен және кіші ширкке алып келуі мүмкін болған нәрселер: мейлі олар шектен шығушылық немесе (дінге) енгізілген жаңалық болсын – әрі адам «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігіне сәйкес тәрк етуге міндетті болған нәрселер де түсіндіріледі.

ЖЕТІНШІ ТАРАУ:

Бәледен құтылу немесе оны болдырмау мақсатында сақина, жіп, т.с.с. нәрселерді тағып жүру көпқұдайшылықтың көрінісі болып табылады

«Әз-Зұмар» сүресі, 38-аят:

وَلَنُؤْتِيَنَّهُمْ مِّنْ خَلْقِ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ لِيَقُولُنَّ اللَّهُ فَنُفَرِّقُ بَيْنَهُمْ مَا تَدْعُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ إِنْ أَرَادَنِيَ اللَّهُ بِضُرٍّ هَلْ هُنَّ كَاشِفَاتُ ضُرِّهِ أَوْ أَرَادَنِيَ بِرَحْمَةٍ هَلْ هُنَّ مُمْسِكَاتُ رَحْمَتِهِ قُلْ حَسْبِيَ اللَّهُ عَلَيْهِ يَتَوَكَّلُ الْمُتَوَكِّلُونَ (٣٨)

“(Мухаммад,) егер олардан: «Көктер мен жерді кім жаратты?», - деп сұрасаң, әрине, олар: «Аллаһ», - дейді. «Аллаһтың орнына дұға етіп жалбарынғандарыңды көрдіңдер ме? Егер Аллаһ маған бір зиян беруді қаласа, олар Оның апатын айықтыра алады ма? Немесе Аллаһ маған бір игілік қаласа, олар Оның игілігін тоса алады ма?», - де. «Аллаһ маған жетіп асады. Тәуекел етушілер Оған тәуекел етсін», - де”.

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Бұл аятта таухидке (бірқұдайшылыққа) қайшы келетін нәрсе атап кетіледі, ал ол – әлдебір бәле-қырсықтан құтылуда немесе оны болдырмауда Аллаһтан басқа біреуден пана тілеу. Расында, таухид оған қарама-қайшы келетін нәрсе арқылы танылады.

Бұл аятта жалпы ширктің де, әрі тура сол сияқты нақты сақина немесе жіп тағудың да, егер адам мұны осы заттарға тәуекел ету ниетімен

істесе, негізсіз екеніне нұсқау бар. Өйткені бұл заттар оны ешқандай бәле-қырсықтардан қорғай алмайды.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта ширктің жарамсыз, негізсіз екеніне нұсқау бар, өйткені Аллаһтан басқа құлшылық жасалатынның барлығы өздеріне құлшылық ететіндерге не пайда, не зиян келтіру күшіне ие емес.

2. Аятта әлдебір пайдаға қол жеткізу немесе бәледен құтылу үшін сақина немесе жіп киіп (тағып) жүретіндерге қатаң ескерту бар, өйткені мұның барлығы ширкке және пұттарға дұға етіп жалбарынуға жатады.

3. Аятта мүшриктердің (көпқұдайшылдардың) көпқұдайшылығының негізсіз екенін әшкерелеу үшін олармен айтысудың заңды екеніне нұсқау бар.

4. Аятта Аллаһқа ғана тәуекел етудің, бүкіл істеріңді Пәк әрі Қасиетті болған жалғыз Соған тапсырудың міндетті екеніне нұсқау бар.

Имран ибн Хусайн былай деп баяндағаны жеткізіледі: *“Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолына сары (мыс) сақина тағып алған бір адамды көрді де, одан: «Бұл не?», - деп сұрады. Әлгі адам: «Мен оны әлсіздікке шалдықпауым үшін тағып жүрмін», - деп жауап берді. Сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Қазір-ақ оны шешіп таста, өйткені ол тек әлсіздігіңді көбейтуде. Егер сен қолыңа осы сақинаны тағып жүрген күйіңде өлсең, ешқашан құтылмайсың», - деді”* (Ахмад «Муснад» 445/4, Ибн Хиббан 1410, 1411, Ибн Мәжаһ 3531, әл-Хаким «Мустадрак» 216/4).

Имран ибн Хусайн ибн Абиид Халәфи Жәзаи (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабасы әрі сахабаның ұлы болатын. Исламды Хайбар шайқасы кезінде қабылдады. Ол һижраның 52 жылы Басрада қайтыс болды.

Бұл хадисте бақытсыздықтардан құтылу мақсатында сақина немесе білезіктер, немесе жіп тағып (киіп) жүруге тыйым салынғандығына

нұсқау бар. Өйткені бұл құтылумен ұйқаспайтын көпқұдайшылыққа жатады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте аурулардан сақтану үшін сақина немесе сол сияқты заттарды тағу (кию) көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқау бар.

2. Аятта харам нәрселермен емделуге тыйым салынғандығына нұсқау бар.

3. Аятта айыпты нәрсе істеп жатқан адамды айыптаудың және білмейтін адамды үйретудің қажетті екеніне нұсқау бар.

4. Аятта ширктің бұл дүниедегі де, Ақыреттегі де зиянына нұсқау бар.

5. Аятта муфти шешім шығарудан бұрын әлдебір істің істелуінің ниетін (мақсатын) біліп алуы керек екеніне нұсқау бар.

6. Аятта кіші ширк үлкен күнәларға жататынына нұсқау бар.

7. Аятта білместік ширк жасауда ақтау болып табымайтынына нұсқау бар.

8. Аятта ширктен әлдебір нәрсе жасаған кісіні айыптауда, оны осы ісінен қайтару үшін және оны осы іске деген жек көрушілікке иландыру үшін, қаталдық танытуға рұқсат етілетініне нұсқау бар.

Уқба ибн Амирдің Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Өзіне тұмар таққанның ақырын Аллаһ қайырлы етпесін, ал өзіне бақалшық тағып алғанға Аллаһ тыныштық бермесін*», - деп айтқанын жеткізген хадисі. Ахмад 4/154, Ибн Хиббан (1443), әл-Хаким 4/417.

Басқа бір риуаятта: «*Өзіне тұмар таққан Аллаһқа серік қосты*», - деп айтылады. Ахмад 4/156, әл-Хаким 4/417.

Уқба ибн Амир әл-Жухани – атақты сахаба, әйгілі фақиһ (шариғи заңдардың білігірі) болған. Муғауияның (Аллаһ оған разы болсын) билік құру тұсында үш жыл бойы Мысырды басқарған. Ол (Аллаһ оған разы

болсын) 60 жасында қайтыс болған.

Бұл хадистерде тұмар мен бақалшықтар тағуға тыйым салынғандығына әрі бұл ширк болып табылатынына нұсқалады, өйткені бұл осы заттарды тағушылардың жүрегінде Аллаһтан басқа бір нәрсеге тәуекелдің пайда болуына алып келеді.

Осы хадистерден алынатын пайдалар:

1. Хадисте тұмар мен бақалшықтар тағу ширк болып табылатынына нұсқау бар.
 2. Хадисте Пәк әрі Қасиетті Аллаһ Тағала Өзінен басқаға тәуекел етушіге қатысты оның мақсатына қарама-қайшы жасайтынына нұсқау бар.
 3. Хадисте тұмар мен бақалшықтар тағушыларға қарсы олардың соларды тағудағы мақсат-тілектері орындалмасын әрі олар үшін барлығы керісінше болсын деп дұға етудің шариғи тұрғыдан рұқсат етілгендігіне нұсқау бар.
-

Ибн Абу Хатим Хузәйфаның (оған Аллаһ разы болсын) бір ер кісінің безгектен құтылу үшін қолына жіп тағып алғанын көріп, оны жұлып тастағанын және **«Олардың көбі Аллаһқа Оған серік қосқан күйде иман келтіреді»** («Юсуф» сүресі, 106-аят)» деген аятты оқығанын жеткізеді.

Ибн Абу Хатим – ғалым және «Жәрх уә таъдил» кітабының авторы.

Хузәйфа ибн Яман әл-Абаси – ансарлардың басшысы, Исламды ең алғаш қабылдаған ең атақты сахабалардың бірі. Ол (оған Аллаһ разы болсын) һижраның 36 жылы қайтыс болған.

Бұл асарда кім аурудан емделу мақсатында жіп тақса, бұл көпқұдайшылық болып табылатынына, әрі бұны міндетті түрде айыптау керек екеніне нұсқау бар.

Осы асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда кім бәледен қорғану немесе сол бәлені болдырмау мақсатында жіп тағатын болса, бұл ширк болатынына нұсқау бар.

2. Асарда айыпты нәрсені түзетуге шамасы жететін адамға оны түзету міндетті екеніне нұсқау бар.

3. Асарда үлкен ширк туралы түсірілген аяттарды кіші ширкке қатысты да келтірудің дұрыс екеніне нұсқау бар, өйткені олар кіші ширкті де қамтиды.

4. Асарда көпқұдайшыл-мүшриктер таухид әр-рубубияны растағанына, бірақ бұған қарамастан олар бәрібір көпқұдайшыл болып қала бергеніне, өйткені жалғыз Аллаһ Тағалаға ғана құлшылық етпегеніне нұсқау бар.

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ:

Үшкіру (дем салу) мен тұмар тағу туралы

Абу Башир әл-Ансариден, оған Аллаһ разы болсын, бірде ол Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге сапарда болғанын, әрі адамдар түнеуге жайғасып қойған кезде, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға: *«Бірде-бір түйенің мойнында бірде-бір сіңірден (не тозған адырнадан) жасалған алқа қалмасын»*, - деген сөздерін жеткізу үшін шабарман жібергенін жеткізген хадис (Ахмад 5/216, әл-Бухари 6/98, Муслим (2115), Абу Дауд (2552), Мәлик 2/937).

Абу Башир - сахаба (оған Аллаһ разы болсын), Хандак соғысының қатысушысы.

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Шейх бұл тарауда таухид ақидасына дем салу және тұмар тағу мәселелерінде қарама-қайшы келетін, көпқұдайшылыққа жататын нәрселер туралы баяндауын жалғастырады.

Бұл хадисте түйелерге аурудан жазылу үшін адырна сияқты т.с.с. заттарды тағудың тыйым салынғанына, өйткені бұл ширк болып табылатынына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте қандай да бір аурудан жазылу үшін адырна тағудың үкімі тұмар тағудың үкіміндей екеніне, яғни тыйым салынған (харам) болып табылатындығына нұсқау бар.

2. Хадисте айыпты нәрсені түзету қажетті екеніне нұсқау бар.

3. Хадисте адамдарға олардың наным-сенімдерінің (ақидасының) дұрыс болуына ықпал ететін нәрселерді жеткізу қажетті екеніне нұсқалады.

Ибн Масудтан, оған Аллаһ разы болсын, жеткізілетін, оның былай деп айтқаны туралы хадис: *«Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын естігенмін: «Расында, үшкіру, тұмар тағу және дуалау ширк болып табылады»»* (Ахмад 381/1, Абу Дауд 3883, Ибн Мәжаһ 3530, Хаким «Мустадрак» 418/4).

Бұл хадисте жоғарыда аталған нәрселерді қолдану таухидке қарама-қайшы келетін ширк екеніне нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте адамдарды өз наным-сенімдерін таухидке қарама-қайшы келетін нәрселерден сақтауға, тіпті мұны адамдардың көбі істесе де, талпындыру керек екеніне нұсқау бар.

2. Хадисте онда аталған нәрселерді қолданудың тыйым салынғанына нұсқау бар.

3. Хадисте осы үш нәрсенің барлығы түгел ширк болып табылатынына нұсқау бар.

«Тұмар» – бұл балаларға көз өтпеу үшін тағатын нәрсе. Алайда егер бұл Құранның аяттарынан үзінділер болса, онда кейбір сәләфтар мұны рұқсат еткен, ал басқалары тыйым салған. Тұмарға тыйым салғандардың қатарында Абдуллаһ ибн Масуд (оған Аллаһ разы болсын) болған.

Үшкіру – тура дем салу сияқты. Үшкіру өз негізінде ширкке жатады, бірақ кейбір үшкірулер ширктен тыс екені туралы дәлелдер бар. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көз бен безгекке

қарсы, бірақ құрамында ширк болмаған дем салуды рұқсат еткен хадистер бар.

Дуалау – бұл адамдардың «осы арқылы әйелді ерін жақсы көргіземіз, немесе ер адамды әйелін жақсы көргіземіз» деген оймен істейтін нәрселері.

Автор жоғарыда атап кеткен нәрселердің барлығы өз құрамына келесілерді қамтиды:

1. Дем салу (үшкіру) шариғи тұрғыдан заңдастырылған және тыйым салынған болып екіге бөлінетіні. Заңды етілген дем салу – бұл құрамында ширк жоғы, ал тыйым салынғаны – құрамында ширк бары.

2. Тұмардың екі түрге бөлінетіні: а) тыйым салынғандығы жөнінде ғалымдардың арасында келіспеушілік жоқ болған, яғни құрамында ширк бар, харам екендігіне ғалымдар бір ауызды келіскен тұмарлар; ә) тыйым салынғандығы немесе рұқсат етілгендігі жөнінде ғалымдардың арасында келіспеушілік бар болған тұмарлар. Бұл - құрамында Құран аяттары бар тұмарлар. Олар рұқсат етілген деген де, тыйым салынған деген де пікірлер бар. Әрі дұрыстауы олардың тыйым салынғандығы болып табылады. Өйткені бұл харам нәрселерге алып баратын барлық жолдарды жабатын іс-әрекет әрі Құранды қорғау болады.

3. Дуалаудың тыйым салынғандығына келіспеушілік жоқ, өйткені ол сиқырдың бір түрі болып табылады.

Абдуллаһ ибн Укайм Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын жеткізген хадис: *«Кім өзіне әлдебір нәрсені тақса, өзін соған тапсырған болады»* (Ахмад «Муснад» 211/4, әт-Тирмизи, 2073).

Абдуллаһ ибн Укайм: оның куньясы - Абу Маид әл-Жуһани әл-Куфи. Ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заманын көріп үлгерді, бірақ одан естігені туралы белгісіз.

Бұл хадисте әлдебір пайдаға қол жеткізу үшін немесе қандай да бір бәлені болдырмау үшін өздерін Аллаһтан басқа кіммен (немен) болсын байлайтындарға тыйым салу және қатаң ескерту бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте өзіңді Аллаһтан басқа әлдекіммен (немен) байлауға тыйым салынғандығына нұсқау бар.
2. Хадисте бүкіл істерде өзіңді тек Пәк Аллаһ Тағаламен байлау міндетті екеніне нұсқау бар.
3. Хадисте ширктің зиянын және салдарын түсіндіруге нұсқау бар.
4. Хадисте сауап пен жаза амалдарға сәйкес болатынына нұсқалады.
5. Хадисте амалдардың жемістері, мейлі ол жақсылық, не жамандық болсын, оларды істеген адамға қайтарылатынына нұсқалады.

Ахмад Рууайфидің келесі сөздерін жеткізген: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) маған: “Уа Рууайфи, сен ұзақ өмір сүруің мүмкін. Сондықтан да баршаға: «Кім сақалын өрсе, тозған адырнадан алқа тақса және (үлкен және кіші дәреттен) малдың тезегімен немесе сүйекпен тазаланса, Мухаммад ондай адамнан бас тартты», - деп жеткіз”, - деп айтқан болатын»* (Ахмад 109, 108, Абу Дарда 36).

Руайфи ибн Сабит ибн әл-Сакин ибн Ади ибн Харис. Ол Малик ибн ән-Нәжари әл-Ансаридің руынан болатын, Бирка мен Тараблистің басқарушысы еді, әрі һижраның 48 жылы Африканы ашқан болатын. Ол һижраның 56 жылы Биркада қайтыс болды.

Хадисте қандай да бір жамандықтан қорғану мақсатында әлдебір нәрсеге алқа тағудың тыйым салынғандығына әрі бұл ширк екеніне, өйткені адамды Пәк және Қасиетті Аллаһ Тағаладан басқа ешкім жамандықтан қорғай алмайтынына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) муғжизаларынан болған бір муғжизасына нұсқау бар, өйткені Рууайфи шындығында да ұзақ өмір сүріп, һижраның 56 жылы қайтыс болды.

2. Хадисте адамдарға бұйырылған немесе тыйым салынған, олар істеуге тиіс немесе тастауға тиіс болған нәрселерді оларға хабарлаудың міндетті екеніне нұсқау бар.

3. Хадисте сақалдың құрметіне, оны қырықпай өсірудің заңды екеніне, сондай-ақ оны қырып, қысқартып тастау, өру және бұйралау арқылы ойнауға тыйым салынғанына нұсқау бар.

4. Хадисте әлдебір жаман нәрседен қорғану мақсатында алқа тағуға тыйым салынғанына әрі бұл ширк болып табылатынына нұсқау бар.

5. Хадисте дәрет сындырғаннан кейін нәжесті тезекпен немесе сүйекпен сүртіп тастауға тыйым салынғандығына нұсқау бар.

6. Хадисте осы аталған барлық қылмыстар үлкен күнә болып табылатынына нұсқау бар.

Саид ибн Жубәйрдің былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Адамнан тұмарын жұлып тастаған адам бір құлды азат еткен адаммен тең»*. Бұл туралы Уақи жеткізген. Ол сондай-ақ Ибраһим ән-Нәһаидің: *«Олар кез келген тұмарға тыйым салатын, оларда Құранның аяттары болсада, болмаса да»*.

Уақи ибн Жәрах – атақты имам, көптеген еңбектердің авторы, һижраның 197 жылы қайтыс болған.

Имам Ибраһим ән-Нәһаи үлкен ғалымдардың арасындағы абырой иесі болған. Ол һижраның 96 жылы қайтыс болған.

Бұл асарларда осы ұлы табиғиндерден кез келген тұмарлардың тыйым салынғандығына нұсқау келген.

Осы асарлардан алынатын пайдалар:

1. Асарда тұмарларды жұлып тастаудың артықшылығына нұсқау бар, өйткені бұл айыпты нәрсені түзетуге және адамдарды

ширктен құтқаруға жатады.

2. Асарларда кез-келген тұмарды тағу тыйым салынғандығына нұсқау бар, тіпті оларда Құран аяттары жазылған болса да, әрі бұл табиғиндердің бір тобының пікірі.

3. Асарда сахабалардың ақиданы кез-келген ауытқушылықтардан қорғаштап-сақтауға деген ұмтылысына нұсқалады.

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ:

Талдардан, тастардан және сол сияқты заттардан береке тілейтіндер туралы

«Ән-Нәжм» сүресі, 19-23 аяттар:

أَفَرَأَيْتُمُ اللَّاتَ وَالْعُزَّىٰ (١٩) وَمَنَاةَ الثَّالِثَةَ الْأُخْرَىٰ (٢٠) أَلَكُمُ الذَّكَرُ وَلَهُ الْأُنثَىٰ (٢١) تِلْكَ إِذًا قِسْمَةٌ ضِيزَىٰ (٢٢) إِنْ هِيَ إِلَّا أَسْمَاءٌ سَمِيَّتُوهَا أَنْتُمْ وَآبَاؤُكُمْ مَا أَنْزَلَ اللَّهُ بِهَا مِنْ سُلْطَانٍ إِنْ يَتَّبِعُونَ إِلَّا الظَّنَّ وَمَا تَهْوَى الْأَنْفُسُ وَلَقَدْ جَاءَهُمْ مِنْ رَبِّهِمُ الْهُدَىٰ (٢٣)

«Ләт пен Ғуззаны көрдіңдер ме? Үшінші басқа Манатты ше? Еркек текті ұрпақ сендердікі де, ал әйел тектілер Аллаһтікі ме?»

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Осы тарауда құрамында көпқұдайшылығы бар, әрі таухид пен оның толықтығына қайшы келетін нәрселерді түсіндіру жалғасады.

Бұл аятта талдар мен тастардан береке тілеудің тыйым салынғандығы қамтылған әрі осы нәрселердің көпқұдайшылық екеніне нұсқалады. Расында, осы пұттарға оларды ұлықтау және оларға дұға етіп жалбарыну арқылы құлшылық еткендер олардан береке дариды деп сенетін. Сондықтан да кім қабірледен береке тілесе, сол Ләттан береке тілейтін адам сияқты, ал кім талдар мен тастардан береке тілесе, сол әл-Ғузза мен Манаттан береке тілейтін адам секілді болады.

Осы аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта талдар мен тастардан береке тілеу көпқұдайшылық екеніне нұсқау бар.

2. Аятта мүшриктердің көпқұдайшылығының негізсіз екеніне нұсқау және таухидті растау үшін олармен айтысудың

рұқсат етілетініне нұсқау бар.

3. Аятта егер дәлел болмаса, шешім бекітілмейтініне, ал дәлел жеке ой-тұжырымдардан емес, Аллаһ түсірген нәрселерден болуға тиіс екеніне нұсқау бар.

4. Аятта Аллаһ Тағала адамдарға елшілер жіберіп, Кітаптар түсіруі арқылы оларға дәлелді жеткізгеніне нұсқау бар.

Абу Уақид әл-Ләйси былай деп баяндағаны жеткізіледі: “Бірде біз Аллаһтың Елшісімен (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге Хунайнга жорыққа шықтық. Сол кезде біз жуырда ғана күпірліктен бас тартқан, енді дінге келген мұсылмандар едік, ал мүширикттерде олар оган өздерінің қаруларын іліп қойып, оның алдында өз (діни) рәсімдерін өткізу үшін жиналатын және оны «Зәт Әнуат» деп атайтын бір ағаштары бар болатын. Міне, сонда біз әлгі ағаштың жанынан өтіп бара жатқан кезімізде: «Уа, Аллаһтың елшісі, бізге де олардағыдай бір «Зәт Әнуат» жасап бер», - дедік. Аллаһтың Елшісі (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Аллаһ Ұлы! Мұның барлығы – бұрынғылардың дәстүрлері! Жаным Қолында болғанмен ант етемін, сендер (менен) Исраил ұрпақтары Мусадан: «Бізге де олардағыдай құдай жасап бер!», - деп сұраған нәрсесін сұрадыңдар. Ол: "«Ақиқатында, сендер – надан халықсыңдар!»⁷. Шындығында, сендер міндетті түрде өздеріңнен бұрын өткендердің әдеттеріне ілесесіңдер!", - деді"» (әт-Тирмизи 2181, Ахмад «Муснад» 218/5).

Абу Уақид әл-Ләйси әл-Харис ибн Ауф – атақты сахаба. Ол һижраның 68 жылы 85 жасында қайтыс болды.

Бұл хадисте ағаштардан немесе сол секілді заттардан береке тілеу көпқұдайшылық әрі Пәк және Қасиетті Аллаһтан басқа бір нәрсені құдайлық сипатқа бөлеу болып табылатынына нұсқау бар!

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте талдар мен тастардан және сол сияқты заттардан береке тілеу көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқау бар.

2. Хадисте егер әлдебір өтірікке үйреніп қалған біреу сол

⁷ «Әл-Әғраф» сүресі, 138-аят.

өтірігін тастаса да, оның жүрегінде сол өтірігінен еш нәрсе қалмайтынына кепілдік жоқ екеніне нұсқау бар.

3. Хадисте пұттарға табынудың себебі оларды ұлықтау, олардың жанында болу, олардан береке тілеу болғанына нұсқалады.

4. Хадисте адам әлдебір нәрсе туралы Аллаһқа жақындатады деп ойлауы мүмкін екеніне, ал шын мәнінде ол оны Аллаһ Тағаладан алстататынына нұсқау бар.

5. Хадисте мұсылман адам дін мәселесінде айтылмауға тиіс сөздерді немесе әлдебір таң қалдыратын нәрселерді естігенде тасбих («Субхан Аллаһ») және такбир («Аллаһу Әкбар») айтуы сүннет екеніне нұсқау бар.

6. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл үмметте міндетті түрде көпқұдайшылық орын алатынын хабарлағанына нұсқау бар, әрі бұл солай болды да.

7. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметінде болашақта орын алатын нәрселерді хабарлауында көрініс тапқан оның муғжизаларының біріне нұсқау бар.

8. Хадисте жәһилиет (Исламға дейінгі надандық) дәуірінің адамдарына, сондай-ақ яһудилер мен христиандарға қандай да бір нәрселерде ұқсап-еліктеуге тыйым салынғандығына нұсқау бар, тек бұл нәрсе біздің де дінімізден болып табылатындығына дәлел болмаса ғана.

9. Хадисте заттардың атауларымен емес, олардың мәнімен санасу керек екендігіне нұсқау бар. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың талабын Исраил ұрпақтарының талабымен теңеді де, ағаштың «Зәт Әнуат» деп аталатынына көңіл бөлген жоқ.

ОНЫНШЫ ТАРАУ:

Аллаһтан басқаға арнап құрбан шалу туралы.

«Әл-Әнғам» сүресі, 162-163 аяттар:

قُلْ إِنَّ صَلَاتِي وَنُسُكِي وَمَحْيَايَ وَمَمَاتِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ (١٦٢) لَا شَرِيكَ لَهُ وَبِذَلِكَ أُمِرْتُ وَأَنَا أَوَّلُ
الْمُسْلِمِينَ (١٦٣)

«Намазым, құлшылығым, өмірім және өлімім бүкіл әлемдердің Раббысы Аллаһ үшін. Оның серігі жоқ. Мен осыған бұйырылдым және мен мұсылмандардың алғашқысымын», - де».

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Бұл тарауда таухидке қарама-қайшы келетін ширктің бір түрінің түсіндірмесі келеді.

Бұл аяттар Аллаһтан басқа кімге болсын арнап құрбан шалу көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқайды.

Аяттардан алынатын пайдалар:

1. Аяттарда Аллаһтан басқаға арнап құрбан шалу көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқалады, өйткені Аллаһ құрбан шалуды намазбен бірге атап айтты. Егер адам намазды Аллаһтан басқа кімге (неге) болсын арнап орындаса, ол көпқұдайшылық жасайды. Тура сол секілді, Аллаһтан басқа әлдебіреуге (әлденеге) арнап құрбан шалған адам да көпқұдайшылық жасаған болады.

2. Аяттарда намаз бен құрбан шалу ұлы ғибадаттарға жататынына нұсқау бар.

3. Аяттарда құлшылықтың барлық түрлерінде ықылас таныту міндетті екеніне нұсқау бар.

4. Аяттарда құлшылықтың шарифат бұйрығына сүйенуі керек екеніне нұсқалады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Мен осыған бұйырылдым»**, - деп айтты.

«Әл-Кәусар» сүресі, 2-аят:

فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَانْحَرْ (۲)

«Сондықтан да Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал».

Бұл аятта құрбан шалу құлшылық екеніне әрі адам оны тек Аллаһқа ғана арнауы қажет екеніне, сондай-ақ құрбандықты Аллаһтан басқаға арнап шалу үлкен көпқұдайшылық екеніне нұсқау бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта құрбандықты Аллаһтан өзгеге арнап шалу үлкен

көпқұдайшылық екеніне нұсқау бар. Өйткені құрбан шалу құлшылық-ғибадат болып табылады, ал құлшылықты Аллаһтан басқаға арнау үлкен ширк болып табылады.

2. Аятта намаз бен құрбан шалу ұлы ғибадаттарға жататынына нұсқау бар.

3. Аятта намаз бен құрбан шалу Аллаһтың берген нығметтері үшін жасалатын ең ұлы шүкіршіліктерден екеніне нұсқау бар. Өйткені бұл аятта себепке нұсқайтын «фә» шылауы келген, ал осы амалдардың себебі Аллаһтың Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Жәннаттағы Кәусар бұлағын сыйлағаны болып тұр.

Алидің былай деп баяндағаны жеткізіледі: «Аллаһтың Елиісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) маған төрт нәрсе туралы айтты: “Аллаһ Өзінен басқаға арнап құрбан шалғанды лағынеттесін! Аллаһ өз ата-анасын лағынеттегенді лағынеттесін! Аллаһ бидғатшы дінбұзарға пана бергенді лағынеттесін! Аллаһ жер телімінің шекараларын өзгерткенді лағынеттесін!”» (Муслим 1978).

Бұл хадисте Аллаһтан өзгеге аранап құрбан шалудың қаншалықты харам екеніне нұсқау бар, өйткені мұндайды істеген адам Аллаһтың лағынетіне түседі.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Аллаһтан өзгеге арнап құрбан шалу тыйым салынған өте қорқынышты күнә әрі көпқұдайшылық екеніне, әрі осы хадисте келтірілген үлкен күнәлардың ішінде ең бірінші атап айтылғанына нұсқау бар.

2. Аятта құрбан шалу ғибадат-құлшылық екеніне, әрі сондықтан да ол тек Аллаһ Тағалаға ғана арналуға тиіс екеніне нұсқау бар.

3. Аятта ата-ананы лағынеттеуге тыйым салынғандығына нұсқау бар, мейлі ол тікелей балағаттау, немесе адамның соған себеп болуы болсын.

4. Аятта қылмыскерлерге көмек беруге және оларды

шариғи жазадан қорғауға тыйым салынғандығына нұқсау бар, сондай-ақ онда бидғаттарға ризашылық білдіруге тыйым салынғанына да нұсқалады.

5. Аятта жер телімдерінің шекараларын, яғни өзгенің жер телімінің бір бөлігін иемдену мақсатында заңды тұрғыда орнатылған жер телімдерінің шекараларын өздігіңше өзгертуге тыйым салынғандығына нұсқалады.

6. Аятта күнәлардың әлдебіреулерін лағынеттеуге, егер осы лағытеттеу осындайды жасайтын адамға сөгіс білдіру және ол осы күнәны тастау үшін жасалатын болса, рұқсат етілетініне нұсқау бар.

Тариқ ибн Шиһаб Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Бір шыбынның себебімен бір кісі Жәннатқа, ал басқа біреу Тозаққа кірген»*, - деп айтқанын баяндаған деп жеткізіледі. Адамдар: «Бұл қалай, уа, Аллаһтың Елшісі?», - деп сұраған екен. Ол: *«Бірде екі адам пұтқа табынатын әрі ешкімді сол пұтқа әлдебір нәрсені құрбан шалғызбай өткізбейтін қауымның жанынан өтіп бара жатады. Олар жолаушылардың біреуіне: «Бірдеңені құрбан шал!» - дейді. Ол: «Менде құрбан шалатын еш нәрсе жоқ қой!», - деп жауап береді. Сонда олар: «Ендеше, шыбынды болса да құрбан шал!» - дейді. Сонда ол шыбынды құрбан шалады да, оған сапарын жалғастыруға рұқсат етіледі, ал содан соң ол Тозаққа түседі. Содан кейін олар екіншісіне: «Бірдеңені құрбан шал!» - дейді. Ол: «Мен Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтан басқа ешкімге және еш нәрсеге құрбан шалмаймын!», - дейді. Сонда (олар) оның басын шауып тастайды да, ол Жәннатқа кіреді»* (Ахмад «әз-Зухд» кітабында 22, Абу Нәим 203/1, Ибн Аби Шәйба «Муснадта» 33028, 377/2. Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сәлман әл-Фарси (оған Аллаһ разы болсын) жеткізген).

Тариқ ибн Шиһаб әл-Бәжали әл-Ахмаси Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрген, бірақ одан еш нәрсе естімеген. Мұндай, яғни табиғин Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткізетін әрі олардың арасында сахабаның аты келтірілмейтін хадистер «мурсәл» деп аталады. Тариқ ибн Шиһаб Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабасы болған. Ол һижраның 83 жылы қайтыс болған, Аллаһ оған разы болсын.

Бұл хадисте құрбан шалу ғибадат болып табылатынына әрі оны Аллаһтан басқаға арнау көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте ширктің қауіптілігіне нұсқау бар, тіпті ол шағын нәрседе көрініс тапса да.
2. Хадисте ширк Тозаққа кіруді міндеттейтініне, әрі тура сол сияқты таухид те Жәннатқа кіруді міндеттейтініне нұсқау бар.
3. Хадисте адам ширкке түсуі әрі осы орайда оның осы ісі Тозаққа кірумен міндеттейтінін білмеуі мүмкін екеніне нұсқау бар.
4. Хадисте күнәлардан, тіпті олар кішкентай болса да, сақтандырып ескерту керектігіне нұсқау бар.
5. Хадисте адам о бастан ниеттенбеген, бірақ пұтқа табынушылардың зиян тигізуінен құтылу мақсатында істеген амалы үшін Тозаққа кіргеніне нұсқау бар.
6. Хадисте егер мұсылман адам ширк жасаса, оның Исламы жарамсыз болатынына әрі ол Тозаққа кіретініне нұсқау бар. Өйткені әлгі адам мұсылман болатын, әйтпесе ол туралы «бір шыбынның себебімен Тозаққа түсті» деп айтылмас еді.
7. Хадисте жүректің амалдарымен санасу қажет екендігіне нұсқау бар, тіпті олар кішкентай болса да.
8. Хадисте құрбан шалу құлшылық екеніне әрі оны Аллаһтан өзгелерге арнау үлкен ширк болып табылатынына нұсқалады.
9. Хадисте таухидтің және оның жемістерінің артықшылығына нұсқау бар.
10. Хадисте ақиқатты ұстануда сабыр етудің артықшылығына нұсқалады.

ОН БІРІНШІ ТАРАУ:

Аллаһтан өзгеге арнап құрбан шалынатын жерде Аллаһқа арнап құрбан шалуға тыйым салынатындығы туралы

«Әт-Тәуба» сүресі, 108-аят:

لَا تَقُمْ فِيهِ أَبَدًا لِمَسْجِدٍ أُسِّسَ عَلَى التَّقْوَى مِنْ أَوَّلِ يَوْمٍ أَحَقُّ أَنْ تَقُومَ فِيهِ رِجَالٌ يُحِبُّونَ أَنْ يَتَطَهَّرُوا
وَاللَّهُ يُحِبُّ الْمُطَهَّرِينَ (١٠٨)

«(Мухаммад,) ол мешітте әсте намаз оқыма. Бастапқы күннен бері тақуалық негізінде салынған (Құба) мешіті намазға тұруына көбірек лайықты. Онда тазалануды сүйетін кісілер бар. Аллаһ та таза болушыларды жақсы көреді».

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Бұл тарау осыдан алдыңғы тараудың жалғасы болып табылады. Өйткені осыдан алдыңғы тарауда Аллаһтан өзгеге арнап құрбан шалудың үкімі түсіндірілген болатын, ал бұл тарауда осыған алып келетін себептерге деген тыйым мен мұны жасайтындарға ұқсаудың тыйым салынғандығы қарастырылады.

Бұл аятта Пәк әрі Қасиетті Аллаһтан басқаға арнап құрбан шалу үшін әзірленетін орындармен ұқсастық бойынша теңеу (қияс) келтіріледі. Мұндай орындар Пәк әрі Қасиетті Аллаһқа мойынсұнбаушылық таныту үшін әзірленген мешітке теңестіріледі. Әрі осы мешітте Аллаһқа құлшылық жасауға тыйым салынғандығы секілді, Аллаһтан басқаға құрбан шалу үшін әзірленген орындарда да Аллаһқа арнап құрбан шалуға тыйым салынады.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Аллаһтан басқаға арнап құрбан шалынатын жерлерде Аллаһқа арнап құрбан шалуға тыйым салынғандығына нұсқау әрі мұндай орынды Аллаһқа мойынсұнбаушылық таныту үшін құрылған мешітке ұқсастық бойынша теңеу бар.
2. Аятта намазды бүкіл ластықтардан тазаланатын салиқалы адамдардың жамағатымен бірге оқудың абзал екеніне нұсқау бар.
3. Аятта Пәк әрі Қасиетті Аллаһ Тағаланың бүкіл басқа сипаттары сияқты Оның Өзіне лайықты болған «жақсы көру» деген сипатының растауы бар.
4. Аятта адамдарды дұрыс дәрет алып, нәжестен тазалануға ынталандыру бар, өйткені бұл Аллаһ Тағаланың жақсы көруіне

алып келеді.

5. Аятта әлдебір орынның ниетке ықпал ететініне нұсқау бар.

6. Аятта көпқұдайшылыққа алып келетін бүкіл жолдарды жабудың заңды екеніне нұсқалады.

Сабит ибн әд-Даххақтың былай деп баяндағаны жеткізіледі: *«Бірде бір кісі құрбандыққа арналған түйесін Бууанда шалуға нәзір беріп, бұл туралы Пайғамбардан (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сұрады. Ол (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “Ол жерде адамдар құлшылық ететін пұтқа табынушылардың әлдебір пұты тұрған ба?” - деп сұрады. (Адамдар) оған: «Жоқ», - деп жауап берді. Ол (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “Ал ол жерде пұтқа табынушылардың қандай да бір мейрам-мерекелері өтетін бе еді?” Адамдар: «Жоқ», - деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “Нәзіріңді орында! Бірақ Аллаһқа мойынсұнбаушылықпен және Адам баласының иелігіндегі (қолындағы) болмаған нәрсемен байланысты нәзірді орындамау керек”, - деп жауап берді».* Бұл хадисті Абу Дауд (13313) жеткізген, әрі оның баяндаушыларының тізбегі әл-Бухари мен Муслимнің талаптарына сай сенімді.

Сабит ибн әд-Даххақ ибн Халифа ибн Саләба ибн Ади хазраж әл-ансари тайпасынан шыққан атақты сахаба болатын. Ол һижраның 64 жылы қайтыс болған.

Бұл хадисте жәһилиет кезінің пұттары тұрған немесе көпқұдайшылдар үнемі жиналатын орындарда Аллаһқа арнап құрбан шалуға тыйым бар, тіпті олар ол жерде жиналуын қойған болса да.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте бұрын пұт тұрған орында нәзірді орындауға тыйым салынғандығына нұсқау бар, тіпті ол сол жерден алып тасталған болса да.

2. Хадисте көпқұдайшыл-мүшриктердің тұрақты жиындары өтетін орында нәзірді орындауға тыйым

салынғандығына нұсқау бар, тіпті олар сол жерде жиналуын қойған болса да.

3. Хадисте муфтидің қажетті жағдайларда өзіне сұрақ қоюшыдан оның мәселесінің мәні туралы егжей-тегжейлі сұрап алуының заңды екеніне нұсқау бар.

4. Хадисте көпқұдайшылыққа алып баратын барлық жолдарды жабудың қажет екеніне нұсқау бар;

5. Хадисте көпқұдайшылардың ғибадаттары мен жиындарында оларға ұқсап-еліктеуді тәрк ету керек екеніне нұсқау бар, тіпті адамның мұндай мақсаты болмаса.

6. Хадисте көпқұдайшылар құрбандықтарын шалатын немесе өздерінің тұрақты жиындарын өткізетін орынға айналдырған жерлерде Аллаһқа арнап құрбан шалудың күнә екеніне нұсқау бар.

7. Хадисте егер адам құрамында күнәсі бар нәзір берген болса, оны орындауына рұқсат етілмейтініне нұсқау бар.

8. Хадисте адамның өз иелігінде жоқ нәрсеге байланысты берген нәзірі орындалмайтынына нұсқау бар.

9. Хадисте құрамында күнәсі болмаған әрі нәзір беруші өзі иелік ете алатын нәрсеге байланысты берген нәзірді орындаудың міндетті екеніне нұсқау бар.

10. Хадисте нәзір ғибадат екеніне әрі оны Аллаһтан басқа ешкімге арнауға болмайтынына нұсқау бар.

ОН ЕКІНШІ ТАРАУ:

Аллаһтан басқаға нәзір беру көпқұдайшылық болып табылатыны туралы

«Әл-Инсан» сүресі, 7-аят:

يُوفُونَ بِالنَّذْرِ وَيَخَافُونَ يَوْمًا كَانَ شَرُّهُ مُسْتَطِيرًا (۷)

«Олар нәзірлерін орындайды, әрі апаты етек алатын күннен қорқады».

«Әл-Бақара» сүресі, 270-аят:

وَمَا أَنْفَقْتُمْ مِنْ نَفَقَةٍ أَوْ نَذَرْتُمْ مِنْ نَذْرٍ فَإِنَّ اللَّهَ يَعْلَمُهُ وَمَا لِلظَّالِمِينَ مِنْ أَنْصَارٍ (۲۷۰)

«Сендер не жұмсасаңдар да, қандай нәзір берсеңдер де, Аллаһ бұл туралы біледі. Бірақ залымдарға көмекші жоқ».

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Кітаптың авторы (Аллаһ оны рахымына бөлесін) Аллаһтан басқаға нәзір беруді таухидке қайшы келетін ширктің бір түрі екенін түсіндіріп берді. Оның бұдағы мақсаты адамдар мұндайдан сақтануы және аулақ болуы еді.

Бұл аяттарда нәзір ғибадат екеніне нұсқау бар, өйткені Аллаһ Тағала нәзірлерін орындаушыларды мақтады, әрі Аллаһ мұндай адамды ол Оның бұйрықтарын орындағаны немесе харам нәрсені тәрк еткені үшін мақтайды. Тура сол секілді, Ол бізден не шығып жатқанын, мейлі бұл мал-мүлік жұмсау немесе нәзір болсын, білетінін және осы үшін бізге сый-сауап беретінін хабарлады. Әрі бұл нәзірдің ғибадат екеніне және оны Аллаһтан басқаға арнау көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқайды.

Аяттардан алынатын пайдалар:

1. Аяттарда нәзір Аллаһқа ғана арналып жасалатын ғибадат екеніне әрі оны Аллаһтан басқаға арнау үлкен көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқау бар.
 2. Аяттарда Аллаһ Тағаланың барлық нәрсе туралы білетініне нұсқау бар.
 3. Аяттарда амалдар үшін сый-жаза берілетініне нұсқау бар.
 4. Аяттарда нәзірлерді орындауға ынталандыру бар.
-

Әл-Бухаридің “әс-Сахих” (жинағында) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Кім Аллаһқа мойынсұнушы болам деп нәзір берсе, Оған мойынсұнушы болсын, ал кім Аллаһқа мойынсынбаймын деп нәзір берген болса, мойынсұнбаушылық танытпауы керек»,** - деп айтқанын жеткізген Айшаның (оған Аллаһ разы болсын) хадисі келтірілген (әл-Бухари 6696, Абу Дауд 3289, әт-Тирмизи 1526, Ибн Мәжаһ 2126, Ахмад «Муснадта» 41, 36/6).

Айша – мұминдердің анасы, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелі, Абу Бакр әс-Сыддықтың (Аллаһ оларға разы болсын) қызы. Ол әйелдердің арасындағы ең білімдісі әрі, Хадиша анамызды (оған Аллаһ разы болсын) санамағанда, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдерінің ішіндегі ең жақсысы. Айшаның Хадишадан жақсырақ екенінде ғалымдардың арасында келіспеушіліктер бар. Ол һижраның 57 жылы қайтыс болды.

Бұл хадисте нәзір Аллаһқа мойынсұнушылық танытуда да, Аллаһ Тағалаға мойынсұнбаушылық танытпауда да болуы мүмкін екеніне нұсқау бар. Онда сондай-ақ нәзір құлшылық болып табылатынына, сондықтан кім Аллаһтан басқаға нәзір берсе, сол құлшылық-ғибадаттағы көпқұдайшылық жасаған болатынына нұсқалады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте нәзір құлшылық екеніне әрі оны Аллаһтан басқаға арнау көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқау бар.
2. Хадисте Аллаһқа мойынсұнушылық танытудағы нәзірлерді орындау міндетті екеніне нұсқау бар.
3. Хадисте Аллаһқа мойынсұнбаушылық танытудағы нәзірлерді орындауға тыйым салынғанына нұсқау бар.

ОН ҮШІНШІ ТАРАУ:

Аллаһтан басқаға пана тілеп жалбарыну (сиыну) көпқұдайшылық екені туралы

«Әл-Жинн» сүресі, 6-аят:

وَأَنَّهُ كَانَ رِجَالٌ مِنَ الْإِنسِ يَعُوذُونَ بِرِجَالٍ مِنَ الْجِنِّ فَزَادُوهُمْ رَهَقًا (٦)

«Шынында, адамдардан кейбір ерлер жындардың кейбір ерлеріне сиынаттын еді, бірақ олар (жындардың) менменсінуін (немесе адамдардың қорқынышын) арттыратын».⁸

⁸ Кейбір тәпсіршілер «рахак» деген сөз «менмендік, озбырлық» дегенді білдіреді әрі жындарға қатысты айтылған, яғни адамдарды қатты қорқыныш пен үрей билеген кезде олар жындарға пана тілеп сиынаттын әрі құлшылық ететін, әрі сонысымен олардың озбырлықтары мен менмендігін арттыратын деп санаған. Ал жындар

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Бұл тарауда Аллаһтан басқаға пана тілеп жалбарынудың таухидке қайшы келетін көпқұдайшылықтың бірі түрі екенінің түсіндірмесі бар. Әрі мұндағы мақсат адамдардың осыдан сақтануы және аулақ болуында.

Бұл аятта Аллаһ Тағала иман келтірген жындар туралы баяндады. Оларға Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) діні айқын болған кезде, олар оған иман келтірді. Олар сондай-ақ адамдардың жындарға қатысты жасап жүрген Аллаһтан басқаға пана тілеп жалбарынуға жататын көпқұдайшылығы туралы баяндап берді.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Аллаһтан басқаға пана тілеп жалбарыну көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқау бар. Өйткені Аллаһ Тағала иман келтірген жындардың: **«Ол (Құран) тура жолға салады, әрі біз оған иман келтірдік, және Раббымызға серік қоспаймыз»**, - деген сөздерін баяндады («әл-Жинн» сүресі, 2-аят). Сондай-ақ олардың жазғырумен: **«Шынында, адамдардан кейбір ерлер жындардың кейбір ерлеріне сиынатын еді, бірақ олар олардың менменсінуін (қорқынышын) арттыратын»**, - дегендерін де («әл-Жинн» сүресі, 6-аят).

2. Аятта Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға да, жындарға да жіберілгеніне нұсқау бар.

3. Аятта Аллаһтан басқаға пана тілеп жалбарыну қорқыныш пен әлсіздікке алып келетініне нұсқау бар.

4. Аятта Аллаһқа пана тілеп жалбарыну күш пен қауіпсіздікке алып келетініне нұсқау бар.

адамдардың оларға табынып және пана тілеп сиынып жатқандарын көріп, тәкапарланатын.

Басқа тәпсірлеуге сәйкес «рахақ» сөзі «қорқыныш» дегенді білдіреді, әрі ол адамдарға қатысты айтылған. Яғни жындар адамдардың олардан пана іздеп жатқандарын көріп, адамдар оларға үнемі құлшылық ете беруі және пана тілеп сиына беруі үшін, оларды одан сайын қаттырақ қорқытатын. Сондықтан да арабтар жындар оларға үрей салатын алқап-аңғарларға түскен кездерінде: «Біз осы алқаптың мырзасына бізді оның тайпасындағы қарапайымдардан (жындардан) қорғауын тілеп жалбарынамыз», - дейтін. Қ-з: «Тафсир ас-Саади».

Хаулә бинт Хаким Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын естігені туралы жеткізілген: *«Кімде-кім әлдебір жерде тоқтап: «Аллаһтың кемел сөздеріне жаратқан мақұлықтарының кесірінен сиынамын!» – деп айтса, ол осы жерде болғанға дейін оған ешқандай зиян тимейді»* (Муслим 2708, әт-Тирмизи 3433, Ибн Мәжаһ 3547, Ахмад «Муснадта» 309, 388/6).

Хаулә бинт Хаким – Хаким ибн Умайя әс-Сәләмидің қызы, Усман ибн Мазғунның әйелі (Аллаһ оларға разы болсын). Ол салиқалы және қадірлі әйел болған.

Бұл хадисте құрамында көпқұдайшылығы бар және көпқұдайшылдар қолданған пана тілеудің (сиынудың) орнына шариятта рұқсат етілген пана тілеп жалбарынуға (сиынуға) нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте пана тілеп жалбарыну (сиыну) құлшылық-ғибадат екеніне нұсқау бар.
2. Хадисте Аллаһқа, Оның есімдеріне немесе сипаттарына пана тілеп жалбарыну (сиыну) заңды екеніне нұсқау бар.
3. Хадисте Аллаһтың сөздері жаратылған мақұлық емес екеніне нұсқау бар, өйткені Аллаһ Тағала бізге Өзінің сөздеріне көмек тілеп жүгінуді бұйырды. Ал жаратылыстардың қайсыбіріне болса да пана тілеп жалбарыну, бұл туралы жоғарыда айтылғандай, көпқұдайшылық болып табылады. Әрі осыда Аллаһ Тағаланың сөздері жаратылмаған екеніне нұсқау бар.
4. Хадисте осы дұғаның, ол осыншалықты қысқа болса да, артықшылығына нұсқау бар.
5. Хадисте бүкіл жаратылыстардың тағдыры Аллаһ Тағаланың Қолында екеніне нұсқау бар.

ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ:

Құтқаруды Аллаһтан емес (өзгеден) тілеу немесе Аллаһтан басқаға дұға етіп жалбарыну көпқұдайшылық болып табылады

«Юнус» сүресі, 106-аят:

وَلَا تَدْعُ مِنْ دُونِ اللَّهِ مَا لَا يَنْفَعُكَ وَلَا يَضُرُّكَ فَإِنْ فَعَلْتَ فَإِنَّكَ إِذَا مِنَ الظَّالِمِينَ (١٠٦)

«Әрі Аллаһтан өзге саған пайда да, зиян да келтіре алмайтын нәрселерге жалбарынба. Ал егер (осыны) істесең, онда күдіксіз залымдардан боласың».

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Бұл тарауда шейх бірқұдайшылыққа қайшы келетін көпқұдайшылықтың түрлерін, нақты айтқанда адамның қиын-қыстау жағдай кезінде Аллаһтан басқаға пана тілеп сиынуын немесе Одан басқаға жалбарынуын атап өтеді.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Аллаһтан басқаға дұға етіп жалбарыну үлкен көпқұдайшылық екеніне нұсқалады.
2. Аятта тіпті адамдардың ең ізгісі болған Пайғамбардың өзі де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтан басқаға дұға етіп жалбарынса, залымға, яғни көпқұдайшылыққа айналатыны туралы ескертілгеніне нұсқау бар. Ал басқалар туралы не айтуға болады!
3. Аятта көпқұдайшылардың құдайларының дәрменсіз екеніне және оларға құлшылық етудің негізсіз екеніне нұсқалады.

«Юнус» сүресі, 107-аят:

وَإِنْ يَمْسَسْكَ اللَّهُ بَضْرًا فَلَا كَاشِفَ لَهُ إِلَّا هُوَ وَإِنْ يُرِدْكَ بِخَيْرٍ فَلَا رَادَّ لِفَضْلِهِ يُصِيبُ بِهِ مَنْ يَشَاءُ مِنْ عِبَادِهِ وَهُوَ الْغَفُورُ الرَّحِيمُ (١٠٧)

«(Мухаммад,) егер Аллаһ саған бір зиян жеткізсе, сонда оны Аллаһтан басқа айықтырушы жоқ. Ал егер Ол саған бір жақсылық қаласа, оның кеңшілігін тойтарушы жоқ. Ол оны құлдарынан қалаған кісісіне береді. Ол өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді».

Бұл аятта тек Аллаһ Тағала ғана құлшылыққа лайықты екеніне, сондай-ақ жалғыз Ол ғана дұға етіп жалбарынуға лайықты екеніне, әрі

Одан басқа біреуге дұға етіп жүгіну көпқұдайшылық екеніне нұсқау бар, өйткені Одан басқа ешкім пайда да, зиян да келтіру құдіретіне ие емес.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта тек жалғыз Аллаһ Тағала ғана құлшылыққа лайықты екеніне әрі тек жалғыз Ол ғана Оған дұға етіп жалбарынуға лайықты екеніне, яғни құлшылықтағы таухидке (таухид әл-улуһия) нұсқау бар. Өйткені Ол Өзінің раббылығында Жалғыз, тек Ол ғана басқарады, Ол ғана өлтіреді және Ол ғана тірілтеді.

2. Аятта Аллаһ Тағаладан басқа әлдебіреуге дұға етіп жүгіну негізсіз екеніне нұсқау бар, өйткені адамдардың Одан басқа жалбарынғандары өздеріне жалбарынатындарға пайда да келтіре алмайды, олардан зиянды да тойтара алмайды.

3. Аятта Аллаһқа «қалау» сипаты тән екеніне нұсқау бар, әрі Оның бұл сипаты Қасиетті әрі Пәк болған Оның ұлылығына сай.

4. Аятта Пәк әрі Қасиетті Аллаһқа Оның ұлылығына сай «кешірім» және «рахым» сипаттары тән екеніне нұсқау бар.

«Әл-Анкабут» сүресі, 17-аят:

إِنَّمَا تَعْبُدُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ أَوْثَانًا وَتَخْلُقُونَ إِفْكًا إِنَّ الَّذِينَ تَعْبُدُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ لَا يَمْلِكُونَ لَكُمْ رِزْقًا فَابْتَغُوا
عِنْدَ اللَّهِ الرِّزْقَ وَاعْبُدُوهُ وَاشْكُرُوا لَهُ إِلَيْهِ تُرْجَعُونَ (١٧)

«Сендер Аллаһтан өзге пұттарға құлшылық етесіңдер әрі ойдан шығарып өтірік айтасыңдар. Расында, Аллаһтан өзге табынғандарың сендерге ризық бере алмайды. Ендеше, ризықты Аллаһтың қасынан іздеңдер. Оған құлшылық жасаңдар әрі Оған шүкір етіңдер. Оған қайтарыласыңдар».

Бұл аятта жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етудің міндетті екеніне әрі тек жалғыз Оған ғана дұға етіп жалбарыну керек екеніне нұсқау бар, аса Жоғары Оған мадақтар болсын. Онда сондай-ақ Аллаһтан басқа біреулерге құлшылық ететін көпқұдайшыларды теріске шығару бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта жалғыз Аллаһ Тағалаға ғана дұға етіп жалбарынудың және ризықты тек жалғыз Одан ғана сұраудың міндетті екеніне нұсқау бар.

2. Аятта құлшылықтың барлық түрлері тек жалғыз Аллаһ Тағалаға ғана арналуы қажет екеніне нұсқау бар.

3. Аятта Аллаһтың берген нығметтері үшін Оған шүкіршілік етудің міндетті екеніне нұсқау бар.

4. Аятта қайта тірілу және жаза-сый болатынына нұсқау бар.

5. Аятта пенденің Аллаһ Тағаладан ризық сұрауы мен осы орайда табыс табуға әрі Аллаһ Тағалаға құлшылық етуге шығуының арасында қайшылық жоқ екеніне нұсқау бар. Өйткені Ислам өзіне бұл дүниенің де, Ақыреттің де игіліктерін қамтыған.

«Әл-Әхқаф» сүресі, 5-6 аяттар:

وَمَنْ أَضَلُّ مِمَّنْ يَدْعُو مِنْ دُونِ اللَّهِ مَنْ لَا يَسْتَجِيبُ لَهُ إِلَى يَوْمِ الْقِيَامَةِ وَهُمْ عَنْ دُعَائِهِمْ غَافِلُونَ (٥) وَإِذَا حُشِرَ النَّاسُ كَانُوا لَهُمْ أَعْدَاءً وَكَانُوا بِعِبَادَتِهِمْ كَافِرِينَ (٦)

«Аллаһтан өзге Қияметке дейін өздеріне жауап бере алмайтындарға дұға етіп жалбарынғандардан кім залымырақ? Әрине, табынғандары олардың жалбарынуларынан хабарсыз. Адамдар жиналған кезде, оларға табынғандары дұшпан болып, олардың өздеріне құлшылық қылғандарынан бас тартады» («Әл-Әхқаф» сүресі, 5-6 аяттар).

Бұл екі аяттарда Аллаһтан өзгеге дұға етіп жалбарындардың үкімі – олар адасқандардың ішіндегі ең адасқандары болып табылатынына, сондай-ақ дұға құлшылық болып табылатынына, әрі кім Аллаһтан басқаға дұға етсе, сол мүшрик болып табылатынына нұсқау бар.

Осы екі аяттан алынатын пайдалар:

1. Аяттарда дұға құлшылық болып табылатынына, әрі кім Аллаһтан басқаға дұға етіп жалбарынса, сол үлкен көпқұдайшылық жасайтынына нұсқау бар.

2. Аяттарда Аллаһтан басқаға дұға етіп жалбарынушы бұл

дүниеде де, Ақыретте де бақытсыздыққа шалдығатынына нұсқау бар.

3. Аяттарда көпқұдайшылық ең үлкен адасушылық болып табылатынына нұсқау бар.

4. Аяттарда адамдарды қайта тірілтіп, олардың сый-жазасын беру орын алатынына нұсқау бар.

5. Аяттарда адамдар дұға етіп жалбарынатын пұттар, мүшриктердің өтірік ойлап шығарғандарына қайшы, оларды естімейтініне және оларға жауап бермейтініне нұсқау бар.

6. Аяттарда жалғыз Аллаһ Тағалаға құлшылық етуде бұл дүниенің де, Ақыреттің де бүкіл жақсылығы қамтылғандығына нұсқау бар.

«Ән-Нәмл» сүресі, 62-аят:

أَمَّنْ يُجِيبُ الْمُضْطَرَّ إِذَا دَعَاهُ وَيَكْشِفُ السُّوءَ وَيَجْعَلُكُمْ خُلَفَاءَ الْأَرْضِ أَلَا إِلَهَ مَعَ اللَّهِ قَلِيلًا مَا تَذَكَّرُونَ (٦٢)

«Немесе қиналғандар Өзіне жалбарынғанда, қабыл етіп, қиыншылықты айықтыратын және сендерді жер жүзіне орынбасар ететін кім? Аллаһпен бірге басқа құдай бар ма? Өте аз түсінесіңдер» («ән-Нәмл» сүресі, 62-аят).

Бұл аятта қиын-қыстау жағдайларда Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаладан басқа біреуге пана тілеп сиынудың негізсіз екеніне нұсқау бар, өйткені өлтіруші және тірілтушіден басқа ешкім адамды қорғай да алмайды, әрі одан оның басына түскен жамандықтарды тойтара да алмайды, ал ол – Аллаһ Тағала.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта қайғы-қасірет, бақытсыздық немесе қиын-қыстау кездерінде Аллаһтан басқадан тек Аллаһ Тағала ғана беруге құдіретті болған көмекті сұраудың негізсіз екеніне нұсқау бар.

2. Аятта көпқұдайшыл-мүшриктер таухид әр-рубубияны, Аллаһ барлық нәрсені басқаратынын мойындайтынына, бірақ бұл оларды Исламға кіргізбейтініне нұсқау бар.

3. Аятта жалғыз Аллаһ қана құлшылыққа лайықты екенінің («таухид әл-улуһия») дәлелі жалғыз Аллаһ қана бүкіл

болмысты басқаратыны, жалғыз Ол ғана Жаратушы екені, жалғыз Ол ғана өлтіретіні және тірілтетіні (яғни «таухид әр-рубубия») болып табылатынына нұсқау бар.

4. Аятта көпқұдайшылдарға дәлел ретінде олардың келісетін нәрселерін келіспейтін нәрселеріне қарсы келтіру керек екеніне нұсқау бар.

Әт-Табарани Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде мұминдерге зиян тигізетін екіжүзді өмір сүргені туралы жеткізген. Сонда олардың біреуі: «Келіндер, бұл екіжүздіге қарсы Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көмек сұрап жүгінейік», - деді. Ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Расында, көмекті менен емес, Аллаһтан сұрау керек»*, - деп айтты (әт-Табарани, әл-Хайсами өзінің «Зауаид» жинағында 159/10, хадис сенімді емес, бірақ мағынасы сенімді).

Имам әт-Табарани Сулейман ибн Ахмад – хафиз, үш үлкен жинақтың авторы.

Бұл хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдардың Аллаһтан басқа біреуге көмек тілеп сиынуын сөккен.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте қиын-қыстау кезде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), ал басқаға – тіпті, көмек тілеп сиынуға тыйым салынғандығына нұсқау бар.

2. Хадисте дұрыс сөздер қолдану және бірқұдайшылықты қорғау керектігіне нұсқау бар.

3. Хадисте көпқұдайшылыққа алып баратын барлық жолдарды жабу қажет екеніне нұсқау бар.

4. Хадисте басқа түскен бақытсыздықтарға тек Аллаһ үшін ғана сабыр мен төзім таныту қажет екеніне нұсқау бар.

5. Хадисте екіжүзділікті сөгу бар.

6. Хадисте мұминдерге зиян тигізуге тыйым салынғандығына, өйткені бұл екіжүзділердің амалдарына жататынына нұсқау бар.

ОН БЕСІНШІ ТАРАУ:

Аллаһ Тағаланың:

أَيُّشْرِكُونَ مَا لَا يَخْلُقُ شَيْئًا وَهُمْ يُخْلَقُونَ (۱۹۱) وَلَا يَسْتَطِيعُونَ لَهُمْ نَصْرًا وَلَا أَنْفُسُهُمْ يَنْصُرُونَ (۱۹۲)

«Олар еш нәрсені жаратпаған, өздері жаратылған нәрсені Аллаһқа серік қосады ма? (Аллаһқа серік қосқан нәрселері) оларға жәрдем ете алмайды, әрі тіпті өздеріне де жәрдем ете алмайды» («Әл-Әғраф» сүресі, 191-192 аяттар), - деген сөздері туралы.

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, бұл тарауда көпқұдайшылықтың негізсіз екендігіне дәлелдер келтіріп, Аллаһтан басқа дұға етіп жалбарынатын нәрселердің жағдайына нұсқайды. Әрі осыда бірқұдайшылықтың даусыз дәлелдер арқылы растауы бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта көпқұдайшылықтың өз негізінде негізсіз екеніне нұсқау бар, өйткені көпқұдайшылық – бұл жаратылған әрі сондықтан да дәрменсіз нәрсеге құлшылық ету.
2. Аятта құлшылыққа лайықты тек Жаратушы екеніне нұсқау бар.
3. Аятта таухид әр-рубубия арқылы таухид әл-улуһияға нұсқалады.
4. Аятта ақиқат жеңіске жетіп, өтірік қор болуы үшін көпқұдайшыл-мүшриктермен айтысу заңды екеніне нұсқау бар.

«Әл-Фатир» сүресі, 13-14 аяттар:

لَهُ الْمُلْكُ وَالَّذِينَ تَدْعُونَ مِنْ دُونِهِ مَا يَمْلِكُونَ مِنْ قِطْمِيرٍ (۱۳) إِنْ تَدْعُوهُمْ لَا يَسْمَعُوا دُعَاءَكُمْ وَلَوْ سَمِعُوا مَا اسْتَجَابُوا لَكُمْ وَيَوْمَ الْقِيَامَةِ يَكْفُرُونَ بَشِرْكُمْ وَلَا يُنَبِّئُكُمْ مِثْلُ خَبِيرٍ (۱۴)

«(Бүкіл) Иелік Оған тән. Одан өзге табынғандарың бір ұрық қабығына да ие емес. Егер оларға жалбарынсаңдар, дауыстарыңды естімейді. Ал естіген жағдайда да, сендерге жауап қайтара алмайтын

еді. Сондай-ақ Қиямет Күні олар сендердің құлшылықтарыңды тәрк етеді. Толық Хабардар Аллаһтай саған ешкім хабарламайды».

Бұл аятта көпқұдайшылықтың негізсіз екеніне нақты, айқын және даусыз дәлел және көпқұдайшылдарды теріске шығару бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта көпқұдайшылықтың негізсіз екеніне бірмағыналы дәйек пен даусыз дәлелдер бар.
2. Аятта көмек тілеу нысаны соларға сәйкес болуы қажетті шарттар келтіріліп, түсіндіріледі, ал бұлар:
 - а) ол өзінен сұралып жатқан нәрсеге ие болуы;
 - ә) ол өзіне дұға етіп жалбарынып жатқандарды естуі;
 - б) ол өзіне дұға етіп жалбарынғанға жауап беру құдіретіне ие болуы.
3. Аятта ақида ой-тұжырымдарға, жорамалдарға немесе соқыр ілесуге емес, керісінше, дәлелдер мен мығым сенімге құрылуы қажет екеніне нұсқау бар.
4. Аятта Аллаһ Тағала барлық істің соңы туралы білетініне нұсқау бар.

Әл-Бухаридің «Сахихында» Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: *"Ухуд шайқасында Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) беті тілініп, тісі сынғанда, ол: «Өзінің пайғамбарын жарақаттаған халық қалай жетістікке жетпек?» - деп айтқан болатын. Әрі сол кезде:*

لَيْسَ لَكَ مِنَ الْأَمْرِ شَيْءٌ

«Ешбір іс сенің еркінде емес» («Әли-Имран» сүресі, 128-аят), - деп уахи етілді" («Сахих» әл-Бухари 772, орысша нұсқасында 4068).

Бұл аятта Аллаһқа ізгілерді немесе әлдебір әулиелерді серік қосу түрінде жасалатын көпқұдайшылықтың негізсіз екеніне нұсқау бар. Егер тіпті Аллаһ Елшісінің өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзін-өзі көпқұдайшылдардың тигізген зиянынан қорғай алмаған болса, яғни

бұл оның билігінде болмаған болса, онда бұның үкімі басқа кез-келгенге тіптен күшіне ие.

Хадис пен аяттан алынатын пайдалар:

1. Хадис пен аятта Аллаһқа ізгілер мен әулиелер серік қосылатын түрде жасалатын көпқұдайшылықтың негізсіз екеніне нұсқау бар. Әрі егер тіпті Пайғамбардың өзі де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзіне пайда келтіру не өзінен зиянды тойтару құдіретіне ие болмаған болса, онда басқа біреу тіпті де бұған ие емес.

2. Хадис пен аятта пайғамбарлармен де (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ауру және сынақтар орын алғанына нұсқау бар.

3. Хадис пен аятта Аллаһ Тағалаға құлшылық етуде ықыластың міндетті екеніне нұсқау бар, өйткені барлық нәрсе жалғыз Оның иелігінде.

4. Хадис пен аятта Аллаһқа шақыру жолында басқа түсетін ұнамсыз нәрселер мен қайғы-қасіреттерге Аллаһ үшін сабыр ету міндетті екеніне нұсқау бар.

5. Хадис пен аятта адам қандай күнәлар жасаған болса да, оған Аллаһ Тағаланың рахымынан күдер үзуге тыйым салынғандығына нұсқау бар, тек бұл көпқұдайшылық болмаса ғана. Яғни адам Аллаһтың рахымынан үміт ету міндетті.

Әл-Бухари сондай-ақ Ибн Умардан, ол Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) таң намазының соңғы ракағатындағы руқұтан кейін бойын түзеп: *«Аллаһ Оны мақтағанды естіді. Раббымыз, Саған мадақ!»* - деп айтқанын естігені туралы жеткізеді. Кейін ол: *«Уа Аллаһ! Пәленді және пәленді лағынет ет!»*, - деді. Сол кезде Аллаһ: *«Ешбір іс сенің еркінде емес. Аллаһ не олардың тәубесін қабыл етеді, не оларды қинайды. Өйткені олар залымдар»* («Әли Имран», 128-аят), - деген аятты түсірді.

Басқа бір риуаятта: *«Ол Сафуан ибн Умайяны, Суһайл ибн Амрды және әл-Харис ибн Хишамды лағынеттеді. Әрі сол кезде: «Ешбір іс сенің еркінде емес. Аллаһ не олардың тәубесін қабыл етеді, не оларды қинайды.»*

Өйткені олар залымдар» («Әли Имран», 128-аят), - деп уахи түсті» (әл-Бухари 4069, 4070).

Ибн Умар – бұл Умар ибн Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) баласы Абдуллаһ. Ол үлкен білімімен және Аллаһ Тағалаға құлшылық етудегі ыждағаттылығымен ерекшеленген. Һижраның 73 жылы қайтыс болған.

Бұл хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзіне көпқұдайшылдардың тигізген зиянын тойтаруға құдіретті болмағанына, тура сол сияқты ол одан өзінің сахабаларын да сақтап қала алмағанына нұсқау бар. Ол өзінің бүкіл болмыстың үстінен құдіретті әлі билік иесі болған Раббысына дұға етті. Ал бұл қабірлерге табынушылардың әулиелер мен ізгілерге қатысты сенімдерінің негізсіз екеніне нұсқайды.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте адам әулиелер мен ізгілерден қандай да бір мұқтаждықтардан немесе қайғы-қысіреттерден айықтыруларын сұрауда оларға жүректі байлаудың негізсіз екеніне нұсқау бар.
2. Хадисте намазда көпқұдайшылдарға қарсы дұға етудің рұқсат етілгеніне нұсқау бар.
3. Хадисте намазда оған қарсы немесе ол үшін дұға етілетін адамның атын атау намазға зиян тигізбейтініне нұсқау бар.
4. Хадисте имам руқұғта екі дұғаның екеуін де, яғни: “Аллаһ Оны мақтағанды естісін. Раббымыз, саған мадақ! /Сәми‘а-Ллаһу ли-мән хамида-һу. Раббә-нә, уә лә-кәл-хамд!//” – деп айтуы керек екеніне нұсқау бар.

Абу Хурайра былай баяндайтын: “Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Жақын туыстарыңды ескерт»** («әш-Шуара» сүресі, 214-аят), - деп аят түскенде, ол орнынан тұрды да: **«Уа, құрайштықтар! Жандарыңды сатып алыңдар, өйткені мен сендерді Аллаһтан еш нәрсемен құтқара алмаймын! Уа, Аббас ибн Абд әл-Мутталиб, мен сені Аллаһтан құтқара алмаймын! Уа, Аллаһ**

Елшісінің, апасы Сафия! Мен сені Аллаһтан еш нәрсемен құтқара алмаймын! Уа, Мухаммадтың қызы Фатима! Менің мал-мүлкімнен қанша қаласаң сұра, бірақ мен сені Аллаһтан еш нәрсемен құтқара алмаймын!», - деді” (әл-Бухари 2753, Муслим 206, әт-Тирмизи 3184).

Абу Хурайра. Кейбір биограф-ғалымдар ең дұрысы – оның есімі Абдур-Рахман ибн Сахр әрі ол даус тайпасынан болғаны деген. Ол атақты және құрметті сахабалардың қатарынан болатын, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көптеген хадистерін жатқа білетін ғалым еді. Он бес мыңнан астам хадистер жеткізген ол һижраның не 57, не 58, не 59 жылы қайтыс болған.

Бұл хадисте басқаларды айтпағанның өзінде, тіпті Пайғамбардың өзіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұға етіп жалбарынуға болмайтынына нұсқау бар. Әрі тек Пәк әрі Қасиетті Аллаһ Тағала ғана құдіретті болған нәрсені басқадан сұрауға рұқсат етілмейді. Сондықтан да бұл хадисте қиын-қыстау жағдайларда әруақтарға олар өздерін әлдебір қайғы-қасіреттерінен құтқаруын және мұқтаждықтарын орындауын сұрап сиынатын қабірлерге табынатындарды теріске шығару бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте пайғамбарлар мен ізгілерге құлшылық ететіндерді, сондай-ақ Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағала ғана құдіретті болған әлдебір мұқтаждықтарын орындауда жүректерін жаратылыстарға байлайтындарды теріске шығару бар.
2. Хадисте Аллаһтың құлынан оның күш-құдіреті жететін нәрседен басқа еш нәрсе сұрауға болмайтынына нұсқау бар.
3. Хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың бұйрықтарын орындауға және Оның Жолдауын жеткізуге асыққанына нұсқау бар.
4. Хадисте адамға Аллаһтың жазалауынан иман мен салиқалы амалдардан басқа ешнәрсе: оның мәртебесі де, атағы да, туысқандық қатынастары да, басқасы да - көмектесе алмайтынына нұсқау бар.
5. Хадисте Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

болсын) жақын болатындар – оған бағынатындар әрі оның жолына ілесетіндер екеніне нұсқау бар, мейлі олар оның жақындары, не басқалар болсын.

6. Хадисте адамға оның Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туысқандық байланыстары, тек егер олар иманмен, салиқалы амалдармен және дұрыс наным-сеніммен (ақидамен) бірге қабаттасып жүрмесе, көмектесе алмайтынына нұсқау бар.

ОН АЛТЫНШЫ ТАРАУ:

Аллаһ Тағаланың:

وَلَا تَتَفَعُّ الشَّفَاعَةُ عِنْدَهُ إِلَّا لِمَنْ أَذِنَ لَهُ حَتَّىٰ إِذَا فُزِّعَ عَنْ قُلُوبِهِمْ قَالُوا مَاذَا قَالَ رَبُّكُمْ قَالُوا الْحَقَّ وَهُوَ الْعَلِيُّ الْكَبِيرُ (٢٣)

«Аллаһтың қасында рұқсат берілген біреуден басқа ешкімнің шапағаты пайда бермейді. Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар өзара: «Раббыларың не айтты?», - десе: «Хақты айтты. Ол Аллаһ – аса Жоғары, тым Үлкен», - деседі», - деген сөздері туралы» («әс-Саба» сүресі, 23-аят).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Онда көпқұдайшылдар құлшылық ететін нәрселерден әлдеқайда күштірек әрі ұлы болған періштелердің жағдайының түсіндірмесі бар. Әрі егер тіпті олардың өздері Аллаһ Тағаланың алдындағы осындай мәртебесіне қарамастан, Оның алдында қорқатындығымен және Оны дәріптейтіндігімен сипатталған болса, онда, басқаларды тіпті айтпағанның өзінде, қалайша оларға Аллаһпен қатар дұға етуге болмақ? Әрі осыда барлық көпқұдайшылдарды әрі Аллаһтан басқаға, әсіресе, мәртебесі бойынша періштелердің жанында да тұрмайтындарға дұға етіп жалбарынатындарды теріске шығару бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта барлық көпқұдайшылдарды және Аллаһтан басқа

тіпті періштелермен салыстыруға келмейтін әрі өздерінің ешбір сипаттарында оларға ұқсамайтын біреулерге құлшылық ететіндерді теріске шығару бар.

2. Аятта Аллаһ Тағала Өзінің ұлылығына сай келетін «Кәләм» (Сөйлеу) сипатына ие екеніне нұсқау бар.

3. Аятта Аллаһтың сөздері жаратылмаған екеніне нұсқау бар, өйткені періштелер: «Раббыларың не айтты?», - деді, әрі: «Раббыларың нені жаратты?», - деп айтпады.

4. Аятта Аллаһ Тағала Өзінің жаратылыстарынан аса Жоғары екеніне нұсқау бар.

5. Аятта Аллаһтың ұлылығына нұсқау бар.

«Абу Хурайраның (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны туралы жеткізіледі: “Аллаһ көктердегі әлдебір істі шешсе, періштелер өздеріне тастарға ұрылған шынжырдың күркіреуіндей (қатты) тиетін Оның Сөздерінің алдында мойынсынушылық-тағзыммен қанаттарын жинайды. Ал олардың жүректерінен қорқыныш кеткен кезде олар: «Раббыларың не айтты?», - дейді. Әрі олардың өздері: «Ақиқатты, өйткені Ол – аса Жоғары, тым Үлкен!» – деп айтады. Ал шайтандар бірінің үстіне бірі мінгесін (Суфиян ибн Уяйна мұны саусақтарының арасын ашып қолымен көрсетті), Аллаһтың сөздерін ұрланып естиді. Бір сөзді естіп, әрқайсысы оны өзінен төмендегісіне жеткізеді, әрі ең соңында осы сөзді сиқыршы немесе сәуегей айтпайынша, осылайша жоғарыдан төменге қарай түсе береді. Жалындап жанған жұлдыз бұл шайтанды ол естігенін жеткізіп үлгермейінше қазып түсіруі мүмкін, бірақ осыдан кейін де қазып түсіруі мүмкін, әрі сол кезде ол осы шын сөзге жүз өтірікті қосады. Ал адамдар болса: «Ол бізге пәлен күні пәлен нәрсені және пәлен нәрсені айтпап па еді?», - деп жатады. Әрі көктерден естілген шын сөз адамдарды оған нануға сендіреді” (Бухари 4701).

Суфиян ибн Уяйна ибн Маймун әл-Хиләли – сенімге лайық жеткізуші, хафиз, үлкен имамдардан болатын. Ол һижраның 198 жылы қайтыс болды.

Бұл хадисте көпқұдайшылдарды теріске шығару бар. Әрі егер періштелердің олар Аллаһ Тағаланың Сөздерін естіген кездегі жағдайы, Аллаһ оларға осындай үлкен күш бергеніне қарамастан, осындай болатын болса, демек құлшылықтың ешқандай түрін оларға арнауға болмайтыны айқын болады. Ендеше, дәрежелері олардан төмен болған басқа жаратылыстар туралы не айтуға болады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте періштелерге, пайғамбарларға және ізгілерге құлшылық ететін көпқұдайшылдарды теріске шығару бар.
 2. Хадисте Аллаһ Тағаланы ұлықтауға әрі жалғыз Ол ғана құлшылыққа лайықты, Оның ешбір серігі жоқ екеніне нұсқау бар.
 3. Хадисте Қасиетті және Пәк Аллаһ Өзінің жаратылыстарының үстінде екеніне, әрі ол естуге болатын сөзбен сөйлейтініне нұсқау бар.
 4. Хадисте сиқыршылық пен сәуегейліктің негізсіз екеніне нұсқау бар, тіпті сиқыршы мен сәуегей кейде шындықты айтса да.
 5. Хадисте көпшілікпен санасу керек екеніне нұсқау бар.
-

Нәууас ибн Симан Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндағаны туралы жеткізіледі: *«Аллаһ бұйрықты уахи арқылы жеткізуді қаласа, Ол уахиді айтады, әрі сол кезде көктер жаңғырады (немесе ол: «күркірей түседі», - деді), әрі барлық нәрсе Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың алдында қорқынышқа бөленеді. Мұны естіген көктің бүкіл мекендеушілері естерінен танады әрі Аллаһтың алдында сәждеге жығылады. Ең бірінші болып басын Жәбірейіл көтереді, әрі Аллаһ оған Өзі қалаған уахиін хабарлайды. Кейін Жәбірейіл періштелерге барады. Ол әрбір аспаннан өткен кезінде, сол аспанның періштелері одан: «Уа, Жәбірейіл, Раббымыз не айтты?» - деп сұрайды. Жәбірейіл: “Ол ақиқатты айтты, өйткені Ол – аса Жоғары, тым Үлкен!”, - дейді. Әрі олардың барлығы Жәбірейілдің айтқанын қайталайды. Осылайша, Жәбірейіл уахиді Ұлы және Құдіретті Аллаһ жеткізуді бұйырған жерге жеткізеді»» (Ибн Хазм «Таухидте» 206, Ибн Аби Асим «Сунанда» 515).*

Ән-Нәууас ибн Симан ибн Халид куләби тайпасынан шыққан атақты сахаба болған, Аллаһ оған разы болсын.

Бұл хадисте осыдан алдыңғы тарауларда айтылған нәрселер, сондай-ақ Аллаһ Тағаланың ұлылығының, періштелердің және көктердің Оның алдындағы қорқынышының түсіндірмесі бар. Әрі осыда Аллаһтан басқаға құлшылық ететіндерді теріске шығару бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһтан басқа Оның әлдебір жаратылыстарын өздеріне құдай етіп алатын көпқұдайшылдарды теріске шағару бар.
 2. Хадисте Аллаһ Тағаланың ұлылығына әрі жалғыз Ол ғана құлшылыққа лайықты екеніне нұсқау бар.
 3. Хадисте Аллаһ Тағала қашан қаласа, нені қаласа және қалай қаласа солай сөйлейтініне нұсқау бар.
 4. Хадисте Аллаһ Тағала Өзінің жаратылыстарының үстінде екеніне нұсқау бар.
 5. Хадисте Жәбірейілдің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) мәртебесіне нұсқау бар.
-

ОН ЖЕТІНШІ ТАРАУ:

Шапағат туралы

Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ былай деді:

وَأَنْذِرْ بِهِ الَّذِينَ يَخَافُونَ أَنْ يُخْشَرُوا إِلَىٰ رَبِّهِمْ لَيْسَ لَهُمْ مِنْ دُونِهِ وَلِيٌّ وَلَا شَفِيعٌ لَّهُمْ يَتَّقُونَ (٥١)

«Раббыларының алдына жиналудан қорыққандарға онымен ескерт. Олар үшін Аллаһтан өзге бір дос та, қолдаушы да жоқ» («әл-Әнғам» сүресі, 51-аят)».

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі көпқұдайшылдардың періштелерге, пайғамбарларға және ізгі-салиқалы кісілерге дұға етіп жалбарынуында көрініс табатын өздерінің көпқұдайшылықтарын: «Біз олардың жаратылған екенін білеміз, алайда олар Аллаһ Тағаланың алдында беделге ие, әрі сондықтан да біз олардың

Оның алдында біз үшін шапағат етуін қалаймыз», - деген сөздермен ақтауға тырысатындығында. Әрі кітаптың авторы (Аллаһ оны рахымына бөлесін) осы тарау арқылы адамдарға бұл іс-әрекет Аллаһ Тағала тыйым салған көпқұдайшылықтың болмысы (өзегі) болып табылатынына дәлел келтіруді қалады әрі осыған алып баратын кез-келген жолды жарамсыз еткісі келді.

Шапағат – өзінің тілдік мағынасында бірдеңені басқа бірдеңеге қосуды білдіреді, мысалы, белгілі бір затқа басқа бір зат қосылады да, ол заттар екеу болады. Араб тілінде «оған шапағат етті» деген сөз «әлдебіреуге белгілі бір нәрсенің иесінен сол нәрсені алуына көмектесті» деген мағынаға ие.

Бұл аятта пайғамбарлар мен ізгі-салиқалы адамдарға дұға етіп жалбарынатын және олардан шапағат етуін тілейтін көпқұдайшыларды теріске шығару бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта пайғамбарлар мен ізгі-салиқалы адамдарға жақындап, олардан шапағат тілейтін көпқұдайшыларды теріске шығару бар.
2. Аятта Қиямет Күні туралы насихаттаудың және ескертудің заңды екеніне нұсқау бар.
3. Аятта мұминдер – бұл насихаттан пайда алатындар екеніне, сондай-ақ насихатты Құран арқылы жасау керек екеніне нұсқау бар.

«Әз-Зүмәр» сүресі, 44-аят:

قُلْ لِلَّهِ الشَّفَاعَةُ جَمِيعًا لَهُ مُلْكُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ ثُمَّ إِلَيْهِ تُرْجَعُونَ (٤٤)

«(Мухаммад): "Шапағат тұтасымен Аллаһтың иелігінде", - де».

«Әл-Бақара» сүресі, 255-аят:

مَنْ ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلَّا بِإِذْنِهِ

«Оның құзырында Оның рұқсатынсыз кім шапағат етеді?»

Бұл аяттарда өздеріне періштелерді, немесе пайғамбарларды, немесе өздері оларға ізгі кісілердің бейнесін берген, яғни ескерткіш-мүсіндерін жасап алған пұттарды Аллаһтан басқа шапағатшы етіп алған көпқұдайшылдарды теріске шығару бар. Бұл адамдар осы ізгілерді, періштелерді, пұттарды шапағатқа, не шапағаттан әлдебір нәрсеге ие деп ойлайды, әрі Аллаһтың алдында Оның рұқсатынсыз олар үшін шапағат жасай алады деп сенеді.

Аяттардан алынатын пайдалар:

1. Аяттарда жаратылыстардан шапағат тілейтін көпқұдайшылдарды теріске шығару бар.
 2. Аяттарда шапат тек жалғыз Аллаһ Тағаланың иелігінде екеніне, әрі сондықтан да шапағатты тек жалғыз Одан ғана сұрау керек екеніне нұсқау бар.
 3. Аяттарда Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаланың ұлықтығына және жоғарылығына, сондай-ақ барлық жаратылыстар Оның билігіне бағынышты екеніне нұсқау бар.
 4. Аяттарда шапағатты Аллаһ Тағала кімге рұқсат етсе, сол ғана жасайтынына нұсқау бар.
-

«Ән-Нәжм» сүресі, 26-аят:

وَكَمْ مِنْ مَلَكٍ فِي السَّمَاوَاتِ لَا تُغْنِي شَفَاعَتُهُمْ شَيْئًا إِلَّا مِنْ بَعْدِ أَنْ يَأْذَنَ اللَّهُ لِمَنْ يَشَاءُ وَيَرْضَى (٢٦)

«Көктерде қаншалаған періште бар. Аллаһ қалап, разы болған кісісіне рұқсат бермейінше, олардың шапағаты еш нәрсеге жарамайды!»

Бұл аятта періштелер мен Аллаһтың басқа да жаратылыстарынан шапағат тілейтін көпқұдайшылдарды теріске шығару бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта әлдебір жаратылыстардан шапағат тілеп оларға жақындайтын көпқұдайшылдарды теріске шығару бар.
2. Аятта шапағат тек Аллаһ Тағаланың иелігінде екеніне әрі оны тек жалғыз Одан ғана тілеу керек екеніне нұсқау бар.
3. Аятта келесі екі шарт орындалмай шапағат жарамды

болмайтынына нұсқау бар: біріншісі – шапағат жасаушыға Раббының рұқсат етуі; екіншісі – шапағат жасалатынға Аллаһтың разы болуы, ол бірқұдайшылардан және Оның ықыласты құлдарынан болуы.

«Сәба» сүресі, 22-23 аяттар:

قُلِ ادْعُوا الَّذِينَ زَعَمْتُمْ مِنْ دُونِ اللَّهِ لَا يَمْلِكُونَ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ فِي السَّمَاوَاتِ وَلَا فِي الْأَرْضِ وَمَا لَهُمْ فِيهَا مِنْ شَرْكَ وَمَا لَهُ مِنْهُمْ مِنْ ظَهِيرٍ (٢٢) وَلَا تَنْفَعُ الشَّفَاعَةُ عِنْدَهُ إِلَّا لِمَنْ أَذِنَ لَهُ حَتَّىٰ إِذَا فُزِّعَ عَنْ قُلُوبِهِمْ قَالُوا مَاذَا قَالَ رَبُّكُمْ قَالُوا الْحَقَّ وَهُوَ الْعَلِيُّ الْكَبِيرُ (٢٣)

“(Мухаммад,) оларға: «Көктерде де, жерде де тозаңның салмағындай түкке ие бола алмайтын, екеуіндегі иелікке бір ортақтығы жоқ, сондай-ақ Аллаһқа олардың ешбіреуі көмекші де емес Аллаһтан өзге құдай санайтындарыңды шақырыңдар», - де. Аллаһтың қасында рұқсат берілген біреуден басқа ешкімнің шапағаты пайда бермейді. Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар өзара: «Раббыларың не айтты?», - десе: «Хақты айтты. Ол Аллаһ – аса Жоғары, тым Үлкен», - деседі”.

Бұл аяттарда әулиелерге жақындап, олардан шапағат тілейтін, әрі олардан өздеріне бір пайда келтіруін және зияннан қорғауын сұрап жалбарынатын көпқұдайшыларды теріске шығару бар.

Аяттардан алынатын пайдалар:

1. Аяттарда Аллаһпен қатар әлдебір құдайларға немесе періштелерге, немесе басқаларға дұға етіп жалбарынатын әрі олар пайда келтіреді не зияннан қорғайды деп сенетін көпқұдайшыларды теріске шығару бар.

2. Аяттарда көпқұдайшылықтың жарамсыз екенін дәлелдеу және ақиқатты айқын ету мақсатында көпқұдайшылармен пікірталастырудың заңды екеніне нұсқау бар.

3. Аяттарда көпқұдайшылардың (өздері) байланған барлық себептерін үзуге нұсқау бар, өйткені көпқұдайшыл Аллаһтан басқа біреуді өзіне пайда келтіреді деп санап, құлшылық ету объектісі ретінде алып алады. Ал пайда тек келесі төрт сипаттың біреуінің иесінен ғана болуы мүмкін: **біріншісі** – не ол өзіне

құлшылық етушінің одан қалайтын нәрсесіне ие болуы; **екіншісі** – не ол соның иесінің серігі, не иелігіндегі ортақтасы болуы; **үшіншісі** – не ол оның көмекшісі болуы; **төртіншісі** – не ол оның алдында шапағатшы болуы. Әрі Қасиетті және Пәк Аллаһ Тағала осы барлық төрт сипаттың көпқұдайшылдардың құдайларында бар екенін теріске шығарады, әрі сондықтан да олардың құлшылығы жарамсыз болады.

4. Аяттарда шапағат тек Аллаһтың рұқсат етуімен ғана болатынына нұсқау бар.

5. Аяттарда көпқұдайшылдарға шапағаттың көмек етпейтініне нұсқау бар, өйткені Аллаһ Тағала көпқұдайшылдар үшін шапағат жасауға рұқсат етпейді.

Абу әл-Аббас былай деді: «Аллаһ көпқұдайшылдар үміт ететін барлық нәрсені теріске шығарды. Ол Одан басқа ешкім өздігінше мүлікке ие емес екенін және оған иелік жасауда ортақтас та емес екенін хабарлады. Ол сондай-ақ Аллаһта көмекшілер жоқ екенін де хабар етті. Сөйтіп, тек шапағат қана қалады, алайда ол тек Раббы рұқсат еткендерге ғана көмек береді. Бұған байланысты Аллаһ былай деді:

وَلَا يَشْفَعُونَ إِلَّا لِمَنْ ارْتَضَى

«Олар тек Ол разы болғандарға ғана шапағат жасайды» («әл-Әнбия» сүресі, 28-аят).

Қиямет Күні көпқұдайшылдардың тәуекел ететін шапағаты болмайды, өйткені Құран мұны теріске шығарады. Ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің келетінін және Раббысының алдында Оған мадақ айтып, сәждеге жығылатынын хабарлады. Ол бірінші болып адамдарға шапағат етуді бастап кетпейді, алайда кейін оған: **«Басыңды көтер де, сөйле, әрі сен тыңдаласың; сұра, әрі (сұрағаныңды) аласың, шапағат жаса, әрі сенің шапағатың қабыл етіледі»**, - деп айтылады (әл-Бухари 6/264,265, 8/300, Муслим (194)).

Бірде Абу Хурайра Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Сіздің шапағатыңызға лайық болатын ең бақытты адамдар кімдер?»**, - деп сұрады. Ол: **«Олар – шын жүрегімен «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ», - деп айтқандар»**, - деп жауап берді (Ахмад 2/373, әл-Бухари 1/173,174, ән-Нәсаи 11/385).

Мұндай шапағат Аллаһтың рұқсатымен жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық еткен адамдарға ғана жасалады, ал Аллаһқа серік қосқандар оны ала алмайды.

Мұның мәні Пәк Аллаһтың Өзі Өзінің ықыласты құлдарына рахым етіп, Өзі олар үшін шапағат жасауға рұқсат еткеннің дұғасы үшін оларды кешіреді. Сонысымен Аллаһ оған сый-құрмет көрсетіп, Мақтаулы орынға («Мақамун махмуд») лайықты етеді.

Алайда Құран құрамында көпқұдайшылықтың бөлшектері болған шапағатты кері қайтарады, әрі сондықтан да көптеген жерлерде тек Аллаһтың рұқсатымен жасалатын шапағат аталады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ шапағат тек жалғыз Аллаһқа ықыласты түрде құлшылық еткен бірқұдайшылықты ұстанушыларға ғана жасалатынын түсіндіріп берді».

Абу әл-Аббас – бұл шейхул-Ислам Таққиюддин Ахмад ибн Абдил Халим ибн Абди Сәләм ибн Таймия, атақты имам, көптеген пайдалы еңбектердің авторы. Ол һижраның 728 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны Өз рахымына бөлесін.

Автор шейхул-Ислам Ибн Таймияның сөздерін келтіруінің мәні – ол сөздерде осы тарауда келген аяттардың түсіндірмесі мен тәпсірінің бар болуында.

1. Оларда қайтарылатын шапағат пен расталатын шапағаттың сипаттамасы бар.
2. Оларда ұлы шапағат туралы айтып өтілген, ал бұл – Мақтаулы орын мен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзіне шапағат жасауына рұқсат етілгенге дейін не істейтіні.
3. Оларда шапағат жасалатын ең бақытты адамдар – дұрыс иманның иелері екені туралы атап кетіледі.

Осының барлығынан алынатын пайдалар:

1. Тек Пайғамбарымызға ғана (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) берілетін ең ұлы шапағатқа нұсқау, ал бұл оның Қиямет Күні жиналатындар үшін, Аллаһ Тағала олардың арасында үкім шығаруын әрі оларды осы тұрудан құтқаруын сұрап шапағат жасауы.
2. Оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Жәннат

иелері үшін, олардың Жәннатқа кіруін сұрап шапағат жасайтынына нұсқау.

3. Оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Тозаққа кіруге тиіс болған күнахарлар үшін, олардың Тозаққа кіргізілмеуін сұрап шапағат жасайтынына нұсқау.

4. Оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Тозаққа кірген күнахарлар үшін, олардың ол жерден шығуын сұрап шапағат жасайтынына нұсқау.

5. Жәннат иелері үшін, олардың сый-сауаптарының көбейтілуін және мәртебелерінің жоғарылатуын сұрап шапағат жасайтынына нұсқау.

6. Оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің көкесі Абу Талиб үшін, Аллаһ Тағала оның Тозақтағы жазасын жеңілдетуін сұрап шапағат жасайтынына нұсқау.

ОН СЕГІЗІНШІ ТАРАУ:

Аллаһ Тағаланың:

إِنَّكَ لَا تَهْدِي مَنْ أَحْبَبْتَ وَلَكِنَّ اللَّهَ يَهْدِي مَنْ يَشَاءُ وَهُوَ أَعْلَمُ بِالْمُهْتَدِينَ (٥٦)

«Расында, жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың. Бірақ Аллаһ кімді қаласа, соны тура жолға салады. Сондай-ақ Ол тура жолмен жүрушілерді жақсы біледі» («әл-Қасас» сүресі, 56-аят), - деген сөздері туралы.

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Бұл тарауда пайғамбарлар мен ізгілерге (әулиелерге) қатысты олар өздеріне пайда келтіруге немесе олардан әлдебір зиянды тойтаруға құдіретті деген наным-сенімге ие қабірлерге табынушыларды теріске шығару бар. Әрі бұл теріске шығару Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің көкесі Абу Талибті көзі тірісінде тура жолға салуға тырысқанында, бірақ бұл оған жеңілдетілмегенінде, әрі ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Талиб қайтыс болғаннан кейін де Аллаһ Тағаладан ол үшін кешірім сұрағанында, бірақ бұл оған тыйым салынғанында көрініс табады. Әрі Аллаһ Пайғамбардың (оған

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі жақсы көретін адамын тура жолға салалмайтынын түсіндіріп берді. Әрі осыда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайда келтіруге де, зиянды тойтаруға да ие емес екеніне, ал басқалар тіпті бұған иелік ете алмайтынына нұсқау бар.

Бұл аятта Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайда келтіруге де, зиянды тойтаруға да ие емес екеніне, Аллаһ Тағаланың ғана иелік ететінінен еш нәрсені бере де, тыя да алмайтынына нұсқау бар. Сондай-ақ онда бүкіл нәрсеге тек Аллаһ Тағала ғана иелік ететініне нұсқау бар. Сондықтан да бұл аятта Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол оларды бақытсыздықтан құтқарсын немесе мұқтаждықтарын орындасын деп дұға етіп жалбарынамындарды теріске шығару бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта әулиелер пайда келтіре алады немесе әлдебір зиян тигізе алады, немесе өлгендерінен соң әлдебір нәрсені басқара алады, әрі Аллаһ оларға жомарттық танытып, болмысты басқару мүмкіндігін берді деп сенетіндерді теріске шығару бар.
2. Аятта тура жолға салу тек Аллаһ Тағаланың қолында екеніне нұсқау бар.
3. Аятта Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаланың білімінің растауы бар.
4. Аятта Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаланың даналығының растауы бар.
5. Аятта өзіңді Аллаһ Тағаладан басқа кіммен болса да байлаудың негізсіз екеніне нұсқау бар.

Әл-Бухаридің “әс-Сахихында” Ибн әл-Мусайабтың әкесінің атынан былай деп баяндағаны келтіріледі: *«Абу Талиб өлім аузында жатқан кезінде оған Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келді. Жан тапсырып жатқанның жанында сол кезде Абдуллаһ ибн Абу Умайя мен Абу Жәхл болатын. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: “Уа, көке, «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деп*

айтшы. Сол сөздер арқылы мен сені Аллаһтың алдында қорғай алатын боламын”, - деп айтты. Сол жерде тұрған екеуі оған: «Сонда сен Абд әл-Мутталибтің дінінен бас тартпақсың ба?» - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз айтқан сөзін қайталады, әрі олар да өз айтқандарын қайталады. Әрі оның соңғы сөздері ол Абд әл-Мутталибтің дінінде қалатыны, әрі Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екенін жариялаудан бас тартатыны болды. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Егер маған бұл тыйым салынбаса, мен міндетті түрде сен үшін кешірім сұраймын», - деді.

Сонда Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ оған келесі уахиді түсірді:

مَا كَانَ لِلنَّبِيِّ وَالَّذِينَ آمَنُوا أَنْ يَسْتَغْفِرُوا لِلْمُشْرِكِينَ وَلَوْ كَانُوا أُولِي قُرْبَىٰ مِنْ بَعْدِ مَا تَبَيَّنَ لَهُمْ أَنَّهُمْ أَصْحَابُ الْجَحِيمِ (۱۱۳)

«Пайғамбарға және мұминдерге мүшриктер тозақтық екендігі өздеріне білінгеннен кейін олар үшін жарылқау тілеулеріне болмайды, тіпті олар туысқандары болса да» («әт-Тауба» сүресі, 113-аят).

Ал Абу Талибке қатысты Аллаһ Тағала келесі аятты түсірді:

إِنَّكَ لَا تَهْدِي مَنْ أَحْبَبْتَ وَلَكِنَّ اللَّهَ يَهْدِي مَنْ يَشَاءُ وَهُوَ أَعْلَمُ بِالْمُهْتَدِينَ (۵۶)

«Расында, жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың. Бірақ Аллаһ кімді қаласа, соны тура жолға салады. Сондай-ақ Ол тура жолмен жүрушілерді жақсы біледі» («әл-Қасас» сүресі, 56-аят)» (әл-Бухари 1320, Муслим 24, Ахмад «Муснадта» 168/5, 433).

Ибн Мусайаб туралы айтар болсақ – ол Саид ибну Мусайаб, табиғиндерден болған ғалымдардың және үлкен фақихтардың бірі. Ол һижраның 90 жылынан кейін қайтыс болды. Оның әкесі Мусайаб Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабасы еді, әрі Усманның билік құру тұсында қайтыс болды.

Бұл хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің ең жақын адамдары үшін де пайдаға ие емес екеніне нұсқау бар, ал бұл өзіңді Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол пайда келтіре алады немесе зиянды тойтара алады деген сеніммен байлаудың негізсіз екеніне нұсқау бар. Әрі егер Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзіне қатысты үкім осындай болатын болса, онда бұл үкім басқа кез-келгенге тіпті де

күшіне ие болады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте көпқұдайшыл болған науқас Исламды қабылдайды деген үміт болса, оны зиярат етудің рұқсат етілетіндігіне нұсқау бар.
 2. Хадисте адам үшін жаман дос пен нашар жолдастың зиян екендігіне нұсқау бар.
 3. Хадисте «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің мән-мағынасы пұттарға, әулиелерге және ізгілерге құлшылық етуді тәрк етуде екеніне және жалғыз Қаситетті әрі Пәк Аллаһ Тағалаға ғана құлшылық етудің міндетті болып табылатынында екеніне нұсқалады. Онда сондай-ақ көпқұдайшыл-мүшриктер бұл куәліктің мағынасын білгендігіне нұсқау бар.
 4. Хадисте кім білімнің негізінде «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігін айтса, сол Исламға кіретініне нұсқау бар.
 5. Хадисте амалдармен олардың соңына (яғни қалай аяқталатынына) қарап санасатындығына нұсқау бар.
 6. Хадисте көпқұдайшылдар үшін жарылқау тілеп дұға етудің және олармен дос болудың әрі оларға сүйіспеншілік танытудың тыйым салынғандығына нұсқау бар.
 7. Хадисте өзін Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) немесе басқа біреумен, ол оған пайда, не зиян келтіре алады деген сеніммен байлаудың негізсіз екеніне нұсқау бар.
 8. Хадисте Абу Талиб мұсылман болған деп айтушыларды теріске шығару бар.
 9. Хадисте ата-бабалардың немесе құрметті кісілердің сөздерін дәлелге айналдырып алатындай және адамдар арасында келіспеушілік туындағанда соларға оралатындай етіп, олардың наным-сенімдеріне соқыр түрде ілесудің зиянды екеніне нұсқау бар.
-

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ:

Адамдардың күпірлігінің және діндерін тастауының себебі ізгі-салиқалы кісілерді шектен тыс ұлықтауы болып табылатындығы

туралы

Аса Құдіретті Аллаһ Тағала былай деді:

يَا أَهْلَ الْكِتَابِ لَا تَغْلُوا فِي دِينِكُمْ وَلَا تَقُولُوا عَلَى اللَّهِ إِلَّا الْحَقَّ إِنَّمَا الْمَسِيحُ عِيسَى ابْنُ مَرْيَمَ رَسُولُ اللَّهِ وَكَلَّمَتْهُ
أَلْقَاهَا إِلَى مَرْيَمَ وَرُوحٌ مِنْهُ فَآمَنُوا بِاللَّهِ وَرُسُلِهِ وَلَا تَقُولُوا ثَلَاثَةٌ انْتَهُوا خَيْرًا لَكُمْ إِنَّمَا اللَّهُ إِلَهٌ وَاحِدٌ سُبْحَانَهُ أَنْ
يَكُونَ لَهُ وَلَدٌ لَهُ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ وَكَفَى بِاللَّهِ وَكِيلًا (١٧١)

«Әй, Кітап иелері! Діндеріңде артық кетпеңдер. Аллаһқа байланысты шындықты ғана айтыңдар» («ән-Ниса» сүресі, 171).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, қабірлерге табынушылар істейтін нәрселердің бір бөлігін – яғни олардың таухидке қайшы келетін көпқұдайшылық танытып, өлілерге қатысты істейтіндерін түсіндіріп өткен соң, бұл тарауда ол адамдар осының барлығын не үшін істейтіндерінің себептерін ашып көрсетеді. Осынысымен автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, адамдардың осыдан сақ болуын және ізгі-салиқалы кісілерге қатысты жасалатын осы артық кетушіліктерден аулақ болуын қалады.

Бұл аятта артық кетушіліктің (нысапсыздықтың) кез-келген түріне жалпы тыйым қамтылған, ол сондай-ақ ізгі-салиқалы адамдарға қатысты нысапсыздық танытуға деген тыйымды да өзіне қамтиды. Әрі осы аят Кітап иелеріне айтылған болса да, ол жалпы шариғи күшіне ие, яғни бүкіл үмметті қамтып, оның мүшелерін осындайды өздерінің Пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және ізгі-салиқалы адамдарына қатысты істеулерінен сақтандырады, мұны христиандар Исаға, ал яһудилер Узайрға (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) қатысты істегендеріндей.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта жеке тұлғаларға қатысты да әрі іс-амалдарда да артық кетушілік танытуға тыйым салынғандығына нұсқау бар.
2. Аятта яһудилерді, христиандарды және жеке тұлғаларға немесе іс-амалдарға немесе басқа да нәрселерге қатысты артық кетушілік танытуда оларға ұқсайтындарды теріске шығару бар.
3. Аятта адамдарды дінде және барлық істерде орташылдық ұстануға және салғырттық пен артық кетушілік

сияқты екі шектен шығушылықтан аулақ болуға ынталандыру бар.

4. Аятта көпқұдайшылықтан және оның себептерінен, әрі оған жетелейтін барлық нәрселерден сақтандыру бар.

Әл-Бухаридің «әс-Сахихында» Аллаһ Тағаланың: **“Олар зор айлакерлік ойластырды және: «Құдайларыңды тастамаңдар; Уад, Суағ, Яғус, Яғуқ және Насырды әсте тастамаңдар», - деді”** («Нұх» сүресі, 71: 21-23 аяттар)» - деген сөздеріне Ибн Аббастың жасаған тәпсірі келтірілген. Ол былай деді: «Бұл – Нұх қауымындағы салиқалы адамдардың есімдері. Олар қайтыс болғаннан кейін шайтан олардың қауымына өздері жиналатын орындарда олардың ескерткіштерін орнатуды әрі оларды солардың есімдерімен атауды үйретіп азғырды да, олар бұл азғыруды орындады. Олар осылай істеді, бірақ алғашында оларға құлшылық етпейтін. Бұл ескерткіштерді орнатқандар қайтыс болып, білім ұмытылған соң адамдар оларға құлшылық ете бастайды» (әл-Бухари 4920).

Ибн әл-Қайим былай деді: “Кейбір ертедегі мұсылмандар былай деп хабарлаған: «Олар қайтыс болғаннан кейін адамдар солардың қабірлерінде ыждағаттылықпен намаз оқитын болды, кейін олардың мүсіндерін орнатты, ал біраз уақыт өте келе, олар соларға құлшылық ете бастады»”.

Ибн Қайим – ғалым және имам, оның есімі Мухаммад ибн Абу Бакр ибн Аюб әз-Зари әд-Димашқи, ол шейхул-Ислам ибн Таймияның шәкірті, хижраның 751 жылы қайтыс болды. Ол көптеген атақты және пайдалы еңбектерін қалдырды.

Бұл хабарда ізгі-салиқалы адамдарға қатысты шектен шығушылық Аллаһтан басқа оларға құлшылық етудің себебі болғанына нұсқау бар.

Хабардан алынатын пайдалар:

1. Хабарда ізгі-салиқалы кісілерге қатысты артық кетушілік Аллаһтан басқа оларға құлшылық ету және дінді толық тәрк ету болып табылатынына нұсқау бар.

2. Хабарда бейнелер жасаудан және оларды ілуден сақтандыру бар, әсіресе, бұл мүсіндер мен әлдебір ұлы тұлғалардың суреттеріне қатысты.

3. Хабарда шайтанның айласынан сақтандыру әрі шайтан

үнемі өтірікті ақиқат түрінде көрсететініне нұсқау бар.

4. Хабарда бидғаттар мен дінге енгізілген жаңалықтардан сақтандыру бар, тіпті мұны істеушінің ниеті игі болса да.

5. Хабарда онда келтірілген барлық нәрселер көпқұдайшылыққа алып баратын себептер екеніне, әрі сондықтан да одан сақтану қажет екеніне нұсқау бар.

6. Хабарда білімнің бар болуының пайдасын дұрыс түсінуге және оны жоғалтудың зиянына нұсқау бар.

7. Хабарда білімді жоғалтудың себебі ғалымдардың дүниеден өтуі болып табылатынына нұсқау бар.

8. Хабарда соқыр ілесушіліктен сақтандыру бар әрі бұл әлдебіреуге соқыр түрде ілесушіні Исламнан шығаруы мүмкін екеніне нұсқалады.

“Умардың, оған Аллаһ разы болсын, сөздерінен ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Христиандар Мәриям ұлы Исаны ұлықтағанындай мені ұлықтамаңдар. Мен бар болғаны құлмын, сондықтан да: «Аллаһтың құлы әрі Оның Елшісі», - деп айтыңдар», – дегенін естігені туралы жеткізілген” (Бухари 3445, Ахмад 55, 47, 24, 23/1).

Умар, оған Аллаһ разы болсын – бұл Умар ибн Хаттаб ибн Нуфайл әл-Қураши әл-Әдий, мүминдердің әмірі, Абу Бакр әс-Сыддықтан кейінгі ең жақсы сахаба, Аллаһ оларға разы болсын. Хижраның 23 жылының зул-хижжа айында қайтыс болды.

Бұл хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзіне қатысты артық кетушілікке, яғни адамдар оған раббылық (рубубия) сипаттың кейбірін тели бастауына тыйым салды, ал бұда артық кетушіліктің тыйым салынғандығына әрі ол көпқұдайшылыққа алып келетініне нұсқау бар, бұл христиандармен Исаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қатысты орын алғанындай.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мақтауда, адамдар оны өз мақтауларымен Аллаһтың құлы әрі елшісі деген мәртебесінен асырып жіберетіндей етіп шектен

шығуға тыйым салынғандығына нұсқау бар.

2. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметіне қатысты ықыластылығының күшіне нұсқау бар.

3. Хадисте ізгі-салиқалы кісілерді шектен тыс ұлықтау көпқұдайшылыққа түсудің себебі болатынына нұсқау бар.

4. Хадисте кәпірлерге ұқсап-еліктеудің тыйым салынғандығына нұсқау бар.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Шектен шығушылықтан сақтаныңдар, өйткені шектен шығушылық сендерден бұрынғыларды опат етті»*, - деді (Ахмад «Муснадта» 347 215/1, Ибн Мәжаһ 4029, Ибн Хазм 2867, Хаким 466/1).

Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, бұл хадисті, оны жеткізушісін атамай, келтірді. Ахмад, әт-Тирмизи және Ибн Мәжаһ оны Ибн Аббастан келтіреді.

Бұл хадисте шектен шығушылыққа бір мағыналы түрде тыйым салынған және ол бұл дүниеде де, Ақыретте де опат болудың себебі екеніне нұсқалады. Әрі бұл тыйым ізгі-салиқалы адамдарға қатысты шектен шығушылықты тіптен қамтиды, өйткені ол көпқұдайшылықтың себебі болып табылады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте шектен шығушылыққа деген тыйым және оның кесірлі салдарын түсіндіру бар.

2. Хадисте бізден бұрын өмір сүрген қауымдардың қателіктерінен, өзіміз сондайды істемеуіміз үшін, ғибрат алу қажет екеніне нұсқау бар.

3. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметін көпқұдайшылықтан және оған алып баратын нәрселерден құтқаруға бүкіл ынта-жігерімен ұмтылғанына нұсқау бар.

4. Хадисте құлшылық-ғибадатта әрі басқа барлық

нәрселерде де орташылдық ұстануға, яғни артық кетушілік пен осалдық сияқты екі шектен шығушылықтың арасында орташыл болуға деген ынталандыру бар

5. Хадисте ізгі-салиқалы адамдарға қатысты шектен шығушылық көпқұдайшылыққа алып баратын себеп екеніне нұсқау бар.

6. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көпқұдайшылыққа түсуден қандай қорыққандығына және ол одан қаншалықты ынталы түрде сақтандырғанына нұсқау бар.

Муслим Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Артық кетушілер жоқ болып жойылды»*, - деп айтып, осыны үш рет қайталағандығы туралы Ибн Масғудтың хадисін жеткізеді (Муслим 2680, Абу Дауд 4608, Ахмад 386/1).

Бұл хадисте әлдебір нәрсеге шектен тыс тереңдеп ену тыйым салынған артық кетушілік екеніне нұсқау бар. Әрі осыған сондай-ақ көпқұдайшылыққа алап баратын ізгі-салиқалы адамдарды шектен тыс ұлықтау да жатады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте әрбір нәрседе, әсіресе, ғибадатта және ізгі адамдарды ұлықтауда шектен шығушылықтан аулақ болуға ынталандыру бар.

2. Хадисте бүкіл істерде орташылдық ұстануға ынталандыру бар.

3. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметін құтқаруға деген ұмтылысына әрі осыда ынта-жігер танытқанына нұсқау бар.

ЖИЫРМАСЫНШЫ ТАРАУ:

Ізгі салиқалы адамның өзіне немесе оның қабіріне құлшылық етуді айтпағанның өзінде, Аллаһқа ізгі-салиқалы адамның қабірінің жанында құлшылық етуге болмайтындығы туралы

Әл-Бухари мен Муслимнің «әс-Сахихтарында» (бірде) Умм Сәләма Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Эфиопияда көрген шіркеуі және ондағы иконалар туралы баяндағаны жайындағы Айшаның хадисі келтіріледі. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Оларда салиқалы кісі немесе (Аллаһтың) ізгі пендесі қайтыс болса, оның қабірінің үстіне ғибадатхана құрады да, оның ішіне осы суреттерді салады. Қиямет Күні мұндай адамдар Аллаһтың алдында жаратылыстардың ең жамандары болып шығады»* (әл-Бухари 427, Муслим 528, Ахмад 51/2).

Әрі қарай шейх шейхул-Ислам ибн Таймияның: *«Олар (бір мезгілде) екі бүлікке: қабірлердің бүлігіне және бейнелердің бүлігіне - түсті (қабірлермен азғырылуға және бейнелермен азғырылуға)»*, - деген сөздерін келтіреді.

Умм Сәләма – бұл мұминдердің анасы Хинд бинт Аби Умаййя әл-Махзумия әл-Қурашия, һижраның 62 жылы қайтыс болды, Аллаһ оған разы болсын.

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Бұл тарауда Аллаһқа құлшылық ету көпқұдайшылыққа алып баратын және бірқұдайшылыққа қарама-қайшы келетін себеп болып табылатындығының түсіндірмесі қамтылған.

Бұл хадисте ізгі-салиқалы адамдардың қабірінің жанында Аллаһқа құлшылық етуге тыйым салынғандығына айқын нұсқау қамтылған, себебі бұл христиандардың амалы болып табылады, әрі мұндайды істеген адам жаратылыстардың ең нашары болып табылады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте ізгі адамдардың қабірлерінің жанында Аллаһқа құлшылық етуге тыйым салынғандығына нұсқалады, өйткені бұл көпқұдайшылыққа алып келетін нәрсе әрі христиандардың амалы

болып табылады.

2. Хадисте мұсылмандарды көпірлердің амалдарынан сақтандыру үшін, олардың істеп жатқан істері туралы айтуға рұқсат етілетініне нұсқау бар.

3. Хадисте тірі жандардың бейнесін мүсіндеудің немесе суретін салудың тыйым салынғандығына нұсқау әрі мұндайдан сақтандыру бар, өйткені мұның барлығы көпқұдайшылыққа алып келеді.

4. Хадисте кім ізгі-салиқалы адамның қабірінің жанында мешіт құратын болса, сол жаратылыстардың ең жаманы екеніне нұсқау бар, тіпті оның ниеті жақсы болған болса да.

Айша мен Абдуллаһ ибн Аббастың, Аллаһ оларға разы болсын, сөздерінен былай деп жеткізілген: «Өзінің дәл қайтыс болуының алдында Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жамылғысын бетіне жаба бастады да, ал (дем алуы) қиындаған соң, оны бетінен алып тастады, әрі осындай болған күйінде: **«Өздерінің пайғамбарларының қабірлерін намаз оқу орындарына айналдырған яһудилер мен христиандарды Аллаһ лағынеттесін!»**, - деп, (мұсылмандарды осы адамдар) істеген нәрселерді қайталаудан сақтандырып ескертті. Әрі егер оның (осы) сөздері болмағанда, (сахабалар) оны ашық жерге жерлейтін еді. Алайда (адамдар) оның қабірін мешітке айналдырады деген қауіппен бұл орындалмады» (әл-Бухари 435, Муслим 531).

Бұл хадисте Аллаһқа пайғамбарлардың қабірлерінің алдында құлшылық етуге және оларды мешіттерге айналдыруға деген тыйым бар, өйткені мұның барлығы адамды Аллаһқа серік қосуға алып келеді.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте пайғамбарлар мен ізгілердің қабірлерін Аллаһқа құлшылық жасалатын мешіттерге айналдырудың тыйым салынғандығына нұсқау бар, өйткені мұның барлығы көпқұдайшылыққа алып келеді.

2. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) таухидке қатысты қамқорлығының және ықылас-

ілтпатының күштілігіне, сондай-ақ өз қабірінің ұлықталатынынан қорыққанына нұсқау бар, өйткені мұның барлығы көпқұдайшылыққа алып келеді.

3. Хадисте христиандар мен қабірлерге ғимараттар соғу және оларды мешіттерге айналдыру сияқты олардың амалдарына ұқсас амалдарды істейтіндерді лағынеттеудің рұқсат етілгендігіне нұсқау бар.

4. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үйінде жерленгенінің даналығына нұсқау бар: бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірі адамдар үшін бүлікке айналмауы үшін істелген болатын.

5. Хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адам болғанына, әрі онымен де адамдармен орын алатын өлім және өлімнің алдындағы жанталас орын алғанына нұсқау бар.

Муслим Жундуб ибн Абдуллаһтың (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндағанын жеткізген: *«Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуынан бес күн бұрын былай деп айтқанын естідім: “Мен сендердің араларыңнан сүйіктім болмағанына қатысты Аллаһтың алдында тазамын. Аллаһ Ибраһимді Өзінің сүйіктісі еткеніндей, мені де Өзінің сүйіктісі етті. Бірақ маған өз үмметімнің ішінен сүйікті таңдап алуға тура келгенде, мен Абу Бакрді таңдар едім.*

Расында, сендерден бұрыңғылар өз пайғамбарларының қабірлерін ғибадатханаларға айналдырды. Бірақ сендер қабірлерді мешіттерге айналдырмаңдар, өйткені мен сендерге мұны тыйым саламын”» (Муслим 532).

Жундуб ибн Абдуллаһ ибн Суфиян әл-Бәжали – атақты сахаба, шамамен 60 жасында қайтыс болды, оған Аллаһ разы болсын.

Абу Бакр әс-Сыддық – Абдуллаһ ибн Усман ибн Амир ибн Амр ибн Қааб әт-Тайми, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) халифасы. Ол мұсылмандардың бірауызды келісімі бойынша – сахабалардың ең жақсысы. Һижраның 13 жылы 63 жасында қайтыс болған, оған Аллаһ разы болсын.

Бұл хадисте қабірлерді, бұны христиандар мен яһудилер әрі басқа да бидғатшылар істейтіндеріндей, құлшылық орындарына айналдыруға деген тыйым бар, өйткені бұл көпқұдайшылыққа алып келетін құрал болып табылады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте қабірлерді ғибадат жасау орындарына айналдырудың, олардың жанында намаз оқудың, олардың үстіне күмбез-кесенелер құрудың тыйым салынғанына, әрі бұл тыйым адамдарды осы себепті көпқұдайшылыққа түсулерінен қорғау үшін салынғанына нұсқау бар.

2. Хадисте көпқұдайшылыққа алып баратын барлық жолдарды жабуға нұсқау бар.

3. Хадисте Қасиетт әрі Пәк Аллаһ Тағала Өзінің ұлылығына сәйкес болған болған сипатта сүйетініне нұсқау бар.

4. Хадисте Аллаһтың қос сүйіктісі: Ибраһимнің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) және Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) артықшылықтарына нұсқау бар.

5. Хадисте Абу Бакр әс-Сыддықтың артықшылығына әрі ол осы үмметтің ішіндегі бір мағыналы түрде ең жақсы адам екеніне нұсқау бар.

6. Хадисте Абу Бакр әс-Сыддықтың Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейінгі заңды халифа болып табылатынына нұсқау бар.

Ол мұны өмірінің соңында тыйым салды әрі тіпті өлім аузында бола тұра, мұндайды жасайтындарды лағынеттеді.

Ал тыйым салынған іс-амалдарға қабірлерде намаз оқу да жатады, тіпті оның үстіне еш нәрсе құрылмаған болса да. Осыда Пайғамбар қабірі мешітке айналу қауіпі бар екендігі туралы Айшаның сөздерінің мән-мағынасы жатыр. Әрине, сахабалар оның қабірінің үстіне мешіт құрудан алыс болатын, бірақ егер адам намазды белгілі бір орында орындауға ұмтылса, ол сонысымен әлгі орынды мешітке айналдырады. Бұдан қалса, намаз орындалатын кез-келген орын мешіт деп аталады, өйткені

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «...*Жер мен үшін мешіт, таза әрі тазартушы етілді*», - деп айтты (әл-Бухари 1/369, 370 және 444, Муслим (521)).

Шейхул-Исламның бұл сөздеріне осы тарауда келген хадистер нұсқайды.

Ахмад жеткізушілердің жақсы тізбегімен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Адамдардың ішіндегі ең жамандары - солардың өмір сүру кезінде Қиямет басталатын (адамдар) және қабірлерді мешіттерге айналдыратындар*», - деп айтқаны туралы Ибн Масғудтың хадисін жеткізген. Бұл хадисті сондай-ақ Абу Хатим де “әс-Сахихта” жеткізген (Ахмад «Муснадта» 435/1, Ибн Хиббан өзінің жинағында 340).

Хадисте адамдарды қабірлерді мешіттерге айналдырудан және оларда намаз оқудан, және олардан құт-береке іздеуден сақтандыру қамтылады, өйткені мұның барлығы көпқұдайшылыққа алып келеді.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте қабірдің қасында намаз оқудан сақтандыру бар, өйткені бұл көпқұдайшылыққа алып келеді.
 2. Хадисте ізгі-салиқалы адамдардың қабірлерін мешітке айналдыратын адамдар жаратылыстардың ең жамандары екеніне нұсқау бар, тіпті олардың осындағы мақсаты Аллаһқа жақындау болса да.
 3. Хадисте Қиямет Күні жер бетінде ең жаман адамдар өмір сүретін кезде орын алатынына нұсқау бар.
 4. Хадисте көпқұдайшылықтан және оған алып келетін әрі жақындататын нәрселерден сақтандыру бар, осыған жүгінетін адамның ниеті қандай болса да.
-

ЖИЫРМА БІРІНШІ ТАРАУ:

Ізгі-салиқалы адамдардың қабірлерін шектен тыс

құрметтеу олардан Аллаһтан басқа құлшылық жасалатын пұттар жасайтыны туралы

Имам Мәлик өзінің «Мууатта» атты хадистер жинағында Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан хадисін жеткізеді: *«Я, Аллаһ! Менің қабірімді құлшылық жасалатын пұтқа айналдырма. Ақиқатында, пайғамбарларының қабірлерін зинабат орындарына айналдырған адамдарға Аллаһтың ашу-ызасы қатты»* (Мәлик «Мууатта» 85, Ахмад «Муснад» 246/2).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осыдан бұрынғы тарауда ізгі-салиқалы кісілерге қатысты артық кетушіліктен сақтандыру жасаған соң, олардың қабірлеріне қатысты артық кетушілік те таухидке қайшы келетін көпқұдайшылыққа алып келетінін түсіндіргісі келді, ал бұл – қайтыс болған адамдарға сиыну. Осынысымен ол қабірлерге қатысты артық кетушілік танытудан сақтандырғысы келді.

Имам Мәлик – бұл имам Мәлик ибн Әнас ибн Мәлик ибн Аби Амир Асбахи, Мәдинаның имамы, төрт атақты имамның бірі, хижра жыл санауы бойынша 179 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Бұл хадисте қабірлерге қатысты артық кетушілік адамдардың оларға құлшылық етуіне алып келетініне нұсқау бар, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Я, Аллаһ! Менің қабірімді құлшылық жасалатын пұтқа айналдырма»*, - деді. Әрі ол мұны *«Ақиқатында, пайғамбарларының қабірлерін зинабат орындарына айналдырған адамдарға Аллаһтың ашуы қатты»* деген сөздермен түсіндірді.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте пайғамбарлардың қабірлеріне қатысты артық кетушілік адамдардың оларды құлшылық жасай бастайтын пұттарға айналдыратынына нұсқау бар.

2. Хадисте қабірлерге қатысты артық кетушіліктердің бірі оларды құлшылық-ғибадат орындарына айналдыру болып табылатынына әрі бұл көпқұдайшылыққа алып келетініне нұсқау бар.

3. Хадисте Пәк Аллаһ Тағаланы Оның ұлылығына сай болған «ашу» сипатымен сипаттау бар.

Ибн Жәрир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) Мансурдан Мужәһидтің Аллаһ Тағаланың:

أَفَرَأَيْتُمُ اللَّاتَ وَالْعُزَّىٰ (۱۹)

«Ләт пен Уззаны көрдіңдер ме?» («ән-Нәжм» сүресі, 19-аят), - деген сөздері туралы: «Ол (Ләт) оларға жармадан ботқа жасап беретін еді, ал ол өлген соң адамдар оның қабірінде құлшылық жасайтын болды», - деп айтқандығы туралы Суфиянның хадисін жеткізді. Тура осыны Абу Жәуза Ибн Аббастан оның: «Ол қажыларға жармадан ботқа пісіріп беретін еді», - деп айтқанын жеткізген.

Ибн Жәрир – бұл имам-хафиз Мухаммад ибн Жәрир әт-Табари, Құранның негіз салушы сәләфи тәпсірі болып саналатын негізгі тәпсірдің құрастырушысы. Ол һижраның 310 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Суфиян – бұл атақты имам Суфиян ибн Саид әс-Саури болуы мейлінше ықтимал, ол һижраның 161 жылы қайтыс болған, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Мансур – бұл Ибн Муутамир, атақты фақиһ, һижраның 132 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Мужәһид – бұл Ибн Жәбир, тәпсір ғылымындағы атақты имам, Ибн

Аббастан және басқа ғалым-сахабалардан білім алған табиғин. Ол хижраның 104 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Абу Жәуза – бұл Аус ибн Абдуллаһ әр-Рабаи, көпке танымал атақты кісі, хижраның 83 жылы қайтыс болған, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Бұл баяндалған хабардың осы тарауға сәйкестілігі:

Арабтардың әл-Ләтқа құлшылық ете бастауының себебі - олардың оның қабіріне қатысты танытқан артық кетушілігі болғанында.

Ибн Аббастан (Аллаһ олардың екеуіне разы болсын) оның былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірлерді зиярат ететін әйелдерді және олардың үстіне мешіттер құратындар мен шырақ жағатындарды лағынеттеді»* (Абу Дауд 3236, әт-Тирмизи 320, Ибн Мәжаһ 1575, Ахмад «Муснадта» 337, 324, 287, 229/1).

Бұл хадисте қабірлерге қатысты артық кетушілікке тыйым салынғандығына нұсқау бар, өйткені бұл оларды кейіннен адамдардың құлшылық ететін пұттарына айналдырады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте қабірлерге қатысты артық кетушіліктерге тыйым салынғандығына нұсқау бар, өйткені бұл көпқұдайшылыққа, яғни адамдар оларға құлшылық ете бастауына алып келеді.
2. Хадисте қабірлердің үстіне шырақ жағуға тыйым салынғандығына нұсқалады, өйткені бұл да адамдардың осы қабірлерге құлшылық жасауына алып келетін себеп болып табылады.
3. Хадисте қабірлерге қатысты артық кетушілік ауыр күнәларға жататынына нұсқау бар.

4. Хадисте қабірлердің қасында намаз оқу қабір орындары лас болғандықтан емес, көпқұдайшылықтан қауіптену себебінен тыйым салынғандығына нұсқау бар, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірлерді мешітке айналдыратындар мен оларға шырақ жағатындарды дәл осы үшін бірге атап айтты әрі лағынеттеді, бірақ қабірлердің құлшылық жасау үшін лас болып табылатындығы себебінен емес.

ЖИЫРМА ЕКІНШІ ТАРАУ:

Таңдаулы Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) таухидтің қолсұғылмаушылығын қорғайтын, әрі ширкке алып баратын кез-келген жолға бөгет қоятын

Аллаһ Тағала былай деді:

لَقَدْ جَاءَكُمْ رَسُولٌ مِنْ أَنْفُسِكُمْ عَزِيزٌ عَلَيْهِ مَا عَنِتُّمْ حَرِيصٌ عَلَيْكُمْ بِالْمُؤْمِنِينَ رَءُوفٌ رَحِيمٌ (١٢٨)

«Расында, сендерге іштеріңнен ардақты бір Пайғамбар келді. Оған қиналуларың ауыр тиеді. Сендерге өте ынтық, мұминдерге өте жұмсақ, ерекше рахымды» («әт-Тәуба» сүресі, 128-аят).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осыдан алдыңғы тарауларда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірқұдайшылықтың қолсұғылмаушылығын қорғағандығын жалпы түсіндіріп өткен соң, осы тарауда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірқұдайшылықты қорғағанына жеке тоқтауды жөн көрді.

Бұл аятта келтірілген Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сипататтары оның өз үмметін ең үлкен күнә болып табылатын көпқұдайшылықтан сақтандырғанына әрі осы сақтандыру оның миссиясының ең басты мақсаты болғанына нұсқайды.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметін көпқұдайшылықтан сақтандырғанына әрі оны одан алыстатқанына, және көпқұдайшылыққа алып баратын кез-келген жолды жапқанына нұсқау бар.

2. Аятта Аллаһ Тағаланың Өз пенделеріне осы ардақты Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жібергенінде әрі ол олардың өздерінің ішінен болғанында көрініс табатын Оның құлдарына деген мейіріміне нұсқау бар.

3. Аятта Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шежіресін мақтау, оның тегі араб екеніне әрі ол өзінің шаңырағымен және шежіресімен олардың ең құрметтісі екеніне нұсқау бар.

4. Аятта оның мұминдерге деген жұмсақтығы мен рақымдылығына ерекше нұсқау бар.

5. Аятта оның кәпірлер мен екіжүзділерге қатысты қаталдығы мен қатаңдығына нұсқау бар.

Абу Хурайра (оған Аллаһ разы болсын) адамдарға Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндайтын: *«Үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар, әрі менің қабірімнен адамдар оған мерзімді түрде жиналып тұратын орын жасамаңдар. Мен үшін салауат тілеңдер, өйткені сендердің салауаттарың қайда болсаңдар да маған жетеді»* (Абу Дауд 3422, имам Ахмад «Муснадта» 367/2, шейх әл-Әлбани «Сахих әл-жәмиде» 7226 хадистің сахихтығын растаған).

Бұл хадисте көпқұдайшылыққа қарсы айқын дәлел және оған алып баратын барлық жолдарды жабуға деген нұсқау келген. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірлердің жанында намаз оқуға болмайтынына нұсқады және өзінің қабірінің жанында жиналуға немесе оны мерзімді және тұрақты түрде зиярат жасауға тыйым салды, өйткені мұның барлығы көпқұдайшылыққа алып келеді.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте қабірдің қасында намаз оқу немесе

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне қатысты оны адамдар жиналатын орынға айналдырып, оған тұрақты әрі мерзімді түрде оралып және осыны жеке рәсім ететіндей артық кету сияқты көпқұдайшылыққа алып баратын жолдарды жабуға нұсқау бар.

2. Хадисте Пайғамбар үшін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жер бетінің кез-келген бөлігінде салауат айтудың заңды екеніне нұсқау бар.

3. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің жанында тұратын адамда ешқандай ерекше мәртебе болмайтынына нұсқау бар.

4. Хадисте тек Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін зиярат ету үшін ғана сапарға шығуға тыйым салынғанына нұсқау бар.

5. Хадисте таухидтің қолсұғылмаушылығын қорғауға нұсқау бар.

Али ибн әл-Хусайнның бірде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне тақала жақындай келе, сол жерде Аллаһқа дұға етіп жалбарынған адамды көргені туралы жеткізілген. Али оған мұны істеуге тыйым салып, былай деді: *«Мен сендерге өзімнің әкемнен атам (Али ибн Абу Талибтің) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын естігені туралы естігенімді хабарлайын ба: “Менің қабірімнен адамдар мерзімді түрде жиналатын орын жасамаңдар, әрі үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар, өйткені сендердің сәлемдерің қай жерде болсаңдар да маған жетеді”»* (Бұл хадисті әл-Мақдиси “әл-Мухтарда” келтіреді).

Али ибн әл-Хусайн – бұл Али ибн әл-Хусайн ибн Али ибн Абу Талиб, ең жақсы табиғиндердің бірі, хижраның 93 жылы қайтыс болды.

Бұл хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін дұға етудің құралы ретінде пайдалануға тыйым салынғандығына нұсқау бар. Әрі ардақты Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің үкімі осындай болатын болса, онда

басқа қабірлерді оларда дұға етіп жалбарынатын орындарға айналдыруға тіпті де рұсқат етілмейді, өйткені бұл қабірді тұрақты зиярат етілетін орынға айналдырады, ал бұл көпқұдайшылыққа алып келеді.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте таухидтің қолсұғылмаушылығын қорғау үшін Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің жанында Аллаһқа дұға етіп жалбарынуға тыйым салынғандығына нұсқау бар.

2. Хадисте айыпты нәрсені айыптаудың және білімсіздерді үйретудің заңды екеніне нұсқау бар.

3. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін зиярат ету ниетімен сапарға шығудың тыйым салынғандығына әрі осы тыйым таухидті қорғауға бағытталғанына нұсқау бар.

4. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін зиярат етудің шариғи себебі тек оған сәлем беру ниеті ғана бола алатына әрі оған берілген сәлем жақын жердегіден де, алыстағыдан да жететініне нұсқау бар.

ЖИЫРМА ҮШІНШІ ТАРАУ:

Бұл үмметтің бір бөлігі пұттарға табынатындығы туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

أَلَمْ تَرَ إِلَى الَّذِينَ أُوتُوا نَصِيحًا مِّنَ الْكِتَابِ يُؤْمِنُونَ بِالْحُبِّ وَالطَّاعَةِ وَيَقُولُونَ لِلَّذِينَ كَفَرُوا هَؤُلَاءِ أَهْدَىٰ مِنَ الَّذِينَ آمَنُوا سَبِيلًا (٥١)

«Сондай Кітаптан үлес берілгендерге қарамадың ба? Олар пұтқа, шайтанға сенеді де, кепірлерді: «Бұлар мұминдерден көрі туралау жолда», - дейді» («ән-Ниса» сүресі, 51-аят).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Автор бірқұдайшылықты және оған қайшы келетін нәрселерді атап айтқаннан кейін, бұл үмметте міндетті түрде көпқұдайшылық орын алатынын да атап айтты. Әрі оның осындағы мақсаты қабірлерге табынып ширк жасайтын әрі осы орайда: «Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметінде ширк орын алуы мүмкін емес, өйткені

мұсылмандар «Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі» деген куәлікті айтады ғой», - деп айтатындарды теріске шығару болатын.

Бұл аятта егер Кітап иелері пұттарға табынған болса, онда Құран түсірілген Пайғамбардың үмметі де пұттарға табынатын болытындығына нұсқау бар. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің үмметінің адамдары Кітап иелерінің өнегесіне ілесетіні туралы әрі мұсылмандар, тіпті христиандар мен яһудилердікі дұрыс емес екендігін біле тұра, бәрібір соларға ұқсап-еліктейтінін хабарлаған болатын.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта бұл үмметте барлық кезде пұтқа табынатын әлдебіреулер болатынына нұсқау бар, бұл яһудилермен және христиандармен орын алғанындай.
 2. Аятта «жибт пен тағутқа сену» деген сөз мағыналық жағынан «соларға сенетіндердің адасып және өтірік айтып жатқандығын біле тұра, оларға ілесу» дегенді бірдіретініне нұсқау бар.
 3. Аятта жибт пен тағутқа сенбеу барлық Иләһи Кітаптарда парыз болғанына нұсқау бар.
 4. Аятта білімге сәйкес амал ету міндетті екеніне, әрі кімнің амалдары білімге сәйкес болмаса, сол яһудилер мен христиандарға ұқсап-еліктейтініне нұсқау бар.
-

Пәк Аллаһ Тағала былай деді:

قُلْ هَلْ أُنَبِّئُكُمْ بِشَرٍّ مِنْ ذَلِكَ مَثُوبَةً عِنْدَ اللَّهِ مَنْ لَعَنَهُ اللَّهُ وَغَضِبَ عَلَيْهِ وَجَعَلَ مِنْهُمْ الْقِرَدَةَ وَالْخَنَازِيرَ وَعَبَدَ الطَّاغُوتِ أُولَئِكَ شَرٌّ مَكَانًا وَأَضَلُّ عَنْ سَوَاءِ السَّبِيلِ (٦٠)

«(Оларға:) «Сендерге Аллаһтың қасында жаза тұрғысынан бұдан да жаманын хабарлайын ба? Олар – Аллаһ оларды лағынеттеп, оларға ашуланған, және оларды маймылдар мен доңыздарға айналдырғандар, және тағутқа табынғандар», - де» («әл-Мәида» сүресі, 60-аят).

Бұл аятта егер Кітап иелерінің арасында Аллаһтан басқа тағутқа табынғандар болған болса, онда бұл үмметте де осындай амалдарды жасайтындар болатынына нұсқалады.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта осы үмметте де, бұл тағутқа табынған яһудилер мен христиандардың үмметінде орын алғаны сияқты, міндетті түрде көпқұдайшылық орын алатынына нұсқау бар.
2. Аятта егер адасушылар өздеріндегі қателіктерді табанды түрде мойындамай жатса, олардың осы қателіктерін түсіндіру мақсатында олармен айтысудың заңды екеніне нұсқау бар.
3. Аятта сый-жаза амалдар үшін және амалдарға сәйкес болатынына нұсқау бар.
4. Аятта Аллаһ Тағала Өзін ашуланатындығымен және күнәхарларды лағынеттейтінімен сипаттағанына нұсқау бар.
5. Аятта шайтанға ілесу Қасиетті әрі Пәк Аллаһқа серік қосудың негізгі себебі болып табылатындығына нұсқау бар.

Аллаһ Тағала былай деп айтты:

قَالَ الَّذِينَ غَلَبُوا عَلَىٰ أَمْرِهِمْ لَنَتَّخِذَنَّ عَلَيْهِم مَّسْجِدًا (۲۱)

“Ал олардың іс басындағылары: «Біз міндетті түрде олардың үстіне мешіт тұрғызамыз», - деді” («әл-Кәһф» сүресі, 21-аят).

Бұл аятта осы үмметте де, олардан бұрынғы қауымдар істегендері сияқты, қабірлердің үстіне мешіт құратындар болатынына нұсқау бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта қабірлердің үстіне мешіт құрудың тыйым салынғанына нұсқау және адамдарды осыдан сақтандыру бар, өйткені бұл көпқұдайшылыққа алып келеді.
2. Аятта бұл үмметте де, олардан бұрынғылар істегендері сияқты, қабір басына мешіт құратындар болатынына нұсқау бар.
3. Аятта ізгі-салиқалы адамдарға қатысты артық кетушіліктен сақтандыру бар.
4. Аятта қабірлердің үстіне мешіттер құру ізгі-салиқалы адамдарға қатысты артық кетушілік екеніне нұсқау бар.

Абу Саидтың, оған Аллаһ разы болсын, сөздерінен оның былай деп айтқаны жеткізіледі: *“(Бірде) Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Ақиқатында, сендер өздеріңнен бұрын өмір сүргендердің әдетіне ізбе-із және шынтақ-шынтақпен ілесетін боласыңдар. Тіпті егер олар кесірткенің ініне кіріп кетсе де, сендер де міндетті түрде солардың ізінен еріп кететін боласыңдар!» Біз: «Уа, Аллаһтың Елшісі, сіз яһудилер мен христиандарды меңзеп тұрсыз ба?», — деп сұрадық, ал ол: «Басқа кімді?!», - деп жауап берді”* (әл-Бухари, 3456; Муслим, 2669).

Бұл хадисте осы үмметте көпқұдайшылық орын алатынына, өйткені ол одан бұрыңғы қауымдарда да болғанына нұсқау бар. Онда сондай-ақ осы үммет өзінен бұрын өмір сүрген қауымдарға ұқсап-еліктейтініне нұсқалады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте осы үмметте де, одан бұрын өмір сүрген қауымдардағыдай, көпқұдайшылық орын алатынына нұсқау бар.
2. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз заманында болмаған, бірақ кейіннен орын алған нәрселерден сақтандырғанында көрініс тапқан оның көрсеткен аят-мұғжизасына нұсқау бар.
3. Аятта кәпірлерге ұқсап-еліктеуден сақтандыру бар.
4. Аятта кәпірлер істейтін Аллаһқа серік қосу және Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағала тыйым салған басқа да осы сияқты нәрселерден сақтандыру бар.

Саубаннан, оған Аллаһ разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *“Ақиқатында, Аллаһ менің алдыма жерді жайып тастады да, мен оны шығыстан батысқа дейін (түгел) көрдім. Әрі шындығында да, менің үмметім маған көрсетілген нәрсенің үстінен билік алады. Және маған екі: ақ және қызыл қазына берілді (парсылар мен византиялықтардың).*

Әрі мен Раббымнан Ол менің үмметіме көптеп апаттарды жіберіп, оларды опат етпеуін және өз қатарларынан болған дұшпаннан өзге ешкім олардың үстінен жеңіске жетпеуін және олардың жерін иемденбеуін сұрадым. Және Раббым: «Уа, Мухаммад! Ақиқатында, егер Мен бір нәрсені шешсем, ол болмай қоймайды. Ақиқатында, Мен сенің үмметіңе көп апаттар жіберіп опат етпейтінімді сыйладым. Әрі олар бірін-бірі құртып-жойып және тұтқындай бастамайынша, Мен олардың өздерінің ішіндегі дұшпандарынан өзге дұшпандарына үмметіңнің үстінен билік алуына жол бермеймін, тіпті оларға қарсы жердің барлық бөлігінен әскер жиналса да!», – деп жауап берді” (Муслим 2889).

Әл-Баркани өзінің жинағында келтіретін нұсқада былай деп қосылған:

«Расында, мен үмметімде адасушылыққа салатын имамдардың пайда болуынан қауіптенем. Әрі егер олардың төбесінен қылыш түссе, онда ол Қияметке дейін көтерілмейді (қайта алынбайды). Әрі менің үмметімнің тірі қалғандары көпқұдайшылдарға қосылмайынша және олардың бір бөлігі пұттарға құлшылық ете бастамайынша (Қиямет) Сағаты келмейді. Әрі менің үмметімде отыз өтірікші дүниеге келеді. Олардың әрқайсысы өзін пайғамбар деп жариялайды, ал (шындығында) мен – пайғамбарлардың соңғысымын, әрі менен кейін пайғамбар болмайды. Бірақ менің үмметімде үнемі ақиқатты ұстанатын әрі жеңіске жететін бір топ адамдар болады, және оларды көмексіз қалдырғандар оларға Аллаһтың әмірі келмейінше зиян тигізе алмайды».

Саубан – пайғамбарымыз Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) азат етілген құлы. Ол үнемі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жанында болатын. Һижраның 54 жылы 60 жасында қайтыс болды, оған Аллаһ разы болсын.

Бұл хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның үмметінен болған кейбір топтардың пұттарға табынатындығы туралы хабарлады, әрі бұда «бұл үмметте ширк орын алуы мүмкін емес» деп айтатындарды теріске шығару бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте бұл үмметте көпқұдайшылық орын алатынына әрі осыны мойындамайтындарды теріске шығару бар.

2. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болашақта орын алатын нәрселер туралы хабарлауында көрініс тапқан оның муғжизаларының бір муғжизасына нұсқау бар.

3. Аятта Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметі үшін бұл дүниенің ең ұлы нығметі болған таухид деп аталатын ең игі және ең басты нәрсені тілегенінде көрініс тапқан оның рахымдылығының кемелдігіне нұсқау бар. Онда сондай-ақ ол өзінің үмметі үшін, олар көпқұдайшылыққа қарама-қайшы келетін амалдар, әрі олардың ішіндегі ең жаманы болған көпқұдайшылық істейтінінен қорыққандығына нұсқау бар.

4. Хадисте бұл үмметті келіспеушіліктерден әрі адасушылыққа шақырушылардан сақтандыру бар.

5. Хадисте Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлардың мөрі (соңғысы) екеніне нұсқалады.

6. Хадисте ақиқат толығымен жойылмайтыны әрі оны ұстанатын адамдар қалатыны, әрі оларды көмексіз қалдырғандар оларға зиян тигізе алмайтыны туралы игі хабар бар.

ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ ТАРАУ:

Сиқыр туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

وَلَقَدْ عَلَّمُوا لِمَنْ اشْتَرَاهُ مَا لَهُ فِي الْآخِرَةِ مِنْ خَلَقٍ

«Расында, олар осыны иемденгендерге (Аллаһтың Кітабының орнына сиқыр үйренгенге) Ақыретте несібе жоқтығын білді» («әл-Бақара» сүресі, 102-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

يُؤْمِنُونَ بِالْجِبْتِ وَالطَّاغُوتِ

«Олар жибт пен тағутқа сенеді» («ән-Ниса» сүресі, 51-аят).

Умар, оған Аллаһ разы болсын, былай деді: «Жибт – бұл сиқыр.

Тағут – бұл шайтан».

Жәбір, Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын, былай деді: «Тағуттар – бұл оларға шайтандар түсетін сәуегей-көріпкелдер, әрі әр (тайпада) бір-бір көріпкелден бар болатын»».

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Сиқыр көпқұдайшылықсыз болуы мүмкін емес болғандықтан, автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осы тарауды оны түсіндіру үшін және одан сақтандыру үшін құрастырды.

Сиқыр («әс-сихр») сөзінің тілдік мағынасы – бұл болуының себептері көзге көрінбейтін, түсініксіз әрі жасырын іс-әрекеттер. Ал шариятта болса сиқыр деп адамдардың жүректері мен денелеріне әсерін тигізіп, оларда әлдебір ауруларды туғызатын, немесе оларды өлімге алып келетін, немесе ерді әйелінен ажырастыратын сөздер, немесе әлдебір дәрі-дәрмектер, түтіндету, түйіндер байлап оларға үрлеу арқылы жасалатын түрлі дуалаулар мен үшкірулер аталады.

Бұл аяттарда сиқырдың тыйым салынғанына және ол жиһт болып табылатынына нұсқалады.

Осы аяттардан алынатын пайдалар:

1. Аятта сиқырға деген тыйым бар.
 2. Аятта сиқыршылардың күпірлігіне нұсқау бар.
 3. Аятта Аллаһтың Кітабынан бет бұрып, оны әлдебір басқа нәрсеге айырбастанға қатты қорқыту бар.
 4. Аятта сиқыр таухидке қарама-қайшы келетін көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқау бар, өйткені онда шайтандарға жүгіну және олармен байланыс жасау бар.
-

Абу Хурайраның, оған Аллаһ разы болсын, сөздерінен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (бірде): «Жеті опат етуші күнәны (жасаудан) аулақ болыңдар», - деп айтқаны

жеткізіледі. (Адамдар): «Уа, Аллаһтың елшісі, олар не (күнәлар)?» - деп сұрады. Ол былай деді: *«Аллаһпен бірге басқаларға құлшылық ету, сиқыр, Аллаһ қақысыз өлтіруге тыйым салған адамды өлтіру, өсімқорлық, жетімнің малын жеу, шайқас майданынан қашу және зинақорлық ойына да кіріп шықпайтын адал мінезді әйелдерді зинақорлықта айыптау»* (Бухари 2766, Муслим 89, Абу Дауд 2874)».

Бұл хадистің осы тарауда келтірілуінің себебі онда сиқыр харам екендігінің дәлелі бар екендігінде және шариғат оны опат етуші күнәлардың бірі деп атағандығында болып тұр.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте көпқұдайшылықтың тыйым салынғандығына әрі ол күнәлардың ең үлкені болып табылатынына нұсқау бар.
2. Хадисте сиқырдың тыйым салынғандығына әрі ол опат етуші күнәларға жататындығына және адамды Исламнан шығаратынына нұсқау бар.
3. Хадисте қақысыз адам өлтірудің тыйым салынғанына нұсқау бар.
4. Хадисте адамды тек шариғат берген және орындалуын тек билеушінің (елбасының) құзыретіне жатқызған құқықпен ғана, мысалы, діннен бас тарқандық үшін, немесе некеде болған адамның зина жасағаны үшін жазалау немесе өлтірілген адам үшін есе қайтару (қысас) ретінде ғана өлтіруге рұқсат етілгендігіне нұсқау бар.
5. Аятта өсімқорлықтың тыйым салынғандығына және оның өте қауіпті күнә екеніне нұсқау бар.
6. Аятта жетімнің малына қол сұғуға тыйым салынғанына нұсқау бар.
7. Аятта шайқас майданынан қашуға тыйым салынғанына нұсқау бар.
8. Аятта біреуді зинақорлықта немесе еркекқұмарлықта

айыптаудың тыйым салынғандығына нұсқау бар.

Жундубтың хадисінде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Сықыршы қылыштың соққысымен жазаланады»*, - деп айтқандығы жеткізіледі. Бұл хадисті әт-Тирмизи жеткізіп, шындығында бұл Жундубтың өзінің сөздері деп айтқан (әт-Тирмизи 1460, әл-Бәйһақи «Сунан әл-Кубрада» 136/8, Хаким «Мустадракта» 360/4).

Әл-Бухаридің «Сахихында» Бажали ибн Абададан, оның былай деп айтқан хадисі келтіріледі: *«Умар ибн әл-Хаттаб, оған Аллаһ разы болсын: «Әрбір еркек немесе әйел сықыршыны өлтіріңдер», - деп жарлық шығарды, әрі біз олардың үшеуін өлтірдік»* (әл-Бухари 3156, Ахмад «Муснад» 190/1).

Хафса оны сықырлаған өзінің күнін өлтіруді бұйырды, әрі ол өлтірілді. Тура осы Жундубтың атынан да жеткізілген (Мәлик «Мууатта» 872/2).

Ахмад осы сияқты (хабарлар) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үш сахабасынан жеткізілгенін айтқан.

Осы хабарларда (асарларда) сықыршыларды өлім жазасымен жазалау заңды екеніне әрі сықыр үлкен опат етуші күнәлардың бірі екеніне нұсқау бар.

Бұл асарлардан алынатын пайдалар:

1. Аятта сықыршыларды жазалаудың заңды екеніне әрі олар тәубе талап етілмей өлтірілетініне нұсқау бар.
 2. Аятта адамдар сықыршылықпен тіпті Умардың, оған Аллаһ разы болсын, кезінде айналысқанына нұсқау бар. Ендеше, одан кейінгі замандар туралы не айтуға болады!
-

ЖИЫРМА БЕСІНШІ ТАРАУ:

Сықырдың кейбір түрлеріне түсіндірме жасау

Ахмад Мухаммад ибн Жәфардың Ауфтан [ибн Абу Жәмили], (ол) Хайян ибн әл-Аләдан, (ол) Қатан ибн Қабисадан, ол өзінің әкесінен [Қабиса ибн Махариктен], ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін естінені туралы жеткізген: *«'Ияфа, тарқ және ырым жибт болып табылады»* (Ахмад «Муснадта» 477/3, Абу Дауд 3907, Ибн Хиббан 1426).

Ауф былай деді: *«'Ияфа - бұл құстардың ұшуының бағытына қарап бал ашу, ал тарқ — бұл жерге сызықтар сызу (арқылы бал ашу)»*.

Әл-Хасан әл-Басри жибт — шайтанның жаңғырығы (елесі) деген (бұл хабардың жеткізушілер тізбегі жақсы, Абу Дауд, ән-Насаи және Ибн Хиббан оны «Сахихтарында» тура осы риуаятшылар арқылы жеткізеді).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Шейх, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осыдан алдыңғы тарауда бізге сиқыр туралы баяндап берген соң, осы тарауда ол оның адамдар соларға көбірек түсетін түрлерін атап кетті. Өйткені олардың адамдардан жасырын болғаны соншалықты – олар бұл сиқырларды ата-бабаларының мұғжизалары ретінде көреді. Ал бұл іс-әрекеттер адамдардың осындай нәрселерді істейтін адамдарға құлшылық ете бастауына және үлкен көпқұдайшылыққа түсуіне алып келді.

Ахмад – имам Ахмад ибн Ханбәл.

Мухаммад ибн Жәфар – имам әл-Бухаридің ұстазы, танымал хадис жеткізуші.

Ауф – Ибн Абу Жәмилә, сенімге лайықты хадис жеткізуші деп танылған.

«Өзінің әкесінен», яғни атақты сахаба Қабиса ибн Мухарик әл-Халәлиден.

Әл-Хасан – бұл Хасан әл-Басри.

Бұл асарларда «'ияфа», «тарқ» және құстардың ұшуының бағытына

қарап бал ашу таухидке қарама-қайшы келетін сиқыр болып табылатын жибттiң бiр түрi екенiне нұсқалады.

Хадис пен асарлардан алынатын пайдалар:

1. Хадис пен асарларда адамның көместі білетіні туралы мәлімдеуіне тыйым салынғанына нұсқау бар, өйткені бұл таухидке қарама-қайшы келеді.

2. Хадис пен асарларда ырымға сенудің тыйым салынғанына, өйткені бұл таухидке немесе оның толықтығына қарама-қайшы келетініне нұсқау бар.

3. Хадис пен асарларда музыкалық аспаптардың, бос сауық-сайранмен көңіл көтеретін заттардың және олардың барлық түрлерінің тыйым салынғанына нұсқау бар, өйткені бұлар Аллаһ Тағала құлшылық етуге және таухидтің толықтығына қарама-қайшы келетініне нұсқау бар.

4. Хадис пен асарларда әндер немесе сырнайлар, немесе басқа да музыкалық аспаптар сияқты бос сауық-сайранмен көңіл көтеретін заттардың барлығы Аллаһ Тағалаға алып баратын барлық жолдарға бөгет жасауға тырысатын шайтанның жаңғырығына (елесіне) жататынына нұсқау бар.

Ибн Аббастан, Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын, оның былай дегені жеткізіледі: *"Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Кімде-кім жұлдызнаманың (астрологияның) әлдебір тармағын үйренген болса, сол сиқырдың бір тармағын үйренді. Әрі ол жұлдызнаманы (астрологияны) қаншалықты көп үйренсе, сиқырды да соншалықты көп үйренеді»"* (Абу Дауд 3905, Ибн Мәжаһ 3726, Ахмад «Муснад» 277/1, 311. Абу Дауд хадистің жеткізушілер тізбегін сенімді деген).

Бұл хадисе Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)

астрологияны сиқырдың бір түрі деп атады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте жұлдызнамамен (астрологиямен) айналысуға тыйым салынғанына нұсқау бар, өйткені адам ол арқылы жұлдыздардың немесе ғаламшарлардың орналасуына сүйеніп, болашақты болжайды. Әрі бұл ғайыпты білу туралы мәлімдеме болғандықтан, өз негізінде тыйым салынған нәрсеге айналады.
 2. Хадисте жұлдызнама (астрология) таухидке қарама-қайшы келетін сиқырдың бір түрі екеніне нұсқау бар.
 3. Хадисте адам қаншалықты көп жұлдызнаманы (астрологияны) оқып-үйренсе – соншалықты көп сиқырды үйренген болатынына нұсқау бар.
-

Имам ән-Насаи Абу Хурайрадан, оған Аллаһ разы болсын, мына хадисті келтіреді: *«Кімде-кім түйін байлап оған түкірсе немесе үрлесе, сиқыр жасады. Ал сиқыр жасаған – көпқұдайшылық жасаған болады. Әрі кімде-кім жүрегін әлденемен байласа, соған тапсырылады»* (әт-Тирмизи 2073, Ахмад 310, 311/4, Хаким 216/4).

Бұл сиқырдың бір түрінің түсіндірмесі бар, ал ол – «азима» деп аталатын түйін түйю сиқыры.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте түйін түйю және оларға үрлеп түкіру арқылы орындалатын сиқырдың бір түріне нұсқау бар.
2. Хадисте сиқыр көпқұдайшылық болып табылатынына әрі онда шайтанға көмек сұрап жүгіну орын алатынына нұсқау бар.
3. Хадисте Пәк Аллаһ Тағаладан басқа біреуге тәуекел етушіні Аллаһ көмексіз және қолдаусыз қалдыратынына нұсқау бар.

Ибн Масғудтан, оған Аллаһ разы болсын, жеткізілетін хадис: *“Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Сендерге сиқырға не жататыны туралы айтып берейін бе? Бұл адамдар арасында өсек тарату»”* (Муслим 2606).

Бұл хадисе Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өсек сиқырдың бір түрі болып табылатыны туралы байяндады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте өсек сиқырдың бір түрі болып табылатынына нұсқау бар. Өйткені өсек тура сиқыр істейтін нәрсені істейді, нақты айтқанда адамдардың арасына іріткі салып, олардың өзара қарым-қатынасын бұзады. Бірақ бұл жағдайда өсекшінің үкімі сиқыршының үкіміндей болмайды; өсекші сиқыршының амалын жасайды, бірақ көпқұдайшыл-мүшрикке айналмайды.

2. Хадисте өсек таратудың тыйым салынғанына әрі ол үлкен күнәлардың бірі болып табылатынына нұсқау бар.

3. Хадисте сұрақ-жауап арқылы оқыту әдісіне нұсқау бар, өйткені мұндай әдіс-тәсілмен берілетін білімдер көбірек есте сақталып қалады, әрі бұл оқушының назарын өзіне тартады.

ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ ТАРАУ: **Сәуегей-балгерлер мен солар секілділер туралы**

Муслим Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдерінің бірінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені туралы хадисін жеткізеді: *«Кім балгерге келіп, одан алдебір нәрсе туралы сұраса, соның қырық күн намазы қабыл болмайды»* (Муслим 2230, Ахмад «Муснадта» 68/4, 380/5).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Балгер-сәуегейлер мен солар сияқтылар ғайыпты білеміз деп мәлімдейді, ал ғайыпты білу – бұл Аллаһ Тағала Өзін сипаттаған әрі тек Аллаһқа ғана тән болған сипат. Ал кім ғайыпты білемін деп мәлімдесе, сол өзін Аллаһ Тағалаға теңеген болады. Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осындай адамдар мен оларға сенушілердің үкімін және жазасын көрсеткісі келді.

Бұл хадисте сәуегейлер мен солар сияқтыларға барудың және сенудің тыйым салынғандығына нұсқау бар, өйткені бұл бірқұдайшылыққа қайшы келеді.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте балгерлерге барудың және олардан ғайып нәрселер туралы сұраудың, әрі олардың айтқандарына сенудің тыйым салынғандығына нұсқау бар, өйткені мұның барлығы күпір болып табылады.

2. Хадисте балгерліктің (сәуегейліктің) тыйым салынғандығына және бұл опат етуші күнәлардың бірі екеніне нұсқау бар.

Шейх, Аллаһ оны рахымына бөлесін, бұл басқа хадисте айтылатынындай, балгерге барып, (бірақ) оның айтқандарына сенбеген кісінің намазы қырық күн қабыл болмайтынына дәлел келтіреді. Ал кім оған барып, айтқандарына сенсе, сол Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсірілгенге күпірлік танытқан болады.

Абу Хурайра, оған Аллаһ разы болсын, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келесі айтқандарын жеткізді: *«Кім сәуегейге (кәхин) келіп, оның айтқандарына сенсе, сол сонысымен Мухаммадқа түсірілгенге күпірлік танытты»* (Ахмад, 2/408, 476; Исхақ ибн Рахауайх «Муснадта», 482; әл-Бухари «әт-Тарих әл-Кабирде», 3/16; әд-Дарими, 1/275; Абу Дауд, 3904; әт-Тирмизи, 135; ән-Нәсаи «Сунан әл-Кубрада», 9016, 9017; Ибн Мәжаһ, 639).

Әл-Хаким Абу Хурайрадан Бухари мен Муслимнің талаптарына сәйкес келетін, онда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

болсын): *«Кім балгерге ('арраф) немесе сәуегейге (кәхин) келіп, оның айтқанына сенсе, сол сонысымен Мұхаммадқа түсірілгенге күпірлік танытты»*, - деп айтқан хадисін келтіреді. Әл-Хаким мен төртеуі жеткізген («төртеуі» дегенде – Абу Дауд, ән-Насаи, әт-Тирмизи және Ибн Мәжаһ меңзеледі).

Абу Я'лә осыған ұқсас маукуф хадисті жақсы иснадпен Ибн Масғудтан келтіреді.

Бұл хадисте балгерлер мен сәуегейлерге жүгінуге тыйым салынады әрі осы іс-әрекеттер үшін қорқытып-ескерту қамтылған.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте сәуегейлер мен балгерлерге барудың, олардан әлдебір нәрселер туралы сұраудың тыйым салынғандығына және олардан аулақ болудың міндетті екеніне нұсқау бар. Өйткені егер адам олардың айтқанына сеніп қалса, бұл ол тарапынан күпірлік болады. Бірақ ол олардың сөздеріне сенбесе де, бұл бәрібір харам (күнә) болады.

2. Хадисте сәуегейлер мен жұлдызнамашыларды ашкерелеу міндетті болып табылатынына нұсқау бар.

3. Хадисте кім оларға келіп, сенсе, сол Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсірілгенге күпірлік танытанына нұсқау бар.

4. Хадисте балгерлік, сәуегейлік көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқау бар, өйткені оның құрамында адамның ғайыпты білуде өзін Аллаһқа теңеуі бар.

Имран ибн Хусайн Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келесі сөздерін жеткізген: *«Әлдебір нәрсені жаман ырым деп санайтын және сол ырымдарға сенетін, сәуегейлікпен айналысатын және соларды тыңдайтын, сиқыршылық жасайтын немесе сиқырдың көмегіне жүгінетін - бізден емес. Ал сәуегейге келіп, оның айтқандарына сенген адам, сонысымен Мұхаммадқа түсірілгенге күпірлік танытты»* (әл-Баззар, 3578 және әт-Табарани «әл-Кабирде», 18/162).

Тура осындай хадисті әт-Табарани де «әл-Әусатта» Ибн Аббастан

жақсы иснадпен келтіреді, бірақ «*Ал сәуегейге келіп...*» деген сөздерден басталатын оның аяқ жақ бөлігінсіз (әт-Табарани «әл-Әусат», 4262. Ибн 'Ади «әл-Камилде», 3/339 және басқалар).

Әл-Бағауи былай деді: «*Балгер ('арраф) — бұл белгілі бір белгілер арқылы шынайы фактілерді білетінін және ұрланған, жоғалған, т.с.с. заттың қайда екенін көрсете алатынын мәлемдейтін адам*».

Сондай-ақ: «*Бұл — сәуегей*», - деп айтып жатады. Сәуегей (кәхин) деп болашақта не болатынын хабарлайтын адам аталады.

«*Бұл адамның ойындағы құпия ойларды жеткізе алады*», - деп те айтылып жатады.

Абу әл-Аббас ибн Таймия былай деді: «*Балгер ('арраф) — бұл сәуегейді (кәхин), жұлдызнамашыны (мунажим), топырақпен бал ашатынды (римәл), яғни осылайша тағдырды білуге талпынатынның әрбірін біріктіретін атау*» (Қз.: «Мәжму' әл-Фатауа», 35/173, 193).

Әл-Бағауи – бұл әл-Хусейн ибн Масғуд ибн Фарра. Ол Хорасан тұрғындарынан болған ғалым және қарапайым тұрмыс кешуші (заһид) кісі болатын. Һижра бойынша 516 жылдың шәууал айында қайтыс болды (Қз.: «әс-Сияр», 19/439).

Бұл хадисте балгерлікпен айналасытандырдың және солар сияқтылардың әрі соларға сенушілердің барлығына қатаң қорқыту келеді.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте ғайыпты білу туралы мәлімдеудің тыйым салынғандығына нұсқау бар, өйткені бұл бірқұдайшылыққа қайшы келеді.
2. Хадисте сәуегейлікпен айналысатындарға сенуге тыйым салынғанына нұсқау бар, өйткені оларға сену Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алып келгеніне күпірлік болып табылады.
3. Хадисте сәуегейлерді әшкерелеу және олардың өздерінен де, ғылымдарынан да аулақ болу міндетті екеніне нұсқау бар.
4. Хадисте Елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсірілгенге ілесу және осыған қайшы келетін нәрселердің

барлығын тастау міндетті екеніне нұсқау бар.

Ибн Аббас сандар арқылы сәуегейлік жасайтын және жұлдыздарға қарап бал ашатындар туралы: «Мен осы нәрселермен айналысатындардың біреуі болса да Аллаһтың алдында жақсылыққа ие бола алады деп ойламаймын», - деп айтқан (Ибн Уахб «әл-Жәми'те», 690; Абду-р-Раззақ, 19805; әл-Бәйһақи «Сунан әл-Кубрада», 8/139 және басқалар).

Бұл асарда өздерін ғайыпты білетіндер ретінде көрсету мақсатымен сандар арқылы сәуегейлік жасайтындар мен жұлдыз-жорамалмен айналысатындар және өздерінің айналысып жатқан нәрселері адамдардың тағдырына әсер етеді деп мәлімдейтіндер сәуегей-балгерлердің анықтамасына кіріп кететіндеріне әрі сондықтан да Аллаһ Тағаланың алдында несібеден жұрдай болатынына нұсқау бар.

Асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда ғайыптың кілті ретінде сандар арқылы жорамал жасаумен айналысудың тыйым салынғанына нұсқау бар, өйткені бұл таухидке қайшы келеді. Алайда егер сандар басқа бір бағыттарда, мысалы, уақытты, күнді белгілеу үшін қолданылса, бұда тыйым салынған еш нәрсе жоқ.
 2. Асарда жұлдызнамамен (жұлдыз-жорамалмен) айналысудың тыйым салынғандығына нұсқау бар, өйткені бұл адамның көпқұдайшылыққа түсіп кетуіне себеп болады.
 3. Асарда мұндай адамдармен алданудың тыйым салынғанына нұсқау бар, өйткені олар көпқұдайшылыққа алдап шақыратын еліктіргіш тұзақ болып табылады.
-

ЖИЫРМА ЖЕТІНШІ ТАРАУ:

Сиқырды алып тастау (нушра) туралы

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осыдан бұрыңғы тарауларда сиқыр мен сәуегейлік туралы баяндаған болатын. Ал осы тарауда ол

сиқырды алып тастау (кетіру) туралы баян етеді, өйткені сиқырды алып тастау шайтандар мен сиқыршылар тарапынан жасалуы да мүмкін, әрі бұл таухидке қарама-қайшы болады.

Жәбир, оған Аллаһ разы болсын, былай деп баяндайтын: *“Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сиқырды (басқа бір сиқырдың көмегімен) алып тастау туралы сұрағанда, ол: «Бұл шайтанның істерінің бірі», - деп жауап берді”* (Ахмад, 3/294; Абу Дауд, 3868).

Абу Дауд былай деді: *“Бұл туралы Ахмадтан сұрағанда, ол: “Ибн Масғуд бұған толығымен тыйым салатын», - деп жауап берген”*.

Нушра – бұл сиқырланған адамнан сиқырдың зиянын (кесірін) алып тастау. Бұл сөздің өзі «жайып ашу» деген мағынаны білдіретін «нашара» етістігінен шыққан есім болып табылады. Оның мағынасы әлдебір ауру қандай да бір нәрсеге оралған болып, одан емделу үшін оны жайып ашу керек екенінде. Өз негізінде сиқырды алып тастау («нушра») шария әдістермен жасалса, жақсы амал болып табылады.

Бұл хадисте сиқырдың кесірлерін құрамында шайтани амалдары бар тәсілдермен, яғни Исламға дейінгі надандық кезінің әдістерімен алып тастауға тыйым салынғанына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте сиқырдың зиянын надандық дәуірінің әдістерімен кетіруге тыйым салынғандығына нұсқау бар, өйткені бұл да сиқыр болып табылады, ал кез-келген сиқыр күпірлік болып табылады.
2. Хадисте әлдебір харам нәрсеге түсіп қалмау үшін, білмегеніңді ғалымдардан сұрау міндетті екеніне нұсқау бар.

Әл-Бухари Қатаданың мына хадисін жеткізген: *«Мен Ибн әл-Мусайябтан: “Сиқырланған әрі (сондықтан да) әйеліне жақындай алмайтын адамды емдеумен айналысуға болады ма, әлде бұған тыйым салынған ба?», - деп сұрадым. Ол: “Бұда тұрған ешбір қорқынышты нәрсе жоқ, өйткені ол*

осынысымен игілік жасауды қалап жатыр, ал пайдалы нәрсеге тыйым салынбайды”, - деп жауап берді».

Сондай-ақ әл Хасан әл-Басридің: «Сиқырды тек сиқыршы ғана кетіреді», - деп айтқаны жеткізіледі (Ибн әл-Жәузи «Жәми' әл-Масанид»).

Ибн әл-Каййим былай деді: «Сиқырланған адамнан сиқырды алып тастау екі түрлі болады:

Біріншісі – (сиқырды) өзі сияқты сиқырмен (кетіру). Бұл шайтанның амалдарының бірі болып табылады, әрі әл-Хасанның сөздерінде (дәл осы) меңзеледі. Мұнымен сиқырды кетіруші де, сиқырланған адам да шайтанға оған сүйікті болған іс арқылы жақындайды, әрі сиқыр осылайша кетіріледі.

Екіншісі – сиқырды дем салумен (руқиямен), Аллаһқа дұға етумен әрі басқа да рұқсат етілген тәсілдермен кетіру».

Қатада – бұл Қатада ибн Диама әс-Садуси әл-Басри. Жақсы жады (есте сақтау қабілеті) болған сенімді жеткізуші. Ол тума зағип болған деп айтылады. Шамамен һижраның 110 жылы қайтыс болды.

Бұл асарлар арқылы шейх сиқырдан емделудің шариғи үкімін түсіндірді, әрі олардың қайсысы тыйым салынған, ал қайсысы рұқсат етілгенін баяндап берді.

ЖИЫРМА СЕГІЗІНШІ ТАРАУ:

Ырым туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

مَعَهُ إِلَّا إِنَّمَا طَائِرُهُمْ عِنْدَ اللَّهِ وَلَكِنَّ أَكْثَرَهُمْ لَا يَعْلَمُونَ (۱۳۱)

«Ақиқатында, олардың сәтсіздіктері Аллаһ тарапынан. Бірақ олардың көбі білмейді» («әл-Әғраф» сүресі, 131-аят).

قَالُوا طَائِرُكُمْ مَعَكُمْ أَنْ دُكِّرْتُمْ بَلْ أَنْتُمْ قَوْمٌ مُّسْرِفُونَ (۱۹)

«(Елшілер): "Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге (өз қылықтарыңнан). Берілген үгітті жаман ырым деп санайсыңдар ма? Олай емес. Сендер шектен шыққан елсіңдер", - деді» («Я Син» сүресі, 19-аят).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Бұл тарау осы кітапта келтірілуінің себебі ырымға сену көпқұдайшылыққа жататындығында. Ырымға сену таухидтің толықтығына қарама-қайшы келеді. Әрі шейх, Аллаһ оны рахымына бөлесін, оның қауіптілігін көрсету үшін және адамдарды оған түсіп қалудан сақтандыру үшін осы тарауды арнайы бөлек етіп белгіледі.

Ырым – бұл адамның (әлдебір нәрсені істеуден бас тартуға шынайы (негізді, объективтік) себеп болып табылмайтын) қандай да бір нәрсені көріп немесе естіп, соның негізінде істейін деп жатқан нәрсесін істемей қоюға себеп болған негізсіз сенім.

Бұл аяттарда Пәк және Қасиетті Аллаһ ырымды Исламға дейінгі надандық дәуірі мен көпқұдайшылардың амалдарының бірі болып табылатынын айтты. Әрі Аллаһ Тағала оларды осы үшін сөкті және жек көрді.

Аяттардан алынатын пайдалар:

1. Аяттарда ырым Исламға дейінгі надандық дәуірінің және көпқұдайшылардың амалдарына жататынына нұсқау бар.
2. Аяттарда Аллаһтың тағдырына иман келтіру бекітіледі.
3. Аяттарда адамның басына келетін сәтсіздіктер мен бақытсыздықтар оның күнәларының себебінен екеніне нұсқау бар.
4. Бірінші аятта надандықты айыптау келген, өйткені надандық адамның не нәрселер көпқұдайшылық болып табылатынын және оған алып баратын жолдарды білмеуіне алып келеді. Ал мұның салдары оның міндетті түрде соған барып түсіп кетуіне жеткізеді.
5. Екінші аятта ықыласты насихатты қабылдау міндетті екеніне нұсқау бар, өйткені оны қабылдамау кәпірлердің сипаттарының бірі болып табылады.
6. Аяттарда елшілер алып келген нәрселерде оларға ілесетіндер үшін тек игілік пен жақсылықтар бар екеніне нұсқалады.

Абу Хурайра Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

болсын) былай дегенін жеткізген: *«Індет өздігінше тарамайды, жаман ырымдар (ешбір нәрсеге) ықпал етпейді, жапалақтың жылауы – өтірік, сапар айының сәтсіз екені де – өтірік»* (әл-Бухари, 5757, Муслим, 2220, 102). Муслимнің келтіретін нұсқасында келесідей қосымша бар: *«...Жұлдыздар (әлдебір нәрсеге) әсер етпейді әрі жауыз рухтар да (тылсым күштер де еш нәрсеге) әсер ете алмайды»* (Муслим 2220, 102).

Бұл хадисте ырымның негізсіз екеніне нұсқау бар, өйткені ол надандық дәуірінің наным-сенімі болып табылады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте ырымға сенбеуге нұсқау бар.
2. Хадисте ауру-індеттер Пәк Аллаһ Тағаланың қалауымен емес, өздігінше жұғады деп сенетін надандық дәуіріндегі адамдардың наным-сенімдерінің негізсіз екеніне нұсқау бар.
3. Хадисте жапалақпен және сапар айымен байланысты жаман ырымдарға сенудің негізсіз екеніне нұсқау бар.
4. Хадисте жұлдыздар әлдебір нәрселерге ықпал етеді деген сенімнің негізсіз екеніне нұсқау бар.
5. Хадисте адамға зиян тигізе алатын әлдебір жауыз рухтар (тылсым күштер) бар екеніне сенетін надандық дәуірі адамдарының сенімдері негізсіз екеніне нұсқау бар.
6. Хадисте Аллаһ Тағалаға тәуекел етудің және оған пана тілеп сиынудың міндетті екеніне нұсқау бар.
7. Хадисте бірқұдайшылықтың іске асуының көріністерінің бірі ширкке алып баратын барлық жолдарды жабу екеніне нұсқау бар.
8. Хадисте адамдардың қара немесе қызыл сияқты белгілі бір өңдермен, немесе (13 сияқты) сандармен, немесе мүтедектер сияқты кейбір адамдармен, т.с.с. ырым-сенімдері негізсіз екеніне нұсқау бар.

Әнастан, оған Аллаһ разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Індет өзінен-өзі тарамайды, жаман белгілер әлдебір нәрселерге ықпал етпейді, әрі маған*

жақсы белгі (нышан) ұнайды». Одан: «Ал жақсы белгі (нышан) не болып табылады?», - деп сұрағанда, ол: «Жақсы сөз», - деп жауап берді (әл-Бухари, 5756. Муслим, 2224).

Бұл хадисте жақсы нышан ырымға жатпайтынына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте игі нышан (жақсы белгі) тыйым салынған ырымға жатпайтынына нұсқау бар.
2. Хадисте игі нышанның (жақсы белгінің) түсіндірмесі келген.
3. Хадисте Аллаһ туралы жақсы ойлардың заңды екеніне және Ол туралы жаман ойлаудың тыйым салынғанына нұсқау бар.

Игі нышан (жақсы белгі) мен ырымның айырмашылығы:

1. Игі нышан (жақсы белгі) ол жақсылықта.
 2. Игі нышан Аллаһ туралы жақсы ойда болуда, ал пендеге Аллаһ туралы жақсы ойда болу бұйырылған.
 3. Ырым тек жамандыққа қатысты болады.
 4. Ырым – бұл Аллаһ туралы жаман ойлау, ал пендеге Пәк әрі Қасиетті Аллаһ туралы жаман ойлауға тыйым салынған.
-

Абу Дауд, Аллаһ оны рахым етсін, сенімді иснадпен Уруа ибн Амирдің, оған Аллаһ разы болсын, былай деп баяндаған хадисін келтіреді: «(Бірде адамдар) Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қасында жаман ырымдар туралы әңгіме қозғағанда, ол былай деді: “Игі нышанның ең жақсысы – мұсылманды істерінен кері бұрмайтыны. Егер әлдебіреуің өзіне ұнамайтын қандай да бір нәрсені көрсе: «Уа, Аллаһ Сенен басқа ешкім жақсылық келтірмейді, әрі тек Сен ғана бүкіл жамандықты қайтарасың! Әрі Сенен басқа ешкімнен күш те, қуат та жоқ!» – деп айтсын” (Абу Дауд, 3719).

Уруа ибн Амир әл-Қурайши – Ибн Хиббан оны сенімді жеткізушілерден деп айтты.

Бұл хадисте ырымдардың негізсіз екеніне әрі олардан Аллаһқа жалбарыну арқылы қорғану керектігіне, сондай-ақ жақсы нышан ырымға жатпайтынына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте ырымның негізсіз екеніне нұсқау бар әрі одан Аллаһқа дұға етіп жалбарыну арқылы және Оны зікір ету арқылы қорғанудың түсіндірмесі келген.
 2. Хадисте адамның жүрегіне қандай да бір ырым түсіп қалса, әрі егер ол одан Аллаһқа тәуекел ету арқылы қорғанса, ол оған зиян тигізе алмайтынына нұсқау бар.
 3. Хадисте жақсы нышан ырымның бір түрі емес екеніне, әрі ол одан жақсырақ екеніне нұсқау бар.
 4. Хадисте Аллаһқа тәуекел етудің міндеттілігіне әрі Аллаһтан басқа ешкімде күш те, қуат та жоқ екеніне дәлел бар.
-

Ибн Масғуд, Аллаһ оған разы болсын, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келесі хадисін баяндайтын: *«Ырымдарға сену – ширк! Ырымдарға сену – ширк! Ырымдарға сену – ширк!»* Содан соң ол: «Ал біздің әрбірімізде... Алайда егер Аллаһқа тәуекел етсең, Ол оны жойып жібереді», - деп қосты. Абу Дауд пен әт-Тирмизи жеткізген сенімді хадис. Соңғы сөздерді Ибн Масғуд айтқан (Абу Дауд 3910, әт-Тирмизи 1614).

Бұл хадисте ырым көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте ырым көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқау бар, өйткені ол арқылы жүрек Аллаһтан басқа нәрсемен байланады.
2. Хадисте кейбір мәселелерді адамдар жақсылап естерінде сақтаулары және жүректерінде бекітулері үшін, бірнеше рет қайталаудың заңды екеніне нұсқау бар.
3. Хадисте Аллаһ Оған ғана тәуекел ететін адамды ырымнан

құтқаратынына, әрі ол жүрегінде осындай әлдебір нәрсені сезінгенде, Аллаһқа тәуекел етіп, бұған көңіл аудармайтын адамға зиян тигізе алмайтынына нұсқау бар.

Ахмад, Аллаһ оны рахымына бөлесін, Ибн Амрдың, оған Аллаһ разы болсын, Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткізген мына хадисін келтіреді: *«Кім әлдебір істі жаман ырымның себебімен тастаса, сол көпқұдайшылыққа түсті»*. Адамдар: «Ал мұның өтемі қандай?», - деп сұрады. (Сонда) ол: *«Сендер: "Я, Аллаһ! Сенің жақсылығыңнан басқа жақсылық жоқ, әрі Сенің жамандығыңнан басқа жамандық жоқ, және Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ", - деп айтуларың керек»*, - деп жауап берді (Ахмад 220/2).

Ол сондай-ақ әл-Фәдл ибн әл-Аббастан мына хадисті де келтіреді: *«Ырым – сені әлбір іс-әрекетке итермелейтін немесе одан бет бұрғызатын нәрсе»* (Ахмад 213/1).

Ибн Амр – бұл Абдуллаһ ибн Амр ибн Ас, Аллаһ оларға разы болсын, Исламды алғаш қабылдаған сахабалардан, ол көптеген хадистер жеткізген.

Әл-Фәдл – бұл әл-Фәдл ибн Аббас, Абдуллаһ ибн Аббас ибн Абдул Мутталибтің ағасы, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесінің баласы (немере інісі).

Бұл хадистерде құрамында көпқұдайшылығы бар ырымның мән-мағынасының түсіндірмесі келген.

Осы хадистерден алынатын пайдалар:

1. Хадистерде ырым көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқау бар.
2. Хадистерде құрамында көпқұдайшылығы бар ырымның мәні ол адамды осы ырымға сәйкес іс-әрекет жасауға итермелейтінінде екеніне нұсқау бар.
3. Хадистерде адам сол арқылы ырымнан қорғана алатын нақты белгіленген дұғаға және ол мұсылмандар үшін мағызды болып табылатынына нұсқау бар.

Жиырма тоғызыншы тарау:
Жұлдыздарға қарап жорамал жасау (астрология) туралы.

Әл-Бухаридің, Аллаһ оны рахымына бөлесін, «әс-Сахихында» келесі хадис келтіріледі: *«Қатада, оған Аллаһ разы болсын, былай деді: "Аллаһ осы жұлдыздарды тек үш себеппен ғана жаратты: олармен аспанды безендіру үшін, олармен шайтандарды ұрып түсіру үшін, сондай-ақ олар адамдар үшін бағыт нұсқаушы белгі болуы үшін. Ал кімде-кім олар тағы да басқа нәрселер үшін жаратылған деп сенсе, сол қателесті, (діндегі) өз үлесінінен айырылды, әрі ол туралы өзінде білімі болмаған нәрсені өз мойнына жүктеді"»* (әл-Бухари (мұ'аләқ түрінде) 614).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Бұл тарау осы кітапта келтірілуінің себебі – жұлдыздарға қарап жорамал жасаумен (астрологиямен) айналасатын адамдар өздерінің ғайыпты (көместі) білетіндігін мәлімдейтінінде, ал бұл тек Аллаһқа ғана тән сипат болып табылады. Астрологтар ғайыпты жұлдыздардың қозғалысы бойынша білетіндігін мәлімдейді. Мұның барлығы бірқұдайшылыққа қайшы келеді. Сондықтан да шейх, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осы мәселеде не нәрсе тыйым салынған, ал не нәрсе рұқсат етілгендігін түсіндіру мақсатында әрі мұсылмандар осыған қатысты білімге ие болулары үшін осы тарауды құрастырды.

Астрология – бұл жұлдыздар мен ғаламшарлардың орналасуының адамдардың тағдырына және жер бетіндегі уақиғаларға ықпал етуін зерттейтін жалған ғылым. Ол араб тілінде «илму таъсир», яғни (сөзбе-сөз) «әсерлерді тану» деп аталады.

Бұл асарда, бұл туралы Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында нұсқағандай, жұлдыздардың жаратылуындағы даналықтың түсіндірмесі әрі жұлдыздардың жаратылуында басқа да әлдебір даналық бар деп мәлімдейтіндерді теріске шығару бар.

Осы асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда, бұл туралы Құранда айтылғанындай, жұлдыздардың жаратылуындағы даналыққа нұсқалады.
 2. Асарда жұлдыздардың жаратылуында Аллаһ Тағала Құранда атап айтқан даналықтан өзге даналық бар деп мәлімдейтіндерді теріске шығару бар.
 3. Асарда ақиқат пен өтірікті ажырату үшін міндетті түрде Құранға жүгіну керек екеніне нұсқау бар.
 4. Асарда Құран мен Сүннеттен өзге нәрселерден тура жол іздейтін адам туралықтан айырылғанына, өзінің уақытын зая еткеніне, әрі өз мойынына көздеген мақсатына қол жеткізуге шамасы келмейтін нәрсені жүктеп алғанына нұсқау бар.
-

Қатада, оған Аллаһ разы болсын, айдың жұлдыздарға қатысты орналасуын (айдың фазаларын) зерттеуге тыйым салатын. Мұны сондай-ақ, бұл туралы Харб, Аллаһ оны рахымына бөлесін, жеткізгендей, Ибн Уйяйна да, Аллаһ оны рахымына бөлесін, рұқсат етпейтін. Бірақ Ахмад пен Исхақ, Аллаһ оларды рахым етсін, мұны рұқсат ететін.

1. Ибн Уйяйна – Суфиян ибн Уйяйна, Аллаһ оған разы болсын.
2. Харб – бұл имам, әл-хафиз Харб ибн Исма'ил Абу Мухаммад әл-Кирмани, имам Ахмадтың серіктерінен болған фақиһ, Аллаһ оларды рахым етсін.
3. Ахмад – Абу Абдуллаһ Ахмад ибн Мухаммад ибн Ханбәл әш-Шәйбани, Аллаһ оны рахымына бөлесін, үмметіміздің ұлы имамдарының бірі. Ол һижраның 164 жылы раби' әл-әууәл айының 1 күні қайтыс болды, Аллаһ оны рахымына бөлесін.
4. Исхақ – бұл Ибн Рахауайх деген атымен көбірек танымал болған Исхақ ибн Ибраһим Абу Яғқуб әл-Ханбали ән-Нәйсабури, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Осы сөздер бұл тарауда «илму тасйиир»⁹ деп аталатын айдың ауысу мерзімдерін зерттеудегі келіспеушіліктерді түсіндіру үшін келтірілген болатын. Бұл іліммен қыбланың бағытын немесе намаздың уақытын, немесе жыл мерзімін анықтап білу үшін айналысу рұқсат етіледі. Ал

⁹ «Илму таъсирмен» яғни астрологиямен шатыстырмаңыз (аудармашыдан).

келіспеушіліктер кейбір ғалымдардың бұл ғылымды ол, мұны «илму таъсир» (астрология) істейтініндей, әлдебір тыйым салынған нәрселерге алып келуі мүмкін деген қауіппен тыйым салғандығы себепті болған.

Абу Муса (әл-Аш'ари), Аллаһ оған разы болсын, былай деп баяндайтын: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: "Үш топ адам Жәннатқа кірмейді: маскүнемдер, туысқандық қатынастарды үзушілер және сиқырға сенетіндер"»* (Ахмад 399/4, Ибн Хиббан 1380, 1381)

Абу Муса – бұл Абу Муса әл-Аш'ари Абдуллаһ ибн Қайс, атақты сахаба, һижраның 50 жылы қайтыс болды, Аллаһ оған разы болсын.

Бұл хадисте сиқырға сенетін адамға қатысты қорқыту келген, ал сиқырға осы тараудың тақырыбы болған астрология да жатады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте астрологияның тыйым салынғандығына және онымен айналысу үлкен, опат етуші күнәлардың бірі болып табылатынына нұсқау бар, өйткені астрология сиқырдың бір бөлігі болып табылады, әрі кім оған сенсе, сол Жәннатқа кірмейді.
 2. Хадисте спирттік ішімдіктерді ішудің харам екендігіне нұсқау әрі оны ішіп жүріп, осыған тәубе етпей қайтыс болған адамдарға қатты қорқыту бар.
 3. Хадисте туысқандық қатынастарды үзбей ұстаудың міндетті екеніне және оларды үзуге тыйым салынғанына нұсқау бар.
 4. Хадисте сиқырға және оның барлық түрлеріне сенбеудің міндетті екеніне нұсқалады.
-

ОТЫЗЫНШЫ ТАРАУ:

Жаңбырдың жаууын жұлдыздардың орналасуымен байланыстыру туралы

«Аллаһ Тағала былай деді:

«Ақиқатты жасынға шығаруларыңды өздеріңе ризық етесіңдер ме?» («әл-Уақиа» сүресі, 82-аят)».

Осы тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі – адамның жаңбыр мен оның берекесін Аллаһ Тағалаға емес, жұлдызға телуінде. (Осылайша,) адам өзінің жүрегін Аллаһ Тағаладан өзге біреумен байлайды, нығметтерді Аллаһтан өзгеге телиді, жаңбырдың жаууының себебін жұлдыздардан деп санайды, ал мұның барлығы таухидтің міндетті болған кемелдігіне қарама-қайшы келеді. Адам кез-келген нығметті Аллаһқа телуге міндетті. Оны Аллаһтан өзге нәрсеге телу харам болып табылады. Бұл таухидтің толықтығына қарама-қайшы келеді, әрі кіші күпірлік болып табылады.

Бұл аятта Пәк Аллаһ Тағала жаңбырдың жаууын Одан басқаға телитіндерге сөгіс білдіреді, мейлі олар жұлдыздар немесе басқа бір нәрселер болсын, әрі мұны өтірік және күпірлік деп атайды.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта жаңбырдың жаууын жұлдыздарға телудің негізсіз екеніне нұсқау бар.
2. Аятта жаңбырдың жаууын жұлдыздарға телу өтірік екеніне нұсқалады.
3. Аятта Аллаһ Тағаланың нығметтері үшін Оған шүкіршілік етудің әрі жаңбырдың жаууын Оған телудің міндетті екеніне, сондай-ақ Ол мұны Өзінің мейірімімен және жақсылығымен істейтініне нұсқау бар.

Абу Малик әл-Аш'ари, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: *«Менің үмметімде (Исламға дейінгі) надандықтың (жәһилиеттің) адамдар оны тастамайтын төрт қалдығы бар: тектілігін мақтаныш ету (немесе ата-бабаларының ұстанғанымен тәкаппарлану), өзгенін шыққан тегін балағаттау, жаңбырдың жаууын жұлдыздармен байланыстыру және өлілерге жоқтау айту».* Содан сол ол: *«Жоқтау айтатын әйел өлгеніне дейін тәубе етпесе, Қиямет Күні қара*

шайырдан (немесе балқытылған мыстан) киім киген және үстін қатпар қаптаған күйде қайта тіріледі», - деп қосты (Муслим, 934).

Абу Малик – бұл әл-Харис ибн Харис әш-Шами, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабасы.

Бұл хадисте жаңбырдың жаууын жұлдыздарға телудің тыйым салынғанына нұсқалады, өйткені бұл Исламға дейінгі надандықтың (жәһилиеттің) қалдығы болып табылады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте жаңбырдың жаууын жұлдыздарға телуге тыйым салынғанына, сондай-ақ бұл надандық дәуірінің амалдарының бірі екеніне нұсқау бар.
 2. Хадисте адамдар надандық заманының барлық істерін тастамайтынына нұсқау бар.
 3. Хадисте надандық дәуірінің амалдары Ислам дінінде айыпталатынына нұсқалады.
 4. Хадисте надандық дәуірінің адамдарына ұқсап-еліктеудің тыйым салынғанына нұсқау бар.
 5. Хадисте шыққан текпен менменсінуге тыйым салынғанына әрі бұл надандық заманының амалдарынан екеніне нұсқау бар.
 6. Хадисте өзгелердің шыққан тегін сөгіп қорлаудың тыйым салынғанына нұсқау бар.
 7. Хадисте қайтыс болған адамды дауыстап жоқтауға тыйым салынғанына нұсқау мен мұның жазасының сипаттамасы, сондай-ақ бұл адамды опат етуші күнәлардан екеніне нұсқау келген.
 8. Хадисте күнә қандай үлкен болса да, тәубе оның өтемі болып табылатынына (яғни өшіретітіне) нұсқалады.
 9. Хадисте мұсылман адамға надандық заманының амалдарының қайсысын болса да істеуге рұқсат етілмейтініне нұсқау бар, алайда бұл «егер ол мұндайды істесе, кәпір болады» дегенге нұсқамайды.
-

Зәйд ибн Халид, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жаңбыр жауып болған бойда олармен бірге Худайбияда таң намазын оқығанын хабарлаған. Намаздан соң ол адамдарға бұрылды да: *«Раббыларың не дегенін білесіңдер ме?»*, - деді. Адамдар: *«Аллаһ пен Оның Елшісі жақсырақ біледі»*, - деді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтты: *"Ол: «Менің құлдарымның арасынан Маған иман келтіргендер және иман келтірмегендер айқын болды. Егер адам жаңбыр Аллаһтан және Оның рахымымен жауады десе, ол Маған иман келтіреді де, жұлдыздарға иман келтірмейді. Ал егер адам жаңбыр әлдебір жұлдыздың себебімен жауады десе, онда ол Маған иман келтірмейді де, жұлдыздарға иман келтіреді»*, - деді" (әл-Бухари 846, Муслим 71).

Муслим, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осыған ұқсас хадисті Ибн Аббастан, Аллаһ оған разы болсын, жеткізген, әрі онда кейбір адамдардың: *«Пәлен жұлдыз үмітті ақтады»*, - деп айтқаны, әрі сол кезде Аллаһ Тағала мына аяттарды түсіргені хабарланады:

فَلَا أُقْسِمُ بِمَوَاقِعِ النُّجُومِ (٧٥) وَإِنَّهُ لَقَسَمٌ لَوْ تَعْلَمُونَ عَظِيمٌ (٧٦) إِنَّهُ لَقُرْآنٌ كَرِيمٌ (٧٧) فِي كِتَابٍ مَكْنُونٍ (٧٨) لَا يَمَسُّهُ إِلَّا الْمُطَهَّرُونَ (٧٩) تَنْزِيلٌ مِنْ رَبِّ الْعَالَمِينَ (٨٠) أَفَبِهَذَا الْحَدِيثِ أَنْتُمْ مُذْهِبُونَ (٨١) وَتَجْعَلُونَ رِزْقَكُمْ أَنْكُمْ تُكَذِّبُونَ (٨٢)

«Жұлдыздардың орындарымен ант етемін. Егер білсеңдер, ол – зор ант. Шын мәнінде, ол Сақтаулы Кітаптағы (Ләух әл-Махфуздағы) Ардақты Құран. Оны тап-таза болғандар ғана ұстайды. Әлемдердің Раббысынан түсірілген. Сендер осы сөзді құр көресіңдер ме? Ақиқатты жасынға шығаруларыңды өздеріңе ризық етесіңдер ме?» («әл-Уақиа» сүресі, 75-82 аяттар). Муслим (73).

Зейд ибн Халид, оған Аллаһ разы болсын – бұл танымал сахаба.

Бұл хадисте жаңбырдың жаууын әлдебір жұлдызға телудің тыйым салынғанына әрі бұл күпірлік пен өтірік деп аталғанына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте жаңбырдың жаууын әлдебір жұлдызға телудің тыйым салынғанына әрі бұл күпірлік деп аталғанына нұсқау бар.
2. Хадисте адамдарды оқытудың және оларға дұрыс наным-сенімге (ақидаға) қайшы келетін нәрселерді нұсқап көрсетудің заңды екеніне нұсқау бар.

3. Хадисте Аллаһ Тағаланың берген нығметі үшін Оған шүкіршілік білдірудің міндетті екеніне, әрі нығметті Аллаһтан басқаға телудің тыйым салынғанына нұсқау бар.

4. Хадисте адамдарды сұрақ-жауап тәсілімен оқыту әдісіне нұсқау бар, өйткені бұл білімнің оқытылып жатқан адамның жүрегіне терең енуіне ықпал етеді.

5. Хадисте егер біреуден өзгелер оның білмейтін нәрсесі туралы сұраса, ол жауап беруден қалыс қалуға және мұны білетін адамның түсіндіруіне ұсынуы керек екеніне нұсқау бар.

6. Хадисте Аллаһ Тағаланың «мейірім» деген сипатпен сипатталғанына нұсқау бар.

7. Хадисте адамды діннен шығармайтын күпірлік бар екеніне нұсқау бар.

ОТЫЗ БІРІНШІ ТАРАУ:

Аллаһ Тағаланың: «Адамдардың арасында Аллаһқа өзгені теңдес ететіндер әрі оларды Аллаһты сүйгендей сүйетіндер бар», - деген сөздері туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

وَمِنَ النَّاسِ مَنْ يَتَّخِذُ مِنْ دُونِ اللَّهِ أَنْدَادًا يُحِبُّونَهُمْ كَحُبِّ اللَّهِ وَالَّذِينَ آمَنُوا أَشَدُّ حُبًّا لِلَّهِ وَلَوْ يَرَى الَّذِينَ ظَلَمُوا إِذْ يَرَوْنَ الْعَذَابَ أَنَّ الْقُوَّةَ لِلَّهِ جَمِيعًا وَأَنَّ اللَّهَ شَدِيدُ الْعَذَابِ (١٦٥)

«Адамдардың арасында Аллаһқа өзгені теңдес ететіндер әрі оларды Аллаһты сүйгендей сүйетіндер бар. Ал мұминдер Аллаһты артығырақ сүйеді. Егер залымдар ғазапты көрген кезде, бүкіл қуаттың Аллаһқа тән екенін әрі шын мәнінде Аллаһтың қатты азап иесі екенін білсе еді» («әл-Бақара» сүресі, 165-аят).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Аллаһқа деген махаббат Исламда негіз болып табылатындықтан әрі оның себебімен адамның діні толық болатындығы себепті, бұл «осы махаббатта әлдебір кемшілік болса, онда адамның наным-сенімінде де кемшілік болады» дегенді білдіреді. Әрі автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, бұл тарауда осының барлығына нұсқайды.

Бұл аятта Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағала көпқұдайшылардың жағдайына әрі оларды Аллаһқа деген бұзық сүйіспеншілігі себепті арғы дүниеде қандай жаза күтіп тұрғанына нұсқады.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта кімде-кім әлдебір пұтты Аллаһ Тағалаға серік етіп алса, әрі оған деген махаббатын Аллаһ Тағалаға деген махаббатпен тең етсе, сол үлкен ширк жасаған кәпір әрі көпқұдайшыл болып табылатынына нұсқау бар.

2. Аятта кәпірлердің арасында Аллаһ Тағаланы қатты сүюмен сүйетіндері бар екеніне, алайда олар махаббатты тұтасымен жалғыз Аллаһ Тағалаға арнамайынша, бұл жақсы көру оларға көмектеспейтініне нұсқау бар.

Аллаһ Тағала былай деді:

قُلْ إِنْ كَانَ آبَاؤُكُمْ وَأَبْنَاؤُكُمْ وَإِخْوَانُكُمْ وَأَزْوَاجُكُمْ وَعَشِيرَتُكُمْ وَأَمْوَالٌ اقْتَرَفْتُمُوهَا وَتِجَارَةٌ تَخْشَوْنَ كَسَادَهَا وَمَسَاكِنُ تَرْضَوْنَهَا أَحَبَّ إِلَيْكُمْ مِنَ اللَّهِ وَرَسُولِهِ وَجِهَادٍ فِي سَبِيلِهِ فَتَرَبَّصُوا حَتَّى يَأْتِيَ اللَّهُ بِأَمْرِهِ وَاللَّهُ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الْفَاسِقِينَ (٢٤)

“(Әй, Мухаммад! Мүминдерге:) «Егер сендердің әкелерің, балаларың, бауырларың, жұбайларың, туыстарың, сондай-ақ тапқан малдарың және сендер пайдасыз болуынан қорқатын сауда, өздерің ұнатқан тұрғын-баспаналар сендер үшін Аллаһ пен Оның Елшісінен, Оның жолында күресуден гөрі сүйіктірек болса, онда Аллаһ азаптау туралы әмірін келтіргенге дейін күте тұрыңдар! Аллаһ шектен шығушы қауымды тура жолға салмайды», - деп айт!” («әт-Тәуба» сүресі, 24-аят).

Бұл аятта Аллаһ Тағалаға деген махаббатты және Ол жақсы көретін нәрселердің барлығын, мейлі олар адамдар, не амалдар болсын, ең бірінші кезекке қоюдың міндетті екеніне, сондай-ақ бұл махаббат басқа нәрсенің барлығынан жоғары болуы керектігіне нұсқау бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Аллаһты және Ол жақсы көретін нәрселерді сүюдің міндетті екеніне нұсқау бар.

2. Аятта Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

болсын) жақсы көрудің міндетті екеніне нұсқау бар.

3. Аятта осы аталған сегіз нәрсеге немесе басқа да әлдебір нәрселерге деген махаббатты Исламға деген махаббаттан жоғары қоятын адамға қорқыту бар.

Әнастың, оған Аллаһ разы болсын, сөздерінен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Сендердің біреуің мені әкесінен, баласынан және барлық адамдардан артық жақсы көрмейінше шынайы иман келтірген болмайды»* (әл-Бухари 15, Муслим 44).

Бұл хадисте Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген сүйіспеншілікті басқа жаратылыстардың барлығына деген сүйіспеншіліктен жоғары қою керек екеніне, сондай-ақ бұл иманның (жүзеге асуының) шарты болып табылатынына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Пайғамбарға деген (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) махаббат, жаратылыстардың басқаларына деген махаббаттан жоғары тұруы керек екендігіне нұсқау бар.

2. Хадисте амалдар иманға жататынына нұсқау бар, өйткені махаббат жүрек амалдарына жатады. Бұл хадисте Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген махаббатты, адамдардың әлдебіреуіне деген махаббаттан төмен қоятын адамдардың иманы теріске шығарылады.

3. Хадисте егер хадистерде (шариғатқа қайшы келетін әлдебір нәрсені істеген адамның) иманын теріске шығару келсе, бұл мұндай адамның Исламнан шығып кететінін білдірмейтініне нұсқау бар.

4. Хадисте шынайы иман туралы мәлімдейтін адамда сол (шынайы иман) көрініс табуы міндетті екеніне нұсқау бар.

Әнастың, оған Аллаһ разы болсын, сөздерінен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Иманның*

ләззатын (мына) үш (сипатпен) ерекшеленетін кісі сезінеді: ол Аллаһ пен Оның Елшісін барлық нәрседен артық жақсы көреді; кімді жақсы көрсе де, тек Аллаһ үшін жақсы көреді; әрі күпірлікке оралуды Отқа тасталуды қаламайтынындай қаламайды» (әл-Бухари, 16; Муслим, 43).

Басқа бір хадисте: *«Үш сипатқа ие болмай, ешкім иманның ләззатын сезіне алмайды....»,* - деп айтылады. Әрі қарай мәтін осыдан алдыңғы (хадистегідей) келеді (әл-Бухари 5694).

Бұл хадисте Аллаһқа және Оның Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген махаббатты өзгелерге деген махаббаттан абзал көрудің артықшылықтары сипатталады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһқа және Оның Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген махаббатты өзге нәрселердің барлығынан абзал көрудің артықшылығына нұсқау бар.
2. Хадисте Аллаһ үшін жақсы көрудің артықшылығына нұсқалады.
3. Хадисте мұмин адам Аллаһ Тағаланы ықыласты түрде жақсы көруі керек екеніне нұсқау бар.
4. Хадисте осы үш сипатпен сипатталған адам олармен сипатталмаған адамнан жақсырақ екеніне нұсқау бар, тіпті ол бұрын кәпір болып, Исламды кейін қабылдаған, немесе бұрын күнәхар болып, күнәларына кейін тәубе еткен болса да.
5. Хадисте күпірлікті және кәпірлерді жек көрудің заңды екеніне нұсқау бар, өйткені кім әлдебір нәрсені жек көрсе, онымен сипатталғандарды да жек көреді.

Ибн Аббас, оған Аллаһ разы болсын, былай деп жеткізген: «Кім Аллаһ үшін жақсы көрсе, Аллаһ үшін жек көрсе, Аллаһ үшін достасса және Аллаһ үшін жауласса, сонысымен Аллаһтың қамқорғынына қол жеткізеді. Дәл осылай болмайынша Аллаһтың құлы иманның ләззатын сезіне алмайды, әрі оған ұзақ оқылған намаздары мен ұстаған оразалары да көмектеспейді. Ал қазір адамдар арасындағы бауырластық дүние тіршілігі үшін ғана құрылатын болды, әрі бұл оларға ешқандай пайда бермейді» (Ибн Мубәрак «әз-Зухд»

353).

Ал Аллаһ Тағаланың: «...Әрі олардың өзара байланыстары үзіледі...» («әл-Бақара» сүресі, 166-аят) сөздері туралы Ибн Аббас, оған Аллаһ разы болсын, былай деді: «Яғни сүйіспеншілік пен ынтықтық» (Хаким «әл-Мустадрак» 272/2).

Бұл асарда пенденің Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағалаға деген махаббатқа ие болуы және Аллаһ Тағаланың құлына көмек көрсетуінің екі шарты бар екені туралы айтылады:

1. Аллаһтың жақсы көретін құлын шын жүрекпен жақсы көру және оның дұшпандарын жүрекпен жек көру.
2. Аллаһтың жақсы көретін құлдарына деген махаббатты және оның дұшпандарына деген жек көрушілікті өз амалдарыңмен көрсету, мейлі бұл оларды қолдау немесе Оның дұшпандарымен жиһад жүргізу болсын.

Бұл асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда Аллаһ Тағаланың құлына деген махаббатына және Оның пендесіне деген көмегіне қол жеткізудің себептері түсіндіріледі.
 2. Асарда Аллаһ Тағаланы Оның ұлықтығына сәйкес болған «сүю» деген сипатпен сипаттау бар.
 3. Асарда Аллаһ үшін жақсы көрудің және Аллаһ үшін жек көрудің заңды екеніне, ал егер адамда бұл нәрсе болмаса, онда оған істеген жақсы амалдарының көптігі көмектеспейтініне нұсқау бар.
 4. Асарда мұминдерге қолдау көрсетудің және көмектесудің, әрі кәпірлерге жек көрушілік танытудың және оларға қарсы жиһад жүргізудің заңды екеніне нұсқау бар.
 5. Асарда Аллаһ Тағала үшін жақсы көрудің және Аллаһ үшін жек көрудің жемістеріне нұсқау бар, ал бұл – адамның иманның ләззатын сезінуі және онымен ләззаттануы.
 6. Асарда бұл дүние үшін жақсы көру мен жек көрудің айыпталатынына, және олардың да, олардың салдарының да кесірлі екеніне нұсқау бар.
-

ОТЫЗ ЕКІНШІ ТАРАУ:

Аллаһ Тағаланың: «Бұл сендерді өз көмекшілерімен қорқытатын шайтан ғана. Олардан қорықпаңдар да, Менен қорқыңдар, егер мұмин болсаңдар», - деген сөздері туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

إِنَّمَا ذَلِكَ الشَّيْطَانُ يُخَوِّفُ أَوْلِيَاءَهُ فَلَا تَخَافُوهُمْ وَخَافُوا مِنِّي إِن كُنتُمْ مُؤْمِنِينَ (۱۷۵)

«Бұл сендерді өз көмекшілерімен қорқытатын шайтан ғана. Олардан қорықпаңдар да, Менен қорқыңдар, егер мұмин болсаңдар» («Әли Имран» сүресі, 175-аят).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына сәйкестілігі»:

Қорқу – бұл Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаланың алдында ықыластылықпен орындалуы қажет болып табылатын ғибадаттың жалпы түрлерінің бірі болғандығы себепті, автор бұл тарауда Аллаһтың алдында ықыластылық және қорқушылық танытуға назар аударады.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта қорқу – бұл Аллаһтың алдында ықыластылық танытуды талап ететін құлшылық екеніне нұсқау бар.
2. Аятта Аллаһтан басқа кімнен (неден) болсын Аллаһтан қорыққандай қорқу ширк екеніне нұсқау бар. Мысалы, егер адам Аллаһтан өзгеден, тағуттан немесе сол сияқтыдан ол оған зиян тигізе алады деп қорықса.
3. Аятта шайтанның айласынан сақтандыру бар.

Аллаһ Тағала былай деді:

وَمِنَ النَّاسِ مَنْ يَقُولُ آمَنَّا بِاللَّهِ فَإِذَا أُوذِيَ فِي اللَّهِ جَعَلَ فِتْنَةَ النَّاسِ كَعَذَابِ اللَّهِ وَلَئِنْ جَاءَ نَصْرٌ مِنْ رَبِّكَ لَيَقُولُنَّ إِنَّا كُنَّا مَعَكُمْ أَوْلَىٰ أَلَمْ يَأْعْلَمْ بِمَا فِي صُُورِ الْعَالَمِينَ (۱۰)

«Адамдардың кейбірі: «Аллаһқа иман келтірдік», - дейді де, бірақ Аллаһ жолында жапа тартса, адамдардың кесірін Аллаһтың азабындай көреді. Әлбетте, Раббыңнан бір нұсырат (жеңіс) келетін болса: «Әрине, біз сендермен бірге едік», - дейді. Аллаһ әлемдегілердің көңілдеріндегіні жақсы біледі емес пе?» («әл-

‘Анкабут» сүресі, 10-аят).

Бұл аятта Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағалаға иман келтірген үшін адамдар зиян тигізеді деп қорқу иманның әлсіздігі болып табылатынына нұсқау бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта өзіңнің иман келтіргенің үшін адамдардың жазалауынан қорқу Аллаһтан басқадан қорқу болып табылатынына нұсқау бар.
 2. Аятта Аллаһтың жолындағы қиыншылықтарды көтеруде сабырлық танытудың міндетті екеніне нұсқалады.
 3. Аятта екіжүзділердің ниеттері мен мүдделерінің пәстігіне нұсқалады.
 4. Аятта Қасиетті әрі Пәк Аллаһтың біліміне нұсқау бар.
-

Аллаһ Тағала былай деді:

إِنَّمَا يَعْزُّرُ مَسَاجِدَ اللَّهِ مَنْ آمَنَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَأَقَامَ الصَّلَاةَ وَآتَى الزَّكَاةَ وَلَمْ يَخْشَ إِلَّا اللَّهَ فَعَسَىٰ أُولَٰئِكَ أَن يَكُونُوا مِنَ الْمُهْتَدِينَ (١٨)

«Аллаһтың мешіттерін шынайы түрде Аллаһқа, Ақырет күніне иман келтірген, намазды толық орындайтын, зекет беретін және Аллаһтан ғана қорыққан кісі жандандырады. Міне, солардың тура жол табушылардан болулары үміт етіледі» («әт-Тауба» сүресі, 18-аят).

Бұл аятта жалғыз Аллаһ Тағалаға құлшылық жасаудың негізі болып табылатын қорқуда ықылас танытудың міндетті екеніне нұсқау бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаланың алдында ықыластылық танытудың міндетті екеніне нұсқау бар.
2. Аятта егер амалдарға ширк араласатын болса, олар пайда келтірмейтініне нұсқау бар.
3. Аятта мешіттің шын мәнінде тұрғызылуы жай ғимарат құру ғана болып қоймай, ғибадат пен ізгі амалдарға негізделуі керек екеніне нұсқау бар.

4. Аятта мешіт құруға ынталандыру материалдық әрі рухани болуға тиісті екеніне нұсқалады.

Абу Саид, оған Аллаһ разы болсын, бірде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған былай деп айтқанын баяндаған: *«Аллаһты ашуландыру арқылы адамдардың ризашылығын іздейтін болсаң, әрі Аллаһ саған берген ризық үшін оларды мадақтайтын болсаң, сондай-ақ Аллаһ саған бермеген нәрсе үшін оларды сөгетін болсаң, сенімің әлсіз болады. Көксеушінің қатты дәметуі Аллаһтан ризық алып келмейді, ал қаламаушының жек көруі оны (ризықты) кері қайтара алмайды»* (Абу Нуайм «әл-Хилияда» 106/5, 41/10. Әл-Бәйһақи «Шуаби-л-Иманда» 203).

Бұл хадисте пайда іздеуде және қайғы-қасіреттен қорғануда жүректі Аллаһпен байлау міндетті екеніне, сондай-ақ тек Пәк Аллаһ Тағаладан ғана қорқу керек екеніне әрі басқа жаратылыстарға көңіл бұрмау және егер Аллаһ саған әлдебір нәрсені берген болса, сол үшін оларды мадақтамау, немесе егер Ол сенен әлдебір нәрсені алып қойған болса, сол үшін оларды сөкпеу керек екеніне нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһ Тағалаға тәукеп етудің, Одан қорқудың және Одан ғана ризық тілеудің міндетті екеніне нұсқау бар.
 2. Хадисте тағдырға иман келтіруге нұсқау бар.
 3. Хадисте себептерге сүйенбеу керек екеніне нұсқау бар.
 4. Хадисте Аллаһтың разылығын Оның жаратылыстарының разылығынан жоғары қою міндетті екеніне нұсқау бар.
-

Аиша, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: *«Кімде-кім адамдарды ызаландырып болса да, Аллаһтың разылығын іздесе, Аллаһ оған Өзінің разылығын әрі адамдардың да разылығын сыйлайды. Ал кім Аллаһты ашуландырып, адамдардың разылығын іздесе, Аллаһ оған Өзінің ашуын төгеді әрі адамдардың да ызасын бағыттайды»* (Ибн

Хиббан 1542, 1541, әт-Тирмизи 2416).

Бұл хадисте Аллаһтан қорқудың міндеттілігіне, сондай-ақ Аллаһ Тағаланың разылығын Оның жаратылыстарының разылығынан жоғары қою керек екендігіне нұсқалады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһтан қорқудың міндетті екендігіне, сондай-ақ Аллаһтың разылығын Оның жаратылыстарының разылығынан жоғары қою керек екендігіне нұсқалады.
 2. Хадисте адамдардың разылығын Аллаһтың разылығынан төмен қоятын адамдарды қандай жаза күтіп тұрғанына нұсқалады.
 3. Хадисте тек Пәк Аллаһ Тағалаға ғана тәуекел етудің міндетті екеніне және Оған ғана сүйену керектігіне нұсқалады.
 4. Хадисте Аллаһтың разылығын өзге нәрселердің барлығынан жоғары қоятын адамның жағдайына және мұның нәтижесінің мақтаулы болатынына нұсқау бар.
 5. Хадисте пенделердің жүректері Қасиетті әрі Пәк Аллаһтың Тағаланың Қолында екеніне нұсқау бар.
-

ОТЫЗ ҮШІНШІ ТАРАУ:

Аллаһ Тағаланың: «Егер мұмин болсаңдар, Аллаһқа тауекел етіңдер», - деген сөздері туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

وَعَلَى اللَّهِ فَتَوَكَّلُوا إِن كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ (۲۳)

«Егер мұмин болсаңдар, Аллаһқа тауекел етіңдер» («әл-Мәида» сүресі, 23-аят).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, бұл тарауда Аллаһқа тәуекел ету парыз болып табылатынына нұсқағысы келді, өйткені ол – ең жақсы ғибадаттардың бірі, әрі таухидтің ең жоғары дәрежесі.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта жалғыз Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағалаға ғана тәуекел етудің міндетті екеніне, сондай-ақ Аллаһ Тағаладан өзгеге тәуекел ету көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқау бар, өйткені тәуекел – бұл ғибадат.

2. Аятта Аллаһқа ғана тәуекел ету иманның жарамдылығының шарты болып табылатынына, әрі егер тәуекел болмаса, иман да болмайтынына нұсқалады.

Аллаһ Тағала былай деді:

إِنَّمَا الْمُؤْمِنُونَ الَّذِينَ إِذَا ذُكِرَ اللَّهُ وَجِلَتْ قُلُوبُهُمْ وَإِذَا تُلِيَتْ عَلَيْهِمْ آيَاتُهُ زَادَتْهُمْ إِيمَانًا وَعَلَىٰ رَبِّهِمْ يَتَوَكَّلُونَ

(۲)

«Сөзсіз, мұминдер – бұл Аллаһ еске алынған кезде жүректері қорқыныш сезетіндер, Оның аяттары оқылса, имандары артатындар, әрі Раббыларына тәуекел ететіндер» («әл-Әнфал» сүресі, 2-аят).

Бұл аятта жалғыз Аллаһ Тағалаға ғана тәуекел ету шынайы мұминдердің сипаттарының бірі екеніне нұсқау бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта жалғыз Аллаһ Тағалаға тәуекел етудің заңды екеніне, әрі ол шынайы мұминдердің сипаттарының бірі екеніне нұсқау бар.

2. Аятта иман көбейетініне және азаятынына нұсқау бар. Ол ізгі амалдар істеу арқылы көбейеді, әрі күнә істеу себепті кемиді.

3. Аятта Аллаһ Тағалаға иман келтіру адамнан Пәк әрі Қасиетті болған жалғыз Оған ғана тәуекел етуін талап ететініне нұсқау бар.

4. Аятта шынайы мұминдердің сипаттарының бірі – бұл олардың тағзым-итағат танытытатыны әрі тек жалғыз Аллаһ Тағаладан ғана қорқатыны екеніне нұсқау бар.

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

يَا أَيُّهَا النَّبِيُّ حَسْبُكَ اللَّهُ وَمَنِ اتَّبَعَكَ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ (٦٤)

«Әй, пайғамбар! Саған және мұминдерден болған сенің ізбасарларыңа Аллаһ жетіп асады» («әл-Әнфал», 64-аят).

Ол сондай-ақ былай деді:

وَمَنْ يَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ فَهُوَ حَسْبُهُ

«Кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол оған жетіп асады» («әт-Тәлақ» сүресі, 3-аят).

Осы екі аятта жалғыз Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағалаға ғана тәуекел етудің міндетті екеніне, сондай-ақ кім жалғыз Аллаһ Тағалаға тәуекел етсе, Ол оған жеткілікті болатынына нұсқау бар.

Осы аяттардан алынатын пайдалар:

1. Аяттарда Аллаһқа тәуекел етудің міндетті екеніне, өйткені тәуекел ең ұлы ғибадаттардың бірі болып табылатынына нұсқау бар.

2. Аяттарда Аллаһқа тәуекел етудің артықшылықтарына және оның пайдаларына, сондай-ақ тәуекел әлдебір зиянды болдырмауға немесе қандай да бір пайдаға қол жеткізуге ұлы себеп болып табылатынына нұсқау бар.

3. Аятта сый-жаза амалдарға сәйкес болатынына нұсқау бар.

Ибн Аббас, Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын, былай деді:

“(Құранда былай деп айтылған:)

حَسْبُنَا اللَّهُ وَنِعْمَ الْوَكِيلُ (١٧٣)

“«Бізге Аллаһ жетіп асады, Ол нендей жақсы Ие», - деді” («Әли Имран» сүресі, 173-аят). Бұл сөздерді Ибраһим, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, отқа тасталған кезінде айтқан еді. Тура осыны Мухаммад Пайғамбар да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдар оларға: «Сендерге қарсы ел жиналды, сондықтан олардан қорқыңдар», - дегенде айтқан болатын. Алайда (бұл сөз) олардың иманын арттырды” (әл-Бухари, 4563).

Бұл асарда бүкіл істерді Аллаһ Тағалаға тапсыруды және Оған тәуекел етуді меңзейтін сөздерге нұсқалады. Бұл сөздерді

бақытсыздықтар мен қайғы-қасіреттер кезінде айту керек. Ол сондай-ақ бұл сөздерді дұшпандардың зиянын немесе айласын тойтару үшін де айтуға болатынына нұсқайды.

Асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда осы сөздердің артықшылығына әрі оларды қайғы-қасіреттер тұсында айту керек екеніне нұсқау бар.
 2. Асарда тәуекелдің бұл дүние мен Ақыретте игілікке қол жеткізудегі және жамандықты тойтарудағы ұлы себеп болып табылатынына нұсқау бар.
 3. Аятта иман көбейетініне және кемитініне нұсқау бар.
 4. Аятта кейде адамға әлдебір нәрсе ұнамайтын болуы, бірақ сол нәрседе оған жақсылық бар болуы мүмкін екеніне нұсқау бар.
-

ОТЫЗ ТӨРТІНШІ ТАРАУ:

Аллаһ Тағаланың: «Сонда олар Аллаһтың мәкірінен қорықпады ма? Аллаһтың мәкірінен зиянға ұшырайтын ел ғана қорықпайды», - деген, сондай-ақ Оның: «Раббының рахметінен адасушылардан басқа кім күдер үзеді?!», - деген сөздері туралы

«Аллаһ Тағала былай деді:

أَفَأَمِنُوا مَكْرَ اللَّهِ فَلَا يَأْمَنُ مَكْرَ اللَّهِ إِلَّا الْقَوْمُ الْخَاسِرُونَ (٩٩)

«Сонда олар Аллаһтың мәкірінен қорықпады ма? Аллаһтың мәкірінен зиянға ұшырайтын ел ғана қорықпайды» («әл-Әғраф» сүресі, 99-аят).

Ол сондай-ақ былай деді:

وَمَنْ يَفْتَنُ مِنْ رَحْمَةِ رَبِّهِ إِلَّا الضَّالُّونَ (٥٦)

«Раббының рахметінен адасушылардан басқа кім күдер үзеді?!» («әл-Хижр» сүресі, 56-аят).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, бұл тарау арқылы адамның өзін Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаланың мәкірінен қауіпсіздікте сезінуі, сондай-ақ Қасиетті әрі Пәк Аллаһтың рахметінен күдер үзу сезімі де ең үлкен күнәлардың қатарына жататынын, әрі осы екі күнәның екеуі де

таухидтің толықтығына қайшы келетінін түсіндіргісі келді. Оларда сондай-ақ мұмин адам әрқашан өз бойында (Аллаһтың жазасынан) қорқуды және (Оның рахымына) үміт етуді біріктіруі қажет екеніне нұсқау бар.

Осы аяттардан алынатын пайдалар:

1. Бірінші аятта өзіңді Аллаһтың мәкірінен қауіпсіздікте сезінуден сақтандыру әрі бұл үлкен және опат етуші күнә екеніне нұсқау бар.

2. Екінші аятта Аллаһ Тағаланың рахымынан күдер үзу сезімінен сақтандыру әрі бұл үлкен және опат етуші күнәлардың бірі екеніне нұсқау бар.

3. Бұл екі аятта мұмин кісі өз бойында үнемі қорқу мен үмітті біріктіруі қажет екеніне нұсқау бар. Әрі ол Аллаһтың мәкірінен қорқуын тоқтатпауы қажет, алайда Оның рахымынан да күдер үзбеуі керек.

4. Аяттарда қорқу мен үміт ету ғибадаттардың түрлеріне жататынына әрі оларды тек қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағалаға ғана арнау міндетті екеніне нұсқау бар.

Ибн Аббас, Аллаһ ол екеуіне разы болсын, бірде (адамдар) Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) опат етуші күнәлар туралы сұрағандығын, әрі ол оларға былай деп жауап бергендігі туралы баяндады: *«Бұл — Аллаһқа теңдес қосу, Аллаһтың рахымынан (көмегінен) үміт үзу және өзіңді Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезіну»* (әл-Бәззар 106, және Ибн Аби Хатим өзінің тәпсірінде 5201).

Ибн Мәсғуд, оған Аллаһ разы болсын, былай деді: *«Опат етуші күнәлардың ең қорқыныштылары — бұл Аллаһқа теңдес қосу, өзіңді Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезіну және Аллаһтың (рахымынан) көмегінен үміт үзу»* (Абдур-Раззақ 10/459, Хайсами 104/1).

Бұл хадисте өзіңді Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезіну және Аллаһтың (рахымынан) көмегінен үміт үзу үлкен және опат етуші күнәларға жататынына нұсқау келген.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте өзіңді Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезіну және Аллаһтың (рахымынан) көмегінен үміт үзу, мұны муржилер мен хауариждер істейтініндей, харам әрі үлкен күнәлардың қатарынан екеніне нұсқау бар.

2. Хадисте ширк опат етуші күнәлардың ең үлкені екеніне нұсқау бар.

3. Хадисте пенде міндетті түрде қорқу мен үміттің арасында болуы керек екеніне нұсқау бар. Егер ол қорықса, үміт үзбеуі керек. Ал егер үміт етсе, өзін Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезінбеуі қажет.

ОТЫЗ БЕСІНШІ ТАРАУ:

Аллаһтың тағдырына сабыр ету – Оған иман келтірудің бір бөлігі болып табылатыны туралы.

Аллаһ Тағала былай деді:

مَا أَصَابَ مِنْ مُصِيبَةٍ إِلَّا بِإِذْنِ اللَّهِ وَمَنْ يُؤْمِنْ بِاللَّهِ يَهْدِ اللَّهُ قَلْبَهُ وَاللَّهُ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمٌ (۱۱)

«Кім Аллаһқа иман келтірсе, Ол оның жүрегін тура жолға салады. Аллаһ барлық нәрсені толық Білуші» («әт-Тағабун» сүресі, 11-аят).

Әлқама, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осы аятқа қатысты былай деді: *«Бұл басына бақытсыздық келіп түскен кезде, мұның Аллаһтан екенін білетін, әрі сондықтан да разы болатын әрі мойынсұнатын адам туралы айтылған».*

Әлқама – бұл Әлқама ибн Қайс ибн Абдуллаһ ибн Әлқама, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде туылған табиғиндерден болған үлкен ғалым. Ол һижраның 60 жылы қайтыс болды.

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осы тарау арқылы Аллаһтың тағдырына сабырлық танытудың міндетті екеніне және оған наразылық танытудың тыйым салынғандығына нұсқағысы келді, өйткені бұл

таухидтің толықтығына қайшы келеді.

Бұл аятта Пәк Аллаһ Тағаланың жанға бататын тағдырына разы болудың артықшылығы туралы айтылады.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Пәк Аллаһ Тағаланың жазған тағдырымен орын алатын бақытсыздықтар сияқты жанға бататын нәрселерге разы болудың артықшылығына нұсқалады.
2. Аятта амалдар иманның бір бөлігі екендігі туралы айтылады.
3. Аятта сабыр Аллаһ адамның жүрегін тура жолға салуының себебі болып табылатынына нұсқау бар.
4. Аятта тура жол сабырлыларға берілетін сый екеніне нұсқау бар.

Муслимнің «Сахихында» Абу Хурайрадан Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені келтірілген: *«Адамдардағы екі сипат күпірліктің көрінісі болып табылады: шыққан текті сөгү және өлген адамды жоқтау»* (Муслим 67).

Бұл хадисте өлген кісіні жоқтауға деген тыйым келген, өйткені бұда наразылық таныту және Аллаһтың тағдыр етіп белгілеген нәрсесіне сабыр етпеу бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте өлген кісіні жоқтауға тыйым салынғандығына әрі бұл күпірліктің белгілерінің бірі және үлкен күнә екеніне нұсқалады.
2. Хадисте сабырлық танытудың міндетті екеніне нұсқау бар, өйткені өлген кісіні жоқтаудың тыйым салынғандығы бұған қарама-қайшы болған нәрсеге нұсқайды, ал бұл сабырлық.
3. Хадисте адамды Исламнан шығармайтын күпірлік бар екеніне нұсқау бар.
4. Хадисте шыққан текті сөгіп-балағаттаудың және тектің

кемшіліктері бар деп айтудың тыйым салынғандығына нұсқау бар.

Абдуллаһ ибн Масғуд, оған Аллаһ разы болсын, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені туралы баяндағаны жеткізіледі: *«Өзінің бетінен шапалақтап ұратын, үстіндегі киімін жыртатын және жәһилиет кезіндегі сөздерді айтатын адам бізден емес!»* (әл-Бухари 1294, Мұслим 103).

Бұл хадисте Аллаһтың тағдырына сөзбен, не амалмен болсын наразылық танытудың тыйым салынғандығына әрі бұл үлкен күнәларға жататынына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһтың тағдырына сөзбен, не амалмен болсын наразылық танытудың тыйым салынғандығына әрі бұл үлкен опат етуші күнәларға жататынына нұсқау бар.
 2. Хадисте бақытсыздық кезінде сабырлық танытудың міндетті екендігіне нұсқау бар.
 3. Хадисте надандыққа қайшы келудің міндетті екеніне нұсқау бар, өйткені надандыққа қайшы келу шариғат даналықтарының бірі болып табылады.
-

Әнастың, оған Аллаһ разы болсын, сөздерінен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Егер Аллаһ Өз құлына жақсылық қаласа, Ол оның осы дүниеде жазалануын тездетеді. Ал егер Аллаһ Тағала Өзінің құлына жамандық қаласа, Ол оны істеген күнәсы үшін жазалауын Қиямет Күні басталғанға дейін шегеріп қояды»* (әт-Тирмизи 2398, Ибн Мәжаһ 4021).

Бұл хадисте Аллаһтың Өз құлына сүйіспеншілік танытуының белгісі, әрі не себепті Аллаһтың құлдарымен әлдебір ұнамсыз жағдайлар орын алатынының даналығы түсіндіріледі.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһтың Өз пендесін жақсы көруінің белгілері түсіндіріледі, әрі осы белгілердің бірі оған сынақтардың келіп түсуі болып табыладытынына нұсқалады.

2. Хадисте Аллаһ Тағаланы Оның Ұлылығына сай «жақсы көру», «разы болу», «жек көру» деген сипаттармен сипаттау келген.

3. Хадисте Аллаһ Тағаланың іс-әрекеттерінің даналығы түсіндірілген.

4. Хадисте жаза-сый пенденің амалдарына сәйкес болатынына нұсқау бар.

5. Хадисте пендені бақытсыздықтар тұсында сабыр етуге ынталандыру бар.

6. Хадисте кейде адамға әлдебір нәрсе жек көрінішті болып көрінетініне, бірақ шын мәнісінде ол оған қайырлы болуы мүмкін екеніне нұсқау бар.

Әнастың, оған Аллаһ разы болсын, сөздерінен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізілген: *«Егер Аллаһ өз пендесіне жақсылық қаласа, Ол оның осы дүниедегі жазасын тездетеді. Ал егер Аллаһ Тағала Өзінің пендесіне жамандық қаласа, Ол оны істеген күнәсі үшін жазалауын Қиямет Күніне қалдырып қояды»* (әт-Тирмизи, 2398, Ахмад 87/4, Хаким 349/1).

Бұл хадисте бақытсыздықтар кезінде сабырлық танытуға әрі Аллаһтың тағдырына разылық танытуға ынталандыру бар, өйткені бұл нәрсе пенденің өзіне пайдалы.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһтың Өз пендесіне жақсылық қалауының белгісі Ол оны істеген күнәлары үшін осы дүниеде-ақ жазалануын тездетуі болып табылатынына нұсқау бар.

2. Хадисте Аллаһтың Өз пендесіне жамандық қалауының белгісі Ол оны Қиямет Күні жазаламайынша бұл дүниеде жазаламауы болып табылатынына нұсқау бар.

3. Хадисте үнемі сау-сәлеметтікте болудан қорқу қажет екеніне нұсқау бар, өйткені бұл (Қиямет Күнінде) бақытсыз

болудың себебіне айналуы мүмкін.

4. Хадисте Аллаһ біздің тағдырымызға жазған бақытсыздықтарға қатысты әрқашан Ол туралы жақсы ойда болудың және Оның рахымына үміт етудің керек екеніне нұсқаладына.

5. Хадисте адам әлдебір нәрсені жек көруі, алайда ол оған қайырлы болуы мүмкін екеніне, сондай-ақ ол әлдебір нәрсені жақсы көруі, алайда ол оған қайырсыз болуы мүмкін екеніне нұсқау бар.

6. Хадисте бақытсыздықтар мен қиыншылықтар тұсында сабырлық танытуға ынталандыру бар.

ОТЫЗ АЛТЫНШЫ ТАРАУ: Көзбояушылық (рия) туралы

«Аллаһ Тағала былай деді:

قُلْ إِنَّمَا أَنَا بَشَرٌ مِّثْلُكُمْ يُوحَىٰ إِلَيَّ أَنَّمَا إِلَهُكُمُ إِلَهٌ وَاحِدٌ فَمَنْ كَانَ يَرْجُوا لِقَاءَ رَبِّهِ فَلْيَعْمَلْ عَمَلًا صَالِحًا وَلَا يُشْرِكْ بِعِبَادَةِ رَبِّهِ أَحَدًا (١١٠)

“(Мухаммад, оларға:) «Шынында мен де сендер сияқты адаммын. Маған Құдайларың Жалғыз Құдай екендігі уәһи етілуде. Кім Раббысына жолығуды үміт етсе, түзу іс істеп, Раббысына жасаған құлшылығында Оған ешкімді ортақ етпесін», - де” («әл-Кәһф» сүресі, 110-аят).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Рия таухидті бұзатын әрі өзі араласқан істі зая кетіретін амал болғандықтан, автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осы кітапта оған арнайы тарау бөлуі қажет еді.

Рия – бұл адамның әлдебір құлшылық рәсімін немесе іс-амалды адамдар осыны көріп оны мақтауы үшін істеуі. Яғни ол бұл амалды Аллаһтан сауап алу үшін емес, адамдар оны мақтау үшін істейді.

Бұл аятта амалдарды оларда ширк пен оның бір түрі болған рия болмайтындай етіп, ықыласты түрде істеуге деген бұйрық келген.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта діннің негізі Аллаһ Тағаланы құлшылықта жалғыз ету екеніне нұсқау бар.
 2. Аятта рия көпқұдайшылық екеніне нұсқалады.
 3. Аятта мүшриктер түскен көпқұдайшылық құлшылықтағы көпқұдайшылық болғанына нұсқау бар.
 4. Аятта Аллаһпен қатар кімге (неге) болмасын құлшылық етуге тыйым салынғанына нұсқалады, мейлі олар пұттар, пайғамбарлар, әулиелер не басқалар болсын.
-

Абу Хурайра, оған Аллаһ разы болсын, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: *«Аллаһ Тағала былай деді: "Мен серіктердің барлығынан ең баймын, әрі Мен амалымен Маған серік қосқанның кез-келгенін Маған қосқан серігімен бірге тәрк етемін"»* (Муслим 2985, Ахмад 435, 301/2, Ибн Мәжаһ 4202, Ибн Хазм 938).

Бұл хадисте Аллаһ құрамында рия немесе сол сияқты көпқұдайшылықтың түрлеріне жататын әлдебір нәрселер болған амалдарды қабыл етпейтініне нұсқау келген.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте ширктің бүкіл көрініс табатын түрлерінен сақтандыру бар, өйткені ол амалдардың Аллаһ Тағала тарапынан қабылдануына кедергі болады.
 2. Хадисте іс-амалдарда міндетті түрде ықыластылық танытудың, яғни олар тек Аллаһ үшін ғана істелуінің әрі ширктің кез-келген түрінің араласуынан таза болуы міндетті екеніне нұсқау бар.
 3. Аятта Аллаһ Тағаланы Оның ұлылығына лайықты болған «байлық» сипатымен сипаттау келген.
-

Абу Саид, оған Аллаһ разы болсын, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келесі сөздерін жеткізген: *«Сендерге әл-Масих әд-Дәжжалдан да қауіптірек әрі қорқынышты болған нәрсе туралы хабарлайын ба?»* Адамдар: *«Хабарлаңыз, уа, Аллаһтың Елшісі»,* - деді. (Сонда) ол былай деді: *«Бұл — адамның намазға тұрып, оған әлдебіреудің қарап жатқанын көріп, оны арнайы әдемілеп (оқуы)»* (Ахмад, 3/30, Ибн Мәжаһ, 4204).

Бұл хадисте риядан сақтандыру және оның мән-мағынасын түсіндіру бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметіне деген мейірімділігі мен ықыластылығына нұсқау бар.
2. Хадисте рияның ізгі-салиқалы адамдарға Дәжжәлдің бүлігінен де көбірек зиян тигізуі мүмкін екеніне нұсқау бар.
3. Хадисте риядан және жалпы ширктен сақтандыру бар.

ОТЫЗ ЖЕТІНШІ ТАРАУ:

Адамның игі-салиқалы амалды дүниелік игіліктерге қол жеткізуі үшін істеуі көпқұдайшылықтың көрінісі екені туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

مَنْ كَانَ يُرِيدُ الْحَيَاةَ الدُّنْيَا وَزِينَتَهَا نُوَفِّ إِلَيْهِمْ أَعْمَالَهُمْ فِيهَا وَهُمْ فِيهَا لَا يُبْخَسُونَ (١٥) أُولَٰئِكَ الَّذِينَ لَيْسَ لَهُمْ فِي الْآخِرَةِ إِلَّا النَّارُ وَحَبِطَ مَا صَنَعُوا فِيهَا وَبَاطِلٌ مَا كَانُوا يَعْمَلُونَ (١٦)

«Кім дүние тіршілігін әрі оның зейнетін қаласа, дүниеде олардың еңбектерін толық береміз; сондай-ақ олар кемшілікке ұшыратылмайды. Оларға Ақыретте (Тозақ) отынан басқа еш нәрсе жоқ. Бұл дүниеде жасаған тырысулары зая кетті, әрі амалдары пайдасыз» («Худ» сүресі, 15-16 аяттар)».

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Бұл тарауда дүниелік әлдебір игіліктер үшін жасалған ізгі-салиқалы

амалдар көпқұдайшылық болып табылатынына, таухидтің толықтығына қайшы келетініне әрі амалдарды зая ететініне нұсқау бар. Әрі осы тарау мен одан алдыңғы тараудың айырмашылығы – бұл тарауда салиқалы амалдарды бұл дүние үшін істейтін адамның жағдайы түсіндіріледі. Ал жоғарыда сөз етілген рияға келер болсақ, онда адам ізгі амалдарды тек өзгелердің мақтауына қол жеткізу үшін істейді.

Бұл екі аят өзінің амалдарымен осы дүниенің игіліктерін қалайтын адамның үкімін және оның бұл дүние мен Ақыреттегі соңы қалай болатынын түсіндіреді.

1. Аятта ширк амалдарды зая ететініне, әрі игі амалдармен осы дүниенің игіліктері мен оның зейнеттеріне қол жеткізуді қалау осы амалдарды жойып жіберетініне нұсқайды.
 2. Аятта Аллаһ Тағала кәпірге және өзінің амалдары үшін осы дүниені алуды қалайтынға осы дүниеде сұрағанын беретініне, әрі Ақыретте оның сый-сауап берілетін ешбір игі амалы болмайтынына нұсқайды.
 3. Аятта Ақыреттің игі амалдары арқылы осы дүниенің игіліктеріне қол жеткізуді қалайтынға өте қатал ескерту бар.
 4. Аятта игі амалдарды Ақыретті қалап істеуге ынталандыру бар.
-

Абу Хурайраның сөздерінен, оған Аллаһ разы болсын, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Динардың құлына, дирхамның құлына және қамистың құлына қасірет болсын. Оған (бұл нәрселер) берілсе – риза болып жүреді, ал берілмесе – наразылық білдіреді. Оған қасірет болсын, әрі оған ауруы қайта оралсын, әрі оның денесіне қадалған тікенді суырып алатын адам табылмасын!»*

Аллаһтың жолында атының жүгенінен ұстанатын, әрі егер оны барлаушылыққа (қойса), барлаушылыққа шығатын, ал (әскердің) арт жағына қойылса, арт жаққа баратын, әрі егер әлденені сұраса, сұрағаны рұқсат етілмейтіндей (өте көнгіш), ал біреу үшін өтініш жасаса, өтініші қабылданбайтын, шашы ұйна-тұйна, аяғы шаң-шаң пенде

шат-шадыман болсын» (әл-Бухари, 2887).

Бұл хадисте салиқалы амалдарды осы дүние үшін істеуге сөгіс пен Ақырет үшін істелетін амалдарды мақтау келген.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте ізгі-салиқалы амалдарды осы дүние үшін істеуді айыптау және Ақырет үшін істелетін амалдарды мақтау келген.
 2. Хадисте кішіпейілділіктің артықшылығына нұсқалады.
 3. Хадисте Аллаһтың жолындағы жиһадтың артықшылығына нұсқалады.
 4. Хадисте ләззаттар мен нәуетектіктің айыпталатынына, және ер адамның сипаттарында ержүректілік пен күш-қуаттың мақталатынына нұсқау бар, өйткені бұлар Аллаһтың жолындағы жиһадта қуатты болуға көмектеседі.
-

ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ ТАРАУ:

Ғалымдар мен билеушілерге олар Аллаһтың хәлал еткен нәрселерін харам еткенде, немесе Оның харам еткен нәрселерін хәлал еткенде бағынатындар, соларды (өздеріне) раббылар ететіні туралы

Ибн Аббас, оған Аллаһ разы болсын, былай деді: “Мен сендердің бастарыңа дәл қазір аспаннан тастар келіп түседі ме деп қорқамын! Мен: «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтты», - десем, сендер: «Абу Бакр мен Умар былай деді», - дейсіңдер”.

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Мойынсұну ғибадаттың бір түрі болғандықтан, автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осы тарауда Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаланы Оған мойынсұнуда жалғыз етудің міндетті болып табылатынына әрі күнәлі істе (Аллаһқа мойынсұнбауда) ешкімге мойынсұнуға болмайтынына назар бұрды.

Бұл асарда билеуші-әмірлерге Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолына қайшы келетін нәрселерде

мойынсұнуға тыйым салынғанына, сондай-ақ бұл міндетті түрде (Аллаһтың) жазасын алып келуі мүмкін екеніне нұсқау бар.

Асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздерін кез-келген адамның сөзінен жоғары қою міндетті екеніне нұсқау бар.

2. Асарда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне қайшы келу адамның басына Аллаһтың жазасын келтіретініне нұсқау бар.

Ахмад ибн Ханбәл, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деді:
“Хадистің иснады әрі сенімділігі туралы біле тұра, әрі Аллаһ:

فَلْيَحْذَرِ الَّذِينَ يُخَالِفُونَ عَنْ أَمْرِهِ أَنْ تُصِيبَهُمْ فِتْنَةٌ أَوْ يُصِيبَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ (٦٣)

«Сондықтан оның әміріне қарсы келгендер өздеріне бір сынақ жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын», - деп айтқанына қарамастан, Суфиянның (әс-Саури) (әлдебір) пікіріне ілесетіндер таң қалдырады.

Ал сен сынақтың не екенін білесің бе? Сынақ (фитна) – бұл ширк. Егер әлдебіреу Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейбір айтқан сөздерін қабылдамаса, оның жүрегіне адасушылық кіріп, оның опат болатыны ап-анық».

Ахмад – бұл имам Ахмад ибн Мухаммад ибн Ханбәл, һижраның 241 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны рахым етсін.

Суфиян – бұл Абу Абдуллаһ Суфиян ибн Саид әс-Саури, ғибадатшылығымен және зұһдтығымен (дүниелік игіліктерге қызықпаушылығымен) танымал ғалым, сенімді хадис жеткізушісі және факих болған. Һижраның 161 жылы қайтыс болған, Аллаһ оны рахым етсін.

Бұл асарда ғалымдарға дәлелсіз соқыр түрде ілесуге және Құран мен Сүннетке сәйкес амал етуді тәрк етуге болмайтынына нұсқау бар, өйткені бұл мойынсұнудағы ширк болып табылады.

Асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда дәлелді және оны қалай қолдану керек екенін білетін адамға әлдебіреудің пікіріне соқыр түрде ілесудің тыйым салынғанына нұсқау бар.

2. Асарда дәлелді білмейтін адамның өзі солардың білімі мен дініне сенетін ғалымдарға және білім талап етушілерге ілесуіне болатындығына нұсқау бар.

Ади ибн Хатим, оған Аллаһ разы болсын, былай деп баяндайтын:
“Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

«Олар өздерінің машайыхтары мен ғалымдарын Аллаһтан өзге раббылар етіп мойындады» («әт-Тәуба» сүресі, 31-аят), - деген аятты оқығанын естідім.

Мен оған: «Бірақ біз оларға құлшылық етпейтінбіз ғой!», - дедім. Сонда ол: **«Олар Аллаһтың хәлал еткен нәрселерін харам етпейді ме, әрі сендер осыны харам деп санамайсындар ма, әрі егер олар Аллаһ харам еткен нәрселерді хәлал етсе, сендер де соны өздеріңе хәлал етесіңдер ғой!?»**, - деп сұрады. Мен: «Иә, солай», - деп жауап бердім. (Ал) ол (бұған): **«Міне, дәл осы – оларға құлшылық ету»**, - деді” (әт-Тирмизи 3104, Ибн Касир «Тафсирде» 485/2).

Ади – бұл Ади ибн Хатим әт-Тәи – атақты сахаба, оның Исламы өте көркем болатын. Ол һижраның 68 жылы 120 жасында қайтыс болды.

Бұл хадисте жаратылғанға Аллаһқа мойынсұнбаушылықта мойынсұну осы жаратылғанға құлшылық ету болып табылатынына нұсқау бар, әсіресе, заңдарды, яғни Қасиетті әрі Пәк Аллаһтың үкімдеріне қайшы келетін заңдарды орнатуда.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте ғалымдарға және өзге жаратылыстарға Аллаһ Тағаланың үкімдерін өзгертуде мойынсұну, егер мойынсұнушы өзінің Аллаһтың заңдарын өзгертіп жатқанға мойынсұнып жатқанын білсе, ширк болып табылатынына нұсқау бар.

2. Хадисте әлдебір нәрсені хәлал немесе харам ету Аллаһ

Тағаланың ерекше құқығы екеніне нұсқау бар.

3. Хадисте ширктің бір түрінің түсіндірмесі бар, ал бұл бойсұнудағы ширк.

4. Хадисте білмейтін адамды үйретудің заңды екеніне нұсқалады.

5. Хадисте ғибадаттың мән-мағынасы кең екеніне, әрі ол Аллаһ жақсы көретін және разы болатын барлық жасырын және жария істерді немесе сөздерді қамтитынына нұсқалады.

ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ:

«Ән-Ниса» сүресінің 60-61 аяттары туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

أَلَمْ تَرَ إِلَى الَّذِينَ يَزْعُمُونَ أَنَّهُمْ آمَنُوا بِمَا أُنْزِلَ إِلَيْكَ وَمَا أُنْزِلَ مِنْ قَبْلِكَ يُرِيدُونَ أَنْ يَتَحَاكَمُوا إِلَى الطَّاغُوتِ وَقَدْ أُمِرُوا أَنْ يَكْفُرُوا بِهِ وَيُرِيدُ الشَّيْطَانُ أَنْ يُضِلَّهُمْ ضَلَالًا بَعِيدًا (٦٠) وَإِذَا قِيلَ لَهُمْ تَعَالَوْا إِلَى مَا أَنْزَلَ اللَّهُ وَإِلَى الرَّسُولِ رَأَيْتُ الْمُنَافِقِينَ يَصُدُّونَ عَنْكَ صُدُودًا (٦١) فَكَيْفَ إِذَا أَصَابَتْهُمْ مُصِيبَةٌ بِمَا قَدَّمَتْ أَيْدِيهِمْ تُمْ جَاءُوكَ يَخْلِفُونَ بِاللَّهِ إِنْ أَرَدْنَا إِلَّا إِحْسَانًا وَتَوْفِيقًا (٦٢)

«(Мухаммад,) саған түсірілген (Құранға) және сенен бұрын түсірілген (Кітаптарға) иман келтірдік деп, құр өршеленгендерді көрмейсің бе? Олар шайтанға жүгінісуді қалайды. Негізінде, оларға оған қарсы болу әмір етілген болатын. Өйткені шайтан оларды мүлде ұзаққа адастыруды қалайды. Ал оларға: «Аллаһ түсірген Құранға және Пайғамбарға келіңдер», - делінсе, екіжүзділердің сенен жылдам бет бұратындықтарын көресің. Сонда олар қайтып, қолдары істегендерінің салдарынан бастарына бір күйзеліс келгенде, саған келіп: «Біз жақсылықты, үйлесуді қалап едік», - деп, Аллаһтың атымен ант етеді».

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осы тарау арқылы (оқырманның) назарын таухидтың нені қамтитынына әрі оның әлдебір тартысты мәселелер туындаған кездерде Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүгінуді міндеттейтініне қаратты. Өйткені бұл міндеттеме екі куәліктен туындайды. Ал кім екі куәлікпен куәлік берсе, бірақ үкім шығару үшін Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа біреуді таңдаса, сол өз

куәлігінде өтірікші болып табылады.

Осы аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта үкім шығару үшін міндетті түрде Аллаһтың Кітабына және Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне жүгіну әрі осыған разы болу, және өзің мен өз істеріңді осыған тапсыру қажет екендігіне нұсқалады.

2. Аятта кімде-кім үкім үшін шариғат пен Исламнан басқа нәрселерге жүгінсе, сол кәпір болады және түзеуші емес екеніне нұсқау бар, тіпті ол өзінің түзетуді қалайтынын мәлімдесе де.

3. Аятта Аллаһтың түсірген (заңымен) үкім етпейтін адам тағут болып табылатынына, және сондай-ақ Аллаһтың заңынан бөлек әлденеге жүгінетін адам тағутқа жүгінетініне нұсқау бар, ол (бұны) қалай атаса да.

4. Аятта тағутқа иман келтірмеудің міндетті екеніне нұсқау бар.

5. Аятта шайтанның айласынан сақтандыру, әрі ол адамды тура жолдан тайдыратынына нұсқау бар.

6. Аятта егер әлдебіреу үкім үшін Аллаһ Тағаланың түсіргеніне жүгінуге шақырылса, ол осыны қабылдауға міндетті екеніне нұсқау бар. Ал егер ол осыдан бас тартса, онда екіжүзділікке түседі.

7. Аятта адамның түзеуді қалаймын деп мәлімдеуі оның Аллаһ Тағаланың түсіргенінен өзге нәрсемен үкім шығаруына ақтау бола алмайтынына дәлел бар.

Аллаһ Тағала былай деді:

وَإِذَا قِيلَ لَهُمْ لَا تُفْسِدُوا فِي الْأَرْضِ قَالُوا إِنَّمَا نَحْنُ مُصْلِحُونَ (۱۱)

«Оларға: «Жер жүзінде бұзақылық қылмандар!», - делінсе, олар: «Біздер түзеуші ғанамыз», - дейді» («әл-Бақара» сүресі, 11-аят).

Бұл аятта кім Аллаһ Тағаланың түсіргенінен өзге нәрсеге үкім үшін жүгінуге шақырса, немесе күнәлі істерді насихаттаса, сол іс жүзінде жер бетіндегі ең ұлы бұзықтыққа шақырған болып табылатынына нұсқау бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта шарифатқа қайшы келетін әлдебір тәртіптерге немесе заңдарға үкім үшін жүгінуден сақтандыру бар, тіпті осы заңды қабылдайтындар өздерінің түзетуді мақсат еткендігін мәлімдесе де.

2. Аятта егер адам Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаланың түсіргенін (заңын) тастаса, оның түзетуді қалайтындығы туралы мәлімдемесі оған ақтау болмайтынына дәлел бар.

3. Аятта өз пікіріңмен алданудан сақтандыру бар.

4. Аятта жүрегінде дерті бар адам ақиқатты өтірік, ал өтірікті ақиқат деп елестететіне нұсқау бар.

5. Аятта жақсы ниет шарифаттың шекарасын бұзуға негіз бола алмайтынына нұсқау бар.

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

وَلَا تُفْسِدُوا فِي الْأَرْضِ بَعْدَ إِصْلَاحِهَا

«Жер беті түзетілген соң онда бұзақылық жасамаңдар» («әл-Әғраф» сүресі, 56-аят).

Бұл аятта кім Аллаһ Тағаланың түсіргенінен өзге нәрсеге үкім үшін жүгінуге шақырса, сол жер бетіндегі ең ұлы бұзықтықты жасаған болатынына нұсқау бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта күнәлар жер бетінде бұзықтың таралуына себеп болатынына нұсқау бар.

2. Аятта Аллаһқа мойынсұну жер бетіндегі барлық нәрсенің түзелуінің себебі екеніне нұсқау бар.

3. Аятта Аллаһ Тағаланың түсіргенінен өзге нәрсеге үкім үшін жүгіну – жер бетіндегі бұзықтың себебі екеніне нұсқалады.

4. Аятта адамдардың салиқалы болуына және олардың түзелуіне тек Аллаһ Тағаланың түсіргені арқылы ғана қол жеткізуге болатынына нұсқау бар.

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

أَفَحُكْمَ الْجَاهِلِيَّةِ يَبْغُونَ وَمَنْ أَحْسَنُ مِنَ اللَّهِ حُكْمًا لِّقَوْمٍ يُوقِنُونَ (۵۰)

«Олар жаһилиет дәуірінің үкімін іздейді ме? Анық нанған ел үшін Аллаһтан жақсы үкім беруші кім?» (әл-Мәида» сүресі, 50-аят).

Бұл аятта кімде-кім Аллаһтың үкімінен басқа үкімдерді, немесе адамдар ойдан шығарған әлдебір тәртіптер мен заңдарды қаласа, сол сонысымен надандық дәуірінің үкімін қалаған болатынына дәлел бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта үкім үшін Аллаһ Тағаланың шариғатына жүгінудің міндетті екеніне нұсқау бар.
 2. Аятта кімде-кім Аллаһтың шариғатынан бет бұрса, сол сонысымен надандық дәуірінің үкіміне жүгінген болып табылатынына нұсқау бар.
 3. Аятта шариғи заң-ережелердің ерекше сипаттарын түсіндіру әрі олар жақсылық, әділдік және рахым екеніне нұсқау бар.
 4. Аятта ойдан шығарылған заңдарға немесе батыстық ережелерге үкім үшін жүгіну күпірлік екеніне нұсқау бар.
-

Абдуллаһ ибн Умар, оған Аллаһ разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: *«Сендердің ешқайсыларың өз қалауларыңды мен алып келген нәрсеге бағындырмайынша иман келтірген болмайсындар»* («әл-Арба`ун» ән-Нәуауи, 47-аят).

Ән-Нәуауи былай деді: *«Бұл — сенімді хадис. Біз оны «әл-Хужжә» кітабында сенімді иснадпен келтіргенбіз»*.

Ән-Нәуауи – Мухиддин абу Закария Яхья ибн Шариф ән-Нәуауи, (оның «ән-Нәуауи» деген нисбасы) туып-өскен қыстағының атынан шыққан. Бұл көптеген пайдалы кітаптар жазған өте атақты имам. Хижраның 676 жылы қайтыс болған, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Бұл хадисте Аллаһ Тағаланың шариғатына разылық сезінбейтін

немесе оны жақсы көрмейтін, сондай-ақ шарифатқа қайшы келетін нәрселерге жек көрушілік танытпайтын адамның иманын теріске шығару бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алып келген барлық нәрсеге, әсіресе, заңдарға және сол заңдарға сәйкес жасалатын амалдарға сүйіспеншілік танытудың міндетті екеніне нұсқау бар.

2. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шарифатына қайшы келетін нәрселерге жек көрушілік танытудың және олардан аулақ болудың міндетті екеніне нұсқау бар.

3. Аятта жүрегі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алып келген нәрсеге қайшы келетін адамның иманнан жұрдай екеніне нұсқау бар, тіпті ол осы шарифатқа сәйкес амал жасап жатқан болса да.

Әш-Шәғби, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деп баяндайтын: *“Бірде екіжүзділердің біреуі яһудимен тартысып қалады да, яһуди оған: «Жүр, Мухаммадқа жүгінейік», - дейді, өйткені оған оның пара алмайтыны мәлім еді. Ал екіжүзді болса: «Жүр, одан да яһудилердің үкіміне жүгінейік», - деп (ұсыныс) айтады, өйткені ол олардың пара алатынын білетін еді. Тартысқан екеуі арасын шешу үшін Жухайнадағы бір көріпкелге баруға келіседі. Әрі сол кезде: «Сен ... деп мәлімдейтіндерді көрмедің бе?», - деген аяттар түсірілді”*.

Әш-Шәғби – Амир ибн Шурахбил әш-Шәғби немесе Амир ибн Абдуллаһ ибн Шурахбил әш-Шәғби, сахих жеткізуші, табиғиндерден боған фақих. Ол һижраның 103 жылы қайтыс болған, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Бұл асарда Аллаһтың шарифатынан басқа нәрсеге үкім үшін жүгіну Аллаһқа және Оның Кітаптарына деген иманға қайшы келетін нәрсе екеніне нұсқау бар.

Асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда үкім үшін Аллаһ Тағаланың шариғатына жүгіну міндетті екеніне нұсқау бар.
 2. Асарда Аллаһ Тағаланың шариғатынан өзге нәрсеге үкім үшін жүгіну иманға қайшы келетініне нұсқау бар.
 3. Асарда екіжүзділердің болмысын түсіндіру және олар яһудилерден де жаман екеніне нұсқау бар.
 4. Асарда парақорлықтың тыйым салынғанына әрі ол яһудилердің әдеттерінен екеніне нұсқау бар. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пара алатын адамды да, пара беретін адамды да лағынеттеді.
-

Басқа бір хадисте осы аяттың түсуінің себебі туралы былай деп айтылған: *«Бірде екі адам өзара тартысып қалады да, бірі екіншісіне: «Жүр, ендеше, Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), ол біздің арамызды шешуі үшін, жүгінейік», - деп ұсынады. Екіншісі болса: «Кағб ибн Әшрафқа барайық», - деді. Ең соңында олар Умарға жүгінді де, тартысқандардың біреуі оған болған тірліктің барлығын айтып береді. Умар Пайғамбарға жүгінгісі келмеген кісіден: «Осылай болғаны рас па?», - деп сұрады. Әлгі адам: «Иә, осылай болды», - деп жауап береді. Сонда Умар қылышын шығарып, оны шауып тастайды» (Ибн Хажәр «Фатх әл-Бари» 5/29 асарды әлсіз деді).*

Кағб ибн әл-Әшраф – тай тайпасынан болған араб яһудіі. Ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтпас жауы болған.

Бұл асарда Аллаһ Тағаланың шариғатынан басқа нәрсеге үкім үшін жүгінуді қалағанның күпірлігіне, сондай-ақ мұндай адам өлім жазасына лайықты болатынына, өйткені осынысымен ол діннен шығатынына нұсқау бар.

Асардан алынатын пайдалар:

1. Хадисте тартысты мәселелерді шешу үшін Аллаһтан

және Оның Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқаға жүгіну діннен шығу болып табылатынына нұсқау бар.

2. Хадисте діннен шыққандардың жазасы өлім екеніне нұсқау бар (бірақ бұл жазаны атқару елбасшының және оның өкілінің ерекше құзыреті болып табылады).

3. Хадисте Аллаһ Тағаланың шариятынан басқа нәрсеге үкім үшін жүгіну екіжүзділердің сипаты екеніне нұсқау бар, тіпті жүгінілетін кісі, мысалы, Умар ибн Хаттаб сияқты атақты имам болса да.

4. Асарда қасиетті әрі Пәк Аллаһ үшін және Оның діні үшін ашулану заңды екеніне нұсқау бар.

5. Асарда айыпты нәрсені қолымен түзетуге билігі жететін адамға оны қолмен түзетудің заңды екеніне нұсқау бар.

6. Асарда ақиқатты біліп қана қоюдың өзі жеткіліксіз екеніне, әрі оған сәйкес өмір сүру және оған бағыну керек екеніне нұсқау бар.

ҚЫРҚЫНШЫ ТАРАУ:

Аллаһтың кейбір есім-сипаттарын теріске шығаратындар туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

وَهُمْ يَكْفُرُونَ بِالرَّحْمَنِ قُلْ هُوَ رَبِّي لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ عَلَيْهِ تَوَكَّلْتُ وَإِلَيْهِ مَتَابِ (۳۰)

«Бірақ олар аса Мейірімдіге (әр-Рахманға) иман келтірмеді.

Оларға: “Ол менің Раббым, Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Оған тәуекел еттім, әрі Оған таубе етіп ораламын”, - де» («әр-Рағд» сүресі, 30-аят).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Бірқұдайшылықтың үш түрі: Аллаһ Тағаланың раббылығындағы таухид; Оған ғана құлшылық етудегі таухид; Оның есімдері мен сипаттарындағы таухид – болғандықтан, Аллаһқа деген иман таухидтің осы үш түрінің түгел болуымен ғана жарамды болады. Әрі автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осы тарау арқылы таухидтің осы түріне нұсқау жасап, оны теріске шығаратын адамның үкімін түсіндіргісі келді.

Бұл аятта Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттарынан қайсысын болса да теріске шығару күпірлік болып табылатынына нұсқау бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттарынан қайсысын болса да теріске шығару күпірлік болып табылатынына нұсқау бар.
2. Аятта Аллаһ Тағаланың есім сипаттарына иман келтірудің міндетті екеніне нұсқау бар.
3. Аятта Аллаһқа тәуекел етудің және Оның алдында тәубе етудің міндетті екеніне нұсқалады.
4. Аятта Қасиетті әрі Пәк Аллаһқа құлшылық етуде ықыластылықтың міндетті екеніне нұсқау бар.

Әл-Бухаридің «Сахихында» Алидің, оған Аллаһ разы болсын, былай дегені жеткізіледі: *«Адамдарға олар түсінетін нәрселерді айтыңдар. Сендер Аллаһ пен Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өтірікші атануын қалайсыңдар ма?»* («Әс-Сахих әл-Бухари», 127)».

«Әс-Сахих әл-Бухари» – имам әл-Бухари жинақтаған сахих хадистер жинағы.

Әл-Бухари – имам Мухаммад ибн Исмаил әл-Бухари, шығыстағы Бухара қаласында туылған ұлы ғалым. Оның жинағы Аллаһтың Кітабынан кейінгі ең сахих кітап болып табылады.

Асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда егер адамдарға әлдебір нәрселер айтылса, бұл оларға түсініксіз болатын болса, онда оларға бұл туралы айтпау керек екеніне нұсқау бар, тіпті бұл ақиқат болса да.

Абдур-Раззақ Ма'мар ибн Рашидтен, ол Ибн Тауустың өз әкесінен Ибн Аббастың, Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын, былай деп баяндағанын жеткізген: *«Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен*

сәлемі болсын) Аллаһтың сипаттарына қатысты хадисін естіген кезде наразылығынан селк ете түскен адамды көрдім. Мен: «Оларды қорқытатын не? Олар (мағынасы) айқын аяттарды қабылдайды да, алайда астарлы мағыналы (аяттардан) құриды», - деп сұрадым».

1. Абдур-Раззақ – бұл Абдур-Раззақ ибн Химам әс-Сан`ани, имам-хафиз, көптеген пайдалы еңбектердің авторы. Һижраның 211 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

2. Ма`мар – бұл Абу Уруа Ма`мар ибн Рашид әл-Аздаи әл-Басри, сенімді жеткізуші, Һижраның 154 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

3. Ибн Тауус – бұл Абдуллаһ ибн Тауус Ямани, сенімді әрі сахих жеткізуші. Һижраның 132 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, Алидің, оған Аллаһ разы болсын, адамдарға олар түсінбейтін нәрселерді айтпау керек екендігі туралы асарын келтірген соң Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттары Алидің айтқан нәрселердің қатарына жатпайтынына нұсқайтын осы асарды келтірді. Керісінше, бұл асарда олар туралы адамдарға айту керек екендігіне, әрі кейбір адамдардың оларды теріске шығаруы бізге олар туралы баяндауға кедергі болмауы керек екендігіне нұсқайды. Ертедегі және қазіргі заманның ғалымдары Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттары келген аяттар мен хадистерді жалпы көпшіліктің алдында да, білім талап етушілердің алдында да оқыған, әрі оқуда.

Асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттары айтылатын аяттар мен хадистерді жалпы көпшілік алдында және білім талап етушілер алдында айту айыпты болып табылмайтынына нұсқау бар.

2. Асарда Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттары бар қасиетті мәтіндердің қайсысын болса да теріске шығаратын адам опат болып құритын адамдардан болып табылатынына нұсқау бар.

3. Асарда Аллаһ Тағаланың сипаттарының қайсысын болса да теріске шығарушы адамға сөгіс келген.

Құрайштықтар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әр-Рахман (аса Мейірімді) туралы айтқанын естігенде, мұны қабылдамай қойды. Сонда Аллаһ оларға қатысты келесі (аятты) түсірді:

وَهُمْ يَكْفُرُونَ بِالرَّحْمَنِ قُلْ هُوَ رَبِّي لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ عَلَيْهِ تَوَكَّلْتُ وَإِلَيْهِ مَتَابِ (٣٠)

«Бірақ олар аса Мейірімдіге (әр-Рахманға) иман келтірмеді. Оларға: “Ол менің Раббым, Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Оған тәуекел еттім, әрі Оған таубе етіп ораламын”, - де» («әр-Рағд», 30-аят).

Осы асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттарының растауы бар.
 2. Асарда аталған есімдердің саны олардың шын мәнісіндегі санын білдірмейтініне нұсқалады.
 3. Асарда Аллаһқа Оның есім-сипаттары арқылы жалбарынудың заңды екеніне нұсқау бар.
-

ҚЫРЫҚ БІРІНШІ ТАРАУ:

Аллаһ Тағаланың: «Олар Аллаһтың нығметін танып, кейін оны теріске шығарады, негізінен, олардың көбі – кәпірлер», - деген сөздері туралы.

Аллаһ Тағала былай деді:

يَعْرِفُونَ نِعْمَةَ اللَّهِ ثُمَّ يُنْكِرُونَهَا وَأَكْثَرُهُمُ الْكَافِرُونَ (٨٣)

«Олар Аллаһтың нығметін танып, кейін оны теріске шығарады, негізінен, олардың көбі – кәпірлер» («ән-Нәхл» сүресі, 83-аят).

Мужаһид бұл (аяттың) мағынасы – адамның: «Бұл – менің ата-бабаларымнан мирас етіп алған дүние-мүлкім», - деп айтатынында деген.

Аун ибн Абдуллаһ бұл сөздер: «Пәлен болмағанда, бұлай болмайтын еді», - деп айтатындарға қатысты деген.

Ибн Қутайба: «Олар: «Біз бұған құдайларымыздың шапағаты арқылы қол жеткіздік», - деп айтады”, - деді.

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны рахым етсін, бұл тарауда адамның Раббылық мәселесінде әдептілік танытып, құрамына жасырын түрде көпқұдайшылық араласқан, мысалы, нығметтерді Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаладан өзгеге телу сияқты сөздерден аулақ болуы керек екенін түсіндіргісі келді. Өйткені нығметтерді Аллаһ Тағаладан басқаларға телу ширк болып табылады, әрі таухидке қайшы келеді.

Мужәһид – бұл тәпсір ғылымының шейхы Мужәһид ибн Жәбир, меккелік ұлы ғалым, Ибн Аббастың шәкірті. Ол һижраның 104 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны рахым етсін.

Аун ибн Абдуллаһ – бұл Аун ибн Абдуллаһ ибн Атиба Масуд әл-Хазали, сенімге лайықты жеткізуші. Ол һижраның 120 жылы дүние салды, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Ибн Қутайба – Абдуллаһ ибн Муслим ибн Қутайба әд-Дийнури, тәпсір ғылымының білгірі, әрі түрлі еңбектердің авторы һижраның 276 жылы қайтыс болған, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта көпқұдайшылдар раббылықтағы бірқұдайшылықты (таухид әр-рубубияны) мойындайтындарына нұсқау бар.
 2. Аятта кез-келген нығметтерді тек жалғыз Аллаһ Тағалаға ғана телу міндетті екендігіне нұсқау бар.
 3. Аятта нығметтерді Аллаһ Тағаладан басқаларға телудің тыйым салынғанына нұсқау бар, өйткені бұл таухид әр-рубубияға қайшы келетін көпқұдайшылық болып табылады.
 4. Аятта адам сөйлеген кезде (Аллаһқа және оның нығметтеріне қатысты) әдеп танытуы міндетті екеніне нұсқау бар.
-

Зәйд ибн Халидтан жеткізілетін, әрі онда Аллаһ Тағала: «Менің құлдарымның ішінен Маған иман келтіргендер және маған күпірлік

еткендер айқын болды...», — деп айтатын хадисінен кейін Абу әл-Аббас былай деген: «Аллаһтың Кітабында және Сүннетте Оның нығметтерін өзгелерге телітіндерді әрі осылайша Оған серік қосатындарды айыптайтын көптеген мәтіндер келтірілген» (Қз.: «Мәжму' әл-Фатауа», 8/23).

Кейбір салиқалы сәләфтар бұл сәттілік кездерде «жел оңымыздан соқты, ал жол көрсетуші шебер-ақ болды» деген сияқты қазіргі кезде көптің ауызында жүретін сөздерді айтатын адамдарға қатысты деп айтқан.

Абу әл-Аббас – бұл шейхул-Ислам Ахмад ибн Таймия, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Мұндайды істейтін адамның үкімі:

1. Егер осы сияқты сөздерді айтатын адам бұл жел немесе жол көрсетуші өздігінше осының барлығын басқарып (оларды реттеді) дегенді меңземей, мұның барлығы жай себеп деп меңзеген түрде, алайда бұл нығметті Аллаһ Тағалаға телуді ұмытып айтқан болса, онда бұл кіші ширк болады. Өйткені ол бұл нығметті Аллаһ Тағаладан басқа біреулерге теліді.

2. Ал егер ол бұл заттар өздігінше, яғни Аллаһ Тағаланың қалауынсыз басқарады деп ойласа, онда бұл үлкен ширк болады.

Бірінші аталған жағдайға келер болсақ, біз бұны мұсылмандардан жиі естиміз, әрі мұндайдан міндетті түрде аулақ болу керек.

ҚЫРЫҚ ЕКІНШІ ТАРАУ:

Аллаһ Тағаланың: «Сондықтан да біле тұра, Аллаһқа ешкімді теңестірмеңдер», - деген сөздері туралы.

Аллаһ Тағала былай деді:

فَلَا تَجْعَلُوا لِلَّهِ أَنْدَادًا وَأَنْتُمْ تَعْلَمُونَ (٢٢)

«Сондықтан да біле тұра, Аллаһқа ешкімді теңестірмеңдер» («әл-Бақара» сүресі, 22-аят).

Бұл аятқа қатысты Ибн Аббас былай деді: “Аллаһқа теңдес қосу түннің тас қараңғы түнегінде қап-қара тастың үстінен өрмелеп бара

жатқан құмырсқаның ізінен де жасырын көпқұдайшылық болып табылады. Егер сен: «Сенің өміріңмен және өзімнің өміріммен ант етемін!» - деп, немесе: «Егер мына күшік болмағанда, немесе мына қорадағы үйректер болмағанда, үйімізге ұры түсетін еді», - деп айтсаң, осындай көпқұдайшылық болады. Немесе: «Егер Аллаһ және пәлен болмағанда», - деп те айтып жатады. Нығметті Аллаһтан басқа ешкімге телуге болмайды. Бұл сөздердің барлығында көпқұдайшылық бар” (Ибн Аби Хатим «Тафсирде», 1/62).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осы тарауда адам өзінің кейбір сөздерінде Аллаһқа серік қосып қоюы мүмкін екенін түсіндіргісі келді, өйткені бірқұдайшылықты ұстанудың бір көрінісі – адамның өз сөздерінде Аллаһқа серік қосудан сақтануы болып табыланында, тіпті оның жүрегінде Аллаһ Тағалаға серік қосу ниеті болмаса да. Әрі ол осы кейбір сөздерді, адамдар осы сияқты сөздерден аулақ болулары үшін, түсіндіріп берді.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта құлшылықта Аллаһқа серік қосудан сақтандыру бар.
2. Аятта көпқұдайшылдар Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаланың Раббы екеніне келіскеніне нұсқау бар.
3. Аятта кіші ширк өте жасырын болатынына, әрі оған өте аз адамдар көңіл бөлетініне нұсқау бар.
4. Аятта құрамында көпқұдайшылық бар сөздерден аулақ болу міндетті екеніне нұсқау бар, тіпті адамның ойында ширк жасау ниеті болмаса да.

Абдуллаһ ибн Умар ибн әл-Хаттаб, Аллаһ ол екеуіне разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын жеткізген: «Аллаһтан өзгемен ант еткен күпірлікке түсті немесе Аллаһқа серік қосты» (әт-Тирмизи, 1535. Абу Дауд, 3251, әл-Хаким 297/4).

Хадисте Аллаһ Тағаладан басқамен ант ететін адам сонысымен ант

еткен нәрсесін Аллаһқа серік етіп алатынына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһ Тағаладан өзгемен ант етудің тыйым салынғанына, әрі бұл көпқұдайшылық және Аллаһ Тағалаға күпірлік ету болып табылатынына нұсқау бар.

2. Хадисте ант арқылы ұлықтау тек Аллаһ Тағаланың ғана ерекше хақысы екендігіне, әрі Ол ғана әлдебір нәрсені ант арқылы ұлықтау құқығына ие екеніне нұсқау бар. Өйткені ант еткенімізде, біз тек Қасиетті әрі Пәк болған Оның атымен мен ғана ант етеміз.

3. Хадисте адам Аллаһ Тағаладан өзгемен ант етсе, ол антын өтеуге міндетті емес екеніне нұсқау бар, өйткені бұған Аллаһ Тағаланың шариғатында дәлел келмеген.

Абдуллаһ Ибн Масғуд, оған Аллаһ разы болсын, былай деді: «Мен үшін Аллаһтан өзгемен шынайы түрде ант етуден, өтірік болса да Аллаһпен ант еткен абзалырақ» (Абдур-Раззақ, 15929. Ибн Аби Шәйба, 12281. Әт-Табарани «әл-Кабирде», 8902).

Бұл асар Аллаһ Тағаладан өзгемен ант етуге тыйым салынғандығына нұсқайды.

Асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда Аллаһ Тағаладан өзгемен ант етуге тыйым салынғандығына нұсқау бар.

2. Асарда кіші ширк өтірік ант беру сияқты үлкен күнәлардан жаманырақ екеніне нұсқау бар.

3. Асарда екі жамандық тұспа-тұс келіп, адам олардың біреуін істеуге мәжбүр болса, жамандықтың кішілеуін таңдауы керек екеніне нұсқау бар.

4. Аятта Абдуллаһ ибн Масғудтың, оған Аллаһ разы болсын, түсінігінің ұшқырлығына нұсқау бар.

Хузәйфа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)

былай дегенін баяндаған: *“«Аллаһ және пәлен қаласа», - деп айтпаңдар. Сендер: «Аллаһ қаласа, сосын барып пәлен қаласа», - деп айтуларың керек”* (әт-Тайялиси, 430. Ибн Мубәрак өзінің «Муснадында», 180; Ахмад, 5/384; Ибн Аби Шәйба, 26690; Абу Дауд, 4980; ән-Нәсаи «Сунан әл-Кубрада», 10821).

Ибраһим ән-Нәһа’и, Аллаһ оны рахым етсін: «Аллаһтың қорғауына және сенің қорғауыңа пана тілеп жалбарынамын», - деп айтуға тыйым салатын, әрі: «Аллаһтың қорғауына пана тілеп жалбарынамын, ал содан соң сенен қорғау сұраймын», - деп айтуға рұқсат ететін. Ол сондай-ақ: *«Сондай-ақ: “Егер Аллаһ, ал содан соң пәлен болмаса...”*, - деп айтуға да болады, бірақ: *“Егер Аллаһ және пәлен болмаса...”*, - деп айтпаңдар», - дейтін.

Осы хадис пен асар: «Аллаһ және пәлен осыны қалады», - деген және осы сияқты сөздерді айтуға тыйым салынғандығына, өйткені бұлардың барлығы Аллаһқа теңдестер қосу болып табылатынына нұсқайды. Ал біз тараудың басында келтірген аят Аллаһқа әлдебіреуді теңдес етуге тыйым салады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте: «Аллаһ қалады және сен қаладың», - деген және сол сияқты сөздерді айтуға тыйым салынғанына нұсқау бар, өйткені осы сөздер арқылы Аллаһты өзгеге теңеу орын алады, әрі бұл Аллаһқа серік қосу болады.
2. Хадисте: «Аллаһ қалады, сосын сен қаладың», - деген және сол сияқты сөздерді айтуға рұқсат етілетініне нұсқау бар, өйткені «Аллаһ қалады» деген сөздерден кейін ұқсатудың жоқтығына нұсқайтын «сосын» деген жалғаулық тұр.
3. Аятта Аллаһты «қалау» деген сипаты бар екеніне, әрі Аллаһтың құлы да «қалау» деген сипатпен сипатталатынына, сондай-ақ құлдың қалауы Аллаһ Тағаланың қалауының соңынан ілесетініне нұсқау бар.

ҚЫРЫҚ ҮШІНШІ ТАРАУ:

Аллаһтың атымен жасалған антқа қанағаттанбайтын адам туралы

Абдуллаһ Ибн Умар, Аллаһ ол екеуіне разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені туралы баяндаған: *«Әкелеріңмен ант етпеңдер! Әрі Аллаһпен ант еткен кісі тек шындықты айтсын, және кімге Аллаһтың атымен ант келтірілген болса, сол (осымен) қанағаттануы керек! Ал егер бұл (ант) оны қанағаттандырмаса, онда ол Аллаһтан емес»* (Ибн Мәжаһ, 2101).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Аллаһ Тағаламен жасалған антқа қанағаттанбау таухидтің толықтығына қайшы келеді. Өйткені осы антпен қанағаттанбайтын адам сонысымен Раббыны Оның ұлылығында ұлықтауды төмендеткен болады.

Бұл хадисте Аллаһ Тағаламен жасалған антқа қанағат етпейтін адамға қатал ескертіп қорқыту бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһ Тағаламен жасалған антқа қанағат етпейтін адамға қатал ескертіп қорқыту бар.
 2. Хадисте ант жасауда шыншылдықтың міндетті екеніне нұсқау бар.
 3. Хадисте ант ете отырып өтірік айтуға тыйым салынғандығына нұсқалады.
 4. Хадисте бізге белгілі бір мұсылманның жақсы екендігі туралы ойымызға қайшы келетін нәрселер айқын көрінбейінше ол туралы жақсы ойлауымыз керек екеніне нұсқау бар.
 5. Хадисте егер Аллаһпен ант еткен адам мүмин болса, онда оның антына сену міндетті болып табылатынына нұсқау бар.
-

ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ ТАРАУ:

“Егер Аллаһ және сен қаласаң”, - деген сөздер туралы

Қутәйлә, Аллаһ оған разы болсын, былай деп баяндайтын: *«Бірде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір яһуди келді де: “Сендер Аллаһқа серік қосасыңдар, өйткені: «Егер Аллаһ және сен қаласаң», - деп айтасыңдар, сондай-ақ Қазбамен ант етесіңдер», - деді. Осыдан кейін*

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдар ант еткенде: «Қазғаның Раббысымен ант етемін», - деп, сондай-ақ: «Егер Аллаһ қаласа, сосын сен қаласаң», - деп айтуды бұйырды» (ән-Нәсаи «'Амәл әл-яум уәл-ләйлә», 986; Ахмад, 6/371; әт-Тирмизи «'Иләл әл-Кабир», 457; әт-Табарани «Му'жәм әл-Кабир», 25/14; әл-Хаким, 7815. Ибн Хәжар хадисті сахих деді. Қз.: «әл-Исаба», 8/79).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Бұл тарау Аллаһ Тағаланың:

فَلَا تَجْعَلُوا لِلَّهِ أَنْدَادًا وَأَنْتُمْ تَعْلَمُونَ (٢٢)

«Сондықтан біле тұра, Аллаһқа ешкімді теңдес етпеңдер...», - деген сөздері туралы тараудың бір бөлігі болып табылады, әрі біз олардың «Бірқұдайшылық Кітабында» келтірілуінің себебі туралы осыдан бұрынырақ түсіндірген болатынбыз.

Құйтәлә, Аллаһ оған разы болсын, сахаба әйел әрі сахаба әйел Сайфия әл-Жуханияның қызы болған, Аллаһ ол екеуіне разы болсын.

Бұл хадисте «Егер Аллаһ және сен қаласаң» деген сөздердің құрамында (ширк) бар екеніне нұсқалады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте «Егер Аллаһ және сен қаласаң», - деген сөз бен Аллаһтан өзгемен ант ету ширк болып табылатынына нұсқау бар. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы сөздердің ширк болып табылатынына яһудимен келісті.
2. Хадисте яһуди кіші ширктің не екенін түсінгеніне нұсқау бар.
3. Хадисте адам әуес-құмарына ерген бола тұра, (дұрыс) түсінуі білетініне нұсқау бар.
4. Хадисте ақиқатты ол кімнен келсе де, қабылдау керек екеніне нұсқау бар, тіпті ол дінге қарсы шығатын дұшпан болса да.
5. Хадисте кіші ширк діннен шығармайтынына нұсқау бар.
6. Хадисте дұрыс наным-сенімге қайшы келетін сөздерді айтудан аулақ болу, әрі оларды ширктен алыс болған сөздермен ауыстыру керек екеніне нұсқау бар.
7. Хадисте егер ғалым әлдебір нәрсені тыйым салса, ол

осыны түсіндіруі және, мүмкіндік болса, оны басқа нәрсемен ауыстыруы қажет екеніне дәлел бар.

8. Хадисте Аллаһқа серік қосуға мүлде тыйым салынғандығына, яғни ширктің ешқандай түрін істеуге, тіпті Аллаһтың жердегі Үйі болып табылатын Қағбамен де ант етуге болмайтындығына нұсқау бар. Әрі егер Қағбаға қатысты үкім осындай болатын болса, онда басқа нәрселермен ант етуге тіпті болмайды.

9. Аятта Аллаһтың «қалау» деген сипаты бар екеніне, әрі Аллаһтың құлы да «қалау» деген сипатпен сипатталатынына, сондай-ақ құлдың қалауы Аллаһ Тағаланың қалауының соңынан ілесетініне нұсқау бар.

Ибн Аббастан, оған Аллаһ разы болсын, бірде бір кісі Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Егер Аллаһ және сен қаласаң», - деп айтқанын жеткізген. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: *«Сен сонда мені Аллаһқа теңестіріп тұрсың ба? Егер Жалғыз Аллаһ қаласа (деп айт)!»* - деді (ән-Нәсаи «'Амәл әл-яум уәл-ләйлә», 988).

Бұл хадисте «Егер Аллаһ және сен қаласаң» деген және осыған ұқсас сөздер Аллаһты өзгеге теңестіру болып табылатынына, әрі бұл тыйым салынғандығына, сондай-ақ бұл тыйым Аллаһ Тағаланың:

فَلَا تَجْعَلُوا لِلَّهِ أَنْدَادًا وَأَنْتُمْ تَعْلَمُونَ (٢٢)

«Сондықтан біле тұра, Аллаһқа ешкімді теңдес етпеңдер...», - деген сөздерінен түсінілетініне нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте «Егер Аллаһ және сен қаласаң» деген және осы сияқты сөздердің тыйым салынғандығына нұсқау бар, өйткені оларда құлдың қалауы Аллаһтың қалауына «және» деген жалғаулықпен қосылып тұр.

2. Хадисте құлды Аллаһпен тіпті кіші ширкте теңестіретін адам сонысымен оны Аллаһ Тағалаға ұқсататынына нұсқау бар.

3. Хадисте айыпты нәрсені айыптау керек екеніне нұсқау бар.

4. Хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

болсын) таухидтің шекараларын мығым қорғағанына және ширкке жетелейтін бүкіл жолдарды жапқанына нұсқау бар.

Ибн Мәжаһ, Аллаһ оны рахымына бөлесін, Айшаның бір анадан туылған ағасы Туфайлдан (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) оның былай деп айтқанын жеткізген: *«Бірде мен түсімде бір топ яһудилерге келіп, оларға: «Расында, егер сендер: «Узайр – Аллаһтың баласы», - деп айтпағандарыңда, өте жақсы қауым болар едіңдер», - деп айтқанымды көрдім. Олар: "Сендер де егер: «Егер Аллаһ және Мухаммад қаласа», - деп айтпағандарыңда, өте жақсы қауым болар едіңдер», - деп жауап берді. Содан соң мен бір топ христиандарға барып, оларға: «Расында, егер сендер: «Иса – Аллаһтың баласы деп айтпағандарыңда, өте жақсы қауым болар едіңдер», - дедім, ал олар болса маған: «Сендер де, егер: «Аллаһ және Мухаммад қаласа», - деп айтпағандарыңда, өте жақсы қауым болар едіңдер», - деп жауап берді. Таңертең тұрып, мен осыны кейбір адамдарға айттым да, сосын Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барып, өз түсімді баяндап бердім. Ол менен: «Сен бұл туралы біреулерге айттың ба?», - деп сұрады. Мен: «Иә», - деп жауап бердім. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), Аллаһқа мақтау-мадақ айтып, Оған шүкіршілік білдірді де, кейін былай деді: "Туфәйл сендердің кейбіреулеріңе айтып берген түс көрді. Сендер мен сендерге бұрынырақ кейбір жағдаяттарға байланысты тыйым сала алмаған кейбір сөздерді айтасыңдар. Енді бұдан былай: «Аллаһ және Мухаммад қаласа», - деп айтпаңдар да, - «Жалғыз Аллаһ қаласа», - деп айтыңдар" (Ахмад, 5/72; әд-Дарими, 2699; әл-Бухари «Тарих әл-Кабир», 4/363; Абу Яғлә, 4655; әд-Дыйа «әл-Мухтара», 154-155 және басқалар).*

Туфәйл – бұл Туфәйл ибн Абдуллаһ ибн Харис ибн Сахбара әл-Узди, оған Аллаһ разы болсын, тек осы хадисті ғана жеткізген сахаба.

Бұл хадисте «Аллаһ және Мухаммад қаласа» деген және сол сияқты сөздерде, бұл туралы жоғарыда айтылғандай, кіші ширк бар екеніне нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көзі тірісі кезінде түстерге көңіл бөлінгеніне, әрі түстер арқылы кейбір үкімдер орнатылғанына нұсқау бар.

2. Хадисте «Аллаһ және пәлен қаласа» деген және сол сияқты сөздер кіші ширк болып табылатынына нұсқау бар.

3. Хадисте яһудилер мен христиандар өздері үлкен ширк жасап жатқандарына қарамастан, кіші ширкті білетініне нұсқау бар. Ал олар бұны тек мұсылмандар оларды үлкен ширктері үшін айыптағаны үшін айтқан болатын.

4. Хадисте құтпа жасаудан бұрын алдымен Аллаһ Тағалаға мақтау-мадақтар айтып, кейінінен «содан соң...» деген сөздермен құтпаны жалғастыру керек екеніне нұсқау бар.

5. Хадисте тіпті егер «Аллаһ қаласа сосын пәлен қаласа» деп айтуға рұқсат етілсе де, адам өз қалауын Аллаһ Тағаланың қалауымен шектеудің қажеттілігіне нұсқау бар.

ҚЫРЫҚ БЕСІНШІ ТАРАУ:

Уақытты сөгуші Аллаһқа тіл тигізген болатыны туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

وَقَالُوا مَا هِيَ إِلَّا حَيَاتُنَا الدُّنْيَا نَمُوتُ وَنَحْيَا وَمَا يُهْلِكُنَا إِلَّا الدَّهْرُ وَمَا لَهُمْ بِذَلِكَ مِنْ عِلْمٍ إِنْ هُمْ إِلَّا يَظُنُّونَ (۲۴)

“Олар: «Тіршілігіміз дүниедегі ғана. Өлеміз және туыламыз. Бізді заман ғана өлтіреді», - дейді. Негізінде, олардың бұған байланысты ешқандай білімі жоқ. Олар тек жорамалдайды” («әл-Жәсия» сүресі, 24-аят).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Уақытты сөгу өзінің құрамына көпқұдайшылықты қамтиды, өйткені кім уақыттың әлдебір нәрселерді жасайтынына сенімді түрде уақытты сөксе, сонысымен Аллаһқа серік қосқан болады.

Бұл аятта уақытты сөгетін адам, сонысымен «даһрия» ағымына ұқсап-еліктеген болатынына нұсқау бар, тіпті оның наным-сенімінде олармен ортақ ешнәрсе болмаса да.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта қайта тірілуді растау және мұны теріске шығаратындарды сөгу бар.
 2. Аятта болмыста орын алып жатқан әлдебір нәрселерді уақытқа телитіндерді сөгу бар.
 3. Аятта әлдебір нәрсені теріске шығаратыннан осыған дәлел талап етілетініне, сондай-ақ әлдебір нәрсені бекітіп айтатын адамнан да сонысына дәлел талап етілетініне нұсқау бар.
 4. Аятта наным-сенім мәселелерінде жорамалдарға сүйенуге болмайтындығына нұсқау бар.
-

Абу Хурайраның, оған Аллаһ разы болсын, сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ былай деді: “Адам баласы уақытты (дахр) сөгуімен Мені балағаттайды, бірақ Мен уақыттың өзімін, барлық нәрсе Менім билігімде, әрі (Менің қалауыммен) күн түнді ауыстырады!”»* (әл-Бухари, 4826).

Бұл хадисте кімде-кім уақытты сөксе, сонысымен Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағалаға тіл тигізіп, оның мәртебесін түсірген болатынына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте уақытты сөгудің тыйым салынғанына нұсқау бар.
 2. Хадисте Аллаһтың тағдырына иман келтірудің міндетті екеніне нұсқау бар.
 3. Хадисте уақыт Аллаһқа бағынышты жаратылыс екеніне нұсқау бар.
 4. Хадисте адамдар шын мәнісінде Аллаһ Тағалаға зиян тигізе алмайтынына және Оның мәртебесін түсіре алмайтынына нұсқау бар.
-

ҚЫРЫҚ АЛТЫНШЫ ТАРАУ:

«Билердің биі» деген және сол сияқты атақтар туралы

Әл-Бухари мен Муслимнің екі «Сахихында» Абу Хурайрадан, оған Аллаһ разы болсын, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген хадисі келтіріледі: *“Аллаһтың алдындағы ең төмен адам (басқалар) оны «патшалардың Патшасы» деп атаған адам болып табылады, өйткені Аллаһтан басқа Патша жоқ”* (әл-Бухари, 6206; Муслим, 2143).

Суфиян ибн Уяйна былай деді: «Бұл “шахин-шах” дегенмен бірдей».

Хадистің басқа нұсқасында: *«Бұл адам Аллаһтың ең қатты қараарын туғызады, әрі Қиямет Күні Аллаһтың алдында ең нашар адам болады», - деп айтылады* (Муслим, 2143).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Әлдебіреуді құрамында Аллаһ Тағаланың ұлықталуына серік қосу бар болған атақпен немесе лауазыммен атау раббылықтағы серік қосу болып табылады.

Суфиян – Суфиян ибн Уяйна ибн Маймуна әл-Хиләли, сенімге лайық жеткізуші, фикһ білгірі, һижраның 107 жылы Куфада дүниеге келген, Меккеде өмір сүріп, сол жерде һижраның 198 жылы қайтыс болған, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Бұл хадисте «билердің биі» және сол сияқты атақтармен аталудың тыйым салынғанына нұсқау бар, өйткені бұл жерде «патшалардың патшасы» деген атақпен қияс жасалып тұр, әрі бұл Сүннеттен келетін тыйым болып табылады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте «билердің биі» және сол сияқты атақтармен аталудың тыйым салынғанына нұсқау бар.
 2. Хадисте Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаланың есімдерін құрметтеудің міндетті екеніне нұсқау бар.
 3. Хадисте кішіпейілділікке және соған лайықты есімдер мен атақтар таңдауға ынталандыру бар.
-

ҚЫРЫҚ ЖЕТІНШІ ТАРАУ:

Аллаһ Тағаланың есімдерін құрметтеу міндетті екендігі және осы үшін атты ауыстыру туралы

Абу Шуреих (адамдардың) оған Абу әл-Хакам («Ең мықты би», сөзбе-сөз «Бидің әкесі») деген атақ бергендігі туралы және бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: *«Расында, тек Аллаһ қана Би әрі тек Оған ғана бүкіл билік тән»*, - деп айтқанын хабарлаған. Абу Шуреих сонда: *«Менің руластарымның арасында егес туындап қалған кезде, олар маған келеді, әрі мен олардың арасында екі жақ таразы болытындай етіп билік жасап беремін»*, - деп түсіндіріп береді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Бұл өте жақсы! Ал сенің ұлдарың бар ма?»*, - деді. Ол: *«Шуреих, Муслим және Абдуллаһ»*, - деді. (Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): *«Олардың қайсысы үлкен?»*, - деп сұрады. Ол: *«Шуреих»*, - деп жауап берді. (Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): *«Онда сен – Абу Шуреихсың (“Шуреихтың әкесі”)*», - деді (әл-Бухари «Тарих әл-Кәбир», 8/227-228 және «Адаб әл-Муфрада», 811; Абу Дауд, 4955; әт-Табарани «әл-Кәбирде», 22/179; Ибн Хиббан, 405; әл-Хаким, 62; әл-Бәйһақи «Сунан әл-Кубрада», 10/145).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Аллаһ Тағаланың есімдерін құрметтеу және осы үшін атты ауыстыру таухидті жүзеге асырудың бір түрі болып табылады.

Абу Шуреих – бұл Хани ибн Язид әл-Кандий, куфалық сахаба, хижра жыл санауы бойынша 68 жылы Мәдина қаласында қайтыс болған, оған Аллаһ разы болсын.

Бұл хадисте Аллаһ Тағаланың есімдерін қорлауға және өзіңе Аллаһ Тағаланы ғана атауға болатын есімді алуға, сондай-ақ осы сияқты куньялар алуға тыйым салынғанына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһ Тағаланың есімдеріне салғырттық танытудың және оларды қорлаудың, сондай-ақ олардан Аллаһтың

есімдеріне қатысты құрметсіздік түсінілетін бүкіл нәрсенің, мысалы, Абу әл-Хаким деген немесе сол сияқты аттарды алуға тыйым салынғанына нұсқау бар.

2. Хадисте әл-Хаким – Аллаһ Тағаланың есімдерінің бірі екеніне нұсқау бар.

3. Хадисте қолынан келетін адамға адамдарды жарастырумен айналысуына рұқсат етілетініне нұсқау бар, тіпті ол би (сот) болып табылмаса да, әрі егер ол Құран мен Сүннетке сәйкес келетін төрешілік жасаған болса, адамдар келісілген шешімге бағынуға тиісті екеніне нұсқау бар.

4. Хадисте адам өзінің үлкен баласының атына сәйкес кунья алуының дұрыс екеніне нұсқау бар.

5. Хадисте үлкен балаға кейбір мәселелерде артықшылық берілетініне нұсқау бар.

6. Хадисте лайықты емес атты лайықты атпен ауыстыру керек екеніне нұсқау бар.

ҚЫРЫҚ СЕГІЗІНШІ ТАРАУ:

Ішінде Аллаһтың аты аталатын нәрсенің үстінен, Құранның немесе Аллаһтың Елшісінің үстінен қалжыңдау туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

وَلَمَّا سَأَلْتَهُمْ لَيَقُولُنَّ إِنَّمَا كُنَّا نَخُوضُ وَنَلْعَبُ قُلْ أَبِاللَّهِ وَآيَاتِهِ وَرَسُولِهِ كُنْتُمْ تَسْتَهْزِئُونَ (٦٥) لَا تَعْتَذِرُوا قَدْ كَفَرْتُمْ بَعْدَ إِيمَانِكُمْ إِنَّ نَعْفَ عَنْ طَائِفَةٍ مِنْكُمْ نُعَذِّبُ طَائِفَةً بِأَنَّهُمْ كَانُوا مُجْرِمِينَ (٦٦)

«Егер олардан сұрасаң: «Әрине, біз әшейін сөзге кірісіп, ойнап едік», - дейді. Оларға: «Аллаһпен, Оның аяттарымен және Елшісімен қалжақтаған болдыңдар ма? Желеуретпеңдер! Сендер иман келтіргеннен кейін кәпір болдыңдар», - де» («әт-Тәуба» сүресі, 65-66 аяттар).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Бұл тарауда құрамында Аллаһ зікір етілетін нәрсеге, немесе Құранның өзіне, немесе Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тіл тигізіп қорлайтын немесе елеумеушілік танытатын

адамның үкімі түсіндіріледі, әрі бұл діннен шығаратын күпірлік болып табылатынына және таухидке қарама-қайшы келетініне нұсқау бар.

Бұл аятта құрамында Аллаһ Тағаланың аты аталатын нәрсенің, немесе Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), немесе Құранның үстінен келемеждеудің үлкен күпірлік екеніне нұсқау бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Аллаһтың, Оның аяттарының, Оның Елшісінің үстінен келемеждеу таухидке қарама-қайшы келетін күпірлік екеніне нұсқау бар.

2. Аятта (осындай) күпірлікті істей тұра, мұның күпірлік екенін білмегенін айтқан адамға бұл ақтау болмайтынына нұсқау бар.

3. Аятта Аллаһ Тағаланы зікір етуді, Оның Кітабын, Оның Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұлықтаудың міндетті екеніне нұсқау бар.

4. Аятта егер адам күпірлік сөздерін айтса, ол сонысымен кәпір болатынына нұсқау бар, тіпті айтып жатқан нәрсесіне сенімді болмаса да.

Ибн Умар, Мухаммад ибн Кағб, Зәйд ибн Асләм және Қатада былай деп баяндайтын: *“Табуқ жорығы кезінде бір адам Аллаһтың Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның Құранды жатқа оқитын сахабаларын меңзеі: «Біз мына қарилардан артығырақ қомағай, өтірікші және шайқаста қорқақ ешкімді көрмеппіз», - деді. Ауф ибн Малик оған: «Сен тек өтірікші ғана емес, екіжүздісің! Мен міндетті түрде бұл туралы Аллаһтың елшісіне хабарлаймын», - деп наразылық білдірді. Осыдан кейін Ауф Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болған нәрсенің барлығын айту үшін бет алды. Алайда келген бойда ол (Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) осыған қатысты уахи одан бұрын жетіп қойғанын көрді. Ал әлгі адам Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кешірім сұрау үшін келгенде, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жол жүруге дайын күйінде түйесінің үстінде отырған*

болатын. Ол (адам): «Уа, Аллаһтың елшісі, біз жолдың ауртпалығын көркейту үшін әшейін сөйлескен болатынбыз...», - деді”.

Ибн Умар былай быяндайтын: “Ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түйесінің тартпасына байланған сияқты көрінетін, ал аяқтары тастарға ұрылып жатты, әрі ол: «Біз әшейін әңгіме құрып қалжыңдасқан болатынбыз...», - деп қайталай берді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған тек: **«Аллаһпен, Оның аяттарымен және Елшісімен қалжақтаған болдыңдар ма?»**», - деп айтты да, оған назар бұрмады, әрі айтқанына ешнәрсе қоспады”.

Ибн Умар – бұл Абдуллаһ ибн Умар ибн әл-Хаттаб, Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын.

Мухаммад ибн Кағби – бұл Мухаммад ибн Кағб ибн Суләйм әл-Қартази әл-Мадани, сенімге лайық жеткізуші, ғалым, һижраның 120 жылы қайтыс болған, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Зәйд ибн Әслам – Умар ибн әл-Хаттабтың азат етілген құлы – оған Аллаһ разы болсын, атақты әрі сенімге лайықты жеткізуші, һижраның 136 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Қатада – Қатада ибн Диама әс-Судуси, Құранның атақты тәпсіршісі, хафиз, шамамен һижраның 117 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Ауф ибн Мәлик – Ауф ибн Мәлик әл-Әшжи, ол қатысқан алғашқы шайқас Хайбар шайқасы болатын, одан кейбір табиғиндер хадис жеткізген, һижраның 73 жылы қайтыс болған, оған Аллаһ разы болсын.

Бұл асарда жоғарыда келтірілген қасиетті аяттардың түсіндірмесі келеді.

Асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда екіжүзділердің жүрегіндегі Аллаһқа, Оның Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және мұмин мұсылмандарға деген өшпенділігінің түсіндірмесі бар.

2. Асарда Аллаһты, Оның аяттарын, Оның Елшісін келемеждеген адам кәпір болып табылатынына нұсқау бар, тіпті ол қалжыңдап келемеждеген болса да.

3. Асарда бұзақы-пасықтардың амалдары туралы

мұсылмандардың елбасылары мен билік иелеріне, олар әлгілерге тосқауыл қоюлары үшін айтып беру өсек те, ғайбат та емес екеніне нұсқау бар. Бұл Аллаһқа, Оның Елшісіне, жалпы мұсылмандарға және олардың билеушілеріне ықыластылық танытуға жатады.

4. Асарда Аллаһтың және Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұшпандарына қатысты қаталдық таныту керек екендігіне нұсқау бар.

5. Асарда қабылдауға болмайтын ақталулар болатынына нұсқау бар.

6. Асарда екіжүзділікке түсуден қорқу керек екеніне нұсқау бар. Аллаһ Тағала бұл адамдарда олар осы сөздерін айтқандарына дейін иман бар болғанын айтты.

7. Асарда Аллаһты, Оның Елшісін, Құранды келемеждеу адамның Исламын жарамсыз ететініне нұсқау бар, тіпті ол осыны сенімді түрде істемеген болса да.

ҚЫРЫҚ ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ: «Фуссыләт» сүресінің 50-аяты туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

وَلَنُؤَذِّنَنَّهُمْ رَحْمَةً مِّنَّا مِنْ بَعْدِ ضَرَاءٍ مِّسَّةٍ لِّيَقُولَنَّ هَذَا لِي وَمَا أَظُنُّ السَّاعَةَ قَائِمَةً وَلَنَرِجْعُتُ إِلَىٰ رَبِّي
إِنَّ لِي عِنْدَهُ لَلْحُسْنَىٰ فَلَنُنَبِّئَنَّ الَّذِينَ كَفَرُوا بِمَا عَمِلُوا وَلَنُذِيقَنَّهُمْ مِنْ عَذَابٍ غَلِيظٍ (٥٠)

“Ал егер оған шалдыққан бейнетінен кейін өзіне жанымыздан мәрхамет етсек: «Бұл менің ақым; әрі мен Қиямет-қайым болады деп ойламаймын. Мүбәда Раббыма қайтарылсам да, сөзсіз, мен үшін Оның жанында бұдан да жақсырағы бар», - дейді. Біз міндетті түрде кәпірлерге не істегендерін түсіндіреміз. Сондай-ақ оларға азаптың ауырын таттырамыз” («Фуссыләт» сүресі, 50-аят).

Мужәһид бұл уахи: «Мен мұны өз еңбегіммен таптым әрі осыған лайықпын», - деп айтатындарға қатысты түскенін айтқан болатын.

Ибн Аббас: “Мұндай адам: «Мен өзімді өзім осы нығметпен қамтамасыз еттім», - деп айтады”, - деді.

Аллаһ Тағала былай деді:

قَالَ إِنَّمَا أُوتِيتُهُ عَلَىٰ عِلْمٍ عِنْدِي

«Ол: «Мұның барлығы маған білімімнің арқасында сый етілді», - деп айтты» («әл-Қасас» сүресі, 78-аят).

Қатада бұл сөздер «менің қалай табыс табуым туралы білімімнің арқасында» дегенді білдіретінін айтады (Ибн Аби Хатим өзінің тәпсірінде, 17123).

Басқа кейбір тәпсіршілер бұл сөздер: «Бұл Аллаһ мені осыған лайықты адам екенімді білгендігінің арқасында», — дейтіндер туралы екенін айтқан, ал бұл мағынасы бойынша Мужаһидтің бұл сөздер «Бұл маған құрмет ретінде берілді» деген адам туралы айтылған деген сөздерімен бірдей (Ибн Аби Хатим, 17125 және Ибн Жәрир «Тафсирде», 12/24).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Бұл тарауда егер адам Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағала оны сынаққа алғаннан кейін, өзіне берілген нығметтерге өзін лайықтымын деп санаса, онда бұл бірқұдайшылыққа қайшы келетін нәрсе болатынының түсіндірмесі бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Аллаһқа Оның берген нығметтері үшін бұл тек Аллаһ Тағаладан ғана деген сеніммен шүкіршілік етудің міндетті екеніне нұсқау бар.
2. Аятта өз-өзіңмен сүйсінудің және өз күш-қуатыңмен масаттанудың тыйым салынғанына нұсқау бар.
3. Аятта Қиямет Күнінің міндетті екеніне нұсқау бар.
4. Аятта Аллаһ Тағаланың Қиямет Күнгі жазасынан қорқудың міндетті екеніне нұсқау бар.
5. Аятта Қиямет Күнінде болатын жазаға иман келтірмеген кәпірлерге қорқыту бар.

Абу Хурайра, оған Аллаһ разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін естігені туралы баяндаған: *“Бір заманда исраил ұрпақтарынан үш кісі: алапес, қасқа бас таз және соқыр өмір сүрген болатын. Аллаһ Тағала оларды сынауды қалап, оларға періште жіберді. Періште алапеске келіп: «Сен бәрінен*

артық нені қалар едің?», - деп сұрайды. Алапес: «Жағымды түсті таза терімнің болуын әрі адамдар маған танытатын жиіркенішінің кетуін», - деп жауап береді. Періште оның денесін сипады, әрі оның терісі тазарып, аппақ және ұнамды түсті болды. Осыдан соң періште одан: «Ал сенде қандай мал-мүліктің болуын қалар едің?», - деп сұрайды. Ол: «Түйелердің, не болмаса сиырлардың», - деп жауап береді. Әрі оған буаз түйе сый етіледі де, періште: «Аллаһ оны саған берекелі етсін», - дейді.

Періште қасқа бас тазға келіп, одан: «Сен бәрінен артық өзіңде ненің болуын қалар едің?», - деп сұрайды. Қасқа бас таз: «Әдемі шашымның болуын әрі адамдар маған танытатын жиіркенішінің кетуін», - дейді. Періште оның басын сипалайды да, оның ауруы жоқ болады, әрі оған өте әдемі шаш сый етіледі. Кейін ол одан: «Ал сенде қандай мал-мүліктің болуын қалар едің?», - деп сұрайды. Ол: «Сиырлардың», - деп жауап береді. Оған буаз сиыр сыйға тартылады әрі періште оған: «Аллаһ оны саған берекелі етсін», - дейді.

Зағип кісіге келіп періште одан: «Ал сен бәрінен артық нені қалар едің?», - деп сұрайды. Зағип: «Аллаһ маған көру қабілетін қайтып беруін, және мен адамдарды көре алуымды», - деп жауап береді. Періште оны сипайды да, Аллаһ оған көру қабілетін қайта сыйлайды. Кейін періште одан: «Ал сенде қандай мал-мүліктің болуын қалар едің?», - деп сұрайды. Ол: «Қойлардың», - деп жауап береді. Оған буаз қой сыйға тартылады.

Кейіннен жануарлар төлдейді де, олардың біреуінде бір үйір түйе, екіншісінде бір табын сиыр, және үшіншісінде бір отар қой пайда болады.

Кейін періште олардың біріншісіне алапестің кейпінде келеді де: «Мен – бейшара мүсәпірмін. Жолда азық-түлігім бітіп қалды, әрі маған бүгін Аллаһтан басқа және содан соң сенен басқа ешкім көмектесе алмайды. Саған көрікті тұла-бой және таза тері, сондай-ақ осы мал-мүлікті бергеннің (Аллаһтың) атымен маған сапарымды жалғастыруым үшін бір түйе беруіңді сұраймын», - дейді. Ол: «Бірақ мұның барлығы тек маған ғана тиесілі емес қой...», - деп жауап береді. Сонда періште оған: «Мен сені таныған сияқтымын! Кезінде алапес әрі адамдарға жеккөрінішті кедей болған, әрі кейіннен аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ саған осы байлықты берген сен емес пе едің?», - деді. Ол:

«Жоқ, мен бұны мирас етіп алдым», - деп жауап берді. Сонда періште: «Егер өтірік айтып тұрған болсаң, Аллаһ сені бұрыңғы кейіпіңе қайтарсын!», - деді.

Кейін ол екінші адамға қасқа бас таз кейіпінде келді де, оған бірінші адамға айтқан сөздерін айтты, әрі ол өзінен бұрыңғы жауап бергендей жауап берді. Періште оған (да): «Егер өтірік айтып тұрған болсаң, Аллаһ сені бұрыңғы кейіпіңе қайтарсын!», - деді.

Кейін періште олардың үшіншісіне зағип адамның кейіпінде келді де: «Мен – бейшара мүсәпірмін. Жолда азық-түлігім бітіп қалды, әрі маған бүгін Аллаһтан және содан соң сенен басқа ешкім көмектесе алмайды. Саған көру қабілетін қайта бергеннің (Аллаһтың) атымен маған сапарымды жалғастыруым үшін бір қой беруіңді сұраймын», - дейді. Ол: «Мен соқыр едім, бірақ Аллаһ маған көру қабілетімді қайта сыйлады. Сондықтан да қалағаныңды ал да, қалағаныңды қалдыр. Аллаһпен ант етемін, мен Аллаһ үшін сенің қалағаныңды алуыңа кедергі жасамаймын», - деді. Сонда періште оған: «Байлығыңды өзіңе қалдыр, өйткені сендерге сынақ жіберілген болатын. Аллаһ саған разы болды, ал екі жолдасыңа ашуланды», - деді" (әл-Бухари, 3464. Муслим, 2964).

Бұл хадисте Аллаһтың нығметіне күпірлік танытқан адамның, сондай-ақ Оған Оның берген нығметтері үшін шүкіршілік ететін адамның үкімін түсіндіру бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһтың мал-мүлікте берген игіліктері үшін оны мұқтаждармен бөлісу арқылы шүкіршілік ету, әрі сол арқылы Ол сый еткен нығметіндегі Оның хақысын беру міндетті екеніне нұсқау бар.
2. Хадисте берілген нығметтер үшін шүкіршілік танытпаудың және Аллаһ берген мал-мүліктегі Оның хақысын бұзудың тыйым салынғанына нұсқалады.
3. Хадисте тыңдаушылар пайда алу үшін оларға бізден бұрын өмір сүрген қауымдар туралы әңгімелеп берудің рұқсат етілгеніне нұсқау бар.
4. Хадисте Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағала Өзінің құлын

нығметтерімен сынайтынына нұсқау бар.

5. Хадисте «Маған Аллаһтан содан соң сенен басқа көмекші жоқ» деген сияқты сөздерді айтудың заңды екеніне нұсқау бар, өйткені бұл сөзде теңеуге нұсқайтын «және» деген жалғаулық емес, теңеуге нұсқамайтын «содан соң» деген жалғаулық келген.

ЕЛУІНШІ ТАРАУ:

Аллаһ Тағаланың:

فَلَمَّا آتَاهُمَا صَالِحًا جَعَلَا لَهُ شُرَكَاءَ فِيمَا آتَاهُمَا فَتَعَالَى اللَّهُ عَمَّا يُشْرِكُونَ (١٩٠)

«Ал Аллаһ оларға салиқалы бала берген кезде, олар өздеріне берілген бала жайында Аллаһқа серік қоса бастады. Аллаһ олардың қосқан ортақтарынан жоғары (Пәк)», - деген сөздері туралы («әл-Әғраф» сүресі, 190-аят).

Ибн Хазм, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деді: «Олар (сәләфтар) мағынасы Аллаһтан басқа кімге болсын құлшылық етуді қамтыған, мысалы, Абду Амр («Амрдың құлы»), Абдул-Қағба ("Қағбаның құлы") сияқты аттардың тыйым салынғанына келіскен» («Маратиб әл-Ижма'», 154-бет).

Ибн Аббас, оған Аллаһ разы болсын, жоғарыда келтірілген аятқа түсіндірме жасап, былай деді: *“Адам онымен (Хауамен) қосылды да, ол одан бала көтерді. Сонда оларға Ібіліс келді де: «Мен сендерді Жәннаттан шығартқан жекжаттарыңмың. Ендеше, маған бағыныңдар, әйтпесе мен балаларыңды тау ешкісінің мүйізіндей мүйізді етемін де, ол сенің қарныңды жыртып жібереді», - деді. Ол оларды қорқытуын тоқтатпастан, олар оны Абд әл-Харис деп атауын талап ете берді (әл-Харис - сөзбе-сөз «жер жыртушы дихан» — Ібілістің аты). Сөйтіп, Абд әл-Харис «Ібілістің құлы» дегенді білдіреді. Алайда олар оған бойсұнудан бас тартты, әрі бала өлі болып туылды. Кейін ол екінші рет бала көтерді, әрі Ібіліс тағы да оларға келіп, тура осыны қайталап айтты. Бұл жолы да олар оған бойсұнудан бас тартты, және бала тағы да өлі болып туылды. Ол үшінші рет бала көтерді. Ібіліс тағы да келіп, екі рет орын алған жағдайды естеріне салды. Бұл жолы балаға деген махаббат оларды билеп алды да, олар оны Абд әл-Харис деп атады. Сондықтан да: **«Олар өздеріне берілген бала жайында Аллаһқа серік қоса бастады», - деп айтылды**” (Сағид ибн Мансур «әс-Сунанда», 973; Ибн Аби Хатим*

«Тафсирде», 8654).¹⁰

Қатада, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деді: *«Серік қосу Оған (Аллаһқа) ғибадатта емес, бағынушылықта орын алды»* (Ибн Жәрир «Тафсирде», 9/149. Ибн Аби Хатим «Тафсирде», 8659).

Ал Аллаһ Тағаланың: **«Егер Сен бізге салиқалы перзент берсең, біз міндетті түрде шүкір етушілерден боламыз»** («әл-Әғраф» сүресі, 189-аят), - деген сөздері туралы Мужәһид, Аллаһ оны рахымына бөлесін: *«Олар ол адам болмайды ма деп қорықты»*, - деді (Ибн Аби Хатим «Тафсирде», 8648. Бұл туралы сондай-ақ әл-Хасан әл-Басри, Саид ибн Жубейр және басқалар айтқан).

Ибн Хазм – бұл Андалусиялық ғалым Абу Мухаммад Али ибн Мухаммад ибн Саид ибн Хазим әл-Қуртуби әз-Захари, һижраның 456 қайтыс болған, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Бұл тарауда балаларды қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаладан басқа біреудің құлдары деп атау бағынудағы ширк әрі Аллаһ Тағаланың нығметтеріне күпірлік таныту болып табылатынының түсіндірмесі келеді.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта әлдебіреуді мағынасы Аллаһ Тағаладан басқа біреудің құлы дегенді меңзейтін, мысалы, Абд әл-Хусейн, Абд әр-Расул, Абд әл-Қағба сияқты есіммен атаудың тыйым салынғанына нұсқау бар.

2. Аятта тіпті ат қоюда Аллаһқа серік қосудың көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқау бар, тіпті адам мұны көздемеген болса да.

3. Аятта егер Аллаһ Тағала адамға сау-сәлемет бала сый етсе, бұл одан осы үшін Аллаһқа шүкір етуді талап ететін нығмет болып табылатынына нұсқау бар.

¹⁰ Аудармашыдан: Бұл хабар сахих емес. Имам Ибн Хазм оны ойдан шығарылған деді, ал шейх Ибн 'Усаймин бұл хабардың сенімсіз екенін егжей-тегжейлі түсіндіріп берді. Қ-з.: "әл-Қаул әл-муфид" 3/67-69. Хасан әл-Басри былай деген: «Бұл аятта сөз Аллаһ оларға бала сый ететін, ал олар оны яһудилікте және христиандықта тәрбиелейтін яһудиер мен христиандар туралы болуда». Ибн Аби Хатим «әт-Тафсир», 8609. Хафиз Ибн Касир сахихтығын растаған. Қ-з. «Тафсир Ибн Касир» 2/286.

4. Аятта Аллаһ бала сияқты нығметті бергені үшін Оған шүкіршілік етудің түрлеріне ол Аллаһ Тағаланың құлы екенін білдіретін есімнің қойылуы жататынына нұсқау бар.

ЕЛУ БІРІНШІ ТАРАУ:

Аллаһ Тағаланың:

وَلِلَّهِ الْأَسْمَاءُ الْحُسْنَىٰ فَادْعُوهُ بِهَا وَذَرُوا الَّذِينَ يُلْحِدُونَ فِي أَسْمَائِهِ سَيُجْزَوْنَ مَا كَانُوا يَعْمَلُونَ

«Аллаһтың Көркем Есімдері бар. Ендеше, сол есімдермен Оған дұға етіңдер! Әрі Оның Есімдерінде ақиқаттан ауытқитындарды қоя салыңдар! Олар істегендері үшін жазаланады» («әл-Әғраф» сүресі, 180-аят), - деген сөздері туралы.

Ибн Аби Хатим Ибн Аббастың Аллаһтың: «Оның Есімдерінде ақиқаттан ауытқитындарды», - деген сөздеріне жасаған тәпсірін келтіреді.

Ибн Аббас: «Бұл – Аллаһқа серік қосатындар», - деді. Біз мұны Ибн Аби Хатимнен таппадық. Ал Аллаһ жақсырақ біледі!

Ибн Аббас сондай-ақ былай деді: «"әл-Ләт" деген атау "әл-Иләһ" (Құдай) деген атаудан, ал "әл-Узза" — "әл-‘Азиз" (Құдіретті) деген атаудан шыққан» (Ибн Жәрир «Тафсирде», 9/133; Ибн Аби Хатим «Тафсирде», 5/1623).

Әл-Әғмаш былай деді: «Олар (ақиқаттан ауытқитындар) оларға (Аллаһтың есімдеріне) оларға қатысты емес нәрселерді енгізеді».

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны рахым етсін, осы тарау арқылы Аллаһқа өлген адамдар (әруақтар) арқылы жақындайтындарды теріске шығарғысы және Аллаһ Тағалаға Оның көркем есімдері мен жоғары сипаттары арқылы жақындау заңдастырылғанына нұсқағысы келді.

Әл-Әғмаш – Сулейман ибн Михран әл-Куфи, сенімге лайықты жеткізуші, фақиһ, хафиз, хижраның 147 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттары бар екеніне әрі олар Оның Ұлықтығына лайықты екеніне нұсқау бар.
 2. Аятта Аллаһ Тағаланың барлық есімдері көркем екеніне нұсқау бар.
 3. Аятта Аллаһ Тағалаға Оның көркем есімдері арқылы жақындауға бұйрық бар.
 4. Аятта Аллаһтың көркем есімдерін теріске шығаруда, бұрмалауда және олармен кейбір жаратылыстарды атауда көрініс табатын оларды түсінудегі ауытқушылықтардың тыйым салынғанына нұсқау бар.
 5. Аятта кейбір надандардан немесе ауытқығандардан аулақ болуға және олармен тіпті санаспауға нұсқау бар.
 6. Аятта Аллаһ Тағаланың есімдерінде немесе сипаттарында ауытқушыларға қатал түрде қорқыту келген.
-

ЕЛУ ЕКІНШІ ТАРАУ:

«Аллаһқа сәлем» («әс-сәләму ‘алә Аллаһ») деп айтуға болмайтындығы туралы

Әл-Бухаридің «әс-Сахихында» Ибн Масғудтың, оған Аллаһ разы болсын, мына хадисі келтіріледі: *«Біз Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге намазда тұратын кезімізде: «Аллаһқа Оның құлдарынан сәлем, пәленге және пәленге сәлем...», - деп айтатынбыз. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұны естіп, бізге: «"Әс-сәләму ‘алә Аллаһ" (Аллаһқа сәлем), - деп айтпаңдар, өйткені Аллаһтың Өзі – әс-Сәләм», - деп айтты»* (Әл-Бухари, 835; Муслим, 402).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Біреуге: «Әс-сәләму ‘аләйк», - деп сәлем беру арқылы біз сонымызбен ол үшін кез-келген жамандықтардан әрі ауру-сырқаттардан дұға еткен боламыз. Әрі сондықтан да «әс-сәләму ‘алә Аллаһ» (Аллаһқа сәлем) деп айтуға болмайды, өйткені әс-Сәләм (яғни Аллаһ) – Бай (Мұңсыз), әрі Онда ешқандай ауру және кемшілік жоқ. Оған дұға етіп жалбарынады, Ол үшін дұға етіп жалбарынбайды. Әрі Одан сұрайды, бірақ Ол үшін сұрамайды. Сондықтан да бұл тарауда Аллаһ Тағаланы

кез-келген кемшіліктерден, қажеттіліктерден пәктеу керек екенінің түсіндірмесі әрі біз Оны кемшіліксіз байлықпен (мұңсыздықпен) және кемелдікпен сипаттауымыз керектігіне нұсқау бар.

Бұл хадисте «әс-сәләму ‘алә Аллаһ» деп сәлем берудің тыйым салынғанына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте «әс-Сәләм» Аллаһ Тағаланың есімдерінің бірі екеніне нұсқау бар.
 2. Хадисте білімсіздерді оқытудың қажеттілігіне нұсқау бар.
 3. Хадисте кейбір шариғи үкімдердің мағынасын түсіндіру қажет екендігіне нұсқау бар.
-

ЕЛУ ҮШІНШІ ТАРАУ:

«Уа, Аллаһ, егер қаласаң, мені кешір!» – деп айту таралы

Әл-Бухаридің «Сахихында» Абу Хурайраның, оған Аллаһ разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені туралы хадисі жеткізіледі: *“Сендердің ешқайсыларың: «Уа, Аллаһ, егер қаласаң, мені кешір», - немесе: «Уа, Аллаһ, егер қаласаң, мені рахым ет», - деп айтпасын. Қалаған нәрсеңді табанды түрде сұрау керек, өйткені ешнәрсе Аллаһты әлдебір нәрсеге мәжбүрлей алмайды”* (әл-Бухари, 6339; Муслим, 2679).

Муслимнің риуаятында Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Қалаған нәрселеріңді табанды түрде сұраңдар, өйткені Ол беретін нәрсенің барлығы Ол үшін ешнәрсе тұрмайды», - деп айтқаны келтірілген.*

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

«Уа, Аллаһ, егер қаласаң, мені кешір», - деген сөздер сұрап жатқан адамның сұрап жатқан нәрсесіне деген ұмтылысы мен қатты қалауының және лайықты назар салуының жоқ екеніне нұсқайды. Әрі басқа жағынан ол тіпті Аллаһ Тағалаға мұқтаж емес сияқты көрінеді. Бұл сөздерден сондай-ақ Аллаһты әлдебіреу әлденені істеуге мәжбүрлейтіндей түсініледі. Әрі осы аталған нәрселердің барлығында таухидке қайшы

келетін нәрселер бар, сондықтан да осы тарауды «Бірқұдайшылық Кітабында» келтіру керек болды.

Бұл хадисте Аллаһ Тағалаға кешірім сұрап жалбарынуды Оның қалауымен байланыстыруға тыйым және осы тыйымның себебінің түсіндіруі келеді.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһ Тағаладан әлдебір нәрсені сұрауды Оның қалауымен байланыстыруға тыйым салынғанына, сондай-ақ бұл сұрау Оның қалауымен байланыстырылмаған түрде айтылуы керек екеніне нұсқау бар.

2. Хадисте Аллаһ Тағаланы Оған лайықты емес нәрселерден пәктеу керек екеніне нұсқау келген.

3. Хадисте Қасиетті әрі Пәк Оның мейірімінің шексіз екеніне және Оның байлығының, Оның жомарттығының кемел екеніне нұсқау бар.

ЕЛУ ТӨРТІНШІ ТАРАУ:

«Менің құлым» немесе «менің күңім» деген сөздердің тыйым салынғандығы туралы

Әл-Бухари мен Муслимнің екі «Сахихында» Абу Хурайрадан, оған Аллаһ разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген хадисі келтіріледі: *“Сендердің ешқайсыларың (қызметшісіне): «Иеңді (раббыңды) тамақтандыр», - немесе: «Иеңе (раббыңа) дәрет алуға көмектес», - деп айтпасын. «... мырзаңды...», немесе: «... қожайыныңды...», - деп айту керек. Сендердің ешқайсыларың: «Менің құлым», - немесе: «Менің күңім», - деп айтпасын, (бірақ): «Менің жасөспірімім», немесе: «Менің қызым», - немесе: «Менің ер балам», - деп айтсын”* (әл-Бухари, 2552; Муслим, 2249).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Жоғарыда келтірілген және сол сияқты сөздерді айтудан әлдебіреуді

Аллаһ Тағалаға Оның раббылығында серік деп түсінуге себеп туындайды, сондықтан да бірқұдайшылықты қорғау және көпқұдайшылыққа алып баратын барлық жолдарды жабу үшін, раббылық мәселесінде мұндай нәрсеге тыйым салынған.

Бұл хадисте «менің құлым», «менің күнім» деген сөздерге тыйым келген.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте құрамында ширк болған сөздерді қолдануға тыйым салынғанына нұсқалады.
 2. Хадисте ширкке алып баратын барлық жолдарды жабу керек екеніне нұсқау бар.
 3. Хадисте тыйым салынған нәрсенің орнына басқа, құрамында харам ешнәрсе жоқ болған нәрсені ұсынудың құпталатынына нұсқау бар.
-

ЕЛУ БЕСІНШІ ТАРАУ:

Аллаһтың атымен сұрағанның өтінішін қабыл алмауға болмайтыны туралы

Абдуллаһ Ибн Умар, оған Аллаһ разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: *«Егер әлдебіреу сендерден Аллаһтың атымен бір нәрсе сұраса, оған беріңдер. Егер біреу сендерден Аллаһтың атымен пана сұраса, оны оған беріңдер. Егер сендерді біреу (қонаққа) шақырса, оған жауап беріңдер. Егер біреу сендерге жақсылық істесе, оған алғыс білдіріңдер, ал немен қайыруды таппасаңдар, ол үшін оған алғыс білдірдім деп санағандарыңа дейін дұға етіңдер»* (әт-Тайялиси, 1895; Ахмад, 2/68; әл-Бухари «Адаб әл-Муфрадта», 216; Абу Дауд, 1672; ән-Нәсаи, 5/82; Ибн Хиббан, 3408; әл-Хаким, 1/412).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Аллаһ Тағаланың атымен сұраушы адамның өтінішін кері қайыру адамның Қасиетті әрі Пәк Аллаһты ұлықтамағаны және Оған құрмет танытпағаны болып саналатынына нұсқау бар. Ал мұның барлығы

таухидтегі кемшілік болып табылады.

Бұл хадисте адам Аллаһ Тағаланың атымен сұраушынының өтінішін қабыл етуге міндетті екеніне және оны қабыл етпеудің тыйым салынғанына нұсқау бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһ Тағаланы ұлықтаудың және құрметтеудің себебінен Оның атымен сұраушынының өтінішін қабыл ету міндетті екеніне нұсқау бар.

2. Хадисте Аллаһтың атымен пана сұраған адамға пана беру және одан жамандықтың кез-келген түрін тойтару міндетті екеніне нұсқау бар.

3. Хадисте мұсылманның шақыруына, бұл үйлену дастарханы немесе басқа болсын, жауап берудің заңды екеніне нұсқау бар.

4. Хадисте жақсылық істеген адамға мүмкіндігінше лайықты жақсылықпен қайыру керек екеніне нұсқау бар.

5. Хадисте егер жақсылық істеген адамға лайықты жақсылықпен қайыра алмасаң, ол үшін дұға етудің керек және заңды екеніне нұсқау бар.

ЕЛУ АЛТЫНШЫ ТАРАУ:

Аллаһтың Дидарымен тек Жәннатты ғана сұрауға болатыны туралы

Жәбир ибн Абдуллаһ, оған Аллаһ разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: *«Аллаһтың Дидарымен тек Жәннатты ғана сұрауға болады»* (Абу Дауд, 1671; әл-Бәйһақи, 4/199 және басқалар, хадис әлсіз).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Аллаһ Тағаланың есімдерін және жоғары сипаттарын құрметтеп-қадірлеу міндетті болып табылады, сондықтан да әлдебір дүниелік нәрсені Оның аса көркем Дидарымен сұрау дұрыс емес болып табылады. Оның аса көркем Дидарымен ең ұлы нәрсені сұрау керек, ал бұл –

Жәннат, әрі осы таухидтің хақыларының бірі болып табылады.

Бұл хадисте Аллаһ Тағаланың Дидарымен Жәннаттан басқа әлдебір нәрсені сұрауға тыйым салынғанына нұсқалады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Аятта Аллаһ Тағаланың Дидары бар екеніне, әрі ол Аллаһтың басқа да сипаттары сияқты Оның ұлықтығына сай екеніне нұсқау бар.
2. Аятта Аллаһ Тағаланы ұлықтаудың және Оның есімдері мен сипаттарын құрметтеудің міндетті екеніне нұсқау бар.
3. Аятта Аллаһ Тағаланың Дидарымен Жәннатты және оған алып баратын нәрсенің барлығын сұрауға болатындығына, және Оның Дидарымен дүниелік игіліктерді сұрауға тыйым салынғанына нұсқау бар.

ЕЛУ ЖЕТІНШІ ТАРАУ: “Егер...”, - деп айту туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

يَقُولُونَ هَلْ لَنَا مِنَ الْأَمْرِ مِنْ شَيْءٍ قُلْ إِنَّ الْأَمْرَ كُلَّهُ لِلَّهِ يُخْفُونَ فِي أَنْفُسِهِمْ مَا لَا يُبْدُونَ لَكَ يَقُولُونَ لَوْ كَانَ لَنَا مِنَ الْأَمْرِ شَيْءٌ مَا قُتِلْنَا هَاهُنَا قُلْ لَوْ كُنْتُمْ فِي بُيُوتِكُمْ لَبَرَزَ الَّذِينَ كُتِبَ عَلَيْهِمُ الْقَتْلُ إِلَى مَضَاجِعِهِمْ وَلِيَبْتَلِيَ اللَّهُ مَا فِي صُدُورِكُمْ وَلِيُمَحَّصَ مَا فِي قُلُوبِكُمْ وَاللَّهُ عَلِيمٌ بِذَاتِ الصُّدُورِ

“Тағы да олар: «Егер іс біздің еркімізде болғанда, осы жерде өлтірілмес едік», - дейді. (Мухаммад) оларға: «Егер сендер үйлерінде болсаңдар да, өлтірілуі жазылғандар, әрине, өлтірілетін жерлерінде болар еді. Аллаһ көкіректеріңдегіні сынау және жүректеріңдегіні тазарту үшін өстіді. Сондай-ақ Аллаһ жүректеріңдегіні толық Білуші», - деп айт” («Әли-Имран» сүресі, 154-аят).

Тараудың «Бірқұдайшылық Кітабына» сәйкестілігі:

Тағдырды қабыл алу таухидтің толықтығының сипаттарының бірі болып табылады әрі «егер» деген сөз ешнәрсемен көмектесе алмайды, өйткені ол тағдырға наразылық таныту сияқты түсініледі, ал бұл өз кезегінде таухидке қайшы келеді.

Бұл аят тағдырға жазылған нәрселерде «егер» деп айту тыйым салынғанына және бұл екіжүзділердің сөздерінен екеніне нұсқайды.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта тағдырға жазылған нәрселерге қатысты «егер» деген сөзді қолданудың тыйым салынғанына нұсқау бар, өйткені ол тағдырға наразы болуды білдіреді, әрі ол арқылы жүректерде мұң-шер пайда болады. Ал егер адам бұл сөзді босқа жіберіп алған уақытына өкініш білдіру мағынасында айтқан болса, онда бұда қорқынышты ешнәрсе жоқ, өйткені бұл адамның игілікке ұмтылуын білдіреді.

2. Аят адамның тағдырмен қанағаттануы және оған наразылық танытпауы керек екеніне нұсқайды.

3. Аят сондай-ақ егер адам әлдебір нәрседен қауіптеніп-сақтанса, ал бұл нәрсе оның тағдырына жазылған болса, оның қауіптеніп-сақтануы оны одан құтқара алмайтынына дәлел болады.

4. Аят егер әлдебіреуге әлдебір жерде өлу жазылған болса, ол сол жерге бармауға барынша тырысса да, міндетті түрде сол жерге барып өлетініне нұсқау бар.

Аллаһ Тағала былай деді:

الَّذِينَ قَالُوا لِإِخْوَانِهِمْ وَقَعَدُوا لَوْ أَطَاعُونَا مَا قُتِلُوا قُلْ فَادْرَءُوا عَنْ أَنْفُسِكُمُ الْمَوْتَ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ

“(Мухаммад,) өздері үйлерінде отырып, туыстарына: «Егер олар тілімізді алғанда, өлтірілмес еді», - дегендерге: «Сөздерің шын болса, өлімді өздеріңнен тойтарыңдар», - деп айт” («Әли Имран» сүресі, 168-аят).

Бұл аятта «егер» деген сөзді (аятта келген мағынада қолдану) екіжүзділердің сипаттарынан болып табылатынына нұсқау бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта адам «егер» деген сөзді тағдырға немесе басына түскен қайғы-қасіретке наразылық білдіру мағынасында айтуынан сақтандыру бар.

2. Аятта иман бізден тағдырды қабыл етуді және оған разы болуды талап ететініне, сондай-ақ тағдырды қабыл етпеу екіжүзділердің сипаттарының бірі екеніне нұсқау бар.

3. Аятта екіжүзділердің және адасқандардың күмәндарын және өтірік сенімдерін жою мақсатында олармен пікірталастыру заңды екеніне нұсқау бар.

Муслимнің «әс-Сахихында» Абу Хурайрадан, оған Аллаһ разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған былай деп айтқан хадисі жеткізіледі: *“Өзіңе пайда келтіретін нәрсеге ұмтыл да, Аллаһтан көмек сұра, әрі осалдыққа салынба, ал егер басыңа (сәтсіздіктер мен бақытсыздықтардан) бір нәрселер түсіп жатса: «Егер мен былай істегенімде, былай болар еді», - деп айтпа! Алайда: «Бұл Аллаһтың тағдыры, әрі Ол қалағанын істеді», - деп айт, өйткені (бұл) «егер» шайтанның азғыруына жол ашады”* (Муслим, 2664).

Бұл хадисте әлдебір бақытсыздықтарға шалдыққан сәтте «егер...» деп айтудың тыйым салынғанына нұсқалады және бұл сөздердің кесірі қандай екені түсіндіріледі.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте не жедел пайдаға, не болашақтағы пайдаға қол жеткізу үшін барлық қажетті себептерді жасап, ынта-жігер танытуға ынталандыру бар.

2. Хадисте пайдалы істер істеуде міндетті түрде Аллаһтан көмек сұрау қажет екеніне, әрі өз күш-қуатыңа сүйенуге болмайтынына нұсқау бар.

3. Хадисте пайдалы нәрсеге ұмтылуда осалдық пен жалқаулық танытудың және оған қол жеткізудің себептерін жасамаудың тыйым салынғанына нұсқау бар.

4. Хадисте тағдырға иман келтірудің міндетті екеніне, сондай-ақ тағдырға иман келтіру себептер жасауға және игілікке қол жеткізуге ұмтылуға қайшы келмейтініне нұсқау бар.

5. Хадисте қиыншылықтар мен бақытсыздықтар кезінде сабыр танытудың міндетті екеніне нұсқау бар.

6. Хадисте орын алған бақытсыздыққа наразылық танытып, «егер ...» деп айтудың тыйым салынғанына нұсқау және мұның зиянын түсіндіру бар.

7. Хадисте шайтанның айлаларынан сақтандырып ескерту бар.

ЕЛУ СЕГІЗІНШІ ТАРАУ:

Желді сөгуге тыйым салынатындығы туралы

Убайй ибн Ка'б (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндайтын: *“Желді сөкпеңдер. Егер сендер одан өздеріңе ұнамайтын нәрсе көрсеңдер: «Уа, Аллаһ, біз Сенен осы желдің игілігін және ол өзімен алып келетін игілікті, әрі оған жасау бұйырылған игілікті сұраймыз, және Өзіңе осы желдің жамандығынан және ол алып келетін жамандықтан, әрі оған жасау бұйырылған жамандықтан пана іздеп сиынамыз», - деп айтыңдар”* (Ахмад, 5/123; Ибн Аби Шәйба, 6/27; әл-Бухари «Адаб әл-Муфрадта», 719; әт-Тирмизи, 2252; ән-Нәсаи «Сунан әл-Кубрада», 6/231-232; әл-Хаким, 2/298).

Убайй – бұл Убайй ибн Ка'б ибн Кайсин әл-Әнсари, сахабалар арасындағы ең әйгілі Құран оқушы қари. Ол Ақаба (келісімінің) және Бадр соғысының, әрі басқа да көптеген шайқастардың қатысушысы болған. Ол һижра жыл санауы бойынша 30 жылы, Умардың (Аллаһ оған разы болсын) халифалылығы кезінде қайтыс болған деген пікір мен оның Усманның (Аллаһ оған разы болсын) халифалылығы кезінде қайтыс болғандығы туралы пікір де бар, Аллаһ оған разы болсын.

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Желді ұрысып-сөгетін адам негізінде кім оны басқарса, Соны да сөккен болады, ал ол – Аллаһ Тағаланың (Өзі), себебі жел тек Оның ғана бұйрығымен есіп-қозғалады. Әрі осы себептен де желді сөгу бірқұдайшылыққа қарама-қайшы келеді.

Бұл хадисте желді сөуге деген айқын және үзілді-кесілді тыйым келген.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте желді сөуге тыйым салынғанына нұсқау бар, себебі жел (Жаратушы тарапынан) бүкілдей басқарылатын жаратылыс болып табылады және желді ұрысып-сөгу оны Жаратқанға әрі оны Басқаратынға қайтып оралады.

2. Хадисте іс-әрекеттерді Аллаһ Тағалаға қайтарудың әрі Ол жаратқан жамандықтардан Оған (Өзіне) пана іздеп сиынудың қажеттілігіне нұсқау бар.

3. Хадисте желге өзімен бірге игілік және жамандық алып жүру бұйырылған болуы мүмкін екеніне нұсқау бар.

4. Хадисте адам өзіне ұнамсыз (жағымсыз) нәрсе көрген кезінде қандай да бір жамандықтан сақтану үшін пайдалы сөздер айту керектігіне нұсқау бар.

ЕЛУ ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ:

«Әли Имран» сүресінің 154-аяты туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

يَظُنُّونَ بِاللَّهِ غَيْرَ الْحَقِّ ظَنَّ الْجَاهِلِيَّةِ يَقُولُونَ هَلْ لَنَا مِنَ الْأَمْرِ مِنْ شَيْءٍ قُلْ إِنَّ الْأَمْرَ كُلَّهُ لِلَّهِ يُخْفُونَ فِي أَنْفُسِهِمْ مَا لَا يُبْدُونَ لَكَ يَقُولُونَ لَوْ كَانَ لَنَا مِنَ الْأَمْرِ شَيْءٌ مَا قُتِلْنَا هَاهُنَا قُلْ لَوْ كُنْتُمْ فِي بُيُوتِكُمْ لَبَرَزَ الَّذِينَ كُتِبَ عَلَيْهِمُ الْقَتْلُ إِلَى مَضَاجِعِهِمْ وَلِيَبْتَلِيَ اللَّهُ مَا فِي صُدُورِكُمْ وَلِيُمَحَّصَ مَا فِي قُلُوبِكُمْ وَاللَّهُ عَلِيمٌ بِذَاتِ الصُّدُورِ (١٥٤)

“Олар жәһилиет кезінде істегендеріндей, Аллаһ туралы орынсыз ой ойлады. Олар: «Бұл істе бізде не ерік бар?», - десті. (Мухаммад,) оларға: «Барлық іс Аллаһтың еркінде», - деп айт. Ал олар өз іштеріңдегісін сенен жасырады. Тағы олар: «Егер іс біздің еркімізде болғанда, осы жерде өлтірілмес едік», - дейді. (Мухаммад,) оларға: «Егер сендер үйлеріңде болсаңдар да, өлтірілуі жазылғандар, әрине, өлтірілетін жерлерінде болар еді», - деп айт. Аллаһ көкіректеріңдегіні сынау үшін және жүректеріңдегіні тазарту үшін

өстіді. Сондай-ақ Аллаһ жүректеріндегіні толық Білуші” («Әли-Имран» сүресі, 154-аят).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Осы тарауда Аллаһ туралы жақсы ойда болу бірқұдайшылықтың бізден талап ететін нәрсесі екеніне, сондай-ақ Аллаһ туралы жаман ойлар бірқұдайшылыққа қарама-қайшы келетін нәрсе екеніне нұсқау бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Аллаһ туралы: Ол жалғанға ақиқаттың үстінен үстемдік береді, әрі бұл үнемі солай болады деп, және ақиқат жойылып, сосын қайта жаңғырмайды деп ойлайтын адам сонысымен Аллаһ Тағала туралы надандық (жәһилиет дәуірінің) ойларымен ойлаған болатынына нұсқау бар.

2. Аятта Аллаһ Тағала кейде жалғанға жеңіс беретініне, әрі осыда қандай да бір даналық бар екеніне нұсқау бар.

3. Аятта екіжүзділердің жүректеріндегі бұзықтықтың түсіндірмесі келген, сондай-ақ Аллаһ Тағала қиын-қыстау жағдайлар кезінде олардың жүректеріндегі осы бұзықтықты әшкерелейтініне нұсқау бар.

4. Аятта тағдырға иман келтірудің міндетті екеніне нұсқау бар.

5. Аятта Аллаһ Тағаланы Оған лайықты емес нәрселерден пәктеудің міндеттілігіне нұсқау бар.

6. Аятта Аллаһ Тағала туралы жақсы ойда болудың міндеттілігіне нұсқау бар.

Аллаһ Тағала былай деді:

”مَصِيرًا وَسَاءَتْ جَهَنَّمُ لَهُمْ وَأَعَدَّ وَلَعْنُهُمْ عَلَيْهِمُ اللَّهُ وَغَضِبَ السَّوْءِ دَانِرَةً عَلَيْهِمُ السَّوْءِ ظَنَّ بِاللَّهِ الظَّانِّينَ

«Аллаһқа байланысты жаман ой ойлаған мұнафиқ ерлер мен мұнафиқ әйелдерді, мүшрик ерлер мен мүшрик әйелдерді азапқа ұшыратады. Жамандық өздеріне болсын. Аллаһ оларға ашуланды,

оларды лағынеттеді де, оларға Тозақ дайындады. Ол нендей жаман барар жер!» («әл-Фатх» сүресі, 6-аят).

Бұл аятта Аллаһ Тағала туралы Ол Өзінің тобына дұшпандарының үстінен жеңіс сыйламайды деп ойлаған адам Аллаһ жайында жаман ойлаған болатынына нұсқау бар.

Аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта Аллаһ Тағала туралы жаман ойлардан сақтандыру әрі Ол туралы жақсы ойлаудың міндеттілігіне нұсқау бар.

2. Аятта Аллаһ Тағала Өзінің Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), Өзінің дініне жеңіс бермейді деп ойлаған адам Ол туралы жаман, пасық ойлармен ойлаған болатынына нұсқау бар.

3. Аятта Аллаһ Тағала Өзін дұшпандарына ашуланатындығымен әрі оларды лағынеттейтіндігімен сипаттағанына нұсқау бар.

4. Аятта көпқұдайшылдардың соңы қандай болатынының түсіндірмесі бар.

Бірінші аят турасында Ибн әл-Қаййим (Аллаһ оны рахым етсін) былай деді: *«Құран тәпсіршілерінің пікірі бойынша, мүшриктердің бұл жаман ойлары Аллаһ Тағала бейне бір Өзінің Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көмектеспейді, әрі оның ісі жойылады дегенді қамтитын. Басқа тәпсіршілер бұл ойлар орын алып жатқан нәрсенің барлығы Аллаһтың тағдыры мен Оның даналығының салдары болып табылмайды деген (пікірді) қамтиды деп есептейді. Сондай-ақ оларды Аллаһтың даналығы мен Оның тағдырын жоққа шығару деп, Аллаһ Өзінің ісін соңына дейін жеткізетінін және Исламды барлық діндерден үстем ететінін жоққа шығару деп тәпсірлеген. Бұл «әл-Фатх» сүресінде айтылатын екіжүзділер мен мүшриктерде болған жаман ойлар, міне, осылар.*

Әрі бұл ақиқатында да жауыз ойлар болатын, өйткені Пәк Аллаһ туралы, Оның даналығы, даңқы әрі адал уәдесі туралы мұндай ойлауға мүлде

болмайды. Ал кім әлдебіреуді ақиқат үстінен жеңіске жете алады деп білсе; кім орын алып жатқан нәрселердің барлығы Оның алдын ала бекіткен жазмышы мен тағдыры бойынша орын алып жатқанын әрі Оның (бекіткен) тағдыры Оның мақтауға лайықты терең даналығымен байланысты екенін жоққа шығарса; әрі кім барлық нәрсені жағдаяттардың жай ғана өрбуі бойынша орын алып жатыр деп айтатын болса - сол кәпірлердегі тура сол жаман ойларға ие болған болады. Иман келтірмейтін адамдарға қасірет болсын, сол себепті олар Отқа түседі емес пе!

Көпшілік адамдар өздерінің өмірінде немесе басқа адамдардың өмірінде орын алатын (жағдайлардың) әсерімен Аллаһ туралы жаман ойға ие. Мұндай ойлардан тек Аллаһты, Оның есімдері мен сипаттарын таныған адамдар ғана, Оның даналығыны мен Оны мақтап-дәріптеудің себебі мен қажеттілігін білетін адамдар ғана құтыла алады. Өзіне жақсылық қалайтын әрбір адам осы жайында ойланып, Аллаһтың алдында тәубе етсін және Аллаһтан өзінің жаман ойлары үшін оны кешіруін сұрап-жалбарынсын...

Кімнен сұрасаң да, (олардың) тағдырдан мезі болғандарын әрі оның атына сөгіс-шағымдар (айтатындарын) көресің. Барлықтары осылай-осылай болу керек еді, бірақ осылай болды деп айтып жатады. Әрбір адам үлкен немесе кіші дәрежеде тағдырға шағымданып жатады. Өз-өзіңді тексеріп көр, сен осындай наразылықтан алыссың ба?»

Ал сосын ибн әл-Қайим мына өлең жолдарын келтірді:

«Арылып азат болсаң сен осыдан,

Боларсың үлкен бәледен құтылған.

Әрі сен үшін осыдан басқа құтылар жол жоқ

Мен көріп тұрған» («Зад әл-Мә'ад», 3/228-235).

АЛПЫСЫНШЫ ТАРАУ:

Тағдырды теріске шығаратындар туралы

Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған және әкесіне разы болсын) былай деді: «Ибн Умардың жаны Қолында болған (Аллаһтың) атымен ант етемін,

егер олардың әлдебіреуінде үлкендігі Ухуд тауындай бір тау алтыны болып, ол осы байлықтың бәрін Аллаһ жолында жұмсаса да, бұл адам тағдырға иман келтірмейінше Аллаһ мұны қабыл алмас еді». Сосын ол өз сөздеріне дәлел ретінде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Иман дегеніміз сенің, Аллаһқа, Оның періштелеріне, Оның Кітаптарына, Оның елшілеріне, Ақырет Күніне иман келтіруіңді, сондай-ақ тағдырға оның жақсылығымен және жамандығымен иман келтіруіңді білдіреді», - деп айтқан сөздерін келтірді (Муслим, 8; Абу Дауд, 4695; әт-Тирмизи 2613; Ибн Мәжаһ 63).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Аллаһты жалғыз Раббы деп тану бірқұдайшылығы адамның тағдырды растауынсыз әрі оған иман келтіруінсіз толық болмайтындығы себепті, автор (Аллаһ оған рахым етсін) осы тарауда тағдырды теріске шығару адамды неге алып келетінін түсіндіріп, сонысымен оған иман келтірудің міндеттілігіне нұсқады.

Осы асарда тағдырды теріске шығаратын адамдардың үкімінің түсіндірмесі бар.

Осы асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда тағдырды мойындамау күпірлік екеніне нұсқау бар.
2. Асарда жақсы амалдар тек мұмин адамнан ғана қабыл болатынына нұсқау бар.
3. Асарда дәлел-дәйектер тек Құран және Сүннеттен келтірілетініне әрі қабылданатынына нұсқау бар.

Убада ибн әс-Самит (Аллаһ оған разы болсын) өзінің ұлына былай деді: «Балам, сен иманның ләззатын өзіңмен орын алған бақытсыздықтың сені айналып өтуі мүмкін емес болғанын, ал өзіңді айналып өткен нәрсе саған келіп тиюі мүмкін емес болғанын түсініп-білгеніңде ғана сезінесің. Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын

естігенмін: «Аллаһ Қаламды жарата салысымен оған: “Жаз!”, - деді. Қалам: “Я, Раббым, не жазайын?”, - деп сұрады. Аллаһ Тағала: «Қиямет Сағаты басталғанға дейін тағдыр етіп бекітілген нәрсенің барлығын жаз», - деді». Балам, мен сондай-ақ Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “Кім осындай сенімі болмай қайтыс болса, сол менен емес”, - деп айтқанын естідім» (Абу Дауд, 4700; әт-Табарани «Муснад әш-Шамийийінде», 59; әл-Бәйһақи «Сунан әл-Кубрада», 10/204 т.б.).

Ахмадтың нұсқасында былай делінеді: “Аллаһ Қаламды жарата салысымен оған: «Жаз!», - деді. Әрі сол сағатта Қиямет Күніне дейінгі барлық нәрселер жазылып қойылды” (Ахмад, 5/317).

Ибн Уаһбтың нұсқасында былай делінеді: “Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Тағдырға оның жақсылығы мен жамандығымен иман келтірмейтін адамды Аллаһ Отта өрттейді», - деді” (Ибн Уаһб «Китаб әл-Қадарда», 26 т.б.).

Убада ибн әс-Самиттің ұлы – бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) уақытысында туылған Уалид ибн Убада. Ол атақты табиғиндердің бірі болып есептеледі. Уалид ибн Убада һижра жыл санауы бойынша 70 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Ибн Уаһб – бұл Абдуллаһ ибн Уаһб ибн Муслим әл-Масари, сенімге лайықты фақиһ, имам Мәликтің серігі болған. Һижра жыл санауы бойынша 125 жылы дүниеге келіп, 167 жылы қайтыс болды, Аллаһ оны рахымына бөлесін.

Осы асарда тағдырға иман келтірудің міндеттілігінің түсіндірмесі мен оны теріске шығарып, оған күпірлік етуден сақтандыру бар, сондай-ақ бұған ілесетін қорқытудың түсіндірмесі бар.

Осы асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда тағдырға иман келтірудің міндеттілігіне нұсқау бар.
2. Асарда тағдырды теріске шығарудың салдары болатын қорқынышты жазаға нұсқау бар.

3. Қаламның бар екеніне, әрі ол Қиямет Күніне дейінгі өткен және болашақтағы тағдыр етілген нәрсенің барлығын жазып қойғанына нұсқау бар.

Ахмад «әл-Муснадта» және Ибн Мәжаһ «әс-Сунанда» Ибн әд-Дайләмидің былай деп айтқан хадисін келтіреді: «Мен Убай ибн Ка'бқа келіп: "Менің ішімде тағдырға күмәндануға итермелейтін бір нәрсе бар. Маған бірдеме айтшы, мүмкін, Аллаһ мұны менің жүрегімнен алып тастар", - дедім. Ол: "Егер сен Аллаһ жолында үлкендігі Ухуд тауындай алтын жұмсасаң да, Ол сенен мұны тағдырға иман келтірмейінше, әрі өзіңмен болған сәтсіздік сені айналып өтпеуі керек болғанын, ал сені айналып өткен нәрсе саған келіп жетуі мүмкін емес болғанын ұқпайыңша, қабыл алмайды. Егер сен осындай сенімге ие болмай қайтыс болсаң, Ол тұрғындарының арасынан (бірақ) шығасың", - деді. Осыдан кейін мен Абдуллаһ ибн Масғудқа, Хузайфа ибн әл-Яманға және Зәйд ибн Сабитке (Аллаһ оларға разы болсын) кіріп шықтым, әрі олардың әрқайсысы Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сілтей отырып, тура соны айтып берді» (Ахмад, 5/185-189; Абу Дауд, 4699; Ибн Мәжаһ, 77; әт-Табарани «әл-Кабирде», 4940; Ибн Хиббан, 1817).

Ибн әл-Дайләми – бұл Абдуллаһ ибн Файруз әд-Дайләми, сенімге лайықты жеткузіші, белгілі табиғиндердің бірі, Аллаһ оны рахым етсін. Оның әкесі Файруз жалған пайғамбар Асуд әл-Әнсиге қарсы соғысқан.

Осы асарда тағдырға иман келтірудің міндетті екеніне нұсқалады, әрі бұл сахабалардың Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткізгені.

Осы асардан алынатын пайдалар:

1. Асарда тағдырға сенбейтін адамға қорқынышты қауіп-қатерге нұсқалады.

2. Асарда адам өзіне түсініксіз болған кез-келген нәрселер туралы ғалымдардан сұрауы керектігіне нұсқалады, ол ақида (наным-сенім) мәселелері немесе басқа сұрақтар болса да.

3. Асарда күмәндарды жою мен адамдар арасында білім тарату ғалымдардың міндеті болып табылатынына нұсқалады.

АЛПЫС БІРІНШІ ТАРАУ: **Бейне жасаушылар туралы**

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен ол Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын естігені жеткізіледі: *“Аллаһ Тағала былай деді: «Ал Менің жаратылысыма ұқсас бірдеме жасауға тырысқан адамнан артық кім залым болмақ! Олар тым құрығанда бір дән жаратып көрсінші, олар (тым болмағанда) кішкентай құмырсқаны жаратып көрсінші!»”* (әл-Бухари, 7559; Муслим, 2111).

Бейне жасау бірқұдайшылыққа қарама-қайшы келетін көпқұдайшылыққа апаратын себеп болып табылатындықтан, автор (Аллаһ оны рахым етсін) осы тарауды өзінің кітабында келтірді.

Хадисте бейне жасауға айқын тыйым және бұл ең үлкен әділетсіздік болып табылатындығына нұсқау келіп отыр.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте бейнелер жасауға, бұл қандай тәсілмен орындалса да, тыйым салынғанына, сондай-ақ бейне салушы адам ең әділетсіз болып табылатындығына нұсқау бар.

2. Хадисте Аллаһ Тағаланың сөйлеу сипатына нұсқау бар.

3. Хадисте бейне салу өзіңді Аллаһ Тағалаға ұқсату болып табылатындығына нұсқау бар, өйткені осынысымен адам Аллаһ Тағаланың іс-әрекеттерінде Оған ұқсауға тырысады.

4. Хадисте жарату құдіреті тек Қасиетті әрі Пәк Аллаһ Тағаланың ғана ерекше сипаты екеніне нұсқау бар.

Олар сондай-ақ Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндаған Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) хадисін келтіреді: *«Қиямет Күні ең ауыр жаза Аллаһтың жарату (ісінде) Оған ұқсауға тырысатындарды күтуде»* (әл-Бухари, 5954; Муслим, 2106).

Бұл хадисте бейнелер жасайтын адамдарға қорқынышты жаза бар екені, сондай-ақ бейнелер салу үлкен қылмыс болып табылатындығы түсіндіріледі.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте кез-келген тәсілмен бейне жасауға, бұған қандай әдіс-тәсілдер қолданылса да, тыйым салынғанына, сондай-ақ бұл өзінді Аллаһ Тағалаға ұқсату екеніне нұсқау бар.
2. Хадисте Қиямет Күні жазалардың жасалған күнәлардың дәрежелеріне байланысты әртүрлі болатынына нұсқау бар.
3. Хадисте бейне салу ең қорқынышты әрі ең үлкен күнәлардың бірі болып табылатындығына нұсқау бар.

Олар Ибн Аббастың мына хадисін де келтіреді: *«Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын естігенмін: “Әрбір бейне салушы Отта! Және оның жасаған әрбір бейнесіне оны Тозақта азаптайтын жан берілетін болады”»* (әл-Бухари, 2225; Муслим, 2110).

Олар сондай-ақ Ибн Аббастың Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан басқа бір хадисін де келтіреді: *«Өмірінде қандай да бір бейне салған адам соған жан бітіруіне күштеледі, ал ол мұны жасауға құдіретсіз болады»* (әл-Бухари, 5963; Муслим, 2110).

Бұл хадисте бейнелер жасауға тыйым мен осыны жасайтын адамдарға қорқыту келген.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте бейнелер салуға тыйым салынғанына және бұл үлкен күнәлардың бірі болып табылатындығына нұсқау бар.

2. Кез-келген тәсілмен бейнелер жасауға, бұл мейлі ескерткіш болсын, ойылып немесе қашалып салынған бейнелер болсын, салынған суреттер немесе тірі жанды жаратылыстардың түсірілген бейнесуреттері болсын, тыйым салынғанына нұсқау бар. Тек қажеттіліктен туындаған жағдайдан басқа.

3. Хадисте қажеттіліктен тыс кез-келген мақсатқа арналған бейнелер жасауға тыйым салынғанына нұсқау бар.

4. Соңғы хадисте бейне жасаушының жазасы ұзаққа созылатынына әрі оның дәрменсіздігі әшкереленетініне нұсқау бар.

5. Хадисте әлдебір нәрсені жарату және оған жан бітіру тек Аллаһ Тағаланың ғана күш-құдіретінде екеніне нұсқау бар.

Муслим Абул-Хайяждің былай деп айтқан хадисін келтіреді: *«Али маған былай деді: “Мен сені кезінде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мені жұмсаған нәрсесіне жұмсайын ба: кез-келген бейнені көргенде, оны сол сәтте жой, ал кез-келген төмпешік қабір көрсең, оны жермен бірдей тегістеп қой”»* (Муслим, 969).

Абул-Хайяж – бұл Абул-Хайяж ибн Хусайн әл-Асади, сенімге лайықты табиғи, Аллаһ оны рахым етсін.

Бұл хадисте суреттерді немесе бейнелерді өшірудің әрі оларды жоюдың міндеттілігіне нұсқау бар.

Осы хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте бейнелер жасауға тыйым салынғанына және оларды жоюға әрі олар қандай болса да, оларды өшірудің міндеттілігіне нұсқау.

2. Хадисте ақиқатты өсиет етудің, жақсылыққа бұйырудың, жамандықтан тыюдың әрі білімді жеткізудің қажеттілігіне нұсқау.

3. Хадисте қабірлерді жерден биік етіп көтеруге, олардың үстінен құрылыс немесе сол секілді нәрсе тұрғызуға тыйым салынғанына нұсқау бар, себебі бұның барлығы ширкке алып келеді.

4. Хадисте қабірлердің үстінен құрылатын кесенелерді жоюдың міндеттілігіне нұсқау бар.

5. Хадисте бейнелер қабірлердің үстінен тұрғызылатын құрылыстар секілді екеніне әрі ширкке апарар жолдардың бірі болып табылатындығына нұсқау бар.

АЛПЫС ЕКІНШІ ТАРАУ:

Көп ант ішу туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

وَاحْفَظُوا أَيْمَانَكُمْ

«...Анттарыңды қорғандар...» («әл-Мәида» сүресі, 89-аят).

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның былай деп айтқанын естігенін баяндайтын: *«Ант ішу тауарды өтімді етеді, алайда оның (табысының) бекересін жойып жібереді»* (әл-Бухари, 2087; Муслим, 1606)".

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Аллаһ Тағаланың есіміне деген құрмет – бірқұдайшылықтың толықтығынан болып табылады, әрі адам (Аллаһтың есімімен жиі әрі орынсыз ант ете беруі арқылы) Оның есіміне немқұрайлылық танытпауы керек, себебі Аллаһтың атымен жиі ант ету адамның Оның есіміне әрі Оны ұлықтауға немқұрайлы қарайтынына нұсқайды.

Бұл хадисте тауарды сату мақсатында ант қолданудан сақтандыру және осының салдары қандай зиянды болатынының түсіндірмесі келді.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте тауарды сату мақсатында ант беруді қолданудан сақтандыру бар, себебі бұда Аллаһ Тағаланың есіміне немқұрайлылық таныту көрініс табады, ал бұл бірқұдайшылықтың толықтығын бұзатын нәрсе.

2. Хадисте өтірік ант ішудің артынан ілесетін зиянның түсіндірмесі келген.

3. Хадисте тыйым салынған табыста ешқандай береке де, ешқандай игілік те жоқ екеніне нұсқау бар, тіпті егер табыстың өзі үлкен болса да.

Сәлман (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын естігенін баяндайтын: *«Аллаһ Қиямет Күні үш (түрлі) адаммен сөйлеспейді де, оларды [күнәлардан] тазартпайды да, әрі олардың басына азапты жаза түседі: бұл – бұзық шал, тәкаппар кедей әрі Аллаһты өзінің саудасына айналдырған адам: ол Аллаһтың атымен ант етпей, еш нәрсе сатып алмайды, әрі Аллаһтың атымен ант етпей, еш нәрсе сатпайды да»* (әт-Табарани «Муғжам әл-Кабирде», 6111; әл-Бәйһақи «Шуғаб әл-Иманда», 4/220).

Сәлман – бұл Абу Абдуллаһ, яғни Сәлман әл-Фарси болуы көбірек ықтимал. Ол Асбаханнан немесе Рама Хармузадан шыққан, әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мединаға келгеннен кейін Ислам қабылдады. Хандак шайқасында әрі басқа да шайқастарда қатысқан. Хижа жыл санауы бойынша 36 жылы қайтыс болды, Аллаһ оған разы болсын.

Осы хадисте сауда-саттық жүргізген кезде көп ант ішуге тыйым салынған.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте тауарды сату және сатып алуда көп ант ішуден сақтандыру және Қасиетті әрі Ұлы Аллаһ Тағаланың есімдерін құрметтеуге ынталандыру бар.

2. Хадисте Аллаһ Тағаланы «сөйлеу» сипатымен сипаттау келген, әрі Ол Өзіне бағынған адамға құрмет танытып, онымен сөйлесетіндігіне нұсқау бар.

3. Хадисте зинақорлық күнәсінан, әсіресе, үлкен жастағы адамдарды сақтандыру келген.

4. Хадисте тәкаппарлықтан, әсіресе, оның кедей адам тарапынан танытылуынан сақтандыру келген.

Имран ибн Хусайннан Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Менің үмметімдегі ең жақсы адамдар – бұл менің замандастарым, сосын олардың соңынан келетіндер, ал сосын – солардың соңынан келетіндер»*. Имран былай деп жалғастырды: *«Оның өзінің (замандастарынан) кейін қанша ұрпақтарды атағыны: екі немесе үшеуін бе - менің дәл есімде жоқ»*. *«Олардан кейін өздерінен куәлік талап етілмей жатып куәлік ететіндер, өздеріне сенім артылғанда сатқындық жасайтындар, уәделер беріп, бірақ оларды орындамайтындар пайда болады. Әрі олардың арасында мес-семіз адамдар көп болады»* (Муслим, 2535).

Осы хадисте куәлік беруге немқұрайлы қарайтын адамдарға сөгіс бар, себебі бұл ант берудің бірі болып табылады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте сахабалардан, табиғиндерден әрі олардың избасарларынан болған алғашқы үш және төрт ұрпақтың артықшылықтарына нұсқау бар.
2. Хадисте куәлік беруде асығыстық таныту айыпталатынына нұсқау бар.
3. Хадисте уәделерге салғырт қараудың айыпталатынына және уәделерді орындаудың міндетті екеніне нұсқау бар.
4. Сеніп тапсырылғанға қатысты қиянат әрі сатқындық жасаудың айыпталатынына нұсқау, сондай-ақ сеніп тапсырылғанды әрі сенімді сақтауға ынталандыру бар.
5. Хадисте осы дүниенің рахатына ұмтылудың және Ақыреттің игіліктеріне ұмтылуды тәрк етудің айыпталатындығына нұсқау бар .
6. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хабарлаған нәрсесінің шындығында да орын алғанында көрініс тапқан оның мұғжизаларының бір мұғжизасына нұсқау бар.

Сондай-ақ Ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Ең жақсы адамдар – бұл менің замандастарым, сосын*

олардың соңынан келетіндер, ал сосын – солардың соңынан келетіндер. Олардан кейін куәлік беруден бұрын ант ететін, және ант етуден бұрын куәлік беретін адамдар пайда болады». Ибраһим ән-Нәһаи былай деп баяндайтын: «Біз кішкентай болған кезімізде бізді куәлік еткеніміз немесе уәде бергеніміз үшін (немесе: куәлік немесе уәде беруіміз үшін) ұратын» (Муслим, 2533).

Ибраһим – бұл Абу Имран Ибраһим ибн Язид ән-Нәһаи әл-Куфи, табиғиндер арасындағы фақиһ ғалым, һижра жыл санауы бойынша 96 жылы қайтыс болды, Аллаһ оған разы болсын.

Бұл хадисте ант және куәлік беруге немқұрайлы қараудан сақтандыру бар.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте ұрпақтар ішіндегі ең жақсылары мұсылмандардың алғашқы үш ұрпағы екеніне нұсқау бар.
2. Хадисте куәлік беруде және ант етуде асығыстық танытудың айыпталатынына нұсқау бар.
3. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хабарлаған нәрсесінің шындығында да орын алғанында көрініс тапқан оның мұғжизаларының бір мұғжизасына нұсқау бар.
4. Хадисте сәләфтар балаларын дұрыс тәрбиелеуге өте мұқият қарағандығына нұсқау бар.

АЛПЫС ҮШІНШІ ТАРАУ:

Аллаһ пен Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдындағы міндеттіліктер мәселесі туралы

Аллаһ Тағала былай деді:

مَا يَعْلَمُ اللَّهُ إِنَّ كَفِيلًا عَلَيْكُمْ اللَّهُ جَعَلْتُمْ وَقَدْ تَوَكَّيْهَا بَعْدَ الْإِيمَانِ تَنْقُضُوا وَلَا عَاهِدْتُمْ إِذَا اللَّهُ بِعَهْدٍ وَأَوْفُوا (٩١) تَفْعَلُونَ

«Қашан серттессеңдер, Аллаһқа берген серттеріңді орындаңдар. Анттарыңды, Аллаһты өздеріңе кепіл етіп бекіткеннен кейін, бұзбаңдар. Күдіксіз, Аллаһ не істегендеріңді біледі» («ән-Нәхл» сүресі, 91-аят).

Келісімді сақтап-орындау Аллаһ Тағаланы ұлықтау болып табылатындығына, ал оны орындамау Аллаһ Тағаланы ұлықтауды бұзу болып табылатындығына нұсқау. Ал бұл өз кезегінде бірқұдайшылыққа қарама-қайшы келеді әрі осы аяттың үкіміне түседі.

Осы аятта келісім-шарттарды сақтап-орындаудың міндеттілігіне нұсқау бар. Бұл сондай-ақ әлдебіреу басқа бір адамға пана беретін жағдайға да қатысты, әрі осы келісім міндетті түрде орындалуы керек.

Осы аяттан алынатын пайдалар:

1. Аятта уәделерді және келісім-шарттарды орындаудың міндеттілігіне нұсқау бар.
2. Аятта берілген уәделер мен анттарды бұзуға тыйым салынғандығына нұсқау бар.
3. Аятта Аллаһ Тағаланы «білім» сипатымен сипаттау бар, әрі Одан еш нәрсе жасырын еместігіне нұсқалады.
4. Аятта келісімдер мен уәделерін бұзатын адамға қорқыту бар.

Бурайда (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: «Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әскердің қолбасшысын немесе жасақ басшысын тағайындаған кезде, оған Аллаһтан қорқуды әрі өзінің қол астындағы мұсылмандарға жақсы қарауды тапсыратын. Ол оған былай дейтін: «Жорыққа Аллаһтың атымен шығыңдар, әрі Аллаһ үшін соғысыңдар. Жорыққа шығындар, бірақ олжа барлық адамдар арасында әділ бөлінбейінше оны иеленіп алмаңдар, келісімдерді бұзбаңдар, өлілердің мәйіттерін қорламаңдар әрі балаларды өлтірмеңдер.

Көпқұдайшылдардан болған қарсыластармен кездескенде, оларды үш нәрсеге шақыр, әрі егер олар сол нәрселердің біреуімен болса да келіссе, онда оларды тыныш қоя бер:

Ең алдымен оларды Исламға шақыр, әрі егер олар оны қабылдаса, оларды бейбітшілікпен қоя бер, ал сосын оларға мұхажирлерге көшуді ұсынып көр, әрі олар осыны істесе, онда мұхажирлер қолданатын барлық құқықтарға ие болатынын, әрі оларға да мұхажирлерге жүктелген міндеттіліктер жүктелетінін хабарла. Егер олар көшуден

бас тартса, онда олар шөл далада өмір сүретін қатардағы мұсылмандардың жағдайында болатынын, яғни оларға Аллаһ Тағаланың үкімі жүретінін хабарла. Ал олжадағы өз үлесін олар тек мұсылмандармен бірге жиһад жүргізетін жағдайда ғана алатын болады.

Ал егер олар (Ислам қабылдаудан) бас тартса, олардан жизия (жан басы немесе жер салығын) төлеулерін талап ет, әрі егер олар келіссе, оларды тыныш қоя бер.

Ал егер олар жизия төлеуден де бас тартса, онда Аллаһтан көмек сұрай отырып, оларға қарсы соғыс. Ал егер сен дұшпанды қамалда қоршауға алсаң, әрі олар (сенен) Аллаһтың атынан уәде және Оның Пайғамбары атынан уәде алғысы келсе, оларға Аллаһтың атынан уәде мен Оның Пайғамбары атынан уәде берме. Бірақ оларға өзіңнің атыңнан уәде және өз адамдарыңның атынан уәде бер. Өйткені егер сен және сенің адамдарың өз уәделеріңді орындамасаңдар, бұл Аллаһ пен Оның Пайғамбарының атынан берілген уәдені орындамау күнәсынан жеңілірек болады. Егер қамалда тұтқынға түскендер сенен өздеріне қатысты Аллаһтың үкіміне сай шара қолдануыңды өтінсе, оларға Аллаһтың үкіміне сәйкес шара қолдануға келіспе, алайда олардың үстінен өз үкіміңді орнат, өйткені сен олардың үстінен Аллаһтың үкімін орната алуың немесе орната алмауың белгісіз» (Муслим, 1731).

Бұл хадисте кәпірлерге Аллаһтың атынан және Оның Елшісінің атынан уәде беруге тыйым келеді, өйткені адамдар оны орындай алмайды, ал бұл орасан зор қылмыс болмақ, себебі адам сонысымен Аллаһтың атынан берілген келісімді немесе уәдені бұзған болады, ал бұл бірқұдайшылыққа қарама-қайшы.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһ Тағаланың жолында жиһадқа әскер немесе кішігірім жасақ аттандырудың заңдылығына нұсқау бар.

2. Хадисте жиһад дүниелік бір нәрсеге қол жеткізу, немесе біреудің үстінен билік жүргізу, немесе өз қажеттілігіңді қанағаттандыру үшін емес, Аллаһ Тағаланың Сөзін ұлықтау үшін және жер бетінде күпірліктің іздерін өшіру үшін жүргізілуі керектігіне нұсқау бар .

3. Хадисте әскербасыларын тағайындаудың заңдылығына нұсқау бар.

4. Хадисте елбасшы осы әскерлердің әскербасыларына өсиет-насихат беруі керектігіне әрі оларға жиһад уақытысындағы іс-амалдар жоспарын түсіндіріп беруінің заңдылығына нұсқау бар .

5. Хадисте жиһад тек мұсылмандардың билеушісінің рұқсатымен әрі оның нұсқауымен ғана жүргізілетініне нұсқау бар.

6. Хадисте адамдармен соғысуды бастамас бұрын, әуелі оларды Исламға шақыру керектігіне нұсқау бар.

7. Хадисте жизияны барлық кәпірлерден алу керектігіне нұсқау бар.

8. Хадисте өлілерді (мәйіттерді) ұсқынсыздауға тыйым салынғандығына нұсқау бар .

9. Хадисте олжаларды тонауға және келісімді орындамай қоюға тыйым салынғанына нұсқау бар.

10. Хадисте Аллаһтың және Оның Пайғамбарының (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) атынан берілген уәделерді құрметтеуге, әрі Аллаһ пен Оның Пайғамбарының атынан берілген уәде мен мұсылмандардың атынан берілген уәденің арасында айырмашылық бар екеніне нұсқау бар.

11. Хадисте тыйым салынған нәрсеге түспес үшін, күмәнді нәрседен бас тартудың қажеттілігіне нұсқау бар.

12. Хадисте ыждағат жасаушы адам (мужтаһид) әлденені дұрыс істеуі де, қателесуі де мүмкін екеніне, әрі Аллаһтың үкімдері мен ғалымдардың үкімінің арасында айырмашылық бар екеніне нұсқау бар.

13. Хадисте егер адам екі жамандықтың бірін таңдауға мәжбүр болса, ол кішісін таңдауы керектігіне нұсқау бар.

14. Хадисте әлдебір қажеттілік қысқан жағдайда (ижтиһад) ыждағаттылық танытудың міндеттілігіне нұсқау бар.

АЛПЫС ТӨРТІНШІ ТАРАУ: Аллаһтың атымен ант ету туралы

Жундуб ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндайтын: *«Бір адам: «Аллаһтың атымен ант етемін, Ол пәленшені кешірмейді!», - деді. Сонда Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ: «Кімнің Менің Атыммен пәленшені кешірмейтінім туралы ант ішуге дәті барды?*

Мен оны кешіріп қойдым, ал сенің барлық іс-амалдарыңды зая еттім», - деді (Муслим, 2621).

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде: *«Осыны айтқан адам ыждағатты түрде құлшылық етуші болатын», - делінеді. Сосын Абу Хурайра: «Ол өзінің дүниелік тіршілігін және Ақырғы өмірін опат еткен бар болғаны бір ғана сөз айтты», - деп қосты (Ахмад, 2/323; Абу Дауд, 4901; Ибн Хиббан, 5712).*

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Аллаһтың атымен осылайша ант ету адамның Аллаһқа әлдебір нәрсе істеуіне тыйым салатынын білдіреді немесе Аллаһты әлдебір нәрсені істеу құқығынан айыратындай болып көрінеді, немесе Аллаһ олай істемеді (уажхи хажр) деп мәлімдейтінін білдіреді. Ал бұның барлығы таухидке қарама-қайшы келеді.

Бұл хадисте сен бейне бір өз-өзіңмен тамсанған күйде Аллаһ Тағалаға әлдебір нәрсені істеуге тыйым салатынындай (Аллаһ сақтасын) Аллаһ Тағаланың атымен ант ішуге тыйым салынатындығы туралы айтылады. Бұл бірқұдайшылыққа қарсы келетін нәрсе болып табылады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте адам Аллаһ жайында жақсы оймен әрі Оның игілігін тілей отырып, Оның атымен ант ететін жағдайлардан бөлек, Аллаһ Тағаланың атымен ант етуге тыйым салынатынына нұсқау бар .

2. Хадисте Аллаһ Тағалаға қатысты жақсы әдептің міндеттілігіне нұсқау бар.

3. Хадисте тілдің қауіптілігіне әрі оны сақтаудың міндеттілігіне нұсқау бар.

АЛПЫС БЕСІНШІ ТАРАУ:

**Аллаһтан Ол Өз құлдарының алдында өтініш етуін тілеуге
болмайтыны туралы**

Жубайр ибн Мут'им (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: *“Бірде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)*

бір бәдәуи келді де: «Уа, Аллаһтың елшісі! Жанымыз азып-тозды, адамдар аштық кешіп жатыр, мал-мүлкіміз құрыды. Раббыңнан біз үшін жаңбыр сұрашы. Біз Аллаһтан Ол сенің алдыңда (біз үшін) өтініш етуін сұраймыз, және сенен Аллаһтың алдында (біз үшін) өтініш етуіңді сұраймыз», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Сүбхан-Аллаһ! Сүбхан-Аллаһ!», - деп дауыстап жіберді. Ол осы наразылықтың сахабаларының жүзінде шықпайынша мұны қайталауын жалғастыра берді. Сосын ол: «Қасірет болсын саған! Сен өзің Аллаһтың кім екенін білемісің?! Аллаһтың ұлылығы Оның Өз жаратылыстарының кез-келгенінің алдында өтініш етуін сұраудан әлдеқайда жоғары», - деді» (Абу Дауд, 4726).

Жубайр – бұл Жубайр ибн Мут'им ибн Ади ибн Науф ибн Абди Манаф әл-Құрайши, ол текті құрайштықтардың бірі болатын әрі Исламды Меккенің алынуына дейін қабылдады, хижраның 57 жылы қайтыс болды, Аллаһ оған разы болсын.

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Осы тарауда Аллаһтан Ол Өзінің жаратылыстарынан өтініш етіп, араша түсуін сұрауға тыйым салынғанына нұсқау келді, себебі бұл шын мәнінде Оның раббылығын қорлау әрі пенденің бірқұдайшылығының кемшілігі болып табылады. Себебі араға түсуші өзінен жоғары болғанның алдында араға түсіп, өтініш етеді. Пәк Аллаһ Тағала болса, Одан әлдебіреудің жоғары болуынан анағұрлым жоғары, себебі Одан жоғары ешкім жоқ.

Бұл хадисте Аллаһтан Ол Өз құлдарының алдында өтініш етуін сұрауға тыйым салынады, себебі бұл кемшілік, ал Аллаһ Тағаланы кез-келген кемшіліктен пәктеу қажет.

Осы хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Аллаһтан Ол Өз құлдарының қайсыбірінің алдында болса да өтініш етуін сұрауға тыйым салынғандығына нұсқау бар, себебі бұда Аллаһ Тағаланың мәртебесін қорлау бар.

2. Хадисте Аллаһ Тағаланы Оған лайықты емес нәрседен пәктеудің міндеттілігіне нұсқау бар.

3. Хадисте айыпталатын нәрсені айыптаудың және білімсізді үйретудің міндеттілігіне нұсқау бар.

4. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көзі тірісі кезінде, одан ол Аллаһ Тағаладан мұқтаждардың мұқтаждықтарын беруін сұрауын өтініш ету рұқсат етілген болғанына нұсқау бар, себебі Аллаһ Тағала Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұға-тілектеріне жауап беретін. Ал ол қайтыс болғаннан кейін оның Аллаһтың алдында өтініш етуін сұрауға келер болсақ, бұлай істеуге болмайды, себебі мұндайды сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) істемеген болатын.

5. Хадисте сұрақ-жауап арқылы оқытып-үйретудің заңдылығына нұсқау бар, себебі осылай есте жақсы қалады.

АЛПЫС АЛТЫНШЫ ТАРАУ:

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірқұдайшылықтың қолсұғылмаушылығын қорғауы және көпқұдайшылыққа апарар жолдардан тосуы туралы

Абдуллаһ ибн әш-Шиххир былай деп баяндайтын: *«Мен Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бану Амир руының елшілігінің құрамында келген болатынмын. Біз оған: «Уа, біздің иеміз!», - дедік. Бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Ие (әс-Сайид) – бұл Игілікті Аллаһ Тағала**», - деді. Сонда біз: «Уа, біздің арамыздағы ең мәртебеліміз және ұлығымыз!», - дедік. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Өз сөздеріңді айтыңдар, бірақ сендерді шайтан арбап-айналдырып алмас үшін, айтқан сөздеріңде абай болыңдар**», - деді» (Ахмад, 4/24-25; Абу Дауд, 4806).*

Абдуллаһ ибн әш-Шиххир – бұл Абдуллаһ ибн әш-Шиххир ибн Ауф ибн Кааби Уақадани Құрайши, ол Исламды Меккенің жаулап алынуына дейін қабылдаған болатын, әрі сахабалар қатарынан (оларға Аллаһ разы болсын) хадис жеткізушісі еді.

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Осы тарауда адам жаратылыстарға қатысты артық кетушілікке алып келетін әрі ширкке салуы мүмкін болған сөздерден аулақ болмайынша, оның бірқұдайшылығы толық болмайтыны түсіндіріледі.

Осы хадисте мақтаудағы артық кетушілікке және адамды ширкке алып келуі мүмкін болған сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға деген тыйым келеді.

Хадистен алынатын пайдалар:

1. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарапайымдылығына және оның Раббысына деген өте көркем әдебіне нұсқау бар.

2. Хадисте мақтаудағы артық кетушілікке және адамға шектен тыс мақтау сөздерін айтуға тыйым салынатынына нұсқау бар.

3. Хадисте шынайы иелік Аллаһ Тағалаға ғана тән екеніне, әрі әлдебіреуді «ие» деп мақтау-дәріптеуді қолданбау керектігіне нұсқау бар.

4. Хадисте сөздегі артық кетушілікке тыйым салынғандығына және адам өзінің сөздерінде орташылдықты ұстануы қажеттігіне нұсқау бар.

5. Хадисте бірқұдайшылықты жарамсыз ететін барлық нәрседен: мейлі сөздермен немесе амалдармен болсын - қорғауға нұсқау бар.

Әнас былай деп баяндайтын: «Кейбір адамдар: «Уа, Аллаһтың елшісі! Біздің арамыздағы ең жақсымыз әрі біздің арамыздағы ең жақсының ұлы! Біздің қожамыз әрі біздің қожамыздың ұлы!», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға: «Уа, адамдар! Өз сөздеріңді айтыңдар, бірақ шайтанның арбауынан сақтаныңдар! Мен – Мұхаммад, Аллаһтың құлы әрі Оның Елшісі. Маған сендердің мені Құдіретті Аллаһ Тағаланың маған берген орнынан жоғары көтермелейтіндерің ұнамайды», - деді» (Ахмад, 3/153, 241; ән-Нәсаи «Амал йауми уә ләйләта», 248, 249).

Бұл хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірқұдайшылықты қорғай және ширкке алып келуі мүмкін артық

кетушіліктердің есігін жаба отырып, өзін Аллаһ Тағала сипаттамаған сипаттармен мақтауға тыйым салды.

Хадистерден алынатын пайдалар:

1. Хадисте мақтауда және осы секілді сөздерде артық кетушілікке тыйым салынатындығына нұсқау бар.

2. Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарапайымдылығына, және оның ақиданы (дұрыс наным-сенімді) бұзатын немесе бүлдіретін барлық нәрседен қорғауға ұмтылғанына нұсқау бар.

3. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың құлы әрі Оның Елшісі екендігіне, және еш нәрсеге иелік етпейтініне, сондай-ақ барлық істердің шешімі тек Аллаһ Тағалада ғана екеніне нұсқау.

4. Хадисте шайтанның қулықтарынан сақтандыру әрі ол адамды әлдебір заңды нәрсені істейтіндігімен, бірақ ақырындап осы нәрседе артық кетушілікке өтетіндігімен және бірқұдайшылыққа қарама-қайшы келетін шектен шығушылыққа дейін жететіндігімен арбап-шырмауы мүмкін екендігіне нұсқау бар.

АЛПЫС ЖЕТІНШІ ТАРАУ: **Аллаһ Тағаланың келесі сөздері туралы:**

وَمَا قَدَرُوا اللَّهَ حَقَّ قَدْرِهِ وَالْأَرْضُ جَمِيعًا قَبْضَتُهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَالسَّمَاوَاتُ مَطْوِيَّاتٌ بِيَمِينِهِ سُبْحَانَهُ وَتَعَالَى عَمَّا يُشْرِكُونَ) ٦٧

«Олар Аллаһты шын мәнінде қадірлей алмады. Негізінде, Қиямет Күні бүкіл жер Оның уысында ғана болады, ал көктер Оның оң Қолымен бүктеледі. Ол олардың қосқан ортақтарынан Пәк әрі Жоғары» («әз-Зүмәр» сүресі, 67-аят).

Тараудың «Бірқұдайшылық кітабына» сәйкестілігі:

Автор, Аллаһ оны Өз рахымына бөлесін, бұл кітапты Аллаһтың ұлылығына әрі жаратылыстардың барлығы Оның алдында тағзым-итағатпен иілушілік танытанына нұсқайтын осы тараумен аяқтағысы

келді. Әрі осының барлығы тек Оның ғана құлшылыққа лайықты екеніне, және бір Ол ғана кемел сипаттармен сипатталатынына нұсқайды.

Аллаһ Тағаланың: **«...Негізінде, Қиямет Күні бүкіл Жер Оның уысында ғана болады, ал көктер /Оның/ оң қолымен бүктеледі...»**, - деген сөздеріндегі салиқалы сәләфтардың мазхабы - осы аятты ол қандай болса, сол күйінде, яғни мағынасын бұрмаламастан әрі артық сұрақсыз, оның нұсқаған нәрсесіне кәміл сенген күйде қабылдау еді. Ал осы тарауда бұл аяттан кейін келетін хадистер мен асарлар оның мән-мағынасын түсіндіріп береді.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: *“Бірде Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір яһуди ғалымы келді де: «Уа, Мухаммад! Біз Аллаһтың Қиямет Күні көктерді бір саусағында, жерді – басқасында, ағаш-талдарды – үшіншісінде, суды – төртіншісіне, байлықты – бесіншісінде сыйдырады деп, ал Өзінің басқа бүкіл жаратылыстарын – алтыншысына сыйдырады деп, әрі «Мен – Патшамын», - деп айтады деп оқимыз», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ғалымның сөздерімен келісе, күліп жіберді де, сосын: «Олар Аллаһты шын мәнінде қадірлей алмады. Негізінде, Қиямет Күні бүкіл Жер Оның уысында ғана болады, ал көктер /Оның/ оң Қолымен бүктеледі. Ол олардың қосқан ортақтарынан Пәк әрі жоғары», - деген аятты оқып берді”* (Әл-Бухари, 4811; Муслим 2786).

Муслимнің келтіретін нұсқасында былай делінеді: *“...Ал таулар мен ағаштарды – саусағында (сыйдырады), сосын олармен шайқап жібереді де: «Мен – Патшамын. Мен – Аллаһпын», - дейді”* (Муслим, 2786).

Әл-Бухари келтіретін нұсқада былай делінеді: *«...Көктерді бір саусағына, су мен жерді – басқасына, ал Өзінің басқа бүкіл жаратылыстарын – үшіншісіне сыйдырады...»* (әл-Бухари, 4811, 7513).

Муслим Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ибн Умардан жеткен (мына) сөздерін келтіреді: *“Қиямет Күні Аллаһ көктерді бүктейді де, Өзінің оң Қолына алады, ал сосын: «Мен – Патшамын. Барлық тәкаппар әрі менменсінгендер қайда енді?», - дейді. Сосын Ол бүкіл жеті қат жерді бүктейді де, оларды сол Қолына алады, әрі: «Мен – Патшамын. Барлық тәкаппар әрі менменсінгендер қайда енді?», - дейді”* (Муслим, 2788).

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: *«Жеті қабат көк пен жеті қат жер Аса Мейірімдінің (ар-Рахманның) Алақанында сендердің біріңнің қолындағы қыша дәні секілді орналасып тұрады»* (Қз.: «Тафсир Ибн Жәрир», 24/25).

Аяттатан және бүкіл нұсқаларымен келген хадистен алынатын пайдалар:

1. Қасиетті әрі Ұлы Аллаһ Тағаланың ұлылығына және Онымен салыстырғанда жаратылыстардың қаншалықты ұсақ әрі мардымсыз екеніне нұсқау.

2. Аллаһ Тағалаға серік келтіретін адам Қасиетті әрі Ұлы Оны лайықты түрде қадірлемегеніне нұсқау бар.

3. Қасиетті әрі Ұлы Аллаһтың Өзінің ұлықтығына лайық Екі – оң және сол Қолы, Саусақтары әрі Алақаны бар екеніне нұсқау.

4. Тауратта болған осы ұлы білімнің Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заманындағы яһудиерде қалғанына, әрі олар мұны жоққа шығармағанына және бұрмаламағанына нұсқау.

5. Пәк әрі Ұлы Аллаһ Бір Өзі ғана бүкіл болмыстың Патшасы екеніне, және (өзгелердің) барлығының патшалығы жоқ болып құритынына нұсқау.

Ибн Жәрир (Аллаһ оны Өз рахмына бөлесін) былай деді: *“Юнус маған Ибн Уаһбтан, ол Ибн Зәйдтен, ол өзінің әкесінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан хадисін баяндап берді: «Жеті қабат көк Күрсимен салыстырғанда үлкен шеңбер алаңға тасталған жеті дирхем тәрізді»*” (Қз.: «Тафсир Ибн Жәрир», 3/10; Абу әш-Шейх «әл-‘Азамада», 220).

Ол сондай-ақ Абу Заррдың былай деп айтқан хадисін де жеткізді: *“Мен Аллаһ Елшісінің: «Күрси ‘Арипен салыстырғанда шексіз шөл далаға тасталған темір сақина секілді», - деп айтқанын естідім”* (Қз.: «Тафсир Ибн Жәрир», 3/10; Абу әш-Шейх «әл-‘Азамада», 2/587).

Бұл хадистер Аллаһтың ұлылығына әрі Оның күш-құдіретінің кемелдігіне, әрі Оның патшалығының күш-қуатына нұсқайды.

Хадистерден алынатын пайдалар:

1. Күрси (Тақасты) көктерден үлкен екеніне, ал 'Арш (Тақ) Күрсиден үлкен екеніне нұсқау.
 2. Аллаһ Тағаланың ұлылығына әрі Оның күш-қуатының кемелдігіне нұсқау.
 3. Күрси (Тақасты) және 'Арш (Тақ) – бұлар екі әртүрлі нәрсе екеніне нұсқау.
 4. Күрси дегенде Аллаһтың билігі мен білімі меңзелуде деп айтатын адамдардың сөздерін жоққа шығаруға нұсқау.
-

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын): «Бірінші және одан кейінгі көктің арасы – бес жүз жыл. Әрі қарай бір көктен басқасына дейінгі қашықтық – бес жүз жыл, ал Күрси (Тақасты) мен судың арасы да сол сияқты бес жүз жыл. 'Арш (Тақ) болса судың үстінде, ал Аллаһ – 'Арштың (Тақтың) үстінде, әрі сендердің амалдарыңан еш нәрсе Одан жасырын емес».

Әл-Аббас ибн Абд әл-Мутталиб былай деп баяндайтын: “Бірде Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге: «Сендерге жер мен көктің арасындағы қашықтық қандай екені белгілі ме?», - деді. Біз: «Бұл Аллаһ пен Оның Елшісіне мәлім», - дедік. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Олардың арасындағы қашықтық бес жүз жыл, ал әрбір көктен келесі көкке дейін – сондай-ақ бес жүз жыл. Ал әрбір көк болса тағы да бес жүз жыл қарама-қашықтыққа жайылады. Жетінші көк пен Тақтың арасында теңіз бар, (оның) түбінен бетіне дейінгі қашықтық тура жер мен көктің арасындай. Аллаһ Тағала болса осылардың барлығының үстінде, әрі Одан Адам балаларының амалдарынан еш нәрсе жасырын емес», - деді” (Абу Дауд 4723, Тирмизи 3317, Ибн Мәжаһ 193, Ахмад «Муснадта» 207, 206/1).

Бұл хадистерде Аллаһ Тағаланың ұлылығы мен Оның ой-сананы таң қалдыратын күш-құдіретінің түсіндірмесі, және Оның Өз жаратылыстарынан жоғары екендігінің сипаты әрі Ол олардың амалдары туралы білетіндігінің түсіндірмесі келді.

Осы хадистерден шығатын пайдалар:

1. Аллаһтың ұлылығына, Оның күш-құдіретіне әрі тек бір Оған ғана құлшылық ету керектігіне нұсқау.

2. Бізден жоғарыда орналасқан денелердің сипаттарының: олардың үлкендігінің, кеңдігінің әрі бір-бірінен алшақтығының түсіндірмесіне нұсқау.

3. Күрси (Тақасты), `Аршы (Тақ) бар екеніне сенбейтін және біздің үстімізде тек ғарыш пен әртүрлі жұлдыздар бар деп санайтын кейбір қазіргі заман дүниетанымдарын жоққа шығару.

4. Аллаһ Тағаланың Өз жаратылыстарынан жоғарыда екендігін жоққа шығаратын жәхмилерге, мутазилилерге, ашарилерге қарама-қайшы Пәк әрі Ұлы Аллаһтың Өз Болмысымен Өзінің жаратылыстарынан жоғарыда екеніне нұсқау.

5. Аллаһ бүкіл жаратылыстардан соншалықты жоғарыда екендігіне қарамастан, Оның «білім» деген сипаты бүкіл нәрсені қамтитынына нұсқау.

6. Адамдар Аллаһ Тағаланың ұлылығы мен Оның күш-құдіреті туралы білулері үшін, оларға осы ұлы мән-жайды түсіндірудің заңдылығына нұсқау.

Ал Аллаһ жақсырақ біледі! Пайғамбарымызға, оның барша сахабаларына, және оның соңынан ілескендердің барлығына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!

Аллаһ Тағаладан осы жұмысты Оның Дидары үшін ықыласты етуін, әрі бізді естігеніне сәйкес өмір сүрушілерден етуін, және осы амалдарымызды қабыл етуін сұраймыз!
